АЛАШ КӨСЕМСӨЗІ

1

Алаш
көсемсөзі

1 том

"Шолпан"
журналы

Қырғыз-қазақ тілінде айында бір шығатын саясат – шаруашылық, білім - әдебиет журналы

1- саны. 1922 жыл, 15 октябрь

Ашық хат

Түркістан коммунистер партиясы һәм жетінші аймақтық партия конференциясының Түркістан коммунистер партиясының барлық мүшелеріне жазған Ашық хаты.

Қадірлі жолдастар!

Партия конференциясында болған баяндама, шығарылған қарарларда айтылған бүкіл Россия коммунистер партиясының соңғы көрсеткен жолдарын тіршілік жүзінде жүргізу реттерін қарастыру біздің конференцияның мойнындағы ісі еді.

Партия конференциясында шығарылған қарарлар, Түркістан коммунистер партиясының керекті істерін белгіледі. Сондықтан, партия конференциясы һәм Түркістан коммунистер партиясы, Россия коммунистер партиясының көрсеткен жолдарын һәм соларға сүйеніп шығарған қарарларды, осы хат арқылы Түркістан коммунистер партиясының барлық мүшелеріне білдіруді тапсырды.

Ұлт мәселесі шешілетін зор мәселелердің ең үлкені саналады. Байлар һәм патшашыл хүкіметтің тұсында салынған жолға қарай келімсектер қожалығы жүруі бірте-бірте тоқталып, һәм бір ғана ұлттың пайдасын ойлаған ұлтшылдықтардан тартынып, бір жағынан Түркістанда бар барлық ұлттардың, рулардың еңбекшілері серіктесіп екінші жағынан бүкіл Россия еңбекшілеріменен бірлігі табылу жолын қолдайтын саясат бұрынғыдай жүре береді. Және де көзбенен қаралы іс негізі тіпті өзгерілмейді. Қай жағынан қарағанда да, тіпті жаңа шаруа саясаты болса да бұрын жүргізілген жер реформасы кедей дихандар көпшілігін азаттыққа бастау саясаты жаңармайды. Және де жергілікті еңбекшілердің жаңа аяқталып келе жатқан жергілікті сауда капиталына қарсы тұруы, кейбір жерлерде биікшілдік дәуірін жаңарту істеріменен күресуі үшін жәрдем беру істер де жаңадан тағы өзгерілмейді.

Жаңа жол іздеп, жаңа саясат құрастыру құрғақ әңгіменің соңында жүргендікке келіп тоқтайды. Өйткені, түсінігімізге лайықтап һәм әдіс, программаға сиыстырып жолымыз ілгеріде түзу белгіленген, һәм бөтен көрсетілген тіпті жол жоқ.

Біздің шаруашылық туралы енді істейтін ісіміздің де жөні осындай. Қолдан суарылатын жердің мөлшерін бұрынғы санға жеткізіп, тайымы егілетін егістіктің ауданын кеңейту. Мақта шаруасын жаңарту, ең әуелі қазіргі пайдаланып жүрген арықтарды жөндеп тағы жаңадан арық шығару. Мал шаруасын молайту. Ақша мәселесі һәм азық-түлік ісін тәртіпке салу, қазіргі керекті істердің жөні мінекей. Осы негізді жаңартудың тіпті қажеті жоқ. һәм керекті істер тіпті өзгерместен бұрынғы сияқты тіршілік жүзінде жүргізілудің ретін күтіп тұр.

Кеңес хүкіметінің құрылысы партия һәм ағарту ісі туралы керекті істері осы сияқты ілгері белгіленген. Енді, оған қосылатын нәрсе жоқ. Сөйтсе де, біздің кеңес һәм партия құрылысымыз туралы программамыздың негізінде көрсетілген жол-жобаларымызды жүзеге шығару үшін, құрғақ әңгімелерден іске өтудің заманы туып отырғаны анық. Мұның өте керектігі әсіресе, біздің партия конференциясында сезіліп тұр.

Біздің Түркістан коммунистер партиясы, осы уақытқа шейін бұл ашық көрсетілген мақсаттарды іс жүзінде орындай алмаған. Түркістан коммунистер партиясы әсіресе, бастықтары партияның отаршылық һәм ұлтшылдық тақырыпты ашық айтқан сөздеріне

қарамай, бұл мәселелер туралы құрғақ таласпен өткізген көп жерлерде, партия ұйымдары қызметке зиянды майда таптарға бөлініп, кейбір керекті еңбекшілерді үркітіп орынсыз майда саяси күреспенен өткізген. Мінекей, осылардың барлығы шаруашылық һәм ел билеу құрылыстарын түзетуге кесірі болып, жергілікті еңбекшілердің партия һәм кеңесшіл хүкіметіне жақындаспауына себеп. Бүкіл Россия коммунистер партиясының кіндік комитетінің көрсеткен жолдарын ауызбіршілікпен жүзеге шығаруға Түркістан коммунистер партиясының барлық мүшелеріне ұсынады.

Бірінші орында шаруашылық мәселелерін қоюды, һәм шет жерлерде ел билеу бөлімдерін тәртіпке салып түзетуді керек қылады.

Қайсы мемлекет һәм партия бөлімдерінің партия мүшелерінің істеген ісі болса да, осы жақтан сыналып қана қаралуы тиіс.

Кейін қалған Түркістанда ұйымдастыру істерін жолға салу, жергілікті еңбекшілердің шаруашылық мұқтаждарын жөндіктіру үшін һәм оларға кеңестер құрылысының пайдалы екенін байқату үшін іс-жүзінде ашық, һәм түсінікті қылу өте қажет.

Сондықтан істің ең зоры - сөздерде шығарылған қарарларда емес, жергілікті диханның шаруасын түзету үшін қылынған жұмыста. Мемлекет бөлімдері, партия ұйымшалары қыстақтарда дүние молайтып, өнімді көбейтуінде. Жергілікті халықтар алдында үлгілі болуда, мемлекет бөлімдерінің, һәм партияның істейтін істерінің жергілікті тұрмыспен байланысы зор болуы қажет. Сондықтан барлық шығатын бұйрық-жарлықтар диханменен байланысуы өте керек. Бұл шаруашылық мақсаттарын жүзеге шығаруға зиян келтіретін себептердің бірі - басбашылық. Сондықтан басбашшылықпен күресу партия һәм кеңес хүкіметінің орны болуы керек. Бұл мәселені орындау үшін барлық күш-қуатты сарп етіп, ауызбіршілік қылып қарсы тұруымыз керек.

Басбашылық құртылмаса Түркістанда шаруашылықты жөндіктіру мүмкін емес екендігін де жақсы білу керек. Уақыттарды қайтып беріп, діни мектептер ашқызып, һәм қазыларға жол беріп баспашыларды саяси жағынан күшсіз һәм зиянсыз қыламыз деген пікір үлкен қата. Бұл сияқты еріктер егер баспашылықпен күресудегі жалпы тәртіптер қатарында берілген болса, бәлки пайдалы да болып табылар еді. Ең түпкі түйін Кеңестер хүкіметі шаруашылық жағдайында пайдалы екеніне диханды сендіру. Сондықтан, диханға жәрдем үшін берілетін әр бір пұт тұқым, әрбір аяқты мал, һәм диқаншылыққа керекті аспап. Басмашылыққа құралдар мінекей осы. Бұны істемек түгіл өз арамыздағы хүкімет бөлімдері патшашыл шенеуніктер, халықты тонаушылардан хүкімет дүниесін ұрлайтындар сияқты кісілерден де әлі тазаланбаған. Мұндай хүкімет бөлімдерінде отырғандарды құрту үшін, барлық хүкімет бөлімдерін, ауыл іс атқару бөлімдерінен бастап облыстық мекемелерге шейін жаңадан көзден өткізу қажет.

Сондықтан, бұл істерді тегіс жүзеге шығару үшін партияның күшті болуы керек. Өйткені, партияның күшсіз болғандығынан, кеңес құрылысында түзелмегені Түркістан тәжірибесінен көрініп тұр. Бірақ бұдан былай оны құрту керек.

Партия бөлімдерін бастан аяғына дейін күшейтуге, партияның ішкі құрлысын һәм тәрбие ісін тәртіпке салуға кірісу қажет. Партияның кезекті мақсаттарының бірі жас буындар менен мектепті түзетіп қолға алу, һәм білімге талпынған жергілікті жастарды діни һәм ұлтшыл мектептерден сақтап қалу.

Партияның тағы да айрықша ескертетін кезекті істерінің бірі - партия ішіндегі кейбір бетіменен кеткен ұйымдардың, һәм мүшелердің майда таптарға бөлінуін еш нәрседен

қайтпай құрту. Майда таптарға бөлінудің орнына Фергана сияқты күйзелген аудандарды көтеруге, мал шаруашылығын түзетуге, мақта шаруасын тірілтуге, су сақтау істерін жөндеуге кірісу қажет. Байлықты молайтып, жергілікті еңбекшілердің тіршілігін түзету, ел билеу істерін hәм партияны күшейту үшін қойылған кезекті мақсаттардың төңірегінде барлық партия мүшелерінің болуын 7-аймақтық партия конференциясы ұсынады.

Біріне-бірі сеніп, бірін-бірі сыйлап дихандар менен жұмысшылардың мақсаттарын орындау үшін өзгеріс жолында қызмет етуге, барлық партия мүшелерін 7-аймақтық конференциясы шақырады.

Коммунист сәлемі мен 7-партия конференциясының тапсыруы бойынша 6 - аймақтық конференциясының басқармасы.

АБЫР-САБЫР ЗАМАНДА САҚТАНУ КЕРЕК

Төңкерістен бұрын қырғыз-қазақ кедейлері ылғи өгейлік керіп келді. Басынан тоқпақ кетпеді. Жақсылықтың сәулесі тимеді, көргені ылғи зорлық-зомбылық, жауыздық еді.

Түркістанда патшашыл хүкіметті басқарып келген жергілікті жұрттың «қамқоршылары» менен патшашыл хүкіметті арқа сүйеп, іштен келген келімсектердің мақсаты үйлесіп қуғыштағандары қырғыз-қазақ болып еді. Өзін санға алмай, қырғыз-қазақты байлығы - жер суы үшін, жеп - сору үшін ғана патшашыл хүкімет билеп келді. Бұдан басқа мақсаттары да жоқ емес еді. Сондықтан революцияның әуелгі күндері қырғыз-қазақ жұрты төңкерістің жақсылық ниеттеріне сенімсіз көзбен қарады. Төңкерістің әуелгі дәуірінде төңкеріс жемісін жалғыз орыстар пайдаланады деген пікірден төңкеріс ісіне тіпті араласпады. Қырғыз-қазақтың ол пікірлілігі түпсіз емес екендігі де кейін ақиқатталды.

Революцияның әуелгі орнықпай тұрған күндері хүкімет жалғыз-ақ орыс жұмысшыларының қолында болып, Түркістанда орыстардың ғана қожалығы жүрді. Коммунист партиясының жолы, көздеген мақсаты, келімсектерге жағымды тиімді болып, Түркістанда жүрілуі қырғыз-қазақтың орыстарға сенімсіздігін күшейтіп, келімсектерге дем беріп, бұрынғыдан да жаман тамырын жуандатты. Орыс арасынан шыққан Түркістан коммунистерінің қолданған жолы коммунист партиясының жолына тіпті ұйқаспай ілгергі патшашыл Россияның отаршылық мақсаты коммунист партиясы түйінінің астымен жүргізіліп жатқаны кіндік партияға мәлімдеген соң, коммунист партиясының кіндік комитеті Түркістанға сенімді өз кісілерін жіберді.

Сөйтіп, 20-жылдан бері қарай Түркістанда Кеңес хүкіметі, коммунист партиясының ұстаған жолы өзгеріліп жаңа саясат жүре бастады. Коммунист партиясының Түркістанда жүргізген жаңа саясатының көздеген мақсаты — жергілікті жұрттардың кедейлерін коммунист партиясы Кеңес хүкіметіне жақындастырып, жерлі халықты азаттыққа бастау еді.

Жергілікті жұрттың кедейлерін бостандық майданына шығару үшін ішкі Россияда жұмысшылар мен помещик капиталисттердің арасындағы болған күрестің амал - әдісін қолдануы мүмкін болмады. Өйткені, Түркістан халқының тіршілік тілегі, Түркістан шарттары ішкі Россиянікіне тіпті үйлеспейді. Ішкі Россияда жұмысшылар капиталист помещиктерменен ғана айқасса, Түркістанда жерлі жұрттың кедейлері бір жағынан өз арасынан шыққан атқа мінер алаяқтар, тілмаштарменен жауласып, екінші жағынан ілгеріден билеп үйренген тұзшыға аузы тиген отаршылдарменен күресті. Сондықтан, ішкі Россияда ауызға алынбайтын ұлт мәселесі Түркістанда бірінші орынға қойылды.

Сөйтіп, Түркістанда жерлі жұрттың кедейлері, жерлі жұрттың сырты сұлу сұмдарының «аяушылығынан» құтқарып, жерлі ұлттардың қолын ұлт теңдігіне жеткізу қажет болды. Бұл, оңай әңгіме, жеңіл жұмыс болған жоқ. Және де оны аз уақыттың ішінде орындай қою мүмкін емес еді. Елу жылдан бері билеп үйренген халық төңкерісінен кейін бірден теңдікке көне алмады. Алғы кемдік сыбағасына тегін жерлі жұрт та бірден теңдікке сене алмады.

«Істің түзу басталуы жұмыстың жарты істелгенімен бірдей» деп неміс айтқандай, аз уақыттың ішінде Түркістанда бірталай жұмыс істелді.

Түркістанда ұлт теңсіздігінің түпкі түйіні жер-судің дұрыс бөлінбеуінде еді. Сондықтан, коммунист партиясы кіндік комитетінің жаңа саясатын Түркістанда жүргізу һәм ұлт теңдігін жүзеге шығару қырғыз-қазақ кедейлерін отаршылдар менен жер - суға теңгеруден басталды. Түркістанда жер реформасы тіршілік жүзінде жүргізілуден бұрын әңгіме әбден пісіп, талай кеңеске салынып, тартқыға түсіп, аудандары белгіленіп, ақырында Әулиеата қаласында болған қырғыз-қазақ кедейлерінің түңғыш съезінде жер реформасын жүргізу туралы жол-жоба жасалып, ақтық қарар қабылданып, 21-жылдың басында Жетісу облысынан басталып жер реформасы іс-жүзінде жүре бастады. Оның Жетісудан басталуына себеп, шарттар болды.

Түркістан ішінде Жетісу патшашыл хүкіметінің тұсында, ішкі Россиядан келген келімсектердің тепкісінің астында болған жер еді. һәм 16-жылғы бөлшектің кесірінен Жетісу қырғыз-қазағы жер-суден құралақан қалған еді.

Түркістанда революцияның ең қарқынды дәуірі осы жер реформасы жүргізілген уақыт. Кеңес хүкіметі һәм партияның кезекті істерінің алдында жер реформасын жүргізу жұмысы қойылды. Партия һәм хүкіметтің де қолға алған жұмысы жалғыз осы сияқты болып көрінді. Жер реформасын жүргізу үшін кезекті дүние де табылды. Әдейі алаяқты кісілер мобилизовать етілді. Сондықтан Түркістанда жер-су реформасын жүргізу отаршылдардан артық жерді қырғыз-қазақ кедейлеріне алып беру сияқты болып қана, өйтпестен барлық Түркістан халқының көзіне ұлы революция сияқты болып көрінді.

Жер-су реформасы асығыстықпен жүргізілді. Сондықтан, бірлі-жарым қатесі де болған шығар.

Түркістан ұлы революциясының арқасында қырғыз-қазақ кедейлері бір көтеріліп қалды. Қырғыз-қазақ кедейлері де есепке алынып санға өтті. Жетісу ішінде жер-су туралы келімсектер менен тіршілік жүзінде теңгерілді. Күні кеше жоғалған шошқасын қоңсылас қырғыз-қазақтан төлетіп алып жүрген қара шекпен бүгін қашаннан бері қатар отырған қоңсыластығының зиянсыздығын айтып жалынып отыр. Февраль революциясының бастапқы күндері қырғыз-қазақтарды киізге орап, лампы майын құйып өртеп жіберіп, жеріне ие болған отаршылдар ондап, жиырмалап қырғыз-қазақ пасөлкелерін қайтарып берді. Әр отаршылардың есігінде 5-10 жалшы жүрген қырғыз-қазақ жігіттері азаттық алып «Қосшы» союзына мүше болды. Жер, көлік алып кеше өзін жалшы жалдаған отаршылмен қатар егін егіп тіршілік құрып жүргендері де толып жатыр. Қырғыз-қазақ кедейлері бұрынғы қара күнін сыртқа салып, қай ісі туралы болса да көтерілді. Қырғыз-қазақ кедейлері есін жиып, басын құрап жұртпен қатар революция ісіне шын араласып, топан суындай бұрын қаптаған қара көш жауыздықтың бетін бір қайтарып салды. Революцияның ең қарқынды дәуірінде қырғыз-қазақ кедейлері белсеніп іске кіріскен соң, дос та дос, дұшпан да дос болып ішінен атарға оғы жоқ болып жүргендер қырғыз-қазақ

кедейлерінің шашбауын көтеріп, шаш ал десе, бас алатындай өте «қамқоршы» болып жүруші еді.

Енді жаңа шаруа саясаты құрылғаннан бері қарай «қамқоршылардың» барлығы кешегі шабыстан танып, күн қатса қалпына баратындай. Жаңа шаруа саясаты біздер үшін ғана шығарылды дегендей қылып ауыздары көпіріп, тағы - тағы түпсіз дәлелдер айтып партияға да байқатпай астыртын қырғыз-қазақ кедейлерін жаңа тонау жолына түсетін сияқты көрінеді. Оның үстіне, революцияның қызықты, екпінді күндері бас қамын ойлап кімнің үстемдігі жүрсе, соның таяғын соғып жүрген атқамінер ала аяқ сұмдар да әр нәрсені бір себеп қылып қайтадан бас көтергісі келетіндей көрінеді. Қырғыз-қазақ кедейлері қамсыз қалса, қасықтап жинағаны шөміштеп төгілуі мүмкін.

Сондықтан, жаңа шаруа саясаты шығып бұрынғы жаңарыс, өзгеріс ылғи құбылыс заманы өтіп тіршілік орнықты жолға құрылып жатқан дәуірде әркім қолда барына мықты болып, жоғын заманның ағымына сиыстырып түгендеуі қажет. Һәм жаңа шаруа саясатының ішкі-сыртқы жұбына, сырына жақсы түсініп бағытын байқап, ішкі өз арамыздағы сыртқы шеттен келген, айнала қаптаған қара бұлттың бетін қайтару керек.

Өйткені өзгеріс дәуірінен жаңа шаруа саясатына өту аралығында осы абыр-сабыр заманда, қазақ-қырғыз кедейлері қайтадан таз қалпына түсуі мүмкін. Ұстағанның қолында, жегеннің аузында кетуі ықтимал.

Қазіргі ойнақшыған дәуірде, қырғыз-қазақ кедейлері сақтану керек.

Т.

Шаруашылық

ТҮРКІСТАНДА МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ОСЫ КҮНГІ ЖАЙЫ ҺӘМ ОНЫҢ ІЛГЕРІ БАСУЫ ТУРАСЫНДА

Орыс хүкіметі 1821-жылы осы күнгі Түркістан топырағына аяқ салуыменен-ақ, уысынан шығарып жібермес үшін отаршылдық саясатын жүргізе бастады.

1889-жылы Еділдің бергі бетіне, іштен қара шекпендерді көшіру қақында шығарған жалпы заңына шейін, Түркістанға іштен келген келімсектерді орнату реті Түркістанда тұрған хүкіметтің тәртібімен бөліп тұрды. 1905-жылы қозғалыс болғанда көбірек дем берген ішкі Россиядағы жерсіз һәм жері аз қара шекпендер болған. Ол қозғалысты патша үкіметі басқаннан кейінгі жерде бұл пәлелерден құтылу қамына кірісіп, Россияның шеттегі аймақтарына топ-тобымен көшіре бастаған. Сол қатарда Жетісуға да қара шекпендерді орнату үшін әдейі арнап жергілікті халықтың жерін алатын ана келгендерді орналастыратын мекеме ашты (переселенский организация).

Отаршылдық саясатының бастапқы кезеңде Петроградтағы біреуден алып, біреуге екіншіні орнататын мекеме Түркістандағы қара шекпендер пайдасына алынатын жердің көбін суғармайтын телім жер деп санаған. Шынында, ол облыста телім жерде егін шашып, тіршілік қылушылар азайды. Себебі, жылдан жылға телім жердің егіні аз һәм кем шығуы: соның үшін, іштен өз беттерімен ауып келген һәм хүкімет көшіріп алып келген келімсектер өтірік, айла, күш барлығын араластырып, жергілікті халықтың не заманнан бергі табан ақы, маңдай терін сіңіріп суғарып, диқаншылық қылып отырған жерлеріне келіп орнаған. Іштен келушілерді қызықтырып көбейту үшін, бір жағынан хүкімет «аузыңды ашсаң алма түседі» деп дақпырт шашқан.

1908-жылы Жетісу облысына хүкіметтің һәм іштегі жерсіздердің өте назары түседі. Оның есепсіз көп байлығы, «жерінің жақсылығы көп еңбек сіңірмей оп-оңай байып кетеді» деген хабарлармен іштен қара шекпен лек-лек болып ағылады.

Жергілікті халықтың жерін алып, келімсектерді орнататын мекеменің аз уақытта істеген ісін көрсету үшін оқушылардың алдына тартамыз:

Облысқа қарайтын жер 36.139.535 десятина, пайдаға аспайтын қоласты жер 4.786,669 десятина. Жергілікті халықтан іштен келген келімсектердің пайдасына тартып алған жер 4.193.56 десятина, жергілікті көшпелі халықтың пайдасында 27.159.346 десятина, жоғарыдағы есептің көрсетуіне қарағанда, Жетісу облысындағы пайдаға аспайтын қолайсыз жерді шығарып тастағанда, жүзден 87% қазақ-қырғыз пайдасында, 13% іштен келген келімсектерге алынған болып көрініп отыр. Бірақ бұл санның көрсетуімен білмеген адам адасуы мүмкін. Қазақ-қырғыздан алып, келімсектерге берген жердің көбі бұрыннан мехнаттанып, суғарып, тіршілік қылып келе жатқан жерлерді һәм суғаруы үшін көп мехнат керек емес жақсы жерлер алынған. Қазақ-қырғыз пайдасында қалған жерлердің ішінде көбі тіршілік қылуға жарамайтын бетпақ жол дала, һәм қарлы таулар.

Келімсектердің орнаған жерлерін қарасақ мысалы, Ташкент уезіндегі керуен жолының бойын қуып, Алатаудың етегіне қуып орнаған келімсектердің қаласы біріне - бірі жалғасып Әулиеата уезіндегілеріне барып қосылады. Екінші бір тобы Шу бойының алабына орнаған, үшінші тобы Ыстық көлдің Темірқазықпен күн шығыс жақ жағасын алған.

Сонымен, келімсектердің орнаған жері - Алатаудың етегі. Өзендердің алабы, көлденеңі 15-тен 20-ға шейін жер алып шегін тартып алып, мал шаруасымен тіршілік қылатын көшпелі қазақ-қырғыз халқының бір жағынан ауыз суға, екінші жағынан мал жайылатын жайылымдарына бөгет болыпты. Күн көретін жерден айырылып, жаздың уақытына қарай жайлау - күзеу деген сияқты жайылым өрісі тарылып, ата-бабасынан бері қарай өру болып меншіктеп келе жатқан қоныстан айырылып нашар күйге түсті. Өріс тарылғанның зардабынан, мал жұтқа, түрлі дертке, аштыққа ұшырап ұсақталып кемуге айналды. Бұрын қоныстасы ретпен, бір ру екінші руға жәрдем қолын созып ата көршілік борышын өтеу деген жотала бастап, жұқа дәулеттілері малдан айырылып тамақ асырауы үшін қасындағы келімсектердің қаласына жалданып малай болып кетті. Тіршілік жүзінде мұндай хәлге түсу күйінің күн көргіштік дәулеттен айырылуы, қазақ-қырғыз халқының өсуі тоқтап кемуіне себеп болды.

1898-жылғы есепке қарағанда, әр үйде 5,5 жан келетін еді. 1907-жылда 4, 75 жан, 1916 — 3, 5 жан келетін болды.

Осы күнгі есепте мұнан да кем болуы тиіс. Сонымен 18 жылдың ішінде үй басына екі жаннан кеміген, болмаса 520 мың үйден 1.180 мың жан кеміген: 20-30 жылдың ішінде қазақ-қырғыз халқын Европаның «мәдениеті һәм тарихы» жолына түсіп зулап кеткендігін көрсетеді ғой!

Патша хүкіметінің Түркістанға аяқ салып орнағалы 50 жылдай болып қалды. Сол 50 жылдың ішінде Түркістанда шаруа, кәсіп басқа да түрлі істеген ісін алып қарасақ, бір негізді пәленмен жүрген ісі жоқ, бір жұмыс реттеліп аяғына жеткен емес. Жергілікті халықтың жерін алып келімсектерді орнату, отаршылдық саясаты, диқаншылық шаруасы болсын, қай қайсысында болса да бұрыннан көздеп болжанған жол жоқ.

Бүйтіп алып істеген жұмыстың бірі халықтың шаруасының екінші бір түріне зиян келтіреді. Болмаса халықты жоғалтып жібереді. Міне, осы халық әсіресе, жергілікті халықтың мал шаруасына кесірі тиіп отыр. Фабрика, заводқа көбірек Россия жалмауыз байларының қалталарын толтыру саясаты жолына түсіп кетіп, жергілікті халықтың тіршілігіне назарын салмады. Түркістанда мақта шашу жұмысына шұғыл кірісіп, Европаның капитализм ретімен жергілікті халықтың шырынын сору үшін, неше түрлі тұзақтар құрып, мал шаруасымен тіршілік қылатын халықтарды өлмесең тұр ма деген күйге ұшыратты. Түркістанда мал шаруасы не хәлде екендігін мына төмендегі сан көрсетеді.

а) Түркістанның 5 облысының жерінің түріне қарай бөлімі.

Қолайлы жерлер.

Облыс аттары	Суғаратын жер	Телімі жер	Шабындық	Жайылымдық һәм қолайсыз жер	Барлығы
Сырдария	638.644	204.432	396.802	35.727.972	36.967.850
Амудария	50.337	1.226	28.478	11.124.452	11.204.493
Самарқанд	407.456	274.907	39.666	7.431.774	8.153.803
Ферғана	69.850	169.083	133.751	5.590.465	8.452.458
Жетісу	399.018	95.417	492.000	35.144.100	36.139.535
Түрікпен	163.778	8.666	26.427	58.192.279	58.391.147

б) Түркістан облыстарындағы халықтардың тіршілігіне қарай бөлінуі.

Облыс аттары	Диқаншылық	Мал шаруасы	Басқа түрлері	Халықтың жалпы саны
Сырдария	46.73%	44.96%	8.31%	284.000
Амудария	72.45%	16.87%	10.68%	1.94.000
Самарқанд	73.27%	8.38%	18.35%	860.000
Ферғана	74.28%	4.77%	20.95%	1.570.000
Жетісу	45.53%	46.82%	7.65%	987.000
Түрікпен	47.87%	32.23%	19.19%	382.000

Жоғарыда көрсетілген екі саннан көрініп отыр: Түркістанның бүкіл жерінің мал жайылыс һәм шабындығы 95.5%, егіндік жері 4.5%, екінші санда мал шаруасымен күн көретін һәм жерсіздер 53%, жерге қожа отырықшы аудандары 41%. Сонымен, ана 53% көшпелі болып саналып жүрген мал шаруасымен тіршілік қылатын һәм жерсіз 53% үйді жерге орналастыру - осы күндегі екпінді жұмыстың бірі.

Жерсіздерді һәм жері аздарды орнату үшін пайдаға аспай жатқан жерлерді су жіберіп орналастыруға тура келеді.

Мал шаруасы мен тіршілік қылатын көшпелілерді осы күнгі малынан айрылып қалмайтын, һәм оны ілгері бастап өсіру үшін, қазірден оларды атамекен жерлеріне түпкілікті орналастыру қажет. Ескі замандағы жер қазынанықі, уақытша көшпелілер пайдалана береді. Хүкімет керек күні сырғанатып айдап жіберіп, тау-тасқа, бетпақ шөл далаға қаңғыратын қылып қарасы өшкен күні хүкіметпен бірге жер астына көмілді деп санап, бұлар орнығып отырып тіршілік қылатын жерлері түпкілікті болып белгіленуі керек.

ж) 1922-жылғы Түркістандағы мал саны (мыңдап).

Облыстар Ірі қара, жылқы, қой һәм ешкі, шошқа. Барлығы

Облыстар	Ірі қара	жылқы	қой	ешкі	шошқа
Сырдария һәм Амудария	720	709	60082	10	7,522
Самарқанд	224	95	10052	10	1,377
Ферғана	429	367	10034	40	1,834
Жетісу	660	1,113	7,126	530	9,261
Түрікпен	53	146	4,076	-	4,276
Барлығы:	2,291	2,430	19,370	106	24,280

Жоғарыдағы санға қарағанда, Түркістанда мал шаруасы халықтың тіршілігінің бір мықты тіреуі. Әсіресе, Жетісу онан кейін Сырдария һәм Түрікпен облыстарында бұл облыстарға қарағанда, Самарқанд пен Ферғанада диқаншылық тіршілігіне мал шаруасы жәрдемші ғана ретінде: алдыңғы 3 облыста мал шаруасының басымдылығы жерінде жайылымдық пен шабындықтың молдығынан.

д) шабындық һәм суғарып шабындық қылып отырған жерлердің саны (мыңдап) (бұл есеп 1915 жылғы переселен мекемесінің есебіне қарағанда).

Облыстар	Десятина	Шөп пұты
Сырдария, һәм Амудария	425	59.371
Самарқанд	39	12.201
Ферғана	133	33.692
Жетісу	492	52.400
Түрікпен	26	4.268
Барлығы:	1.121	179.933

Бұл көрсетілген пішен мен малдың барлығын қолдан шөп беріп асырағанда 720.000 жылқыны асырауға болады.

Жоғарыдағы ж) һәм д) сандарынан көрініп тұр. Малды жайып бақпаса шөп жетпейтіндігі, жиған шөп мінген қолдағы ат жер жыртатын көлік һәм жүк таситын көлік пен жұртшылық заманға деп сақтауға ғана жететіндігі.

1911-жылгы есепке қарағанда, Түркістандағы бар малды жылқыға айналдырсақ, 7.861.000 бас жылқы болмақшы. Күніне жылқы басына 30 қадақтан шөп берілгенде, бір жылқы 1.965.260.000 осындай пішен керек, қолдан асырағанда ай сайын 163.770.333 пұт пішен керек. Міне, бұл есепке қарағанда бар малды шөппен асыраймын дегенде, Түркістанның барлық пішенін бергенде бір-ақ айға жетпекші. Сондықтан, ілім жөнімен таппаса да тарих жүзінде тіршіліктің текпісінде мал шаруасымен күн көретін көшпелі халықтар, ата-бабасынан бері қарай бір жылдың ішінде тебін, жайлау, күзеу, көктемде малынан қалмай жылжып көшіп жүруге тура келеді. Сондықтан, Түркістанда мал шаруасын ілгері бастыруға болады. Барлығын қолдан асыраймыз деп, қазіргі күнде қол жетпейтін нәрсеге пышақ ұрмайық.

(аяғы бар)

М. Шағырша

ЖЕР ХАҚЫНДА ШЫҚҚАН ЖАҢА ЗАҢ

(қазақ-қырғыз облыстарының болашағы)

Шын ортақшылдық дәрежесіне жетпеген жұрттың тіршілік жүзінде шаруасының ілгері басуының негізгі шартының бірі сол - күн көріп пайдаланып отырған жері оның түпкілікті пайдасында болуы.

Бұл қалып тіршілігі мал шаруасы болған жұрттарда да бар. Егерде, малдың жайылымдығы кем болғанда да олар өз аралары ру-ру болып, ауыл - отан болып бөлісіп алысады.

Түрікпен облысында қара құмда әр ру болып алып өздеріне бөлгенде тиген жер құдықтарын қазып тіршілік етіп отыр. Өйтсе де, ондай мидай далада күн көру мүмкін емес. Осындай қылып Жетісуда да бар жайлаулар hәм тау беткейлері бөлініп алынған, мал шаруасы мен тіршілік қылынған халықтың әрбір руы болмаса, әуелі малын бағып, оны асырап өсіру үшін белгілі қоныссыз болмайды. Егерде, рулардың я ауылдардың малдары өсіп-өнгенде жайылымы тарылғандықтан, бірінің бірі жайлы қонысын тартып алып, түпкілікті өздерінікі қылып меншіктеу үшін жанжалдар тартыс-таластар шығады. Әркімге өзіне меншіктеген қоныссыз болмайды. Белгілі жері болмаған соң, ол малды көбейту, өсіру мүмкін болмайды. Себебі, бұл күнгі пайдаланып отырған жер ертең келешекте өзінікі болып қалатындығына көзі жетпегендіктен, бұл қалып пен егіп тіршілік қылатын дихандардың басында да бар. Құр жерді айдап тастау жетпейді. Сенің көзің жетуі керек. Ендігі жылда осы жер өзіңде қалатынына. Сонда ғана табан ақың, маңдай терін сіңіріп еңбегіңнің жақсы жануы үшін жақсылап істемекші. Мұндай күйде сол жерге қатарынан он жыл бидай шашпайсың, себебі жер аз, шығымы кем басқа жерге аударып шашатын жері жоқ. Келесі жылы осы жер өзінде қалуына көзі жетпесе, иесі көңілсіз болып жерді аздырмайтын қамын жемейді. Жоңышқа, бақша шашу жұмыстары берекелі болады. Егер де дихан ол жерді бір-ақ жылдық болмағанда орнықты егіндер егер еді.

Ортақшылдық дәрежесіне жетпеген, надан Бұхараның арасында диқаншылық тіршілігі белгілі бөлініп берілген жер болмаған жерде, ілгері басуы мүмкін емес.

Егерде, дихандардың ұйымдары болса (артел, тауар іш туа, коммуна) тиісті жерлерін жатпай істейтін болса, онда екінші қалып, егерде жер көптің ортасында болса, үй басына бөлінбеген ол жерді жыл сайын шекпен бөліп шашатын болса, дихан көңілсіз болып істемекші. Себебі, бүгін бұл жер менде, ертең басқа біреуге кетеді, деп бұл ретпен жер тез азбақшы. Осындай қалып Түрікпен облысының көп жерінде hәм кіндік Россияда бар.

Өзгеріс уақытында ішкі Россияда қара шекпендер байлардың жерін аламыз деп, мұнда Түркістанда әсіресе, Жетісуда, жуан жұдырық отаршылдардан жерді тартып алу күресі болып жатқанда, дихандардың көбінің отырған жері өзінде қала ма, болмаса алып кете ме деген сенімсіздік болды. Жетісудағы орыс дихандары отырған орнымыздан көтеріп тастап, екінші бір жаққа айдап жібере ме деген, отырықшы болған, қазақ-қырғыз патша хүкіметінің зорлық-зомбылығын көріп қалған өзгеріс арқасында тегін үлес уақытша тана ма деген екі ойлылық көп болды. Жетісуда да hәм Ферғананың күн шығыс жағында да тоқсан түрлі өтірік хабарлар, қозғап қалған халықты шошыту үшін неше түрлі өтіріктерді таратып, мысалы: жер реформасын жоғалтпақшы, бұрынғы дәулер қайта орнамақшы деген сияқты жиырма екінші жылдың күзіне қарай екпінді өзгеріс жолыменен жүргізілген жер реформасының көбі тіптен қалды. Өз бетіменен түскен жүгенсіз де көшіріліп орыс жерінің артығы алынып жергілікті еңбекшілерге берілуі, өте мұқтаж көшпелінің

жолындағы орыс қалаларының көшірілуі бітіп қалып еді. Ішкі Россияда болсын мұнда, Түркістанда да Кеңес хүкіметі халық шаруасын түзетіп, ілгері бастыру керек деген мақсатты қойып отыр. Қайткен күнде де, бүлініп жарылған халықтың шаруасын аяғынан бастыру жұмысы өткен уақыттағы қызыл әскерді сұрыптау һәм бар күшті майданға салу керек дегенменен бірдей болып тұр.

Бұл жұмыстың ішкі Россияда да һәм Түркістанда да нәтижелі болып шығуы үшін халықтың тіршілігінің негізі болған диқаншылық шаруасын аяғынан бастыру, әрбір диханға еңбек қылып отырған жерін сенікі, көпке дейін сенің мүлкің деу керек болды. Міне, соның үшін жалпы Россия кіндік атқару комитетінің еңбек мөлшерінде жер пайдалану хақында шығарған жаңа заңының негізгі баптары ашық айтып отыр. Әрбір диқаншылықпенен тіршілік қылып орныққандардың, заң жүзінде оларға берілген һәм осы күні пайдаланып отырған жерлері түпкілікті солардікі болып қалады. Еңбек мөлшерінде жер пайдаланып отырған ешбір диханды билеушілер отырған жерлерінен ешқайда айдап жібере алмайды. Оның жерінің шегі жер жұмысының артында ғана өзгерілуі мүмкін. Түркістанның кіндік атқару комитеті жалпы Россияның кіндік атқару комитетінің жаңа жер хақында шығарған заңы Түркістанда жүргізу ретінде қаулы шығарып отыр. Бұл қаулыда заң ретіменен берілген жер алдымен Кеңес хүкіметінің берген жері һәм ескі хүкіметтің берген жері болып саналады. Егерде, ескі хүкіметтің берген жерін Кеңес хүкіметі өзгертпеген болса.

Сонымен, жаңа жер хақындағы заңда өте ескеретін нәрсе мынау: өткен уақыттағы істелген жер реформасының нәтижесі бекітілген. Дұрыс, деп тағайындалған.

Жалпы Россияның кіндік атқару комитеті шығарған бұл заңы мен жер реформасы жоғалтылды деген неше түрлі өтірік хабарларға ешбір орын жоқ. Бұрынғы қалып қайта айналып келмейді. Жаңа законная жұрттың көбі қорқады. Қорқатын ешбір орын жоқ. Олар жаңа законды тіпті оқымаған, болмаса оқып тұрып түсінбеген.

Жер реформасы енді һәм оның нәтижесін, жалпы Россия кіндік атқару комитеті бекітіп отыр. Ескі дәуірге қайту жоқ һәм қайташақ та емес, орыстың қара шекпендеріне жиырма екінші жылдың күзінде (ол закон шыққан күніне дейін) қолындағы жерлері солардікі болып саналып тағайындалды. Қазақ-қырғыз халқына барлық алған жері бекітіліп отыр.

Жер хақында жұмыстың қиынырақ болып тұрған жері, бір жағынан, диқаншылық, екінші жағынан, мал шаруасыменен тіршілік қылып отырған аудандарда. Жетісудың көп жері һәм Сырдария облысының Темірқазық жағындағы жергілікті халықтардың осы күнгі тіршілігі сондай түрде - қыстауының кәсібіне егінін шашады һәм екінші жағынан мал шаруасыменен тіршілік қылып көшеді.

Міне, осындай жерлерде жер мәселесін түпкілікті қылып шешу қажет. Ауыл - ауылдың осы күнгі егін шашып пайдаланып отырған жерін ғана оларға қалдыру мүмкін емес. Себебі, қазіргі күнде олардың тіршілігінің көбі мал шаруасы, диқаншылық кем, әшермендік қана шешеді. Ол, азғантай егіндік жермен оларды қалдыру дұрыс емес. Соның үшін Түркістан кіндік атқару комитеті шығарған қаулысында ауылдардың осы күнгі диқаншылық қылып отырған жерлерін оларға қалдырып отыр. Егерде, бұлардың жер мәселесін түпкілікті қылып шешкенге шейін, бұл ауылдар диқаншылық қылып жыртқан жерін кеңейтіп көбейткен болса, жер мәселесін шешкен мезгілде сол қалпының өзі жүріп кеткен жердің барлығында, сол ауылдарға түпкілікті болып шешкен уақытында бір белгілі мөлшерінен жер берілмекші. Сонда бір ауылдың жері мөлшерден кем болып қалса, онда мөлшерге жеткізіліп беріледі. Екінші бір ауылдың жері мөлшерден артық болса, артығы алынбастан сол ауылға түпкілікті беріліп тағайындалады. Бұған өте сақ болу керек Заң

әрбір ауылға шамаменен келгенінше, диқаншылық қылатын жерін көбейтуге кең жол ашып отыр. Мұнымменен халықтың пайдаланып қалуы тиіс. Жатсаң да, тұрсаң да егін шашқан жеріңді көбейтуің дұрыс. Бұл ретте дихан менен мемлекеттің көздеген мақсаты бір болып отыр.

Ең ақырында, диқаншылық пенен һәм мал шаруасымен тіршілік қылып отырған аудандарда қашан жер мәселесі түпкілікті болып шешілгенше әр ауылдың жалғыз ғана егіндігі емес, мал жайылымдығы олардың пайдасына қалдырылып отыр. Қашан жер мәселесі түпкілікті шешілген уақытта, бір ауылдың мал жайылымдық жерінен мөлшерменен сол ауылға берілген уақытында артық жер шықса, ондай артық жерге басқаларды әкеліп орнатады. Бірақ жаңа заң һәм Түркістан кіндік атқару комитетінің шығарған қаулысында ондай артық жерлерді түпкілікті жер мәселесі шешілгенге шейін ешкім сұғанақтық қылып ала алмайды. Сол жергілікті халықтың пайдасында болады.

Осы күнде әр жерде уездерде, облыстарда һәм кіндікте жер жанжалын қарайтын һәм шешетін комиссиялар түзіліп жатыр. Ол комиссияда жер бөлімінің бастығы жер мәселесін шешетін мекеменің уәкілі су бөлімінің адамы, заң бөлімінің бастығы һәм қосшы ұйымының бастығы бар.

Осы комиссияларды күшейтіп дем беру керек. Бұлар ешкімнің өз бетіменен ұнаған жерді бас салып иемдене кетуді жоғалтулары керек. Бұл комиссиялар өзінің жұмысына, іске батыр жақсы азаматтарды бауырына тартуы керек. Бұл комиссиялар жер мәселесін түпкілікті қылып шешу жобаларын қарап бекітуге беріліп отыр. Қазіргі күнде бұлар өткен заманда жер реформасын жүргізген үш адамнан құралған комиссия қандай мықты болса, бұлар да сондай мықты. Мұны әрбір партия һәм кеңес қызметінде жүрген азаматтар ұмытпауы керек.

Екі түрлі тіршілігі бар 1) аудандарда түпкілікті қылып жер мәселесін шешу жұмысы белгілі ретпен жүргізілмекші. 1923- жылға Түркістан уезімен һәм Әулиеата, Шымкент уездерінің бітпеген жұмыстары белгіленіп отыр. Шығашақ низамының қысқаша қорытындысы: мөлшер белгілеу әр ауылдың егіндігін сол ауылдың пайдасына түпкілікті қылып бекіту. Жерсіздерге мөлшерменен жер беру ауылнай - болыстардың арасындағы шекті түзету жер мәселесі түпкілікті шешіліп, жергілікті халықтарды орналастырғаннан кейінгі, қанша артық жер бар екендігін білу. Бұл жерлерге жері кем тарлық көріп отырған аудандардан болмаса, өте жері кемдіктен таршылық көріп отырған орыстың поселкелерінен көшіріп орындалулары айтылмақшы.

Таршылық көріп отырған орыстың поселкелеріне түпкілікті жер мәселесі шешілгенге шейін мөлшерменен жер кесіліп берілуі мүмкін. Бірақ өте мұқтаж болғанда һәм жер комиссариатының рұхсатымен ғана, еңбек мөлшеріменен жер пайдалану шығып отырған негізгі заңда диқаншылық шаруасына малайды жалдау реті белгіленген. Заң бойынша жалдаушы кісі өз малайы қатар қызмет қылатын болса, болмаса шаруасы кері кеткен болса, (егіндік шықпай қалу, өрт, шегіртке, ауру һәм басқа осындай қырсық кез келсе) һәм жері аз аудандарда жұмыстың уақытында, мысалы, егіннің уақытында, малай жалдауға болады.

Жаңа жерге орнаған уақытында жұмысын тездеп бітіру һәм егіндікке берген жерінің барлығын уақытында шашу үшін малай жалдауға болады.

1) ***Ескерту:*** *көшпелі аудандарда түпкілікті қылып жер мәселесін шешу хақында қосымша низам түзіліп жатыр. Ең ақырында, жерді уақытша беру ретінде жаңа заң бойынша берілетін жер еңбек мөлшерінде болуы ғана керек.*

«Ешкім уақытша өзінің жерінің үстіне өзінің күшіменен еңбек қылып, шашылмайтын артық жер ала алмайды» жаңа сол уақытында жерді уақытша бергенде үш жылға дейін ғана береді. һәм уақытша шаруасы бұзылған кезде (жоғарыдағы малдар турасындағы қара). Болмаса, үй иесін әскер қызметіне алмаған болса, болмаса Кеңестер мекемесінде қызмет етіп жүрген болса.

Сонымен, жер хақында шыққан жаңа заң, жалғыз ғана жер реформасының нәтижесін ғана бекітпей, әрбір түрлі шаруа менен тіршілік қылып отырған ауылдардың жерін сақтау, ұзақ уақытқа жер беруді тоқтатып, еңбек мөлшерінен артық жер бергізбей, яғни жуан жұдырықтарға малай жалдап қанын сорғызбау жағын ашып отыр. Сонымен, айыптап көзге түспей қараңғы жолмен өткен лағынат екі дәуірге қайтадан жетеміз деуге еш орын жоқ.

Жер пайдаланып отырған жұртқа жаңа заң жерді қай түрімен пайдалану ретінде кең жол беріп отыр, (көп ортасында үй басына) (һәм басқаша) қай қалаған түріменен.

Мемлекет керекті мал бағатын жайылымдық басқа да түрлі жерлерді бүкіл ауылға беріп отыр. Онан әрі, жер мәселесіне мемлекеттің қатысы жоқ. Сосынғы әңгіме халықтың өзінде ауыл ішінде һәм, қала ішінде жер мәселесін шешу жұмысы халықтың өзінің тілеуменен, һәм шығынын көтергеннен ғана болады.

Жер пайдаланушыларға түпкілікті жер беріліп, біреу алып кетпейтіндікке көзбен жеткізіп, олар ол жерде ұзақ уақытқа өздерінің тіршілігін түзеу түгіл олардың өз ықтиярында қай түріменен жер пайдаланамыз десе де. Көп ортасындағы жерден пайдаланушы әркімнің өз ықтиярында көптен ұлтарақтай жер тисе де, өзіндікі қылып бүлдіріп алуына. Ұмтылу, ыждағат қылу, ілгері басудың санасы.

Диқаншылық шаруасының кең жолменен ілгері басып дәуірлеуіне жоғарыда айтылғандар да жеткілікті болар еді.

Бірақ, жалпы Россияның Кіндік атқару комитеті жер хақында шығарған заңынан басқа, екінші бір низам шығарып отыр. Ол, низам бойынша жаңа орынға ауып қалғандар болмаса, ештеңе тимеген жаңа жер алғандар әскер қызметінен де, һәм азық-түлік салығынан да, көшкеннен кейінгі жерде он жылға азат. Ал, жаңа жерде жыртылған жер алғандарға, бұл жеңілдіктер бір жылға беріліп отыр.

Соңғы низамменен Кеңестер хүкіметі бөлінген диқаншылық шаруасын түзету, екпінді һәм, негізгі мақсат деп көрсетіп отыр.

Қайткен күнде де, егінді көп шаш һәм аз уақыттың ішінде көп шаш дегенді Кеңестер хүкіметі орын қылып отыр.

Бірақ, әрбір диханның да мақсаты сол екеуін бір жолға қосып отыр, енді шаруа түзелуге тиіс.

Сол заң, жалғыз ғана жер реформасының нәтижесін бекітіп қоймай, бізді баяғы ескі обыр отаршылдық болмысынан сақтап отыр.

Ескіге орын жоқ бірақ, әрбір қызметкер есінен шығармауы керек. «Жылытқан жастық астынан су да ақпайды» дегендей.

Аскалов

ТҮРКІСТАН САЛЫҚТАРЫ

Әрбір хүкімет өзінің істейтін шығындарын көтеру үшін халқына һәм түрлі салықтар салады. Хүкімет шығындары неғұрлым көп болған сайын солғұрлым халыққа да салықтар көп түседі. Салықты аз салатын хүкіметке халқын жақсы қарап һәм, аз салық халықтың шаруашылығына жеңіл тиеді.

Салықтар екіге бөлінеді

Һәм түрлі жолмен хүкімет пайдасына халықтан жиналады. Кейбір салықтар «ашық салық» деп аталып, басқалары жасырын салық делінеді.

Ашық салық жер-су, аяқты мал, фабрика, завод, өзі һәм солар сияқты мүліктердің иелеріне ашық салынып жиналады.

Жасырын салық халыққа білдірілмей, көрсетілмей, байқатпай салынып жиналатын сияқты.

Енді екі түрлі салықтың қалай жиналуын түсінуіміз үшін мынадай мысалдар алайық: хүкімет жүз уақ малы һәм он бес, жиырма ірі қарасы бар орта шаруаға бір жылда сегіз, он сом салып алатын салығы ашық салық дейміз. Сол орта шаруа иесі хүкіметке бір жыл ішінде сегіз, он сомына (алтын ақша есебіменен) басқа шығын төлемеймін деп жүрсе де, тағы да түрлі жолменен өзі байқамай-ақ, жасырын салық бірнеше шығындар төлейді.

Көрсетілген орта шаруа иесі бір жыл ішінде саудагерлерден 100 кез, кездеме (кезі 10 тиыннан) һәм бес қадақ шай (қадағы бір жарым сомнан) сатып алынады десек, сол сатып алынған бұйымдарының үстінен саудагердің алатын бұйымдарының бағасынан һәм көретін пайдасынан басқа хүкіметке де жасырын салық төленеді.

Оның себебі «жасырын салық» төленбегенде, саудагер жоғарыдағы бұйымдарды көрсетілген бағасынан арзанырақ сатар еді. (шыттың кезін сегіз тиыннан һәм шайдың қадағын бір сом отыз тиыннан десек) бірақ, хүкімет саудагердің сататын бұйымдарына жасырын салық салғандықтан, саудагер ол айтқан бағамен сатпайды.

Сөйтіп, жасырын салықты саудагер төлейтін болып көрінсе де саудагер өзіне түскен жасырын салықты халықтан жиып алып, беріп отырушы болып шығады.

Мінекей, осындай хүкіметтің байлар, саудагерлер арқылы халықтың жарататын барлық керек-жарағының үстіне салынып, бұйымдарды қымбаттатып жинайтын салықтары «жасырын салық» деп айтылады.

Сөйтіп, жоғарыда мысал үшін алған орта шаруамыз хүкіметке бір жыл ішінде сегіз, он сом ашық салықтан басқа жүз кез кездеме үстінде екі сом һәм екі қадақ шайда бір сом абайсызда артық төлейді. Осы сияқты, басқа сатып алатын бұйымдарынан да жасырын салық төлеп, хүкімет шығындарының көбі осындай жолдармен халықтан жинап алып тұрады.

Хүкімет осы жасырын салықтарын тура халыққа салып аламын десе, халыққа тым ауыр тиіп, бірден мұнша салықты жинап ала алмас еді. һәм халық та бірден төлей алмас еді. Бірақ, халық бір жыл ішінде хүкіметке төлейтін барлық жасырын салығын бірден бермей,

hәр дәйім сатып алатын бұйымдарының бағасына қосып, тиындап беріп байқаусызда құтылады.

Сондықтан қарағанда жасырын салық ашық салықтан жеңілірек сияқты болып көрінеді. Бірақ, жасырын салықтың тиімсіз жері - ашық салық көп мал hәм көп пайданың иесіне көп түсіп, аз мал hәм аз пайданың иесіне аз түссе, жасырын салықтың барлық қиындығы керек жарақатты көп жарататын қара халыққа түседі.

Енді Түркістанға келейік

Бүтін дүние соғысынан ілгері 1913 жылдан бастап Түркістанда бір жыл ішінде барлық салықтардан (ашық hәм жасырын) жиырма үш миллион сом алтын ақша есебіменен жиналып келген. Сол жиырма үш миллион сом халықтың мұқтаждығына таратылмаса да, хүкіметтің Түркістанда қалатын шығындарына жетіп келген. 1908 жылға шейін Түркістаннан орыс байларының hәм, бүтін Россияның көріп келген пайдасын есепке алмағанда, патшашыл хүкіметтің Түркістанға бір жыл ішінде қалатын шығындарына барлық халықтан жинайтын барлық салықтары жетпей келген. Байлардың hәм бүтін Россияның Түркістаннан көріп келген пайдасын мынадан аңғаруға болады. 1915 жылда Россияның барлық кездеме істейтін фабриктерінде, істелген жиырма бес миллион пұт мақтаның жиырма миллионы Түркістаннан барған мақта екен.

Россияда істеліп шығатын кездеменің hәр жүзден сексені үшін шикі бұйымдарды Түркістан беріп тұратыны байқалады. Яки, hәр бір жүз кез кездеменің сексен кезі, Түркістаннан Россияға баратын мақтадан істеледі: жоғарыда айтылған жиырма миллион пұт Түркістаннан Россияға барған мақтаның он миллион пұтын жалғыз Ферғананың өзі беріпті.

Мақтаны Россия шет мемлекеттерден сатып алса, hәр пұтына (шеттен келетін бұйымдар үшін төленетін салықтар бойынша) төрт сом он бес тиын төлеп, жиырма миллион мақтаға сексен үш миллион сом артық шығыны болар еді.

Мақта Россияның өз колониясынан (отарынан) келгендіктен, сексен үш миллион сом пайдаға қалады екен. Сондықтан, кездеменің де кезі арзанырақ түсіп, кездеменің hәр кезі екі тиынға жақын арзан сатылмақ. Өйткені бір пұт мақтадан екі жүз қырық кез кездеме жасалып, төрт сом он бес тиын алынбаған салықты сол екі жүз қырық кез кездемеге шақсақ hәр кез кездеменің басы екі тиыннан арзандамақ.

1915 жылғы Түркістаннан Россияға барған жиырма миллион пұт мақтаны екі жүз қырыққа көбейтіп, оның барын тағы екіге көбейткен есептен бір жылғы істеліп шығатын кездеменің қаншаға арзан түсетіні байқалады.

Түркістан қасынан орыс байларының көретін пайдасынан басқа Россиядағы кездеме фабриктерінде істейтін 570 мың барлық жұмыскерлердің 80 процентіне яки, 45 мыңдай жұмыскерлер Түркістан мақтасын істеп соның арқасында күн көріп келген.

1908 жылдан бері қарай Түркістанда хүкіметтің жинайтын салықтары барлық қаражаттарына жететін еді. Бұның себебі хүкіметтің салық алатынын көбеюі болса керек.
1913 жылы Түркістанда салық ретіменен жиналған жиырма үш млн сомның жеті млн-ны ашық бойынша жерден яки, диқаншылықпенен аяқты мал шаруашылығынан (осы кездегі тілменен сөйлегенде азық-түлік салығы) жиылған. Қалған он алты миллионы басқа түрлі жолдарменен жиылып келген. Сөйтіп, сол уақыттағы барлық салықтан жерге түсетіні (3000) отыз проценттен артылмайды екен.

1916 жылғы соғыс кезінде Түркістанда жиылған отыз сегіз миллион барлық салықтың он төрт миллион сомы осы кездегі азық-түлік салығы сияқты жерден алыныпты.

Үстіміздегі 1922 жылда, Түркістанда жиналатын отыз бір миллион сом (алтын ақшаменен) барлық салықтың жиырма бес миллион сомы жерден яки, азық-түлік салығы ретіменен, диқаншылықпенен мал шаруашылығынан алынбақшы.

Ашық салық жолыменен жерден жиналатын барлық азық-түлік салығы бидайға есеп еткенде, биыл Түркістанда барлық халықтан он екі жарым миллион пұт бидай жиналмақшы. Бір пұт бидайдың бағасы екі сом. Алтыннан есеп етсек, барлығы жиырма бес миллион сом болып шығады.

Биыл Түркістанда егілген жерді бір миллион сегіз жүз мың десятинаға есеп етіп, он екі жарым миллион пұт салықты егілген жерге бөлсек, һәр десятинасына жеті пұт бидайдан түседі. Он екі жарым миллион пұт бидайдың бағасы, жиырма бес миллион сом ақшаны биыл егілген бір миллион сегіз жүз мың десятинаға бөлсек, әр десятинасына он төрт сомнан түседі. Биыл бір десятина жерден орнына есеппенен 50-45 пұт астық өнсе, һәр 100 пұт астықтан 12-13 пұт салық алынады.

Төңкерістен бұрын бір десятинадан орта есеппенен 50-70 пұт астық өнгенде, бір десятинаға 2 сом отыз тиыннан артық салық түспейтін еді.

Сөйтіп, казіргі кезде диқаншылықтың өнімі кеміген үстіне, салық бұрынғыдан алты, жеті рет көбірек түсіп отыр. Жаңа да аяқты малға түсетін салықтың да шамасы осы сияқты.

Осы кезде Түркістанда һәр түрлі шаруа ұйымының кемінде 12-15% салықтарға кетеді. 5-7% артық салық шаруаға ауырлық қылып, жоқта көтеріле алмауына себеп болмақ. Түркістан салығының айрықша ауыр болуына шаруашылық күйзеліп, әлсірегені бұрынғы күйде болмағаны да себеп болып тұр.

1915 жылы Түркістанда егіншілік жер 3 миллион 300 мың десятинадай болған еді. Сол 1915 жылғы барлық диқаншылық өнімін бидайға айналдырып есептесек (бір десятинадан орта есеппен 60-70 пұт бидай өнеді десек) 200-230 миллион пұт бидай болады. Биылғы егілген жер бір миллион 800 мың десятинадан артық емес екен. һәр десятинадан орта есеппен 45 пұт (биыл ондай болған жоқ) бидай жиналады десек, барлық өнім 80 миллион пұттай-ақ бидай болмақ.

Бұрынғы 200 орнына 80 алып отырсақ, Түркістанда диқаншылық шаруасынан өнім 40% кемігендігі білінеді, Түркістанда жұрттың жан есебі қанша екені анықталмаған болса да, алты миллионнан артық болмаса кем емес.

Жан басына жылына тиісті 17 пұтты айтпай-ақ, бір жанға 12- 13 пұт астық алып жиуына керек десек, 80 миллион пұт астық жұрттың өзінің жылдық тамағына жетпейтіні анықталды.

Биыл Түркістанда 100 миллион пұттай астық жиналды деп жүргендер азық-түліктің көбірек жиналып һәм артық алсаңыз әр жаққа алып кете беруді сөз жүзінде жеңілту мақсаты болып айтпаса есептеп көзі жету қиын шығар.

Түркістан мал шаруасына келсек, бұл жақтан да хәл өте нашарлаған. 1911 жылғы барлығын уақ малға аударып есептегенде 30 миллиондай малдан осы күнде 8 миллиондай

мал қалған. 1911 жылғы малдың бұл күнде, 25-30 проценттей-ақ қалған. Мұнан мал шаруасының наз көтерместей нашарлап, жойылуға жақындап тұрғаны анықталады.

Түркістан азық-түлік комиссарлығы әр десятинаға орта есеппен 60-70 пұт өнім көрсетуі егін пісердегі уақиғалардан хабарсыздық, биылғы егін өнімінен хабарсыздық, қанша салықты көп жинау жатында болғанмен биылғы өнім сонша деп ешкім айта алмаса керек.

Тағы да азық-түлік салығына осыған бұйымдар салығы (ақшадай емес) хүкіметке де, халыққа да толып жатқан бейнет һәм қымбат түседі. Азық-түлік салығының жинаудағы шығындарына жиналатын астықтың төрттен бірі кетеді.

Түркістандағы осы кездегі, һәм бұрынғы замандағы салықтардың арасындағы айырмалары төмендегі есептен ашық көрінеді.

Қай жылы	**Барлық салықтар млн. сом.**	**Азық-түлік салық млн. сом**	**Барлық салықтың неше проценті азық-түлік салығы**
1913	23	7	30
1916	28	14	37
1922	13	25	80

Сөйтіп биылғы барлық салықтың 80 проценті диқаншылық пен мал шаруасының үстіне болымдай түсіп отыр. Мұнан басқа 1) еңбек - көлік салығы, 2) су салығы, 3) жергілікті салықтар (мектептер, ауруханалар, қаражаты су салықтар арық қазу, көпір һәм жолдарды сақтау, жергілікті хүкімет ұйымдары шығыны), 4) аштарға арналып уақытша адам басына түскен салық, 5) аштарға жәрдем, 6) жаңадан арық қазып, егістікті кеңейту шығыны һәм басқаларын есепке алсақ, Түркістанда хүкімет атынан һәм хүкімет қатынасы мен істелетін шығындардың 85-90% диқаншылық пен мал шаруасы көтеріп отырғандығы ашылады.

Ілгеріде земский сбор деп жиналатын салықтар жан басына 30 тиыннан артық келмейтін еді (алтын ақша есебімен) бүгінде еңбек көлік салығын да қоса есептегенде жан басына бір сомдай салық түсіп отыр.

Өзгерістен бұрынғы ашық жасырын қоса есептегенде барлық салықтардың 60-70 проценттейі диқаншылыққа һәм мал шаруасына түсуші еді (ашық салыққа 40, жасырынға 30 процент десек). Бүкіл Түркістан хүкімет шығындары үшін жиналатын салықтың 30-40 проценті, зауыт, фабрик сауда істерінен басқа түсімдерден ашық һәм жасырын салық жолымен өтуші еді. Бүгінде болса, жасырын салықтарды есептемей қойғанда да, ашық салықтардың 80-85 проценті жалғыз диқаншылық пен мал шаруасына түсіп отыр. Патша хүкіметі де үйренді. Россия халқы түлік салықтардың 70-80 процентін жасырын салықпен төлеуші еді. Түркістанда барлық салықтардың жарымы жасырын салық жолымен жиналатын еді. Жасырын салықты жинау хүкіметке жеңіл, һәм арзан түседі. Төлеуін халық төлесе де, жасырын салық байларға түсіп, ашық салық ретінде алынып, байлар саудасымен жүрттан жасырын жинап өндіріп береді.

Бұл күндегі салықтардың мемлекет шығындарына қаражат болуынан басқа тағы бір қасиеті, көбі бұйымдары жиналып шығындары көп кедей мемлекеттің есепсіз шығаратын қағаз ақшасының шығаруын азайтып, бағасы төмендей беруін тоқтатуға себеп болмақ. Сондықтан дені әлсіз де болса, өнімі кесілген диқаншылықпен мал шаруасына түсіп отыр. Бірақ мұнша ауыр жүкті өте күйзелген шаруа көтере алмайтыны жоғарыда айтылғандардан көрініп тұр. Сондықтан шаруашылықты көтермелеу керек, түзету керек деп, шын айтсақ, жүгін жеңілдетіп жәрдем беріп сүйемелдеудің қамын ойлау керек.

Шығын азайып, өнім көбейіп, бүкіл шаруашылық тіршілігі жөнделмей диқаншылық пен мал шаруасы да жөнделмейді. Диқаншылық шаруасы, ел шаруасы оңды өте керек болған мақта да көп егілу мүмкін емес. Мақта егілуі ішкі Россиядағы фабриктер үшін керек болса, Түркістан үшін де керек.

Бір жұрттың баюына айырбас, алыс-беріс көп себеп болатыны мәлім. 1913 жылы Түркістан Россияға (басқа жаққа) 200 миллион сомдық шикі бұйымдар сатқан. Сол 200 миллионның 138 миллионы жалғыз мақта сатудан, қалғаны тері, жүн, күріш, елтірі, мәуе сияқты бұйымдардан.

Соғыстан ілгері шаруа күйзелмей, мақта көп егіліп жүрген кезде Россияда барлық халық үшін жылына жан басына 32 кез кездеме істеліп шығатын еді. Енді мақта аздықтан һәм басқа шаруа жүзіндегі себептерден жылына жан басына 1-2 кезден артық кездеме шықпайды. Мақтаны көп егу әр жаннан керек. Бұл үшін жергілікті шаруаны түзету керек. Шаруа ауырлықтарын жеңілдету үшін салықтарды жеңілдету керек.

Біздің шамамызда диқаншылық пен мал шаруасына жалғыз ашық салық бойынша түсетін салықтарды азайтудың төте жолдары мыналар:

1) Салықтарды жарататын мемлекет шығындарын мүмкін қатар азайту.

2) Диқаншылық пен мал шаруасына түсетін салықтарды кемітіп, ауырлықтың біразын саудаға, басқа кісілерге аудару.

3) Салықтардың біразын, шаруасы қабырғалырақ кіндік Россия өз үстіне алсын.

Осы уақытқа дейін Түркістан ішкі Россияға зауыт, фабриктерге керекті шикі бұйымдарды берумен келеді. Орнына қағаз ақшадан басқа айтуға арзитын нәрсе алып көрген жоқ. Осы бойымен кете бермек пе? Жоқ Россиядан диқаншылық аспаптары һәм басқа шаруа мұқтаждықтарына керекті жарақаттар келе ме? Жаңадан су шығаратын, сулап егістікті ұлғайту үшін су келтіру, су сақтау үшін істеліп жатқан істер бар ма? Жақын арада бола ма?

Берген, алғанды түгел есептейміз демей-ақ, Россия шаруа тіршілігінде бұрында, өзгеріс дәуірінде Түркістанның келтірген пайдаларын еске алғанда, колония болып, жемтік болып келіп, бұл күнде шаруасы күйзеліп тұрған Түркістан Россиядан шаруа жәрдемін күтуге хақы бар. Ішкі Россия Түркістанның жайына қарап һәм өз пайдасы үшін де жәрдемінен тартынбаса керек.

К. Бөриев

Партия тіршілігі

7-АЙМАҚТЫҚ ПАРТИЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

16-октябрьде кешкі сағат 6-да, Ташкентте Кеңестер үйінде Түркістан Коммунист партиясының 7-конференциясы ашылды. Конференцияны Кіндік комитет атынан жолдас Эпштейн ашты. Партия ішінде бірлік керек, сөз керек емес, іс керек, жаңа жол керек емес. Белгілеген «жол мен іс жүзінде жүру керек» деді. Жолдас Эпштейн конференцияны ашқан соң съезд президиумі 12 адамнан белгіленіп, мынау адамдар сайланды:

Рудзутак, Эпштейн, Қыдыралиев, Мәуленбеков, Тажиев, Рысқұлов, Хожанов, Манжара, Каримов, Ханов, Баратов һәм Кушмин.

Мандат комиссиясына: С. Асфендияров, Хамутжанов һәм Униженко сайланды.

Редакция комиссиясына: Жандосов, Телхер һәм Ишанходжаев сайланды.

Қаралатын мәселелер: 1) Түркістанда Коммунист партиясының кезекті істері, 2) Қалада һәм ауыл қыстақтарда кезекті істелуге тиіс шаруа істері, 3) Түркістанда партия түзу, партия ісін жүргізу.

I - мәселе туралы жолдас Рудзутактың доклады тыңдалды.

Жолдас Рудзутак: Ұлт мәселесі шешілуге тиісті зор мәселелердің ең зоры саналады. Ілгері патшашыл хүкіметтің тұсында езілген ұлттарды жарыққа шығарып, азаттыққа бастау ісі Түркістан Коммунистер партиясы мен Кеңес хүкіметінің кезекті істерінің ең алдында тұруы тиіс. Жаңада Октябрь революциясының жемістері, еңбекшілердің қолдарынан шықпайтындай болып, шаруа істерін жөндіктіруменен байланыссын.

Түркістан шарттары жергілікті тілектер ішкі Россиядағыдай емес, ішкі Россияда еңбекшілер жалғыз-ақ помещик байларменен ғана айқасса, Түркістанда бір жағынан ұлт тартыстары болып, екінші жағынан байлар менен еңбекшілер күресі дауам етіп келеді.

Сондықтан Түркістан Коммунистер партиясының жергілікті отырысының еңбекшілерін азат қылу үшін қолға алуға өте қажет еді. Бірақ бұл мәселенің негізі жақсы шешілгенменен, іс жүзінде әлі кісі қанағаттанарлық еш нәрсе істелген жоқ. Өйткені ұлт бостандығын жүзеге шығару жолы шаруа ісін жөндіктіруменен байланыспай мақсатқа жету мүмкін емес.

Сондықтан 7-партия конференциясы бұл мәселені сөз ретінде емес, іс жөнінде қандай жүргізілудің керек екені туралы ашық пікірін айтып, Октябрь революциясының талаптарын орындау қамына кірісу қажет. Жер реформасы ілгері ортаға түсіп зор әңгіме болып, Түркістанда талай талас тартыс туғызып еді. Жер реформасын жергілікті халықтың ой - ақыл менен құлқын жаңа жолға салып, келімсектердің қолынан жер, су туралы бұрынғы құқықтарын алып еді.

Жер реформасының мақсаты - қырғыз-қазақтарды жерге отындау, шаруаның алаяқты түрін тауып шаруасын түзету еді.

Жер реформасы қырғыз-қазақ шаруасына, шынында пайда келтірмеді. Оның себебі, Әулиеатада болған қырғыз-қазақ кедейлерінің съезінде шығарылған жақсы қаулыларға қарамай, аяқты малдарды қырғыз-қазақ кедейлері кейін бөліп алды. Сөйтіп мал шаруасын көбейту орнына, тамаққа жаратты. Сондықтан, мал шаруасы түзелмей, бұрынғыдан да аяқты мал азайды.

Қазір Түркістан Коммунистер партиясының алдында тұрған үлкен ісі - бұрынғыдай көшіруді қуаттай берместен, бос жатқан жаңа жерді пайдаланып, қырғыз-қазақ шаруасын орнықты жолға құру.

Қырғыз-қазақтың шаруасын орнықты жолға қоюдың жалғыз жолы - диқаншылық пен шаруашылық екеуін байланыстырып, шаруаның белгілі қыстауы болып, жаз жайлауда, бір жағынан малын батып, екінші жатынан диқаншылық істерде. Қырғыз-қазақ сөйтіп

тіршілік құрып сүйеніш таппаса, алға жатақ жұртқа сүйеніп отырып, шаруасын тіпті көркейте алмайды. Және де бұл жолменен кете бергенде, келешек өте қауіпті. Қырғыз-қазақ шаруасы туралы індеттерден қозғалмай тағы түземейді.

Түркістан байлығын молайтудың алдына, диқаншылықты жөндеу ісін салу қажет.

Өйткені диқаншылықты жөндеп егіннің ауданын кеңейтпей, мақта егетін жерлердің ауданын үлкейту мүмкін емес. Сондықтан, бүкіл Россия республикасына керек. Мақта егілетін жерлердің ауданын үлкейту, диқаншылықты жөндеу ісіменен байланысып отыр. Қазір Түркістанда көпшіліктің күн көріп отырған қолөнер кәсібін көркейту де соңғы жолмен жүруі тиіс.

Басмашылықтың тамырын қырқу керек

Енді диқаншылықты көркейтудің жолы қандай болу тиіс? Республикада соғыс болып, басмашылық дауам етіп тұрғанда, диқаншылықты көркейту, егістіктің ауданын зорайту мүмкін емес. Сондықтан, алдымыздағы кезекті істерді жүзеге шығарып, Түркістанды көркейту үшін ең әуелі баспашыларды жою керек.

Тынбай, шаршамай баспашыларменен соғысқанымызға төрт жыл болды. Сонда да болса, басмашылық 4-5 жылдан бері әлі біткен жоқ.

Төңкерістің әуелгі күндері ішкі соғыстар басталған дәуірде хүкіметсіздік болып, хүкімет істері тәртіпті жолға құрылмағандықтан әр жердің өзіне қарай билеушілері болды. Бүкіл республикада кейін тәртіп жөнделсе де, сол билеушілер құрылған тәртіпке көнбей барып, басмашылық туды. hәм бірте-бірте икемдеп ала бастаған соң, баспашылар тау арасына қашып кетті. Шынында, бастапқы дәуірде шыққан кейбір тәртіптер қолайсыз екені де рас еді. Сондықтан, жергілікті жұрт Кеңес хүкіметіне араласа алмады.

Ішкі соғыстар сияқты басмашылық та халық шаруасын аздырды. 4 жыл ішінде халық әбден жалығып, енді тілегені тыныштық көрінеді. hәм халықты кім тынышта, халық соны құшағын жая қарсы алайын деп отырған сияқты. Сондықтан, жергілікті жұрттарға толық беріп дені hәм, әдет ресми түрлі мәселелерін өз түсініктеріне қарай шешулері тиіс. Сөйтіп, жергілікті жұрттарға жақсылық істеп, еңбекшіл шаруаға зиян келтірмей, халық байлығын көркейту жолын қуаттайтын ниетімізді халыққа байқатуымыз қажет. Біздің кезекті үлкен ісіміздің бірі осы.

Бұл туралы биылғы Самарқанд, Ферғана облыстарына берілген кеңшілік жергілікті халықты Кеңестер ісіне араластыра бастады. Бірақ баспашыларды азайту жолы жалғыз осы екен деп, осы жолды қуаттай беру тағы болмайды. Өйткені соңғы кезде баспашылардың азаюына себеп болған, 5 жылдан бері қарай баспашылар Ферғананы өте аздырып-тоздырып, тіпті кейбір уездерде аштық басталып, баспашылардың қолына ешнәрсе түспегендік еді.

Бірақ Ферғанада баспашылар азайғанымен, өткен жылы баспашылар болмаған Самарқанд облысында осы жылдың бастапқы бөлімінде, баспашылар қимылы өте зор болды.

Кеңестер хүкіметі, қызыл әскерлерге жергілікті жұрттың жақсы көзбен қарауы, оларды өз қорғаны санауы Кеңес хүкіметі менен қызыл әскерлердің халық арасында істейтін ісіне қарай болады.

Сондықтан, Кеңес хүкіметін жөндеп, Кеңес хүкіметінің басына таза кісілерден қою керек. Бір уезде 10-15-20 бұзық ұры кісілер болғанша, екі кісі болса да таза болу қажет.

Кеңес хүкіметі баспашылардың кейбір бастықтарыменен бітім жасап, баспашылардың істеген бұзықтығын кешкен тәжірибелері де болған. Бірақ, Кеңес хүкіметінің ондай кеңшілігі кейін бұрын асырған һәм үш яки, Жалалабад сияқты ауданда бұзықтық істеп жүрген баспашылар, ескі-пескі мылтықтарын әкеліп беріп, Кеңес хүкіметіне мойын ұсынса, Кеңес хүкіметі ондай баспашыларды сол ауданның өзіне жібереді де екен. Кеше баспашы болып, бүгін Кеңес хүкіметінен ерік алып, жігіттерімен арасында жүрген баспашылардың бастықтарын көріп отырып халық не ойламақшы?

Кеңес хүкіметін халық алдында көтеру, һәм Кеңес хүкіметі баспашыларменен күресіп, халыққа зиян келтіретін баспашыларға жаза бере алатынын байқату үшін қолға түскен баспашылардың бастығын жауапты қылып тиісті жазасын беру керек. Сөйтіп, істеген бұзықтықты мемлекет қуғыштап жаза беретінін, һәм, мемлекеттің заңы бар екенін, ол заңды тіршілік жүзінде жүргізетін хүкіметтің бар екенін де халыққа байқату қажет.

Бір жағынан жергілікті жұрттарға ерік беріп, екінші жағынан құрал көтеріп қарсы оқ атқан дұшпанды таптау керек.

Мінекей, осыменен халықтың көңілін алып мұнан бұлай күрестің пайдасыз екенін баспашыларға байқатармыз. Бірақ, басмашылыққа араласпай жүрген халыққа, баспашыға қарайтын көзбен қарау үлкен қате. Өйткені, ондай ісі қазіргі біздің баспашылар туралы істеген ісімізді жоқ қылуға себеп болады.

Жұрттың көзіне басмашылықты зор нәрсе сияқты көрсетпес үшін бітім жасау туралы баспашыларменен сөйлесе беру тағы пайдасыз. һәм бұл тақырыпты кеңес хүкіметінің көрсеткен жолынан шыққан кісі Кеңес хүкіметінің алдында үлкен айыпты саналып мойнына зор жаза мінуі тиіс.

Сондықтан Кеңес хүкіметі істері менен әскер ісін байланыстырып, әскерлердің баспашылардан тазартқан жерлеріне орнайтын Кеңес хүкіметі баспашылар хүкіметінен жақсы, һәм, Кеңес тәртібі баспашылар дегеннен артық екенін халыққа көрсете алатын болсын.

Түркістанда шаруа ісі әлі түзелмегендіктен, елді тыншыту һәм шаруаны жөндіктіру ісіне кірісу біздің алдымыздағы үлкен ісіміздің үлкені. Түркістанда шаруа ісінің жөндігуінің зор себебі - саясатпенен істі тіршілік жүзінде жүргізудің әлі байланыспағандығы. Сондықтан, партияның кәзіргі алдындағы зор ісінің зоры, сөзде айтылған нәрсені іс жүзінде жүргізу.

Баспашылар туралы сөзді тоқтатудың алдында өз еркіменен милиция болушылар туралы бір-екі ауыз сөз сөйлеп кету қажет көрінеді. Өйткені, бұл мәселе тақырыпты Ферғанадан келген жолдастар әңгіме қозғап жүрген сияқты. Жер-жерлерде халық өзін-өзі қорғау, һәм жергілікті жұрттар ішінен милиция жасау туралы істелетін шығындар тегіс халық мойнына түседі. Сондықтан, былайда шашылып жатқан халық ол шығынды ауырлауы мүмкін. Мінекей, осыны еске тұтып жергілікті халық ішінен милиция жасағанда, жергілікті халық ішінен шыққан милиция, баспашыларды бітіру үшін жәрдем етеді деп, әскер шартыменен жасалсын. һәм баспашылардан тазаланған жерлерде халықты баспашылардан қорғау үшін керегіне қарай ғана милиция қалдырылсын.

Сөйтіп, кәзіргі кезекті істер, мемлекетті тыншыту һәм шаруаны көркейту үшін тіршілік жүзінде жүргізілетін жұмыстар.

Партия бірлігі

Партияның кезекті істерінің алдына салынатын Ферғанада диқаншылықты көркейту ісі һәм көздеген мақсат жалғыз сол ғана болып, бөтен тіршіліктің түйіндерін шешу қажет. Партияның мойнындағы кезекті істерін тіршілік жүзінде жөндеп жүргізудің жылжуы партияның бірлігіне келіп тоқтайды. Сондықтан, ең әуелі бірлік болу тиіс. Таласшыл һәм партияшыл жолдастар сөзде айтатын нәрселерін тіршілік жүзінде де істеп көрсетіп, Кеңес хүкіметін жөндеу жолында болып, партияның көрсеткен жолыменен жүрулері тиіс деп сөзін бітірді. (қол шапалақтайды).

(аяғы бар)

Білім бөлімі

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СИНГАРМОНИЗМ ЗАҢЫ

Біздің қазақ жұрты оянғаннан бері мәдениет бәйгесінде ілгері кеткен жұртқа жетудің қамын қылып жатыр. Мәдениеттің негізі - білім. Білімге тіл арқылы жетеді. Білімді жұрттардың тілі бай болады.

Оянған жұрт қарқынды келеді. Елестеген мұратқа жету үшін көбіне алды-артын байқамай жан-жағына қарамай екпіндейді. Әдет, заң, тіл секілді өзіндегі барды - кемді санап, соларды жылдамырақ көңілдегідей өзгертуге салынды. Жайымен тергеп, ақырындап тексеруге, талпынған жүрек сабыр бермеді.

Қарқынды жарыста, екпінді жұмыста елдің елдігіне негіз болып тұрған нәрселердің де абайламастан өзгеріп кететіні болады.

Мәдениет қуған жұрттың ең алдымен, тілі өзгермекші. Шеттен кірген білімін әдетпен, заңмен жаңалықтарға түсінік беретін жаңа сөздер келмекші. Тілге кірген жаңа сөздердің көбі өлкеге алынған мәдениетті жұрттың сөздері болмақшы.

Осы күнгі қазақтың әдебиетінде шеттен кірген сөздер өте көбейіп кетті. Төңкерістен соңғы шыққан журнал - газеттердің іші толған жат сөз. Білім, оқу әдебиеті де жат сөзге байыды. Заманымыздағы көркем әдебиетіміз де жат сөздерден құр емес.

Оқытушыға да, үйретушіге де, үгіттеушіге де, жазушыға да, білімдіге де, білімсізге де, шешенге де, ақынға да жат сөзсіз күнелте алмайтын заман туды.

Топан судай қаптап, тілімізді жат сөздер басып бара жатқан мезгілде ескерілмей ұмытылуға айналған тіліміздің бір негізгі заңын еске салғымыз келеді.

Түрік тілі жалғамалы тіл. Жалғамалы тілдегі сөздердің түбірі өзгермейді. Сөз аяғына жалғанған қосымшалар арқылы өзгереді. Қазақ тілі түрік тілінің бір тарауы. Сондықтан, қазақ сөздері де түбірін өзгертпей, аяғына қосылған жалғауменен өзгереді. Бұл заң тіл құралдан белгілі.

Қазақ сөзінің түбіріне соламайымен жуан айтылады. Не соламайымен жіңішке айтылады: жалқы сөздік бұл біріндегі дыбыстардың біреуі жуан болып, біреуі жіңішке болып еш

уақытта естілмейді. Қазақтың негізгі жалқы сөзінің түбірінде жуан дыбыстармен жіңішке дыбыстар араласып ұшырамайды.

Бір сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрінің бірдей дауыс пен (жуан не жіңішке) ұйқасып айтылуын білім тілінде - сингармонизм дейді. Сингармонизм деген сөз қазақша айтқанда үндестік, ұйқастық деген мағынада.

Сингармонизм - түрік тілінің айрықша өзіне біткен қасиеті. Түрік тілдерінің көбі (Стамбул түріктері, Қазан ноғайы, сарт, өзбек тағы талайлар) түрік емес халықтардың сөзін көп алғандықтан, жат жұрттарға көп араласқандықтан осы айрықша қасиетінен айырылып қалып отыр.

Осы күндерде қазақ-қырғыз секілді шет жұрттармен жарытып араласпай нағыз түріктікті сақтаған елдердің тілдерінде ғана сингармонизм заңы өзгерместен қалып отыр.

Бірқатар білгіштердің ойынша, сингармонизм дауысты дыбыстардың үндес болып, ұйқасып бір дауыспен (не жуан, не жіңішке) айтылуынан шығады. Дауысты дыбыстар қалай айтылса, дауыссыз, ия жарты дауысты дыбыстар солай айтылмақшы. Бір сөздің ішіндегі дауысты дыбыстар бірігіп үнге дыбыстарға үн береді. Дауыссыз, ия жарты дауысты дыбыстар өз алдына үн шығара алмайды. Дауысталардың берген үнін ғана ұстайды.

Дауыстылар сөздің қалай айтылуын біліп тұрған ұйғарушылар, әншілер дауыссыздармен жарым дауыстылар бұлардың соңына ерген дауыссыз нөкерлері болып шығады.

Сондықтан, сингармонизм заңын дауысталардың гармондасу заңы, я дауыстылардың гармония заңы деп те айтады.

Біздің ойымызша сөздегі дауыссыз, я, жарты дауысты дыбыстар үнсіз мүдде сақтау емес. Бұлардың аз да болса даусы бар. Бұлар қостаушылар. Бірақ бұлардың даусы дауыстылар дегендей ашық емес. Саңыраулау есітіледі. Сөзді үнге сөз ішіндегі дыбыстарды қосылып ән айтушы адамдарға балауға болады. Мәселен, бес кісі қосылып ән салса, бір-екеуінің ғана даусы анық естіледі де, өңгесінің дауыстары дүдамал байқалады. Сондықтан, бір дауыстылар гармониясы дегеннің орнына, дыбыстар гармониясы деп айтқанды дұрыс көреміз.

Бір сөздің я жуан, я жіңішке болып екі түрлі айтылуы қазақ тіліндегі әрбір дыбыстың біресе жуан біресе жіңішке болып қос айтылуынан. Дыбыс жуан айтылғанда тілдің түбімен айтылып тамақтан (көмейден) шыққандай болып сезіледі. Сол дыбыс жіңішке айтылғанда тілдің ұшымен сөйлегендей болып, ауыздың алдыңғы жағынан шыққандай болып сезіледі. Дауысты дыбыстарда бұл анық байқалады. Дауыссыз, я жарты дауысты дыбыстарда дүдамал сезіледі.

Бұл күнде біздің тілімізде жалғыз «Е, е» дыбысынан басқа барлық дыбыс қос айтылады. Осы күнгі «е» дыбысы «ә» ден «і» ден туса керек. Соңғы екеуі де қос дыбыс.

Сөздің қысқасы, қазақ тіліндегі дыбыстарда жұптық, я қостық бар. Бұл ескі түрік тілінің заңы.

Мысал үшін, дауысты дыбыстарды тергелік, «е»-ні шығарғанда қазақ тілінде сегіз түрлі айтылатын төрт дауысты дыбыс бар. Бұлардың жуан түрі мыналар: (алым, мас), (ау - ур,

тур), ү (ұр, тұр), ы (ылғал, сыз) жіңішке түрлері мыналар: -ә, (мәлім, мәс), о (өр, төр), ү (үр, түр), і (ілмек, біз).

Дауыстылардан басқа қазақ тілінде он бес дауыссыз дыбыс бар. Екі жарты дауысты дыбыс бар (у, ы). Сонымен қазақ тілінде бес дауысты (бірі жеке, төртеуі қос), он бес дауыссыз, екі жарты дауысты дыбыс бар. Дауыссыз, жарты дауысты дыбыстардың бәрі де қос.

Қазақ дыбыстарын таңбалау үшін кішкене өзгертіп арабтың әліппесін алдық. Араб тілінде де, қос дыбыстық байқалады. Әліппесінде бір дыбыстың жуан түрін, жіңішке түрін айырып белгілеген таңбалар бар. Қазақша әліппе түзегенде арабтардың жолы тұтасымен қолданылған жоқ. Жазудың жеңілденетін жолы байқалады. Қазақтың әліппесінде, арабтың жолы екі дыбыс турасында ғана қолданылды. Қ, Ғ әріптері екі дыбыстың жуан түрлерін таңбалау үшін, К, Г әріптері сол екі дыбыстың жіңішке түрлерін таңбалау үшін алынды. Үнге алынған әріптер дыбыстардың жуан түрін белгіледі. Дыбыстың жіңішке түрін белгілеу үшін жуан түрін белгілеген таңбаның алдына дәйекші (і) қойылатын болды.

Қазақтың сөзіндегі дыбыстар ұйқасып, үндесіп айтылатын болғандықтан сөздегі әр әріптің алдына дәйекші қойылудың керегі жоқ болды. Бүтін сөздің алдына жалғыз дәйекші қойылса да, жететін болды. Қолданған дәйекшіміз сингармонизм заңынан туып отыр. Дәйекшінің мағынасы осы. Мұны ұқбасқа керек.

Сингармонизм заңы тіліміздегі дыбыстардың таңбаларын екі еседей азайтып, жазуға көп жеңілдік беріп отыр. Қ мен Ғ-ның жіңішке түрін белгілеуге алған К мен Г бір жағынан әріптердің санын көбейтсе де, екінші жағынан дәйекшіні азайтуға себеп болып отыр. Ішінде К, Г, Е таңбалары мен белгіленген дыбыстар бар сөз сингармонизм заңы бойынша әрқашан да жіңішке айтылмақ. Сондықтан, бұндай сөздердің алдына дәйекші қоюдың керегі жоқ болды.

Жоғарғы айтылғанның бәрі сөздің түбірі туралы еді. Қазақ тіліндегі сөздің түбірі сингармонизм заңына бағынатыны анық. Енді жалғауларға, туынды сөздерге келейік.

(жалғасы бар)

Халел Досмұхамедов

«ОРХОН ЖАЗУЫ» ТУРАЛЫ БІРНЕШЕ СӨЗ

(Орта Азия тарихынан)

Бұл жазулардың «Орхон» деп аталуының себебі - Монголия жеріндегі «Кахта маймашина» деген стансаның күнбатыс жағына жақынырақ Селинга суының тармағы Орхон сайынан келеді.

Бұл сай бойында Хаша сайдам деген биіктің үстінде жазулы тастар қойылған. Мазарлардың қайбіреулері бұрынғы заманнан бері саяхатшыларды қызықтырып келген. Бірақ бұл жазулар кейінгі уақыттарда ғана бірталай білім іздеушіл адамдардың әсіресе, 1889 жылда Ядринцевтің экспедициясы тексергеннен кейін ғана білім, тарих үшін баға тапты.

Бұл экспедицияның қызметі - мәдениет дүниесін бұл жердегі бұрынғыдан қалған жазулы тастарменен таныстырды. һәм білгіштердің ол жазуларды мұнан былай тексеруіне жол ашты.

Орхон жазулары түрік халықтарының бұрынғы екі ханы Беке хан, (яки Магилан) һәм Күлтегін хан қабірлері үстіне жазылған жазулардың түрі руна жазуларына ұқсайды. Бұл тастардағы жазулар көп заманға шейін білімді адамдарға шешілмей тұрған бір мәселе еді. Бұл ауыр мәселені швед профессоры В. Томсен 1893 жылдың аяғында шешіп берді. 1894-жылда орыс академигі В. Радлов бұл жазулардың бірінші переводын жазып шығарды.

(Бұл туралы «Шарқ» бөлімі жазбаларының 1894 жылда шыққан 8-кітабындағы Барон В.Р.Разеннің мақаласын қараңдар).

Бұл жазулар орыс есебінше 772-773-жылдарда қойылған. Ол, замандағы түріктердің тарихы туралы, олардың патшалары Магилан хан һәм Күлтегін туралы көбірек жазылған. Бұл жазуларда осы хандардың соғысын, һәм соғысып алған елдері туралы көп хабарлар, һәм сол замандағы түріктердің діндері, саяси құрылыстары, тіршіліктері туралы һәм көршілес халықтар туралы мағлұматтар бар. Бұлардың хабарлары қытай тарихшыларының көрсеткен мағлұматтарына тура келеді һәм көп орында оларға толықтық береді.

Орхон жазулары туралы толық білім алмақшы болған кісі осы төмендегі кітаптарды оқысын: а) Орхон экспедициясының қызметтері турасында жиынның В.В.Радлов һәм П.М.Мелиоранскийлардың «Бұрынғы түрік әліппелері» деген кітап (Петербург 1897-жылда басылған), б) Мелиоранскийдің «Орхон һәм Енисей бойындағы жазулы қабір тастары», ж) В. Бартольттің «Орхон жазулары туралы жаңа тексерулер» (Халық ағарту министерствосының журналы).

Тас үстіне жазылған екі Орхон жазуы Әулиеата уезі Кеңқол болысы Айрытам деген жерде, «Димитриевка» деген орыс қыстағынан сегіз шақырым жерде табылыпты. Түркістанда ескілікті сүюшілер тобының мүшесі В.А. Калаур тарапынан 1896-1897 жылдарда бұл жазулардың суреттері алынған. Сол жазулардың біреуін академик В. Радлов кілтін ашып оқыған. Радловтың сөзі бойынша бұл жазулар бұрынғы түрік жазуы (орхонша) түрік тілінде жазылғандықтан тіпті қымбат. Бұл «орхон жазуының» Орта Азия түріктері арасында бұрын көп қолданылғанын білгізеді. Бұл оқиға биік үлкен іс болғандықтан бүкіл Түркістан адамдарына ескерту керек һәм олардың мұндай жазулы тастарды іздеп табуға һәм оларды сақтауға жәрдем қылуы керек деді.

Екінші тастағы жазу күншығыс білгіші П.М. Мелиоранский тарихынан ашылған. Олары орхон жазуынан гөрі Енисей жазуларына ұқсайды екен. Жазулардың суреті ашық шықпағандықтан жақсылап оқырлық емес екен.

Бұл жазулар туралы Россия археология жамиятының «күншығыс» бөлімі журналдарының 1897-98 жылда шыққан II- кітабындағы В. Радлов, П. Мелиоранскийдің мақалаларын һәм Түркістанда ескілікті сүюшілер тобының протоколдарын оқып көріңіздер.

Әбубәкір Диваев

ТҮРКІСТАН ҚЫРҒЫЗ-ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ЕСКІ ТҰРМЫСЫ ТУРАЛЫ ЖАЗБА СӨЗДЕР

Қырғыз-қазақ әдет, рәсімдері туралы жазба сөздерді жию үшін, 1920 жылы Жетісуға әдейі бір комиссия жіберіліп еді. Сол комиссияның жиып алып келген сөздерін мен жақын арада реттеп шықтым. Жетісу комиссиясының барлық жинаған сөздері кеңсе қағазыменен 2 мың беттей болды. һәм төмендегі: қыз ұзату, қайынға бару, үлкен кісіні жерлеу, ас-қара салу, батырлар тіршілігі, ертегі, өтірік сөз, тақпақ сөз, мақал, өлең-жыр, күлкі сөз, жаңылтпаш, жұмбақ, мінез һәм ашық өлеңдері, ақындардың айтысуы, жоқтау, түс һәм оны жору, тіршілік белгілері, кесел, һәм оны емдеу, бақсы оның жолдастары дәу, жын-пері, бақсының дұшпандары албасты, жезтырнақ қара-албасты, марту, арбаушы, қырғыз-қазақтың ай, жұлдыз, құйрықты жұлдызға көз қарасы, жыл мезгілдері, он екі жыл - бір мүшел һәм олардың аттары, шаруашылық, аяқты мал шаруасы. Атқа мінерлер, қырғыз-қазақтың дүние жүзіне келуі, дүңгене, тараншы, ногай һәм Ескендір Зұлқарнайын, Шыңғысхан, Әмір-Темір туралы сөздер екен.

Жоғарыда айтылып өткен сөздерді түзетіп мағынасына қарай һәр қайсысы өз алдына топталса, Түркістанның ғылымы қалмас үшін үлкен байлық болмақ.

I) Мінекей, осы жиылған сөздердің арқасында жаңа сөздер терминдерменен қырғыз-қазақ тілін толтырып, байыту ниеті біздің шағатай - түріктердің де тіліне жаңалық кіргізуі мүмкін.

II) Ескі ертегі сөздері: қара, көсе, сараңдар сияқты кісілердің түрін тереді.

III) Жын, албасты, марту сияқты заттарменен байланысқан қырғыз-қазақтың сақанасын байыту үшін үлкен пайдасы болады.

IV) Жаңада ғана келіп, әлі жарияланбаған әйелдер тақырыпты ескі сөздер, ертегі, мақалдар, бұрынғы басылған сөздер қосылып әйелдері туралы һәм қырғыз бүтін тіршілігінің қайсы жағы болса да жақсы аңлатады.

V) Он екі жыл бір мүшел һәм олардың аттары, белгілері қазақ-қырғыз тілінде календарь шығару үшін зор құрал болады.

VI) Айуандар туралы айтылған ескі сөздер, әсіресе, түркі тақырыпты ертегілер салыстыру үшін өте керек болады.

VII) Ноғай, тараншы, қырғыз жүзіне келуі туралы мағлұматтар кейін қырғыз-қазақтың тіпті, түрік тарихын жазу үшін де қолданылады.

Қырғыз-қазақтың бұрынғы әділ жүйрік, жақтамас билерінің салған жол жобалары осы күнге шейін бірден-бірге өтіп ұмытылмай келеді. һәм жиылған ескі сөздердің ішінде кісінің назары түсіп мағынасына қарағанда кей қазақ-қырғыздың әдет рәсіміне қарай заң шығару үшін сол жол-жобалар негіз болар деп те ойлаймын.

1889 жылда басылып шыққан, Сырдария қазақ-қырғызы туралы Грудиковтың тарихы болмаса, осы уақытқа шейін қазақ-қырғыз әдет рәсімі жағы әлі қарастырылған жоқ. Грудиковтың кітабы жалғыз-ақ, Сырдария облысынан жиылған мағлұматтар бойынша жиылып, оның ішіне Жетісу яки болмаса қазақтың мол жері Семей, Ақмола, Торғай, Орал, Бөкей һәм Айдархан кірмегендіктен, оны қазақ-қырғыз әдет - рәсімі туралы толық мағлұматты тарих деуге болмайды.

Патша хүкіметінің тұсында билердің қарарларын жазатын кітаптары таусылғаннан кейін Сырдария һәм Жетісу облыстық кеңселеріне жиып алушы еді. Енді қырғыз-қазақтың әдет - рәсімдерін жию үшін сол билердің кітаптары қолға алынса жақсы болар еді.

Мен енді Сырдария облысынан жиналған сөздерді қарап өтпекшімін. Зорлығына қарағанда Сырдариядан жиылған сөз де Жетісудан аз емес. Бірақ маңызының қандай боларын келешек көрсетеді.

Жетісудан жиылған қырғыз-қазақтың тіршілік тұрмысына тиісті жазба сөздері туралы сөзімді әзіріне осыменен тоқтатып, Жетісудан жиылып келген ескі жазба сөздер түзетіліп жақын арада басылып шығуына сенгім келеді.

Ә. Диваев

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ БІЛІМ КОМИССИЯСЫ ЖАЙЫНАН ҚЫСҚАША БАЯНДАМА

Қырғыз-қазақ білім комиссиясы 1921 жылдың басында Түркістан халық - ағарту Комиссариатының жанында ашылған. Комиссияның мақсаты - қазақ-қырғыз мектептері үшін оқу кітаптарын даярлау. Қазақ-қырғыздың халық әдебиетін жинау, білім әдебиетін көркейту. Сол секілді мәдениет жұмысын ұлғайту болды.

Түзелісімен комиссия мектептер үшін оқу кітаптарын даярлауға кіріскен Байтұрсыновтың, Дулатовтың оқу кітаптарын қайта бастыруға берген. Қазақ-қырғыз азаматтары жиылып, бірнеше рет мәжіліс жасап оқу кітаптарын жазамыз деп уәде берген. Жазушылардың тұрмысын түзетуге, тіршілікпенен жеңілтуге түрлі шарттар қойылып, қаулылар шығарылған. Бұл қаулылар орындалмаған. Жазамыз деген дерек жалғыз жарымы болмаса, көбінің уәдесі дерексіз кеткен. Жазылған кітап жарытып болмаған.

Диваевтан сатып алынған материалдар Жетісу, Сырдария облыстарындағы қазақ-қырғыздар арасынан жиылған. Материалдар комиссияға алынған.

1921 жылдың күзінде Компростың бір бас мекемесі болып білім кеңесі ашылды.

Қазақ-қырғыз білім комиссиясы осы кеңестің бір бөлімі болды. Комиссияның мүшелері қайта сайланды.

Білім кеңесі біраз уақытты шара жасап, жолын түзеуге жұмсады. Қазақ-қырғыз білім комиссиясында сондай жұмыспен әуре болды.

Комиссияның жүрісі түзеліп, жолы ақталды. Қазақ-қырғыздарға керек мәдени білім жұмысын қазақ-қырғыз білім комиссиясы қолдайтын болды. Оқу-білім, көркем әдебиет, тарих этнография, саясат - үндеу, библиография деген бес бөлімге бөлініп комиссияның жұмысы ұлғаятын болды. Әр бөлімнің басында бір мүше тұратын болып, комиссия бес мүшеден түзелді. Комиссияның кеңес жұмысшылары анықталды. Мамандар (специалистер) шақыруға ерікті болып, қаражат берілетін болды. Білім комиссиясы білім жұрты болып аталған аймақтық Қазақ-қырғыз институтымен байланысты. Қазақ-қырғыз институтындағы мұғалімдер, білім комиссиясының білім жолындағы жұмысын істейтін болып міндеткер болды.

Осындай жобамен іске кірісе бастағанда, комиссияның төбесіне ескермеген бір нәрсе тап ете түсті. Бұл жаңа шаруашылық саясаты болды. Бүтін Республикада мекемелерді құру, жұмысшыларды азайту, мемлекет шығынын әбжету жұмысы басталады.

Білім кеңесіне де, білім комиссияларға да әбжу керек болды. Бұл әбжуден білім комиссиясы құйрық қанаттарынан айырылып шықты. Білім комиссиясында тек үш кісі ғана қалды: бірі төбе ағасы, бірі мүшесі, бірі білімді хатшы. Өңке жұмыскерлердің бәрі тарқатылды. Осы үшеуі ғана керекті жұмысты істейтін болды. Білім жұмысы қолдан келетін кісілер комиссияға белгіленіп байланбайтын болды. Комиссия мүшелерінің үлгере алмаған жұмыстарына мезгілді жұмысшылар шақырылатын болды. Білім жұмысының ақысы келісуімен берілетін болды. Мезгілді жұмысшыларға төлеуге бүтін керек жарақтарына жұмсауға, білім комиссиясына жүгірту (операция) ақша берілетін болды. Түзелген бағыт бұзылды. Ұйғарылған жұмыстардың бәрі қылынды. Бұрынғы ұлы жолды тастап, жұмысты ойға шақтап істеу керек болды. Жүгірту ақшаны компрос комиссияға тауып бере алмады. Комиссия қағазға, сияға, отынға, шамға, қалам - қарындашқа зар болды. Айлық маянасын дұрыстап ала алмайтын болды. Баспа үшін даярланған сөздерді, көшірген шәкірт балалардың жартымсыз ақысын төлей алмайтын күйге түсті. Хал-жайын айтып қанша зарласа да білім кеңес комиссияға ақша тауып бере алмады. Білім комиссиясының мұндай жайын көріп, 1922 жылдың басында түр-түсінің біраз кеңсе саймандары мен ақша жәрдем берді. Осы жәрдем комиссияның едәуір белін көтерді. Біраз жұмыс істеп, қарыздарын өтеуге себеп болды.

Косириустан, білім кеңесінен қазақ-қырғыз білім комиссиясына жүгірту ақша осы күнге дейін берілген жоқ.

Осындай күйде болып білім комииссиясы осы күнге жетті.

Алдымыздағы күндеріміз тәуірірек болар деген үмітіміз бар. Білім кеңесі жүгіртуге смета бойынша ақша алмақ. Бұл ақшадан қазақ-қырғыз комиссиясына да үлес бермек.

Осындай нашар халде болып тұрғанда білім комиссиясының қолынан айтарлық жұмыс келмеді. Ақы беріп білімділерге жұмысын істете алмады. Азды-көпті істеген жұмысына қазақ-қырғыз институтындағы бір қатар шәкірттер, бірлі-жарымды мұғалімдер жәрдемші болды. Бұлар азғана болған жұмыс ақына қарамай, жазылғандарды көшіруге, тексеріп шығуға, корректура ұстауға жәрдемші болды.

Алғашқы ұйғарған кең жолды қойып, комиссия қолынан келерлік қана жұмыстарға айналды. Ең керекті екпінді жұмыс деп комиссия бірінші, екінші басқыштарға оқу кітаптарын даярлауды тапты. Сонан соң комиссиядағы жиылып жатқан халық әдебиетін түстеп тізіп тергеп, тексеріп баспаға даярлауды ұйғарды. Осынша жұмысы баспаға берілген кітаптардың тез дұрысталып, басылып шығуын қарастыру болды.

Мектеп кітаптарын даярлауға, комиссия өте назарын салды: бірнеше жиылыс жасады, қазақ азаматтарын оқу кітаптарын жазуға шақырды. 1922 жылдың аяғында мына азаматтар мынадай оқу кітаптарын жазып бермекші болып уәде берді:

1) С. Қожанов «Арифметиканың» бірінші бөлімін.

2) К. Жаленов «Арифметиканың» екінші бөлімін.

3) А. Таныбаев «Педагогиканы».

4) Ф. Ғалымжанов «Арифметикадан абсейттікті».

5) Х. Досмұхамедов «Жануарлар жайынан».

6) С.Оспанов «Қазақ-қырғыздың тіліндегі сөздерді түзеуді».

Бұл кітаптардан жануарлардан басқа комиссияға кітап тапсырылған жоқ.

Естуімізде, Қожанов пен Жаленовтың кітаптары жуық арада қолға тисе керек: Таныбаев пен Ғалымжанов іске кіріскен жоқ, Оспанов сөздерді тізіп жүрсе керек. «Кітап жаз!» деп тапсырылған азаматтарға еш қолайлы шарттар қоя алмадық. Бұларға ақша жағынан болсын, тұрмыс түзеу жағынан болсын жәрдем бере алмадық. Сондықтан неге кітап жазбайсың деп өкпе айтуға болмайды. Және де тезден жазып бер деп асықтыруға да ұят.

Тамақ асырап тұрған жұмысыңды тастап, аш-жалаңаш болсаң да, көптің жұмысын қыл деп төрт-бес жігітті қамыттауға болмайды.

Комиссияда жиылып жатқан халық әдебиетінен алдымен, Диваев материалдары тізіліп тіркеліп түстелді. Көбі тіркеліп дұрысталып, қайта көшірілді. Жазбасы өте нашар, танылмайтын бір азғана бөлігі көшірілмей, тексерілмей тұр. Көшірілгендерінің көбі қаралып, баспаға даярланды. Жетісудан жиылған материалдар түстеліп, номерлеп тіркелді.

Бұлардың тізілген жинағы компростың жаңадан шыққан «Наука и просвещение» деген журналының бірінші нөмірінде басылды. Сырдариядан жиылған материалдар түстеліп тіркеліп жатыр.

Комиссиядағы жиылып жатқан халық әдебиеті тым көп, жиылғанда бұлар ретсіз, жолсыз қалай болса солай жиылған. Көбінің жазбасы өте нашар. Бұларды тергеп, тексеріп анықтау өте қиын жұмыс. Сондықтан бұларды дұрыстап баспаға даярлауға, комиссияға бұл күйінде көп уақыт керек.

Білім комиссиясының сынынан өткен кітаптар басылуға мемлекеттің баспасөз таратушы мекемесіне («Госиздатқа») тапсырылады. Заң бойынша «Госиздат» өз ісіне өзі ерікті. Ешкімнің нұсқауын алмайды. Қолына келген кітаптардың қашан басылуы, қалай басылуы «Госиздаттың» толық еркінде.

Жаңа шаруашылықтың салдары 1921-жылы Госиздатқа да тиеді. «Госиздат» мемлекеттен ақша алмайтын, өз шығынын өзінің пайдасымен толтыратын, өзін-өзі ақтайтын мекеме болды. «Госиздат» құрыла бастады. Шығындарын азайта бастады.

Басылуға қабыл алынған кітаптардың жазу ақысын (гонорарын) «Госиздат» беретін еді. Шығынын кеміту үшін «Госиздат» жазушылардың қалам ақысын екі бөліп төлейміз деп қаулы қылды. Ақының жартысы кітапты тапсырғанда берілетін, жартысы кітап басылып шыққанда берілетін болды. Бұл қаулы білім комиссиясына жығылғанның үстіне жұдырықтай болып тиді. Кітап жазушылар уақыты мен таксе бойынша ақысын ала алмайтын болдық деп жазудан тіпті безерге қалды.

Ташкендегі мұсылман баспаханаларының жайы бұрыннан да онша жақсы емес еді. Мұсылманша кітаптар өте шабан басылатын еді. Жаңа шаруашылық саясаты баспаханаларға да салқынын салды. Қағаз, харіфтер, баспаға керек саймандар, құралдар мезгілімен жетісіп тұрмады. Кітаптардың шабан басылуына мұның бәрі себеп болды.

Жазылған кітаптар тез басылып шығу керек. Жазылған сөз тез басылып шығып тұрса, арналғандарға тиетін төте пайдасынан басқа да көп әсер береді. Ішіндегі сөздері сыналып,

әсіресе, ғылым атаулары (терминдері) көптің сынына өтіп, қолданып білім тілін байытып, ғылым тілінің бір жолмен жүруіне себеп болады. Бұл бір, екінші соңғы жазушыларға көп тәжірибе береді.

Үшінші, жазушының өзі көңілді болып тағы да жазуға тырысуға себеп болады. Төртінші, сөз жазғысы келіп жүректеніп жүргендерге еліктеуге себеп болады.

Өткен күн бос кетпейді. Келешек күнге тәжірибе болады. Қалай болғанда да, осы күндерде қазақ-қырғыздың білім әдебиеті күннен күнге аз да болса ілгері жорғалап келеді. Білім әдебиетінің негізі - ғылым атауларын дұрыстап тағу. Өзінің жақсы білетін пәнін қолға алып, бұны қалайша қазақша аударамын деп, алғы соңымен шатасқан кісі ғана ғылым атауларын дұрыстап таға алады. Бұндай кісілер кітап жазушылар. Бұлардың пікірі ұлғайып, тәжірибелері көбейіп, кешегі дұрыс деген ғылым атаулары бүгін қолайсыз болып қалуы мүмкін. Баспаға бір берілген кітапты қайта алып түзеуге болмайды.

Күнінде көріс болған кітап кешігіп шыққандығынан ғылым тілі жағынан ескіріп қалуы мүмкін. Сондықтан қазақша жазылған білім кітаптары тез басылып шығуы керек.

Білім кітаптары әсіресе, оқу кітаптары техника жағынан епсіз болып, дұрыстап басылып шығуы керек. Алғашқы уақытта қазақша басылып шыққан кітаптар техника жағынан өте нашар болды. Бұның себептері басқаларда саймандардың кемдігі, қазақ-қырғыздан харіф түзеушілердің жоқтығы. Қазақ-қырғыздан корректорлердің болмағандығы болды.

Білім кітаптарының дұрыстап басылуына қазақ-қырғыз білім комиссиясы қам қылмаса болмайтын болды.

Жоғарғы айтылғандардың бәрін еске алып, білім комиссиясы «Госиздатпен» байланысуды, бірлесіп жұмыс қылуды міндет тапты. «Госиздаттың» басындағы адамдар да бірлесіп жұмыс қылуды, дұрыстап білім комиссиясының бұл пікірін хош көріп, қабыл алды.

«Госиздаттың» қаулысы бойынша, білім комиссиясының өкілі коллегияның мәжілісіне кіретін болды. Бұл уәкіл мұсылман баспа істері туралы коллегияның мүшесіменен бірдей хұқықты болды. «Госиздатта» білім комиссиясының уәкілі болуы, баспаханалардың жай күйімен танысуға, қазақша кітаптардың жылдамырақ дұрысталып басылуына кедергі болған нәрселерді жоюға аз да болса себеп болды. Жаңа шаруашылықтың саясатына көндіккеннен соң, «Госиздаттың» өзі де мұсылман баспа сөздерінің гүлденуіне зейінін салды.

Жазушылардың қалам ақысын бірден беретін болды. Кітаптардың дұрысталып шапшаң басылуына ажтағат ететін болды. Біздің бір нашар жеріміз - қазақ-қырғыздан корректорлердің жоқтығы. Кітаптың корректурасын ұстау деген қиын нәрсе. Білім кітаптарының әсіресе, оқу кітаптарының корректурасы енді зейінді, орнықты болуды сүйеді. Көп уақыт алады. Корректорліктің ақысы көп болмайды.

Сондықтан осы күнге дейін қазақтан корректорлікке маман болып шыққан кісі таба алмадық. Қазақша басылған кітаптардың қатарының корректурасын білім комиссиясының мүшелерінің өзі ұстайтын болды. Бір қатар корректураларды жалынып, жалбарынып шет кісілерге ұстаттырды. Білім комиссиясының мүшелері уақытын корректура ұстап өткізеді деген ұнамайтын іс. Білім комиссиясының алдындағы бір жұмыс - қазақтан корректорлар табу.

Қазақ-қырғыз білім комиссиясы мекемесі мемлекеттің білім кеңесінің жұмысшы ұйымының бірі болып саналады. Сондықтан білім кеңесінің ұсыныстарын, нұсқауларын орындау, түрлі білім, әдебиет, мәдениет комиссияларда, жиылыстарда, мәжілістерде болу. Қазақ-қырғыз жайынан керекті мағлұматтар беру, пікірін айту, өз ақы жолы үшін таласу, қазақ-қырғыз білім комиссиясына әрі мұқтаж, әрі міндет өткен қыста бірнеше жиылыстар, мәжілістер болды. Үлгі үшін төменгілерді көрсетеміз.

1) Бірінші профессор Қалуевтың, Байтұрсыновтың «Тіл құрал» туралы баяндамасы.

2) Профессор Полиевтің «Түрік грамматикасын қалай түзеу керек?» деген баяндамасы.

3) «Өзбек халқының мәдениет һәм халық ағарту жолындағы жұмысшыларының съезі».

4) Ұлт комиссариатының жанындағы қазақ-қырғыз бөлімінің құрған түрлі мәжілістері.

5) Білім комиссиясының өзінің түрлі жиналыстары. Мәселен: жаңа жазылған кітапты, терминдерді тексеру үшін.

Осындай жиылыстарға білім комиссиясының мүшелері не тұтасымен, не кезектесіп барып тұруға керек болды. Прессамен байланыспаған сөздердің бәрі басылу үшін білім кеңесінің сынынан өтпекші. Бұл білім кеңесінің жорасында бар, қазақ-қырғыз тіліндегі жоғарғы көрсетілген сөздер қазақ-қырғыз білім комиссиясының сынынан өтеді. Сондықтан қазақ-қырғыз білім комиссиясы хүкіметтің ресми сыншысы болып саналады.

Былтырғы күзден бері мынадай бас нәрселер сыналып өтті:

1) Компростің қазақ тілінде шығаратын харитасының бірінші бөлімі.

2) «Бекет батырдың» кинематограф суретіне қалай алынашақ жобасы.

3) Успенский мен Мироновтың нотаға аударған он өлеңі.

Бұл өлеңдер әндерінің қазақша сөздері білім комиссиясы тарапынан жазылды.

4) Білім кеңесіне «Госиздатқа» тасқа басу үшін берілген кітаптар, кітапшалар, альбомдар тағы талайлар.

Комиссия құрылғанынан бері қарата төменгі кітаптарды тасқа басуға берді:

1) А. Байтұрсынов. «Әліппе», басылып шықты.

2) А.Байтұрсынов. «Тіл құрал», бірінші бөлімі басылып шықты.

3) А. Байтұрсынов. «Тіл құрал», екінші бөлімі басылып шықты.

4) А. Байтұрсынов. «Баяншы», басылып шықты.

5) М.Дулатов. «Есеп құрал», бірінші бөлімі басылып шықты.

6) М. Дулатов. «Есеп құрал», екінші бөлімі басылып шықты.

7) «Кеспе Әліппе» бір бөлігі басылып шықты. Бір бөлігі қалың қағаз жоқтан басылмай тұр.

8) И. Тоқтыбаев. «Жағырафия сөзі», басылып болды, хариталар басылып жатыр.

9) И. Тоқтыбаев. «Түркістан», тізіліп бітуге жақындады.

10) Басығарин. «Күн күркіреу мен найзағайы не нәрсе?», тізілген жоқ.

11) Х. Досмұхамедов. «Табиғат тану», сөзі басылып бітті. Суреттері басылып жатыр.

12) Х. Досмұхамедов. «Жануарлар», бірінші бөлім тізіліп бітті. Жуық арада басылса керек.

13) Х. Досмұхамедов. «Жануарлар», екінші бөлім тізіліп бітуге жақындады.

14) Ф. Ғалымжанов. «1922-жылдың қазақша календары» шықты.

15) Ә. Диваев материалдарынан батырлар:

1) «Қарақыпшақ Қобыланды».

2) «Нароғлы Шора».

3) «Бекет батыр».

4) «Қамбар батыр».

5) «Шора батыр».

6) «Мырза Едіге» батыр.

7) «Алпамыс» батыр.

Батырлар жеті кітап. Бәрі де басылып шықты.

16) Диваев материалдарынан бір терме кітап жаңалықта берілді. Әлі басуға алынған жоқ.

17) Ыбырайдың, Абай Құнанбаевтың таңдама өлеңдері жуық арада шапшаңдықпен басылса керек.

Бұл кітаптардың жоғарыда он екісі 1921-жылы қаралып, баспаға берілді. Қалғандары 1922-жылы баспаға берілді.

Қазіргі күнде қазақ-қырғыз білім комиссиясында тек екі адам бар: Төбе ағасы Досмұхамедов, мүшесі Ә. Диваев. Білімді хатшысы: У. Омаров өткен майда шығып кеткен еді. Білімді хатшының орнына осы күнге дейін қолайлы кісі табылмай тұр.

Осы күнгі ресми жұмыстардан басқа комиссияның мүшелері мынадай жұмысын істеп жатыр:

Х. Досмұхамедов екінші басқыш үшін «Адамның анатомиясы мен физиологиясын» жазып жатыр.

Диваев Сырдария қазақтарының арасынан жиылған материалдарды түстеп, тізіп жатыр. Алдымыздағы қыс білім комиссиясы мынадай жұмыстарды істеуге ұйғарады:

1) Қолдан келгенінше оқу кітаптарын жазу ақшасы болса, бұрынғы жалыну жолды тастап, керекті адамдармен шарттасуды ылайық көреді.

2) Қолдағы этнография материалдарды баспаға да жариялай беру.

Былтырғы күзден бері қарата еткен жұмысында қазақ-қырғыз білім комиссиясы білім кеңесінің бөтен комиссарлары мен әсіресе, өзбек hәм білім, тәрбие комиссияларымен бірлесіп жұмыс қылды. Биылғы жаз, білім кеңесінің қарауына халық комиссиялары кеңесінің жанындағы білім кеңесі, білім тексеру комиссиясы атанып кірді және де жаңадан түрікпен білім комиссиясы, тәжік білім комиссиясы ашылды. Алдымызда да, білім кеңесінің бұрынғы жаңа комиссияларымен бірлесіп іс істерміз деген ойымыз бар.

Халел Досмұхамедов,
16 мизам 1922 жыл, Ташкент

Әдебиет бөлімі

ӘДІЛ БИ

Бір адам далада жол жағалап келе жатса, жайылып жүрген бір топ түйеге ұшырайды. Бұл адам өзіне жол ашпақ үшін қолындағы таяғын түйелерге таман лақтырып жібереді. Таяғы құрғыр ұшып барып, бір түйенің көзін шығарады. Түйеші жолаушыдан түйенің көз құнын даулайды. Бұл бәледен құтылайын деп түйенің көзін ұрып шығарған адам тұра қашып бір биік жардың кемеріне секіріп түседі. Сол уақытта жар астында көлеңкеде бір қарт кісі ұйықтап жатқан екен. Қашқын секіріп түскен салмағымен бишара қартты басып өлтіреді. Мұны сол маңда жүрген қарттың баласы көріп қалады.

Жолаушы қашады. Мұны түйеші мен қарттың баласы қуып келеді. Сорлы қашқын бір дарияның жиегіне келіп жетсе, қайықшыға ұшырайды. Сасқанынан қайықшыға «мені дарияның аржағына шығарып сал, бір ширек ет берейін» дейді. Қайықшы қашқынды құрғаққа өткізеді. Ал енді қашқынның қайықшыға беруге еті жоқ. Не қыларын білмей дағдарады. Қайықшы қашқынды жағасынан алып жібермейді. Сөйтіп тұрғанда кейінгі екі даугер келіп жетеді. Даугер енді үшеу болады: біреуі түйенің көзін, екіншісі атасының құнын, үшіншісі қайық пұлын сұрайды. Қашқын не қыларын білмейді.

Қайықшы қашқынға айтады:

— Егер төлеуге етің болмаса, аяғыңның балтыр етін кесіп бересің.

Бұлар қанша дауласса да келісе алмайды. Ақырында сол маңдағы бір данышпан биге барып жүгінеді.

Би түйешіге айтады:

— Әй, балам! Бір түйені мен анадай жерге тұрғызайын, сен қолыңа таяқ алып, сол түйенің көзіне дәл тигізсең, түйенің көзі түгіл, бүтін түйенің өзін үкім қылайын. Тигізе алмасаң, өзің жазалы боласың.

Бұл сөздерді естіген соң, түйеші ойға қалып дауынан кешіп кетіп қалады.

Би енді қарттың баласына айтады:

— Шырағым, мен осы адамды (қашқынды) жардың астына жатқызып қояйын. Сен жарға шығып, үстіне секіріп түс. Егер өзіңнің салмағыңмен қашқынды өлтірсең, мен саған өз жанымнан әкеңнің құнын төлейін. Өлтіре алмасаң, өзің өлесің.

Бұл сөздерді есітіп қарттың ұлының зәресі ұшып, құн даулаудан қашады:

Ал енді жалғыз-ақ қайықшы қалды. Данышпан қайықшыға айтады:

— Мынау адамның балтырынан бір ширек ет кесіп ал. Бірақ, бір ширектен бір мысқал артық та, кем де болмасын: мұнан не артық не кем болса, өз обалың өзіңе, басыңды аламын.

Мұны есітіп қайықшы қашады.

Бұл ертегіге қосымша бір нақылият өлең бар, соны төменде айтып өтелік:

Адал бидің алдынан іс кетпейді,
Жәбірлікті нәпсі үшін істетпейді.
Ердің құнын екі ауыз сөзбенен айып деп,
Абыройын кісінің еш төкпейді.

Қалар жақсы түйені түйе дейді,
Жөнін тауып әр істің жүйелейді.
Жаман болса төрешіңептей алмай,
Ақ ісіңді қаралап күйелейді.

Дұшпандарды жақсы Би дос қылады,
Дауыңа дау жаман Би қостырады.
Бұл бір мақал: «Киікті ата алмаған»,
Атамын деп үркітіп бостырады».

Ұрысқанды жақсы адам табыстырар,
Ақылменен жапсарды қабыстырар,
Жаман адам от қылып жандырмаққа,
Сөніп жатқан шаланы қағыстырар.

Жақсыларға жалқын от сөз болады,
Жатқан бәле жаманнан қозғалады,
Жақсы менен жаманның парқы басқа.
Айта берсең бір талай сөз болады.

Әбубәкір Диваев

ТАУАСАР ЕСЕПШІ

Шұбар қыстаған жылы қыс қатты болып, пішен - шөбі таусылып, шаруасы күйзелетін болғандықтан, Айдос мырза пішен - шөп іздеп Есіл бойындағы қыстау басқан елге келеді. Мұнда келсе, оңып тұрған шаруа жоқ. Бәрі де қысылған. Айдос мырза өзінің қонып, тамағы сыйлы болатын жерді көздеп, осы ауыл тәуір шығар деп, биесінен төмен түсіп бір ауылға жақындады. Жайылған қойдың ішінде тайжақы киген бір кісі күрекпен қарды аударып, астындағы шептерді қойларға ашып беріп жүр. Е, мынаның еңбегі өзгелерден артық екен деп, таң қалып:

— Ассалаумалайкум! Япырмай, осынша көп малта қарды аударып, астындағы шөпті қалай жегізесіз?
— Әлейкісалам! Әй, тентек шіркін, қарды бүгін аударамын, ертең аударамын, арғы күні қолыммен күресем де бұл жатқан қарды жоғалтып, жерді қарайтпас па екенмін.
— Уа балам, жолың болсын! Қай ауылдың баласы едің?
— Ата, Шұбар қыстаған арғын едік. Мен Садақбайдың баласы болам. Атым - Айдос, біздің де шаруамыз күйзелген соң, қыстау елден шөп іздеп шығып едім. Есіл қыстаған елдің де пішен - шөбі таусылған екен. Таба алмадым. Енді рұқсат болса, сіздің ауылға қонғалы тұрмын. Өзіңіз кім боласыз, ата?
— Балам, найман Тауасар деген есепші мен болам. Қонам десең, ауыл осы, Айдос мырза.
— Найман Тауасар есепшінің үйіне қонып отырып, япырмай ата, айтқаның келсе жақсы болар еді. Қар кетсе жер несібелі мал көкке өлмей жетер еді ғой. Егер осы айтқаныңыз келсе, бір ат мінгізер едім, - деді Айдос мырза.

Тауасар есепші:

— Уа, балам, ертең жоқ, арғы күні қарды кетіріп, жерді қарайта алмасам, түйемнің ішінде бір қара бурам бар. Атыңды өзіңе қайтарып, үстіне қоса берейін, - депті. Есепшімен уәделесіп, Айдос мырза еліне қайтқан. Айдос мырза жолда келе жатқанда құбыладан соққан алтын күрек қардың бірегесін ала бастайды. Келер күні еріген қардың құйғаны Есілдің суын қызыл көбіктендіріп тасыттыра бастайды. Жер қарайып, мал тырбаңдап, жаны кіріп, шаруаның көздері жарқ етіп ашылды. Көгеріп көк шықты. Қой сауылды. Қатық молшылық. Бір күндері ауыл қыстаудан 3-4 көшіп қонған еді. Айдос мырза кешқұрым ауыл сыртында қой ішінде қойшымен тоғыз құмалақ ойнап отыр еді. Қара бурасы астында Тауасар ауылға қарап өтеді. Бұрын ойнап жүріп ұтылмайтын Айдос мырза тоғыз құмалақтан жеңіліп ұпай жеді. Есепшімен болған жұмысты атасына айтпаған жері тағы да бар. Не қыларын білмей дал болып, ұялып өзінің отауында бұғып отыр еді.

Атасы Садақбай:

— Айдос, Айдос! Қайда кеттің, үйге кісі келгенде? Шіркін, келінді жаңа көріп пе ең, кел мұнда, - деді.

Мырза:

— Япырмай! Атты қандай қылып беремін, - деген ұялыс тұрмыспен үйге сәлем беріп кіріп, аман-есен айтысып отырады. Қонақтың тамағын сыйлап жатқызды. Таң атты. Жүрмекші болып, Тауасар мырзамен болған баяғы уәдені баяндап қарқ-қарқ күлді.

Садақбай ойланып отырып:

— Уа, Тауеке, мырзаны өтірікші қылмайын олай болса, жылда мені жұтқа жұтатпай, мен саған жыл сайын осы уақытта бір ат берейін де тұрайын, - депті.

Тауасар:

— Жарайды! Мен айтқан жерді жайласаң, менің айтуымша көшсең, менің тіліммен қыстасаң, егер жұтқа шалықсаң атыңа ат қосып қайтарайын, - дейді.

Мақұл - мақұл десіп, хош деп, ат жетелеп қайтты. Сонан бұлай Айдос мырза Тауасар есепшінің айтуымен жайлап, күзеп, қыстап жүріп жұттардан аман шығып малы өсіп, өніп кетеді. Жылда көктем кезінде Тауасардың бір аты даяр. Бір жылы Тауасар жылдағыдай ақылын айтпапты. Бұл жарықтық қарияға не болды екен, өлі - тірісін білейінші деп Айдос мырза іздеп келсе, Тауасар басын шытпен тартып қасық шауып, мұрындық жонып отыр екен.

Сәлемдесіп, есендескеннен соң:

— Уа, ата, биыл неғып келмей кеттің, аурудан амансың ба? - деді мырза.

Тауасар:

— Жоқ, балам! Менің жылдағыдай мазам жоқ. Жаз бен қыс айларының қабатындағы тәжірибелерді алжасып қалып, есебімнен жаңылып, шамамен айтайын десем, өтірікші болам ба деп тартынамын. Есебімнен жаңылғаныма қарағанда, өзім пәлен айдың пәлен күнінде өлемін, я болмаса сен осы биыл қыстан жұтайсың, - депті.

Айдос мырза жұттан аман шықты. Тауасар есепші өзінің айтқан айының күнінде қаза тауып, жамбасы жерге тиіпті.

Мұғалім Рахат Төлешұлы

ШОЛПАНҒА

Жаңа шықты, нұрлы Шолпан жарыққа,
Таратуға нұр сәулесін халыққа.
Ай да туып, күн де шықты оңынан,
Кім адасар бұл үшеуі жарықта.

Бәйгі алмайсың топқа тосып жарыспай,
Қарсы шығып, надандықпен алыспай,
Міндетіңді мойынға алған атқарып,
Шық жарысқа, қатарыннан қалыспай.

Оңға баста, түзу жолға төтелеп,
Өрге сүйре, шабандарды жетелеп.
Ел сана, біз де сонда қосылып,
Өнер, білім жолын қуып кетер ек.

Кім қызбайды, ұран салсаң намысқа,

Кім ат қоспас ұлы бәйге жарысқа,
Жалқаулық пен еріншекке жолама,
Жетер жерің, тоқтар күнің алыста.

Ел қуанды, шыққаныңа сүйініп,
Құлақ салды, жас пен кәрі жиылып.
Қараңғыда кейін қалған халқыңа,
Үлгі көрсет ықыласпен иіліп.

Жол басшы боп, алға түсіп бастасаң,
Лайықсыз ескі әдетті тастасаң.
Ел бастаған бағытыңнан жаңылмай,
Қиын, қиғаш, қиялардан қашпасаң.

Сонда халқың өңіп көзі ашылмақ,
Білім нұры жұртқа тегіс шашылмақ!
Өнер біліп, кейінгі жас жол тауып,
Туын жығып, надандықты қашырмақ.

Жол басшы деп сонда кәміл сенемін,
Бір тартынбай жетегіңе еремін:
Барын тастап ескі ғәдет - салтымды,
Ерінбестен күн түн қатып желемін.

Қазақта да газет-журнал көп еді,
О да бастап елдің қамын жеп еді,
Туса Шолпан, нұр сәулесі жалтырап,
Адаспайсың, таңда жақын деп еді.

Үмітің зор, Кап тауындай талабың,
Тым қараңғы, сәулесі жоқ алабың:
Надандықтан құтқаруға халқыңды,
Сөзің еркін, болсын күшті қаламың.

Ғабидоллаһ Балақадырұлы,
Ташкент

АЗИЯ

(Европаға)

Сұм Европа арам, залым тас болдың,
Бүліншілік, жауыздыққа бас болдың,
Адамзатқа жол көрсеткен ерлерге,
Неге мұнша, уа Европа қас болдың?

Зина, сату, арамдықта шіріген,
Жан - тәніңді, мерез толып іріген.
Орап көрген перделермен жасырдың,
Сұмдығыңды дүниеден асырдың.

Өзі әдепті, һәм сыпайы сөзіңе,

Сырты көркем маңызданған өзіңе,
Сыртқы жұрттар шыны осы деп танғандай,
Көңілі толып, көзі тойып қанғандай.

Балаларың бірін-бірі шабысты,
Сұм жыландар ысылдасты, шағысты.
Өлтірісіп, қарындасын қандасын,
Күліп ойнап іле артынан табысты.

Мұны неге, уа Европа! көрмейсің?
Мұнша неге дұрыстыққа көнбейсің?
Қара пәле тұншықтырды әлемді, —
Қарындасқа қолың үшін бермейсің?

Мен жібердім семитімнен Мұсаны.
Ибраһимді Дәуіт пенен Исаны.
Жіберіп һәм көп пайғамбар мен саған,
Ақырында Мұхамедті жұмсағам.

Адамзаттың шыңырауға батқанын,
Былғанышта ұяласып жатқанын,
Әуелден-ақ, құтқарушы сен бол деп,
Семитімнің ұрпағына артқанмын.

Халық жолды дін деп атап ашты олар.
Бар әлемге жарықтарын шашты олар.
Адамзатты құтқаруға пәледен,
Мехнет шекті, төкті талай жасты олар.

Алға қарсы хақиқатқа тұрдың сен,
Ақырында мұндай сұмдық құрдың сен:
Иса жолын алған болып сен залым,
Өтірікке хақиқатты бұрдың - сен.

Өзіңменен тұрмай залым аздырдың,
Көп баламды тура жолдан жаздырдың.
Сұмдығыңа, құлдығыңа үйреттің,
Былғаттың сен, араластың сиреттің.

Талай сені, адамдыққа шақырдым,
Көбін саған мен жұмсадым ақылдың.
Көнбеген соң, туысқандық сөзіме,
Талай саған қылыш алып ақырдым.

Мен жібергем қару-сайман жарақпен:
Ғұн, Мадияр, Болғар, Маур, Араб пен
Түрік, татар, моңғолды көргенсің;
Олар сені ұшықтаған садақпен.

Күндер өтті, сен жөніңмен тұрмадың,
Дүниені жауыздықпен шырмадың.
Қара пәле тұншықтырды әлемді,

Адамзатқа адамшылық қылмадың!

Тазартуға, дүниенің ластығын,
Жібітуге жүрегіңнің тастығын.
Семитімнің көп ұрпағын тағы да,
Жұмсадым мен Маркс қылып бастығын.

Семитімнің балалары жылайды,
Тозған жалпы сорлыларды құрайды.
Жан иманын бәйгі қылды көп үшін,
Дәтің қайтып, енді шіркін шыдайды?

Сұм Европа! Енді жібі тас болма!
Кәрі жәллеп! Енді өтірік жас болма!
Семитімнің балалары қиналды,
Кел бауырым! Енді оларға қас болма!

Тепсінбесең паң ғып ұстап өзіңді,
Таңдамасаң бұл жалынған сөзімді,
«Күшпен үйіріп мынаны!» деп жұмсармын,
Монғолымды, - қиғаш садақ көзімді.

Монғол талай асауларды үйреткен,
Талай көрдік омыртқасын күйреткен.
Арқан салып, мойнына талайдың,
Тақымымен ойға - қырға сүйреткен.

Орнымен құртқан, талай қаланы,
Өрт жүргендей қылған талай даланы.
Шикі ет жеген, алақандап қан ішкен,
Найза ұшына ілген талай баланы!

Монғолымның адам қорқар ісі бар,
Найзасының қайтпас болат ұшы бар.
Тағы арыстан ашуменен ақырса,
Жер менен көк қалтырайтын күші бар.

Қой бауырым! Әлі де болса, тас болма!
Бүліншілік, жауыздыққа бас болма!
Семитімнің балалары бастады,
Ер соларға, енді оларға қас болма!

Сәкен,
1922 жыл, 10 июнь

ТҮРКІСТАНДА ХАЛЫҚ-АҒАРТУ ІСІ

Өткен күндерде Түркістан халық - ағарту істері жаһангерлермен жүргізілген түрлі тәжрибелерді басынан өткізді. Әрине, ол жаһангерлердің ұстаған түп мақсаты - ұсақ ұлттардың ұлттығын жойып, заң ресімін құртып, өз дініне кіргізбек еді. (Мәселен, осы күні Алжирдегі француз школдары, англия школдары). Түркістандағы жергілікті орыс школдарының да көздеген мақсаты да сол болды. Бұл жұмыстың сол бағытта екенін соңғы

кездердегі шыққан жобалардан қарап, байқап тексермей-ақ, тарихи қимылынан һәм онан да гөрі солай екенін хүкімет тарапынан болған бұйрықтардан ап-анық білуге болады. Бұған Уфа ағарту министрінің 1870-жылда шығарған тәртіп құралдарын оқып көрмек керек. Соның 343-бабында, 835-бетінде мынадай дейді: «Әрине, бір жергілікті халықтың ортасына оқу халық ағарту ісінің жүргізіп отырғандағы мақсатымыз - ішімізде отырған бөтен халықтарды орыс қылып өзімізге қосып алмақ. Ұлттықты жойып, өзіне қосып алу деген жол мұнан артық қандай болады». Патша заманында Түркістанда жүргізілген халық ағарту істерінің тарихына көз салсақ, шірік саяси жолмен ғана білдірмей келе жатқан.

II

Түркістанда әдептен қазақ-қырғыз үшін арналып ең әуелі Ақмешіт қазағы уездерінде орыс мектептері ашылды. Ол мектептердің жобасын төтенше жобаның даусы положениені негізіне алайық. 1862-жылы Орынбор мен Самардың генерал-губернаторы Бизаков бекітті. Бұл мектептерде Отан тіл қоспастан орысша тілмен оқытылуы міндетті болды. Ілгері қарай қадам басқан сайын мектеп басшылары мүмкін қатар ептеп өз көрпесінің ішіне кіргізуге тырысты.

1868-жылы Түркістан генерал-губернаторы Кауфманның бекіткен жобасы: Балаларды орыстікі, қазақтікі демей барлығын бір даярлап келешекте ұлтқа бөлініп, мұсылман школдарды орыс школдарынан бөлектенбес үшін оқудың негізгі жолына орысша тілді мұсылмандікіне де қосып, барлығын орысша оқытуға керек деген.

Әрине, бұл жобалар шым-шымдап өзіне қарай тартуға себеп болса да, құрған мақсатын тегіс орындай алмай, мұсылманды түбінен қопарып өзіне қоса алмады. Енді не қылу керек? Тағы да бөтен шара қарастыру керек болды.

1870-жылы барлық аймақтық оқу ісін басқару үшін, төбе ағасы Брутский қылып бір комиссия сайланды. Комиссия жасап шығарған жобасының ішінде мынадай дейді: Аймақтағы халық ағарту ісінің түп мақсаты, жалғыз орыстың керегін ғана түгендеу, бағыттау болу керек!.. Ол қай керегі екен? Ол керегі баяғы, 363-бапта айтылған керек.

Сөйтіп ағарту ісін қу қазыққа байлап, хүкіметтің ызғарлы қарауылдарына бақтырып қойған. Түркістан аймағындағы халық школдарының инспектор басшыларының қолдарына берілетін нұсқасының 21-бабында тағы мынандай дейді: Хүкімет ақшасы мен яки, оның жәрдемі мен ашылып тұрған басқа діндес халықтар, школдарының басқарушыларын инспекторлар қырағы көзімен бақылап, аңдып отыру керегін һәм оларға бөтен діндес халықтардың ұлттығын сақтауға себепші болатын школдың жобасына кіргізілген шарттарды шығарып тастап, сауысқаннан да сақ болсын.

Міне, сөйтіп, байқатпай ғана бір ұлттың ұлттығын жойып, мәдени жолынан шығарып өзіне қосып алуға жақындап қалған. Ол заңды өздері қарап мақсаттарын орындау үшін аяқтарымен таптады. Мұның жолын халық сезіп, мектеп істеріне дұшпан көздерімен қарап, балаларын оқытуға тартынып беретін болды. Тіпті бермейін десе де тіршілік оқу, өнерсіз жүрмейтін болды.

III

Октябрь төңкерісіне таянған кезде Түркістан халқы әсіресе, қазақтары ілім керектігін анық біліп, балаларын жаңа тәртіп жолына лайықтап құрылған мектептерде оқыту үшін

Уфа, Қазанға жібере бастады. Октябрь төңкерісі болып, патша заманында қолданып келе жатқан саяси жолының бөгеті бұзылып, кім қайда оқыса ерікті болды. Жерлі жұрттардың тілі шет халықтың тілдерімен теңелді. Сөйтіп Октябрь төңкерісінен кейін кеңшілік болып, hәр ұлт өз туған тілінде өнер үйреніп, білім тауып, мәдениет жолында алдыңғы қатардағы жұрттарға жету қамына кірісті.

Кеңес хүкіметінің оқу оқыту ісі туралы істеген жақсылығы ілгері тіршілікте яки, тарихта болмаған ісі еді. Сондықтан оны ұялғандай қылып орындау үшін көп қаражат, үлкен бейнет істеу қажет болды. Кеңес хүкіметі аянған жоқ. Бірақ кемістік, жоқтық күннен-күнге асты. hәм қайратын салып қарманғанменен, хүкіметтің қолынан халықтың мұң-мұқтажын орындау келетін емес. Бұған халықтың, өздерінің қарасулары керек. Мұны халық ұғынуы керек. Қалтасынан соқыр тиын сұрауға қиынсынбай, қалтырап ауырсынбай, игілік істен тартынбау керек. Сөйтіп, көптің көшімен ілім қорғанын тұрғызу қажет.

Енді бақыт жұлдызы туып, ілім таңы атып, тұрмысымызға жол ашылсын. Түзелсін, hәм қазақ халқы мұны қуанышты өлеңмен қарсы алуы тиіс.

Сұлу батыр

БҰЙРЫҚ, ЖАРЛЫҚТАР

Түркістан Кіндік атқару комитетінің, 1922-жыл 5-сентябрьде шығарған III-нөмірлі қаулысы:

Түркістанда еңбек мөлшеріменен жер пайдалану туралы бүкіл Россиялық кіндік комитетінің төмендегі негізгі заңы Түркістан аймағында қолданылсын.

Түркістан Кіндік атқару комитетінің бастығының орынбасары:

С. Қожанов
Хатшысы: Юмакаев

Түркістанда еңбек мөлшеріменен жер пайдалану негізгі заңы: Бүкіл Россиялық Кіндік атқару комитеті жанындағы жер істері, құрама комитетінің hәм Түркістан Кіндік атқару комитетінің барлық мүшелерінің 2-жалпысы жиналысында қабыл етілген, жергілікті шарттарға қарай, еңбек мүшелеріменен жер пайдаланудың негізгі заңына кіргізген Түркістанда еңбек өлшеміменен жер пайдалану туралы өзгертулерін қарап hәм Россиялық Кіндік атқару комитетінің бас құрамасының автономиялы hәм, ортақтас Республикаларда жер дауларын шешушінің тәртіптері туралы, 30-июльде 1912-жылда шығарған қаулысы бойынша, Түркістанда төмендегі ретте еңбек мөлшеріменен жер пайдалану негізгі заңын, Россиялық Кіндік атқару комитеті қабыл етеді:

1-баб

Еңбек мөлшеріменен жер пайдаланудың тәртіптері туралы:

1) Осы заңның 5-бабына ылайық пайдалану үшін бекітіп жер алған әрбір жер ұйымының жасы толған мүшелерінің (еркек - әйел демей тең 18 жастағылардың) көпшілігінің қарары бойынша, жер пайдалануды қайсы түрін қолданамын десе де ықтияры бар.

Жер ұйымының ішінде жер пайдалану түрлері мынадай болса керек:

а) Көп арасындағы жерді үй басына кезінде бөліп алу реті;

б) Белгілі бір аудан жердің ішінде әр үйдің өзіне тиісті жерді бөліп және де меншікті жері бір ауданда болса да аудан ішінде әр жерде яки бөлек-бөлек болу;

в) Көш бір кетіп жерді үлкейтіп, ортақтық ретіменен жерді пайдалану жолы;

г) Бір аудандағы әр жердің ыңғайына қарап, түрлі-түрлі ретпенен аралас пайдалану жолы;

д) Бұрынғы дихандардың һәм байлардың мүлік етіп алынған жерлерінде отырған диқаншылық ұйымдарында, ол жерлер уақытында жер бөлімдерінің яки, кеңестер съездерінің қарарыменен берілген болса, жер пайдаланудың қандай түрін қолданса да ықтияр беріледі;

Диқаншылық ұйымынан шығамын дегендер диқаншылық ұйымының хүкіметтен қарызға алған ақша яки, мал жәрдемінің өзіне тиісті сыбағасын қайтып беріп кетуге міндетті.

Ескерту: Халық арасына бөлінбей, түрлі мекеме ұйымдарына берілген жерлерге орнаған диқаншылық ұйымдарының бітуі шарт. Тәртіптері, әдебі өз алдына шығарылатын нұсқаларменен белгіленеді.

4) Срогы толып, жерді қайта төлеуде көпшіліктен шығамын дегендер болса, көпшілік ықтияр. Бермесе, шығуға ықтияр көпшіліктен айырылып шығушылардың бір орнынан өздеріне тиісті жерлерін алуға ықтиярлы бірақ, жер берілгенде жердің маңызы еске алынып, бөлініп шығушыларға жер пайдаланудың керекті түрін қолдануға ықтиярда берілмейді.

5) Срогы толмай-ақ, көпшіліктен шығамын дегендер болса, көпшіліктің ықтиярыменен шығуға ерік беріледі. Уақыты толмай-ақ көпшіліктен шығамын дегендерге, көпшілік ықтияр бермесе де, көпшіліктен шығуға ерікті. Бірақ, барлық шығушылардың саны, барлық Россиялық Кіндік комитетінің қасындағы жер құрама комитеті менен ТурЦиктің Түркістанның һәр ауданына белгіленген санынан кем болмауы тиіс.

Бос һәм бөлек жатқан жерлерге бөлініп шығамын деушілерге әр уақытта ерік беріледі. Бірақ, көпшіліктен шығамын деушілердің шығатындығынан көпшіліктің арасында жер қайтадан бөлінбейтін болуы шарт.

Қосымша: Барлық Россиялық Кіндік атқару комитетінің жанындағы жер құрама комитеті менен ТурЦиктің һәм ауданға лайықтап көпшіліктен шығамын деушілердің санын белгілегенше, көпшіліктен шығамын деушілер болса, олардың саны көпшіліктің жалпы санының бестен бірінен кем болмауы яки, 250 үйлік диханнан көпшіліктен шығатындар 50 үйден кем болмасқа тиіс.

6) Көпшіліктен шығудан ілгері барлық халыққа арналып жерді бөлу мөлшері белгіленеді. Соның ішінде, егін һәм шабындықтар да тең бөлініп, көпшілікте шығушылар санына қарай, жұрттың бәріне тең мөлшерменен тиісті сыбағасы беріледі.

Қосымша: Үй арқасындағы һәм үй салынған жерлерменен пайдалану үшін өз алдына тәртіптер шығарылады;

7) Жерді бөлуде шығушылар, һәм қалаушылардың пайдасын тең ойлап, жердің берекесін алмас үшін жерді бүйректесе арасына кісі жері қосылып бөлшектенбей жер арасы

қашықтанбай су һәм жолдарменен пайдалану жағы тағы бұзылмай, һәм жердің шекарасы қисаймай осылар сияқты басқаша реттерде еске алынып бөлінуі тиіс.

Жер бөлініп шығудың жолдары осы қаулының II-бөлімінде көрсетілген;

8) Көпшілік жер пайдаланудың бір түрінен екінші түріне өтіп, оның үстіне бөлініп шығатындарды шығарып болған соң, тағы бөлінушілерді бөліп жердің тиесі болса тағы бөлінушілерге ерік беріледі. Бірақ, ауыл үшін Совнаркомның 30-апрель 1920-жылда шығарған қарарындағы шарттарын орынға келтірулері міндетті;

9) Жергілікті шарттарға һәм шаруаның ыңғайына қарай һәр облысқа яки ауданға лайықтап, өз алдына жер мөлшерін белгілеу үшін облыс жер бөлімдерінің ұсынысы бойынша, облыс исполкомдарға ықтияр беріледі. Бірақ жер мөлшерін белгілеу үшін жер комиссариаты менен жер комитетінің разылығы болуы шарт.

Облыс исполкомдары жер мөлшерін белгілегенше, дихандар ұйымының мөлшерінің көпшілігінің қарары менен қабыл алынған жер мөлшері қолданылады.

Облыс исполкомдардың шығарған мөлшері бойынша, дихандар ұйымының белгіленген мөлшері менен бөлінген жерлердің уақыты бітпей қайтадан бөлінуі міндетті емес.

10) 20-апрель 1920-жылғы Совнаркомның қаулысына лайықтап жерді қайта бөлгенде, бөлінетін көпшіліктің жері менен жалғас еңбекшіл жеке мүлікті дихандардың жерлері жылжып жеті кесіліп яки, өзі бөлініп кетпесін;

11) Осы қаулыға лайықтап жер пайдаланудың бір түрінен екінші түріне өту үшін жерді қайта бөлу һәм көпшіліктен шығушылар қолдану үшін төмендегі тәртіпті амалдану керек.

а) Әуелі мәселелер тиісті көпшіліктің мүшелерінің жалпы жиылысында қаралып өтеді.

б) Дау яки, наразылық болмаса көпшіліктің қарары уездік жер бөліміне білдірілген соң, тіршілікке жүргізіле беріледі. Бірақ уездік жер бөлімі ондай жұмыстарды бір айдан қалмай қарап отыруы тиіс.

в) Дау шықса, наразы жағы жер дауларын шешу үшін арнап шығарылған тәртіпке лайықтап ізденуге ерікті. Дау ашылып жұмыс шешілген соң, жер мекемесі тиісті тиянағын жазып қояды.

г) Осы законның 5-бөлімінде айтқан реттерменен көпшіліктен шығамын деушілер болса, олар да осы «Б» һәм «В» бөлімшедегі жолдарменен қаралып тіршілік жүзіне шыға береді.

2-баб

Жерді еңбек мөлшеріменен пайдалану жолы.

12) Законда көрсетілген жолдардан басқа ретпен пайдаланушының жерін қайтып алуға болмайды. Жалғыз-ақ, жер пайдалануды жалпы тәртіпке келтіру жұмысы болып яки, болмаса ортақшылық жолдарыменен пайдаланып отырған көпшіліктерде жерді қайта бөлетін ретте болса ғана жер ауданының орнын, аймағын һәм шекарасын өзгерту үшін басқа ретпен алыну мүмкін.

13) Жер пайдаланушы жер пайдаландыру шартынан мынандай реттерде ғана айырылады:

а) Үй ішінің барлығы түгелімен өз ықтиярларыменен пайдаланудан кешсе;

б) Үйдің өз алдына егін егуі түгел тоқталса;

в) Үй іші өліп бітсе;

г) Бір жерден екінші жерге өтіп, ескі орында өз алдына шаруашылық жүргізуі тоқталса;

д) Закон бойынша жаза тартып, сот арқылы жер пайдалану құқынан айрылса;

е) Жол салу, яки болмаса, кен қазу сияқты мемлекеттің һәм көпшіліктің керегі үшін жер алынса;

14) Үй ішінің кейбіреуі әскерлікке алынып яки, болмаса сайланып көпшілік жұмысында кеңес хүкіметінің ісінде жүрсе, ондайлардың тиісті сыбағалы жері өзі босағанша өз үйінің қолында болады. Сыртқа кетіп жұмсаушылардың жері екі ораққа шейін өз үйінің қолында болады. Бірақ, екі орақтан кейін келгендерге артық жерден беріліп, артық жер жоқ жерменен жаңадан бөлінген көпшіліктің басқа мүшелеріменен қатар жер беріледі;

15) 13-бөлімшеде айтылғандай жерді көпшіліктен яки болмаса мемлекет керегі үшін жері алынған кісілерге, бөтен жердей жер беріліп барлық зиялы тиісті жолдарменен түгелденеді;

16) Орынсыз дәлелдер менен жерін істетпей тастап яки болмаса, 3-бапта айтылған законға қарсы келетін жолдарменен жердің майын сатқан жер иесі, жер дауларын шешу тәртіптері бойынша бір жылға шейін ол жерден пайдаланудан айырылады;

17) Пайдаланудан босанған жергілікті артық жатқан жерлерге қосылып сол диқаншылық ұйымның жерге мұқтаждарына беріледі;

18) Жерді сату, һәм сатып алу, алып сату, беру, өткізуге қою тіпті болмайды. Жоғарыда айтылған реттерменен жердің бір қолдан бір қолға өтуі законға қарсы болып табылады. Жерді қолдан қолға өткізушілер жаза тартып һәм қолындағы жерінен де айырылады.

3-баб

Жер жолдары туралы

(Еңбек мөлшеріменен жер пайдаланудың құқықтарын уақытша басқаға беру)

19) Егін бітпегендіктен, өрттен, жұттан, көлік кемдігінен, қолдың аздығынан яки болмаса, (сол сияқты апаттардан істеу үшін шетке кетіп, әскер қызметіне шақырылып, сайлау менен әлеумет яки, Кеңес қызметінде жүріп) уақытша нашарлаған дихандарға, барлық жерін яки болмаса, бір бөлігін басқаға жалдауға ықтияр беріледі. Жерді жалдаушылар арасында жасалатын шарттар бойынша, жерді жалдау ақына ақша, түрлі бұйымдар яки, ұйымның бір бөлімін беруге де болады. Бірақ төмендегі шарттарды қолдану тиіс.

20) Жер жалдаудың уақыты бір орақтан артық болмайды. Бұл орақтың мерзімі белгісіз жерлерде 3 жылдан артық болмасын.

21) Кейбір дәлелді себептері бар жерлерде жалдаудың уақыты екі ораққа яки болмаса, үш жылдың орнына алты жылға созылуы мүмкін. Көрсетілген жердің жалдау уақыты өткеннен кейін жер иесі өз қуатыменен жерін қайтарып алып, еге алмайтын болса, жері жергілікті диқаншылық қолына өтіп, сол ұйымның жерге мұқтаж басқа дихандарына беріледі.

22) Жалғыз-ақ, өз қуатыменен еге алатын шамада ғана, өз жеріне қосымша қылып басқадан жер жалдауға ықтияр беріледі.

23) Жалданған жердің шамасы майын берушінің барлық жерінің үштен бірінен ары болса, жергілікті ауыл кеңесіне беріледі.

Төрттен үшінен артық болса, Ауылисполкомда қатталған соң, жер майын алушының арасында жасалған шартта міндетті саналады.

24) Жер майын беріп алудың шарттары ауызекі болмаса, қағаз бетінде жасалуы мүмкін. Ауызекі жасалған шарт Ауылисполкомның яки болмаса, ауыл кеңесі мүшесінің қасында айтылып шарттар үшін арналған кітапқа жазылып қойылады.

25) Көпшіліктен шығып басқа жерге кетпекші яки, диқаншылықты қойып басқа кәсіпке кіріспекші адамға жерін біреуге жалдауға ықтияр берілмейді.

26) Жер жалдаушы жер иесі сияқты жалдап алған жерін жақсылап егуге міндетті. һәм майын алған жерін, басқаға бере алмайды.

27) Жер беруші диханға түсетін түрлі салық алымдарды алған жерінің шамасына қарай жер жалдаушы төлеуге тиіс. 26-бөлімшедегі міндетті істерді жер жалдаушы орындамай, жер жалдаушылар арасындағы істелген шарт бұзылуы мүмкін. Шарттың бұзылуы, һәм одан шығатын алыс-беріс нәтижелері жер дауларын қарау тәртіптерімен шешіледі.

28) Жалдаған срогы біткеннен кейін жер иесіне қайтып беріледі. Жерден ажырамайтын һәм ажыратқанда жерді егу, зиянды болатын жерді үлгірту үшін істелген жаңалықтар ескі жер иесіне өтеді.

4-баб

Еңбекшіл дихандар шаруаларына жәрдем үшін керекті жалшылар қолдану туралы.

29) Аспап - құралдарының жетпестігіне яки, күш кемдігіне мезгілінде егін істерін бітіре алмайтын дихандарға жәрдем үшін, жалшылар жалдауға ықтияр беріледі. Бірақ, жалдаушылар үйіндегі барлық іске жарайтын кісілері жалшы қатарында өз диқаншылық жұмыстарын істейтін болу керек.

30) Жері аз болып, һәм шаруасы нашарлағандықтан жерін жалдауға ықтияр берілген дихандарға өзі диқаншылық жұмыстарына кіріспесе де, барлық жерін жалшы күшіменен істеуге ықтияр беріледі. Диқаншылықта орақ яки, айдау сияқты уақытта мезгілді жұмыстар үшін жалшы жалдау басқа дихандарға да болады. Жері көп аудандарда яки, жерге жаңадан орналасып жатқан уақытта, барлық егістікті қалдырмай, тездікпен пайдалану үшін керегіне қарай жалшылар жалдауға болады.

31) Бейнет бақылау hәм жалшылардың ақысын дұрыс беру тақырыпты шыққан қарарларды, hәм заңдарды орнына келтіріп тұру шартыменен жалшы жалдауға ықтияр беріледі.

5-баб

Еңбекшіл мөлшеріменен жер пайдаланудың hәм жерге орналастырудың нығайтылу реті.

32) Еңбек мөлшеріменен жер пайдаланудың түрін белгілеу, нығайту үшін съездер қаулысы мен яки, жер бөлімдерінің тиісті тәртіптері мен берілген отырықшы болыстардың, ауылдардың hәм басқа диқаншылық ұйымдарының қолындағы осы күнде пайдаланып отырған жерлері, осы қарар шыққан күннен бастап олардың еңбек мөлшеріменен түпкілікті пайдалануында қалады.

Қосымша: Екі диқаншылық ұйымының арасындағы шекарасы белгісіз даулы жерлер жер даулары ретінде қаралып, екі жақтың халқының санына hәм жерінің аздық көптігіне қарай шешіледі.

33) Отырықшы шаруасы бар болыс hәм ауыл араларында бұдан былай жер теңгерілу жұмыстары тоқтатылады. Дихандар арасында жердің бөліншектігін, hәм қашықтығын жойып, жер пайдалануын ыңғайластыру үшін өз араларында жер орналастыру жұмысы жүргізіле беру мүмкін.

Қосымша: Жер бөлімінде қабыл етіліп, жүргізіліп жатқан жер орналастыру істері бұрынғы шыққан заңдар бойынша аяғына жетіп, бітіп тоқтатылды.

34) Жер, су комиссариаты, ғылым, оның бөлімдері мемлекет қаражатымен жұртты жерге жөндеп жайластыру жұмысына мынау реттерде ғана кірісуі міндет:

а) Болыс, hәм ауылдар арасындағы қиынсыз жер араластық ыңғайсыз бөлінектерді жою үшін; б) басы артық бос жатқан жерлерді тауып, анықтау үшін; в) бұрын көшпелі болған жергілікті жұртты, жер иелендіріп өз жеріне тегіс орнаттыру үшін, басқа реттерде жалпы міндетті. Жер орналастыру жұмысы тоқтатылады. Бірақ, халықтың өзі сұрауы бойынша, өз арасындағы жер орналастыру жұмыстары қаражатын халық өзі көтеріп жүргізіле беріледі.

35) Түркістанның мал шаруасы бар көшпелі аудандарында жер менен пайдаланудың hәм жерге орналастырудың тәртіп жолдарын, Түркістан жер комиссарлығының әдеті, сол аудандарға арнап жасап, жер құрама комитеті барлық Россиялық Кіндік Атқару комитетіне кіргізіп бекітілген жобамен белгіленеді.

36) Араларында жер дау - шатағы жоқ қыстақтарда, hәм диқаншылық басқа ұйымдарында, халықтың пайдаланып отырған жерлерінің шамасы, шекарасы белгіленіп, жердің есепке алыну жолыменен жер иесіне ресми қағаз беріліп, жер иесінің қолындағы пайдаланып отырған жері өзінікі болып бекітіледі.

Соңғы қаулы

37) Түркістан жер, су комиссариаты Кіндік жер құрама комитетіменен келісіп, осы заңдарды жергілікті жер бөлімдену туралы нұсқаулар шығарып тәртіптер беру тиіс.

Барлық Россиялық Кіндік комитетінің бастығы:

Калинин
хатшысы: Энукидзе

АЗАТТЫҚТЫҢ ЖОЛЫ ОСЫ

Россия тарихи колонияны молайту әңгімесінен жасалған деп профессор Клушевский айтқан сияқты, баяғыдан бері патшашыл Россияда үлкен мәселелердің ең зоры - жер мәселесі. һәм Россия ішіндегі зауыт-фабрикаларға керек шеге заттарды шет аймақтардан алу жолдары еді.

Біреулердің үстемдігі жүріп, ел билеуіне, біреулердің қол беріп құлдар хәліне түсіп, жауыздық көруіне себеп болған осы екі мәселе.

Аяқты мал шаруасынан өтетін шеге заттар Россия зауыт-фабрикаларына керек болғандықтан қазақ-қырғызды орыс халқы билеген. Ішкі Россияда, жер мәселесі дұрыс шешілмегендіктен, Түркістан, Қазақстан сияқты шет аймақтарға келімсектер келіп, отаршылық саясаты жүргізілген.

XX ғасырда күнбатыс Россияда халықтың саны өте өсіп, диқаншылық үлгілі жолға құрылған соң жерге мұқтаждық, туған жері жоқ кедейлер талай бөліншектер жасаған. Жерсіздерге жер тауып беру үлкен мәселе болған. Оларды орналастыру үшін патшашыл хүкімет жер іздеген. Орталық Россияда ең жақсы жерлер помещик ақсүйектер қолында болғандықтан, жерсіз кедейлерді орталық Россияға көшіруден патшашыл хүкімет тартынған. Сондықтан күнбатыс һәм орталық Россиядағы алғы жерсіз кедейлерді патшашыл хүкімет Россия колониясы болған Түркістан, Қазақстан сияқты аймақтарға тығып, Қазақстан, Түркістанды келімсектерге толтырып еді.

Ішкі Россиядағы алты тентірегендерді Түркістанға көшіруде ескі хүкіметтің көздеген мақсаты екі түрлі: 1) жергілікті жұрттың жерін іштегі жерсіздерге беріп, бүліншілікті тоқтату. 2) келімсектерге сүйеніп, жергілікті жұрттарды өз дегеніне көндіру еді.

Ескі хүкіметтің көздеген мақсаттары орындалмай қалған жоқ. Патшашыл хүкіметтің тұсында Түркістанға жүздеп, мыңдап келімсектер келді. Келген келімсектер алғы ғана қазақ-қырғыздарды айналдыра қоршалай, қазақ-қырғыздың көшіп, қонып жүрген ең жақсы жерлеріне, тау арасындағы орларға орналасты.

Баяғыдан бері күн көріп, тіршілік құрып келе жатқан ата-мекенінен қазақ-қырғыз жұртының іргесі көтеріліп, ел бір көшірілгенде екі-үш көшіріліп, сөзсіз шөл биік таудың басына шығарылды. Қазақ-қырғыз шаруасының түп қазығы аяқты мал шаруасы, диқаншылық болса, ол екеуінің де көкеюі - жер, су еді.

Қазақ-қырғыздың өзінің жылдан-жылға саны өсіп (әр жүз кісіге бір жылда екі кісі қосылмақ, яки елу жылдың ішінде жүз кісі екі жүз болмақ). Оның үстіне, іштен сансыз келімсектер келген соң, Түркістан жұрттары өзгеріле бастады.

Түркістанда жалпы шаруа шарттарының өзгерісі ең әуелі қазақ-қырғыз шаруасын күйзелтті. Жаз жайлау, қыс қыстау, өрісі тарылып, көшіп қонатын жолы байланып, қазақ-қырғыз су ішетін суатынан да айрылды. Қазақ-қырғыздың аяғы қысқарды. Аяқты мал шаруасы төмендей бастады. Біздің қазақ-қырғыз шаруалары малға қолдан шөп беріп әдет алған жоқ. Аяқты мал шаруасы аяғынан жүріп күнелтіп келеді. Өрісі тарылған соң аяқты

мал шаруасы талай індеттерге ұшырап бітуге айналды. Төмендеген шаруаны әсіресе жүдеткен іштен келген бұйымдар, түрлі аспап құралдар, кездемелер өте қымбат болып, аяқты малдан өнетін шикізаттардың (тері, жүн, жабағы) арзан саналғандығы еді. Сондықтан, қазақ-қырғыз қаражаты аяқты малдан өнетін өніміне жетпейтін болды. Аяқты малдың өзінің саны жылдан-жылға азая бастады. Аяқты мал арқылы күн көріп тіршілік құру қиындыққа айналғандықтан, қазақ-қырғыз халықтарының бірсыпырасы жатақ болып, диқаншылық кәсібін қолданды. Жер иелену жолына түсті. Бірақ, диқаншылық та қазақ-қырғызға жұғымды болмады. Түркістанда диқаншылық суменен байланысқан. Сусыз жерде диқаншылық қылғанменен еңбек қайтпайды. Қазақ-қырғыздың арасындағы сулы, ең маңызды жерлер іштен келген келімсектерге берілген. Қалған жерлердің жақсысын өз арамыздағы «белгілі атаның балалары» алған. Келімсектерден жер артылмай, қырғыз-қазақ келімсектеріне жер жетпей, тау басына сусыз шөлге еккенменен егін бітпей, қазақ-қырғыз кедейлерінің диқаншылығы да алға баспады. Сонда да болса, қазақ-қырғыз тіршілігіне назар салмай, шикізаттарды Россияға арттырумен отаршылық саясатын жүргізуден қолы босамай хүкімет жергілікті жұрттың тіршілік тілегін, мұң қайғысын ескере алмады.

Біздің, қазақ-қырғыз жұртының бұрын көрген жауыздықтарының ең үлкені, отаршылдықтың ең зоры - шаруа шарттарының Россияға пайдалы, қазақ-қырғызға жағымсыз болғандығынан басталып еді.

Енді тіршілік құрып халық қатарына енуіне де зор себептердің зоры, осы аяқты мал шаруасы менен диқаншылықты аяқтандыру. Жерге иелену де қалды. Алдымыздағы он бірінші Түркістан съезінде де, әңгіменің үлкені осы болды. Шаруаны көркейту, тақырыпты сөзден іске көшу қамына кірісудің жолдары қарастырылады. Өйткені, коммунистер партиясы кеңестер хүкіметінің қолға алып, керекті істердің алдына салып, қарқынды істердің ең қарқындысы санап отырған ісі ішкі һәм сыртқы соғыстың кезінде күйзелген шаруаны көтеру, байлықты молайту.

Енді кімнің болса да істеген ісі осы жағына қарай саналып, қайсы жұрттың болса да революциядан алған жемістері жұғымды болып орнықты. Жолға қойылуы шаруаны көркейту, жаңа шаруашылық саясатын жүргізу хақында ұсталығына келіп тоқтамақ.

50-60 жылдан бері қарай Түркістан тағдыры, қазақ-қырғыз тарихы Россиямен байланысып келеді. Кеңестер хүкіметі құрылғаннан кейін Россия мен Түркістан арасында жақындық күшейді. Бірақ, қай дәуірде болса да, Россияда жүріліп жатқан саясат, істеліп жатқан істің бағыты Түркістанда, қазақ-қырғыз ішінде істің жөнін өзгертпей қалған жоқ. Тіршілікке Түркістан қарсы бола алмайды. Әзіргі шаруа сақтығы да Түркістанды өз жолына салады. Сондықтан, салтымызға тәртіп шабан қимылдап шаруа сақтығына жеміс болмай, шалт қимылдап, шаруа майданында «озған алды» болып жатқан дәуірде, қазақ-қырғыз өз сыбағасына ие болмаса, келешегі қауіпті. Бірақ, кеңестер хүкіметі тұсында болмаса, қазақ-қырғыз кедейлерінің тілегі алғы орындалмай келді. Сонда да болса «иманға үш дауыста» деген.

Өткен жылы Еділ бойында аштық басталғанда Кіндік газета - журналдарында мақалалар жазылды. Түркістанда астық тегінінің аз-ақ алдында, бос жатқан жер тіпті көп екен деген дәлелсіз сөздер айтылды.

Соған істеніп Түркістанға іштен өте көп келімсектер келді. Кеңестер хүкіметі тұсында Түркістанның еркі өзінде тұрғанда келген келімсектер өте қауіпті болмаса да қатері болады.

Күнбатыс Россияда халықтың төрттен үш есесі патшашыл хүкіметтің тұсында Қазақстан, Түркістанға келген. Сондықтан қазір он да жер көп, халық аз.

Орталық Россияда Октябрь революциясынан кейін помещик - ақсүйектер, һәм шіркеу пайдасындағы жерлер бос қалған. Сондықтан, бүкіл Россияда тұқым асбапқа мұқтаждық болмаса, шіркеу мұқтаж кедей жоқ.

Россияға Түркістан, Қазақстаннан көшірілетін халық болмаса, Қазақстан мен Түркістанға ішкі Россиядан келетін халық жоқ. Сонда да болса, барлық Россияның Кіндік комитеті жанындағы құрама жер комитеті, Түркістанда бос жатқан жер көп деп түсінеді. Реті табылып келушілер болса, ішкі Россиядан Түркістанға келімсектер келтіру әңгімесін де қозғағысы келеді. Бұл сөздің қозғалуының тіпті орны жоқ. Қозғала қалса «ауру қалса, әдет қалмайды» деген осы болады. Аурудың алдын алу керек.

Қазақ-қырғыз ішінде табан ет, маңдай тері арқасында күн көріп тіршілік құрып келген жерсіз, сусыз қарақасқа кедейлер, жер берілмеген жалшылар аз емес. (Ілгергі санға қарағанда 20 - 30 проценттей келетін еді). Еңбек мөлшері менен жер беріп, әуелгі істің алдыменен соларды орналастыру қажет. Диқаншылық үшін керекті аспап құралдар тауып беріп, солардың шаруа шарттарын орнықты жолға құру керек. Еңбек мөлшеріменен үйлестірілгенде қырғыз-қазақ кедейлерінен жер артылып қалып, ішкі Россияда жерге мұқтаждар көп болса, әрине, іштен келімсектер келуіне қарсылық болуы жөнсіз. Бірақ, біздің қолымыздағы мағлұматқа қарағанда, Түркістанда артық жер жоқ. һәм іштен өз еркіменен келетін келімсектер де жоқ.

Түркістанда байлық мол, әсіресе, қазақ-қырғыз арасында, қырғыз-қазақтың өзі қадірлемейтін заттар - байлық тіпті көп. Патша хүкіметі тұсындағыдай ол байлықтарды, шикізаттарды аяқасты қылып қадірін түсіре бермей, орныменен жұмсап, оның орнына бұйымдар жер үлгертетін асбаптар, құралдар алу керек. Тіпті, Түркістанның өзінде де зауыт-фабрикалар ашып, шикізаттарды үлгерту мүмкін.

Шикізаттарды мұнан Россияға артып барып онда үлгертіп, Түркістанға қайта келтіруден гөрі Түркістанның өзінде зауыт-фабрикалар ашып, осы жердің өзінде шикізаттарды үлгерту пайдалы болатыны анық. Түркістанда зауыт-фабрикалар ашылса, қырғыз-қазақ кедейлері де зауыт-фабрикаларда қызмет етіп, ұйымдастырып кеңестер хүкіметіне сүйеніш болатыны да ашық.

Ескі хүкімет тұсында шаруа күйсіз, жайсыз тіршілік шарттары қырғыз-қазаққа өте тиімсіз болды. Қырғыз-қазақ ең әуелі байлығынан айырылды. Сондықтан, саясат жағынан да ақсады. Салақтық қылса, сол хәлге қырғыз-қазақ кедейлері тағы түседі.

Саяси азаттық жерге иелену, мал шаруасын аяқтандыру, өнімді молайту майданында бәйге алуда қалды. Азаттықтың жолы енді осы.

Тіршілікті орнықты жолға құрмай алған саяси азаттықтың жұғымы аз болады.

ҚАЗАҚТАҒЫ ҚАЛАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНЕ

(Ашық хат)

Әдебиеттің бір сүйенетін діңгегі газет-журнал екенін бұл күнде жұрттың бәрі де ұққан. Даусыз хақиқат екенін бәріміз де мойындаймыз. Газет-журнал жалпы әдебиетпен

қосылған жерде елдің қисығын түзейтін, тез - терісін көрсететін айна, ойы менен көңілін білім жарығына қарай айдайтын айдаушы екенін де тегіс ұғамыз.

Бірақ, қазақта баспа сөз шыға бастағанына бір талай заман болса да дәл әлгі айтылған тәрбиешінің міндетін атқарып, елдің бетімен рухын өзі ұғып, өзінің бетімен рухын елге үнемі ұғымды қылып, түзу жолмен аумай жүріп отырған газет-журнал көп болды деп айта алмаймыз. Бұл санды көтеретін толымды жалғыз газет «Қазақ» еді. Оның өмірі ұзын болған жоқ. Одан кейінгі шыққан газет-журнал болса, көбінесе бір қалыпта тұра алған жоқ. Не басындағы адамы ауысыды, не заманы ауысады, көбінің өмірі тіпті болымсыз, қысқа болады. Сонымен, тәуір сөздің қадірін ұғып, құлағын түріп қалған қазақ бәрінен де қана жұта алмай, әдебиеттің тәуір бұйымдарын көксеп отыр.

Бұл айтылған сөз, біздің баспасөздің ұйқын-тұйқын болып, жөндеп, шыға алмай жүрген бір дәуіріне тиісті болса, осы соңғы бір екі жылдың ішінде, тағы бір дәуір туып отыр. Бұл баспасөздің басылуы, күшейген уақыт деуге болады. Бірақ, қалың қазақтың тілегіне келгенде бұл саны бар, сапасы жоқ сөздерге ұқсайды. Өте көп, өте қиын жаңа сөздер сөйленіп жатыр. Солардың әдебиет арқылы бірде-бірі қазақтың миына іріп, рухына сіңді ме? Сіңген жоқ. Себебі, бұл сөздер суықтық қылып отыр. Елдің қышулы жерін тауып, өзінің керек боларлық орнын білмегендіктен оқушыны таба алмай отыр.

Сондықтан біздің осы күнгі баспасөзімізден арзан сөз жоқ. Бұл арада, ел біржолата баспа сөзді оқи білмейді. Надан сөз қадірін әлі ұққан жоқ деп елді орынсыз кінәлаудың қисыны жоқ.

Ежелден жазу заңы - әрбір жазушы өзіне лайықты оқушы табу керек. Әрбір әдебиет ретті әдебиет болар десе, сол оқушының ауданын үлкейту керек. Сондықтан, жазушының міндеті: ел неге қызығады, нені көксейді, қандай рухы бар, соны ұғып алу, һәм соған лайықтап сөзін жазу.

Біздің осы күнгі газеттерімізді алсақ, кейбірі бұл шарттардан біржолата таза болып аман тұр. Кейбірінің кім екені белгісіз. Көбі әрі-бері сандалуда. Сондықтан газеттерден қазіргі уақытта жұрттың көбі жамандау бөлімін ғана оқиды. Ол неден? Себебі, жамандау қазақ мінезінде өсекшілдіктің салдары. Бұл жерде газет те ел рухына жақындайды. Сондықтан ол бөлімнің оқушысы бар.

Оның үстіне, өзгешелікті қоя тұрғанда, қазіргі кейбір баспасөздерде көбіне қазақтың мақтаншақтығы шығатын болды. Бұл әдет оқушы жиюдың орнына көп жұртты баспа сөзден жирентіп барады. Осы айтқанның бәрі де әдебиеттің елге тәрбие бере алмай, я рухына жақындай алмай, ол міндетін атқара алмай жүргендігінің белгісі.

Бірақ, осымен қатар елдің қазіргі тілегіне, әдебиеттен іздейтін бөліміне (спросына) қарасақ, ол белгілі: ашық, дұрыс, бірақ тілек болып отыр. Қазірде қаладағы оқыған тобын былай қойып, қырдың көпшілігін алсақ та, солардың осы күнгі іздейтін таза әдебиеттің бұйымдары екені даусыз.

Ертеден айтылып жүретін бір сөз бар: қазақ жаратылысында беллетрист деген. Бұл қазақтың қай заманына болса да қисынды сөз, осы күндерде мұның шындығын көріп отырмыз. Таза әдебиетке өсіп келе жатқан қазіргі құмарлық осының салдары.

Сондықтан, шығып жатқан газеттердің бұндай істерге жамандау мен мақтанудан қолы тимейтін болса, оларға бетіңнен жарылқасын деп әдебиет бөлімі бар. Журналдарда елдің әлгі тілегін де еске алып, таза әдебиет ауданындағы сөздерді жазуы, жас жазушылардың

міндеті. Бұл айтылғандардан басқа екінші бір мәселе - қазақ әдебиетінің неше түрлі үлгісі болса да, әлі қалыпқа түсіп, бір тәртіпке салынған жоқ. Соған хәркімнің пікірін біліп, таза әдебиетке бір жол салу бет түзеуде, бүгінгі күннің қарызы сияқты. Бұл жерде көмекші болу тағы да біздің жазушылардың міндеті.

«Шолпанның» бетінде, осы айтылған сөздерді іске асырамыз ба? деген үмітпен басқарма, журналдың ілімі hәм әдебиет бөлімдеріне лайықты мақалаларды жіберіп тұруын қазақ жазушыларынан сұрайды.

Басқарма атынан Мұхтар Әуезов

7-АЙМАҚТЫҚ ПАРТИЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

(Басы өткен санда)

Партия құрылысы хақында жолдас Эпштейн баяндамасы

(Партия ісін түзеу, партия ісін жүргізу)

Эпштейн: жолдастар, партия құрылысы hәм партияның ішкі істері хақында бұрын екі рет кеңес болып өткендіктен мен өзімнің баяндамамды қысқартып, сол екі кеңесте қаралып өткен мәселелердің қорытындысы туралы ғана сөйлеп отырмын.

Бұрынғы партия конференцияларында яки, партия съездерінде сөйлеген сөздер шығарылған қарарлар, істелуге тиісті. Белгіленген істерге тіпті сан жетпейді, өте көп бірақ, Түркістан коммунистер партиясының істеген қатесінің ең зоры - сол қарарлар кезектегі істерін жарыққа шығармағандығы еді.

Жергілікті шарттарға, істің ыңғайына қарамай, Түркістан коммунистер партиясы тіпті түсінбестен, барлық Россия коммунистер партиясының жүргізіп жатқан істерін түгел көшіруден бүтін түк істемеген.

Кейбіреулер, кей партия мүшесі болып партия ішінде жүрсе де, сырт кісісі, партияға тіпті қатысы жоқ кісі сияқты, партия ісінен, партия хәл жайынан хабарсыз еді.

Алтыншы партия конференциясы шығарған қарарларының бір жерінде Ұлыстық партия ұйымдарын күшейту керек депті.

Облыстық, уездік партия ұйымдарының істері жөнделмей, ұлыстық партия ұйымдарын күшейту туралы шығарған қарар, қағаз бетінде ғана қалатыны анық. Шынында партия ұйымдары қарарларының көбі солай болған.

Енді бұдан бұлай партияның күш қуатына қарай ілгері шығарылған қарарлардың ішінен тіршілікке ең үйлесетіндерін ғана алып, жүзеге шығарудың жолында болуы керек.

Соңғы партия конференциясында істелген баяндамаға қарағанда, партия сұрыптауынан кейін Түркістан коммунистер партиясында, 33,5 мың кісі болуға тиіс. Февраль-август арасында партия мүшелерінің есебі алынды. Сол есептен соң Түркістан партиясында 17000-ақ кісі қалыпты. Әлі есебі алынбаған тағы 2-3 мың кісі бар шығар деп есеп еткенде де, Түркістан коммунистер партиясының 13 мың мүшесінің орны жоқ.

Ол 13 мың партия мүшелері қайда жүр? 13 мың партия мүшелері жаңа шаруа саясатына азғырылып, партияны өздері тастап кетсе керек.

Әуелгі партия сұрыптауда 10 мыңдай партия мүшелері партиядан шығып қалса, соңғы февраль-август арасында болған партия есебінің тұсында, 13,5 мың партия мүшелерінің есебі алынбаған.

Сөйтіп, бір жылдың ішінде Түркістанда 20 мыңдай партия мүшелері партиядан шығып қалды. Сондықтан, Түркістанда партия ұйымдарының да түрі өзгерілді. Өйткені, бұрынғыдай пәлен қыстаққа пәлендей партия ұйымы бар, оның пәлендей мүшелері дейтін құрғақ сөздер енді іске аспайды. Ондай дейтіндер болып партияның қазіргі хәлін білмегендікке келіп тоқтайды.

Енді қолға алып, кезектегі істердің алдына салатын жұмыссыз партия ісін түзеу, партияны жинастыру һәм ауыл, қыстақтардан бастап партия мүшелерінің есебін алып партияны ұйымдастыру мәселесі.

Енді бұдан бұлай қарай ауыл һәм ұлыстық партия ұйымшалары тарқатылып, барлық күш-қайратты уез, һәм облыстық партия ұйымдарын күшейту жолына сарп ету қажет.

Кіндік комитеттің аудандық, һәм болыстық партия ұйымдарын тарқату керек деген пікіріне, қарсы кісілер бар сияқты көрінеді. Сондықтан, осы тақырыпты бір, екі ауыз сөз айтып өтейін.

Кейбір уездерде партия ісі өте нашар. Өйткені, партия басында отырған кісілер партия ісін істеп үйренбеген. Мағлұматы аз болғандықтан көп қаталатады. Уезден партия ұйымдарында істеуге кісі таба алмай, табылғандары істей алмай жүргенде, аудандық, ұлыстық партия ұйымдарында істеу үшін кісілерді қайдан табамыз?

Кіндік кеңселерінде істеп жүрген төрт, бес жолдастарды шетке жібере алмаймыз. Сондықтан, ілгергідей ауыл ұлыстарында, партия ұйымшалары болсын деген пікір тіпті орынсыз әңгіме. Ұлыс, һәм аудандық партия ұйымдары бітіріліп, оның орнына мықты уез, облыстық партия коммунистерін күшейту керек. Енді бұдан былай қарай, партия ұйымшаларын бір біріне шағыстырып, санын азайтып, маңызын молайту керек. һәм бірнеше партия ұйымшаларының ісін басқару үшін партия үгіттеушілері ұйымдарын ашып, солар арқылы партия хәлі тақырыпты мағлұмат алып, партия ісін түзетуге мүмкін. Бірақ, бұл оңай әңгіме емес. Бұны жүзеге шығару үшін кісі керек. Әзір басы бос кісі жоқ, бірақ партия құрылысы керекті ісіміздің ең зоры болғандықтан, шаруа ісінде жүрген жергілікті жолдастардың кейбіреулерін осы жұмысқа қатыстыру қажет. Партия ісін түзетпей, кеңестер кеңселерінің жұмысы, шаруа хәлі тіпті өзгермейтінін өткен тәжірибелерден көріп отырмыз.

Екінші назар салатын ісіміз - партия мүшелерінің тәрбие жағы. Партия мүшелері есебін алғанда жиналған мағлұматқа қарағанда партия мүшелерінің көбі 40-жастан жоғарғы хат танымайтындар, 44 процент дені жолда жүргендер екен. Сондықтан, бізге керекті ісіміздің ең зоры - партия мүшелерінің тәрбие жағын көтеру. Бірақ Түркістанда партия мүшелерін тәрбиелеу тақырыпта ресми жолдар қолданса, мақсат орындамайтындай көрінеді. Сондықтан, жергілікті жұрттарға қарай партия молайту үшін, жаңа өспірім жастарды тәрбиелеу ісін көбейту керек.

Түркістанда 120 сауатсыздықты жоятын, 45-тей орта дәрежелі мектептер бар деп жолдас Паскуцкий баяндамасында айтып өтті. Халық ағарту ісі өте нашар екені де сөйленді. Бірақ, халық ағарту ісі дұрыс жолға салу хақында партия ұйымдары не істеді екен?

Түк істеген жоқ деп, айтсам қате деушілер де болмас. Түркістанда шаруа жұмысын білім жағынан жөндіктіру, һәм қыстақтарда партияны ұйымдастыру туралы кезекте тұрған талай істер бар. Оған біз әлі бір, екі жылсыз кірісе алатын емеспіз. Өйткені, оны орындау үшін кісі керек. Оны орындайтын кісілер тәрбие, һәм халық ағарту ісін күшейтумен даярланады. Халық ағарту ісін күшейту үшін дүние керек. Дүние біздің қолымызда қазір жоқ. Сонда да болса, ішкі Россияда ағарту істері тақырыпты жүргізіліп жатқан кейбір жолдарды қолданып, Түркістанда, ауыл қыстақтарда ағарту жағын күшейту ісіне кірісуіміз керек.

Түркістанда партия мүшелері, жоғарғы партия ұйымдарының бұйрық - жарлықтарын айтпай орындап тұруды әдет алмаған. Партия мүшелері арасында жоғарғы партия ұйымдарына мойынсұнып, солардың бағыты назарын ғана қолданып жүргендер өте аз. Партия мүшелері мұндай мінездерді тастап, жоғарғы партия ұйымдарының айтқандарын тегіс қабыл алып, сөзсіз орындап тұрулары керек. Жаңадан партия мүшелері арасында, сондай сезімдерді тудыру қажет.

Түркістан коммунистер партиясы ішінде топшылдық сияқты жаман мінездерде бар. Партияның ыңғайламайтын партия мүшелері арасындағы сондай жаман мінездерді қалдыру жолында болу керек. Ондай мінездер қалдырылуы үшін партия мүшелерінің бетін шаруа істерін түзету жағына аударып, партия мүшелерін әңгіме сөзден қашық ұстау қажет.

Осы сияқты жолдар қолданылса, партия мүшелері арасында топшылдық мінездерде бітуі мүмкін деп жолдас Эпштейн сөзін бітірді.

Қалада һәм ауыл қыстақтарда істелуге тиіс кезекті шаруа істері хақында жолдас Паскуцкийдің баяндамасы

Паскуцкий: Жолдастар! Мен ауыл, һәм қыстақтардағы шаруа істері хақында сөйлеп, қандай жолдармен шаруашылықты көтеру тақырыпты да айтып өтемін.

Бұрынғы біздің қатеміздің ең үлкені шығарылған қаулылардың көбісі жүзеге шықпай қалғандығы еді.

Әзіргі жиылуымыздың мақсаты, Кіндікте һәм жер-жерлерде қандай істер істеліп жатқандығын тексеру ғана емес, өйткені, ол біздің әрқайсымызға белгілі іс.

Біздің алдымызда тұрған мәселе - келешекте қай жол, қандай тәртіппен кеңес кеңселерінің жұмыстарын, әсіресе шаруашылық істерін жөндеу мәселесі.

Өткен конференцияларда қаралған мәселелердің ішінде мынадай мәселелер бар еді: 1) Аяқты мал шаруасы; 2) Халық - ағарту жұмысы; 3) Диқаншылық ісі.

Осы айтылған үш түрлі мәселелердің қайсысы болса да, сауда жұмысы жалпы шаруашылық ісі жөнделмей, жүзеге тіпті шықпайды. Жаңада, осы мәселелердің шешілуіне қарай, диқаншылық жұмысы тіріліп, Кеңес хүкіметінің ішкі һәм сыртқы саудасы күшейіп, тұрмысын түзеу жолға түседі.

Аяқты мал шаруасы һәм су жұмысы туралы жолдас Асфендияров толық мағлұмат бермекші. Сондықтан, бұл мәселелерді мен қысқа ғана қағып өтпекшімін.

Шаруа ісі хақында өткен жылы біздің шығарған қаулыларымыз жалпы бітіміміздің дұрыс екенін көрсетті. Бірақ, ол қаулылар жарыққа шыққан жоқ.

Қолдан су шығару жұмысы хақында съездерде сөйленген сөздерден басқа көзге көрінген іс істелген жоқ. Өйткені біз құрғақ сөзге ғана қанағаттанып, су жұмыстарын ретке салу хақында белгілі бір тәжірибеге таянып, күшімізді есептеп, ақша мәселесін бір тәртіпке салып, іске кіріспегендігіміз болды.

Өткен жылы қолдан су шығару ісіне арналған ақшадан 13%- ақ жұмсалған.

Әрине, бұл қалыппен іс жөнделеді деуге болмайды.

Әзіргі біздің міндетіміз, ақша мәселесін жөндеп, жұмыскерлер тауып қолдан су шығару ісін көркейту болуға тиіс.

Бір қолдан су шығару туралы - өте керекті ғана жерлер мемлекет қолында қалып, қалғандары жер-жерлердің ықтиярына берілуі керек көрінеді. Солай болғанда, мемлекеттің қолында 15-ке жақын қолдан су шығарылатын үлкен орындар қалады. һәр облыс, уездерде керекті саналған жер жерлерде, қолдан су шығару жұмысы өз бетінше істелуі тиіс. Су жүретін жолдарды тазалау, суды болу істері дихандардың өз қолдарына берілуі керек. Өйткені, ол іс сол дихандардың қатысымен ғана түзелетін ісін, бұдан бұлай біздің жұмысымыз. Осы тәртіппен жүрілсе, қолдан су шығару жұмысы көркейіп, бұрынғы жылдарда суғарылатын 2.400.000 десятина жерге тағы су жеткізу мүмкін. Бірақ, кімдермен бірігіп істеп, кімдер бізге сүйеніш бола алады. Мінекей, алдымызда тұрған мәселенің үлкені осы.

Партия ісіне ішіміздің тәжірибесі мол, қайратты жолдастарды шығаратынымыз сияқты, қолдан су шығару ісіне де қолынан іс келетін жігерлі азаматтарды жегу керек. Сөйтіп, бір жағынан бюджет (мемлекеттің шығысы һәм кірісі) ісі жөнделіп, екінші жағынан айтылған жолдар іс жүзінде қолданылса, қолдан су шығару жұмысы көңілдегідей болатыны анық.

Жер комисариатының алдында тұрған үлкен міндетті істерінің бірі, жер пайдалану ісін тәртіпті, мәдени жолға қою болуға тиіс. Бұл туралы істелетін жұмыстың зоры - тұқым даярлау ісі. Астық жетпей, жер пайдалану ісі тәртіпті жолға қойылмай тұрғандықтан зор себебі тұқымның аздығы. Сондықтан тұқым даярлау ісіне қатты кірісу қажет.

Ендігі мәселелердің ең зоры - диқаншылыққа керекті асбап - құралды даярлау.

Осы айтқан істерді жарыққа шығару үшін ұсақ қол кәсіпшілеріне әртүрлі жолдармен жәрдем беру керек. Өйткені диқаншылыққа керекті асбап - құралдарды даярлайтындар ұсақ қол кәсібінде жүрушілер болады.

Диқаншылыққа керекті көлік, тұқым, түрлі асбап - құралдар туралы ең әуелі Ферғанаға жәрдем беруіміз тиіс. Осы күнде Ферғана үшін даярланған 1200 бас өгіз бар. Бұдан бұлай оның санын көбейтуге тырысу керек.

Диқаншылық туралы алдымызда тұрған мәселелердің ең зоры - тұқым даярлау, диқаншылық үшін керекті асбап - құралдарды табу. Егінге зиян келтіретін заттарменен

күресу жұмыстары осы айтқан істерді тіршілік жүзінде жүргізу үшін диқаншылық жұмысын жақсы білетін агрономдарды іске салу керек.

Енді осы жұмыстарды жарыққа шығару үшін ақша керек. Жаңа да дихандарға жәрдем ету ісін белгілі бір жолға салып, еңбекшілердің тері болса кетпейтін жағын қарастыру қажет.

Шаруашылық хақында енді қалған мәселенің үлкені майда қол өнерін түзету ісі Түркістанда кәсіп орындарын мықты ұстап, көп пайда келтіретін жағын қарастыру, халық шаруашылық кеңесі зор міндеттерінің бірі. Сөйткенде ғана, кәсіпорындарынан жер байлығынан он триллионға жақын пайда түседі.

Өткен жылы шаруасы жөндікпеді, хүкімет пайдасын бір жаққа тастап, өз пайдасын көздеп кетті. Сондықтан, ең әуелі шаруа орындарында ұйымдар басында тұрған адамдарды сұрыптап, Кеңес хүкіметіне пайдасыздарын шығарып тастау керек.

Біздің екпінді жұмыстарымыз - қарқынды тау байлықтарын пайдалану ісін тәртіпті жолға салу еді. Ол туралы алғы зияннан басқа іс жүзінде түк істелген жоқ.

Ендігі қалған мәселелердің ішінде ең күштісі - халық ағарту ісі. Халық ағарту комисариатының қарамағанда қалдырылған мектептер, оқу орындары үшін хүкіметтің беріп тұрған жәрдемі аз. Ол жәрдеммен қолымыздағы мектептер, оқу орындарын сақтап қалу қиын. Ел ағарту комиссариятына қазіргі күнде (22 - жылдың ақшасымен) 70 млн ақша керек. Ел ағарту комиссариаты ол ақшаның 2/3-ақ алатын болып отыр. Бұдан былай халық ағарту комиссариятына назар салып зор жәрдем берілмесе, 42 мың бала, 6800 оқытушы тарқалатын көрінеді. Сөйтіп ел ағарту ісі тіпті бітетін сияқты.

Сондықтан, қалай болса да, ел ағарту комиссариятына ақша, дүние жағынан іс жүзінде жәрдем етуіміз өте керек. Бюджет мәселесін шешіп ақша табу, шаруа ұйымдарының ісін жөндіктіру тақырыпты сөйлеп отыруда керек көрінеді. Бюджет тақырыпты біздің жұмысымыз азырақ дұрысталған сияқты. Бюджет мәселесінде бірінші орында тұрған астық салығы еді. Барлық бюджеттің 65% астық салығына түседі.

14-сентябрьге шейін біздің қолымызға бір пұт та астық түскен жоқ еді. Бірінші октябрьге шейін бидай есебіменен 3 млн. 800 мың пұт астық түсті.

Салықты түгел жинау туралы алдыңғы қатарда тұрған Самарқанд, екінші Түрікпен облысы. Самарқанд облысы барлық салықтың 50% төледі.

Біздің алдымызда тұрған қарқынды жұмыстардың ендігі қалған 90% астық салығын түгел жинау мәселесі.

Ақша мәселесі туралы хәліміз өте нашар. Түркістан хүкіметінің барлық кірісі 3 млр, шығысы 6 млр-тан артығырақ (барлығы да 22-жылғы ақша есебімен). Сондықтан, қандай жолдармен болса да ақша табу реттерін қарастыруымыз өте қажет.

Құлақты түре тыңдайтын әңгіменің бірі - Кеңестер құрылысы. Өйткені ағарту шаруашылық, кәсіп істерінің кеңестер құрылысыменен байланысы мол.

Бұрынғы конференцияларда Түркістанның жалпы жиылыстарында кеңес құрылысы хақында көп сөйленіп еді. Бірақ, шығарылған қарарлар жарыққа шыққан жоқ. Кеңес кеңселерінде осы күнге шейін ісі бір қалыпта келеді. Бұрынғыдай мекемелер жұмыссыз қаңғырып жүрген, керексіз кісілер тіпті көп. Әртүрлі залымдар, бұзақылар да жеткілікті.

Олар кеңес хүкіметінің шаруашылығы күйзелгендігіне, тұрмыстың ауырлығына қарамастан өз білгендерін істеп жатыр. Анық іске беріліп, белсеніп қызмет ететін ақжүрек қызметкерлер аз.

Сондықтан, Кеңес кеңселеріндегі шенеуніктердің 50% шығарып тастау қажет. Қазіргі қызметтегі 14 мың кісінің 7 мыңы қалып, басқалары шығарылса да, іс тіпті тоқтамайды. Сөйтіп, Кеңес кеңселерінде қызмет етушілерді сұрыптап, тазаларын ғана қалдыру керек. Жоғарыда айтылған істерді жарыққа шығару үшін барлық күш қуатты жұмсау қажет. Әйтпесе, шығарылған қарарлар қағаз бетінде ғана қалады деп, - жолдас Паскуцкий сөзін бітірді.

Жолдас Асфендияров баяндамасы

Жолдастар! Мен, сіздерге жолдас Паскуцкий баяндамасында қозғалған жер пайдалану, аяқты мал шаруасы, қолдан су шығару мәселелері тақырыпты толығырақ сөйлеп өтпекшімін.

Жер реформасы хақында толық сөйленіп өтуді лайық көремін.

Жер реформасы ең әуелі көшпелі, жарым көшпелі жұрттардың отырған жерлерінде жүрілуі тиіс еді. Бірақ, 20-21-жылдары жүрілген жер реформасы шаруа жағынан әлі мықталған жоқ. Қазіргі біздің алдымызда тұрған мәселелердің үлкені - жер реформасы. Жүрілген жерлердің шаруа жағына назар салып, жаңа шыққан еңбек мөлшері менен пайдалану заңының түпкі мақсатын халыққа аңлату.

Еңбегі менен жер пайдалану туралы, бүкіл Россиялық Кіндік комитетінің шығарған заңы жергілікті халықтың жұмыскер дихандарына тиімді һәм пайдалы.

Жаңа жер заңына қарағанда, еңбек мүшелері менен жер пайдаланған диханға ешкім зорлық-зомбылық істей алмайды. Сондықтан, жұмыскер дихандар өз қолындағы жерлеріне өздері ерікті, һәм бөтендердің араластығы болмайды.

Бүкіл Россиялық Кіндік комитеті шығарған жер пайдалану туралы заңды жүзеге шығару ретінде, Түркістанда мынадай үш түрлі тіршілігі бар халықтар мен істес болуымыз мүмкін: Жатақ жұрттар (өзбектер), көшпелі, һәм жарты көшпелі елдер (қырғыз-қазақ), бұл үш түрлі тіршілігі бар жұрттардың жер пайдалануы түрлі-түрлі болса керек.

Көшпелі тұрмыстан жатақтыққа өткен елдерге қыстақ салу үшін жер берілу тиіс. Жарты көшпелі елдерге қыстақ салу үшін жер беріліп, оның үстіне жаз жайлау берілу керек. Таза көшпелі елдерге жаз жайлау, қыс қыстау һәм егістік берілгенде ғана тіршіліктері түзеледі. Тіршілік жүзінде осы істерді орындайтын Жер-су комисариаты еді.

Жер-су комисариаты өз міндеттерін атқару үшін ол істерге 22-жылдан бастап кірісті. Қағаз жүзінде барлығы істеліп бітті. Енді жарыққа шығаруы тиіс.

Жер пайдалану, жерге орнықтыру ісі Қарақол уезінде біткен сияқты. Бірақ, Ақсу ауданында, қалалар айнасында, Сырдария облысының ескі уезінде, жаңада Жалалабад, үш уездерінде жерге орналастыру ісі, енді басталмақшы. Жерге орналастыру ісіменен қатар, 16-жылы жерден айрылған қазақ-қырғыздардың жерін, өзіне қайтарып беру ісіне кірісу керек.

Осы жұмыстарды жарыққа шығару үшін кісі керек, ақша керек.

Енді қалған мәселелердің зоры - қолдан су шығару жұмысы. Қолдан су шығару жұмысының хәлі өте нашар. Өйткені, өткен жылы көп жерлерді су басып, су жүргізілетін жолдар үлкен апатқа ұшырады. Бұдан былай да, су жұмысының хәлі осындай болуы мүмкін. Бірақ, осындай апаттардан құтылып, егістерді суғаратын жолдарды арық-атыздарды сақтап қалу үшін, көп ақша керек.

Біздің, биылғы жылы сұраған ақшамыздан 13% берілді. Бірақ, сұраған ақшадан 13%-ақ берілген соң әрине жұмыстың алға басуы қиын.

Қолдан су шығару туралы - жергілікті атқару комитеттеріне, ауыл кеңестеріне кең құқық беріліп, өздерінің һәм дихандардың тәжірибесіне сүйеніп іс жүргізілуі керек.

Жерге орналастыру, һәм қолдан суғару істерін тәртіпті жолға салу, екпінді жұмыстарымыздың қарқындысы болғандықтан, біздің барлық күш қуатымыз осыларды жарыққа шығару үшін жұмсалуы қажет. «Тұқым даярлау ескеретін іс» деп, жолдас Паскуцкий өз баяндамасында айтып өтті. Оның керек іс екені рас. Бірақ жиналатын тұқымның таза болуы да ескерілетін іс. Өйткені егіннің нашар болуының үлкен себебі, тұқым нашар болғандықтан. Диқаншылыққа керекті асбап - құралдарды даярлау жұмысы да, үлкен міндетіміздің бірі.

Жер-су комиссариатының осы уақытқа шейін барлық облыстарға үлестіргені 1639 соқа, 143 шалғы. Ол, асбап - құралдар дарияға талқан болмайды. Бірақ қазіргі шарттарға қарағанда, диқаншылыққа керек асбап - құралдарды шеттен іздемей-ақ, өз ішімізде даярлау қамына кірісуіміз пайдалы көрінеді.

Айтылған жұмыстардың жарыққа шығуы үшін ауыл кеңестері, аудандық һәм уез атқару комитеттері белсеніп іске кірісуі керек.

Тұқым сақтау, қолдан су шығару, арық-атыздарды тазарту сияқты майда істерді, жер-жерлердегі атқару комитеттеріне тапсырмай іс түзелмейді.

Шаруашылық кооперациясы һәм несие ақша беретін ұйымдар туралы да, бір, екі ауыз сөз айтып өту керек көрінеді.

Өткен жылы, 1400 несие ақша беретін ұйымдар бар еді. Олардың көбісі жергілікті халық арасында еді. Осы несие ақша беретін майда ұйымдар, шаруашылық кооперациясын жөндіктіру туралы негізгі мақсатымыз болуға тиіс.

Жоғарыда айтылған жұмыстардың жүзеге шығуы үшін партия ұйымдары, Кеңес хүкіметі, іске салқын қарамай, барлық күш қуатын сарп етіп, жұмсауы керек деп жолдас Асфендияров баяндамасын бітірді.

7-аймақтың партия конференциясында қаралған мәселелер, істелген баяндамалар хақында сөйлеушілер көп болса да, олардың сөздері басылған жоқ. Өйткені сөйлеуші азаматтардың сөздері конференцияда шығарылған қарарлар мен істелген баяндамаларға келіп тоқтады.

Түркістан Коммунистер партиясы барлық мүшелеріне арнап жазылған ашық хаттың жобасы (1 - санда басылып шықты) оқылып, қабылданғаннан соң, 7- аймақтың партия конференциясы 21 - октябрьде кешкі сағат 10 - да жабылды.

Коммунист партиясының һәм Кеңес хүкіметінің Түркістандағы кезекті мәселелері туралы қаулы

Англия жиһангерлеріне іздегенге сұрағандай, Түркістан һәм Орта Азияның ешкімге қосылмай жеке болуы тақырыпты баспашылардың айқайлап жүрген саяси орындары, қара бұқара қалың халықпен қосталмағандығын баспашыны жоғалту жұмысының жүрісі көрсетіп отырғанмен де, жалпы әскери-саяси тәртіп Орта Азияда бұрынғы күйде қалды.

Баспашыларды қолдап һәм бастап, жұртты бүліншілікке салып, шаруашылық бүліншілігін зорайтып, өте-мөте Самарқанд пен Ферғанада Англия адамдары жұртты бүлдіру жұмысын жүргізіп отыр.

Сол себепті біздің алдымызда баспашыны құрту мәселесімен қатар ұзыны мен көлденеңі бірдей болып Түркістанның шаруашылық орнату мәселесі тұр.

Қазы һәм би орнату мұсылмандарға уақыф жерлерін қайтару, қара бұқараны баспашымен күреске қатынастыру һәм осы секілді неше түрлі саяси әдістер бірден қара бұқараның назарын біздің жаққа аударды. һәм қара бұқара, баспашылардың қалдығы мен сөзсіз күреске белсеніп шықты.

Россия коммунист партиясы Кіндік комитетінің Орта Азия бюросының, һәм Түркістан коммунист партиясы Кіндік комитетінің көрсеткен жолдары бойынша шыққан нәтижені бекіту үшін һәм Түркістан байлығын бұдан былай қарай қоздыру ойымен Рудзовтың жолдастық баяндамасын тыңдап болған соң, Түркістан коммунист партиясының 7 - аймақтық конференциясы қаулы шығарды:

1) Баспашыны тас-талқан қылып, таза бітіргенше соғысты тоқтатпай соза беру, халықтың тыныштығын, һәм татулығын көздейтін жалғыз ғана Кеңес хүкіметі екендігін халыққа сендіру керек. Бұдан былай қарай халыққа қаһарлы болып, һәм өтірік хабарлар таратқызбау үшін Кеңес хүкіметінің күші жоқ. Біздің жазаландыруға деген секілді баспашылардың бастықтарын аямай, жазаландыратын қатаң жоба шығару қажет.

Соңғы айлардағы баспашылардың жеңілуі тұтынған саяси әдістерінің тұрмысқа қолайлылығын көрсетеді. Баспашылармен күрестегі жергілікті милициялардың қайраттарын ескертіп, конференция бұл күреске еңбекқор халықтың көбірегі кіріп, һәм татулыққа тезірек жетуге тырысу ретінде қызыл әскермен бірге қосылып кетуі мүмкін деп санады.

Олай дегенмен де, өте қарау керек. Жергілікті халықтардан бөлген әскер шаруашылығы бөлінген, дихан халықтың күшіне тиіп кетпеуін, сол себепті әскердің шамасы өте белгілі болу керек. Сол әскер тұратын аймақтың һәм уақыттың анық соғыс тұрмысына қарай, милиция әскерлерінің тәрбие һәм саяси қолдануларын күшейтуге конференция партия ұйымдары міндеттендірді. Қызыл әскердің қимылы туралы таралатын өтірік хабарлар мен күресудің қажеттігі туралы Россия коммунист партиясы Кіндік комитеті жобасының бабына партия ұйымдары өте айрықша назар салуы керек. Қызыл әскер адамдарының тыныш отырған халыққа тиген жәбірлері хақында естілген әрбір хабарларды анықтап, біліп отыруға барлық ұйымдардың бәріне де қатты міндет етіледі. Өтірік һәм өсіріп хабар бергендердің барлығы да жауапқа тартылуға тиіс. Бір ғана партия тәртібімен емес, һәм сот тәртібімен де, олардың қызмет тәртібіне қарамастан.

Қызыл әскердегі саяси жұмыскерлердің, бәрінің назарына салады. Конференция еңбекшіл халықтың дүниесін сақтау, һәм тұрмысының бөлектіктеріне өте сақтықпен жақындасу жағына тәрбиелеумен күшеюдің қажеттігін.

2) Партия һәм Кеңес жұмыскерлеріне білу керек, әскери еңбектер дұрысталып орнығуға мүмкін. Егер бұзылған шаруашылықтар сонымен қатар көңілдегідей орнатылған болса, әсіресе алдымен ауыл шаруашылығы.

Апат тигендей болып шегерілген себептің ауданын ұлғайтуға барлық күшін салу керек.

Осы ниеттермен жер бейнетқорларын көшіруді һәм бір жерден, бір жерге қондыруды қысқарту қажет. Саяси реттермен, я болмаса жаза ретінде қолға алынып жатқан, егер мемлекетке закон бойынша міндетін атқарса, еткен еңбегінің жемістерінде ешкімнің делосы жоқтығын сендіретін дихан мен қара шекпенге шарт жасау керек. Осы үйлермен ескі орындарына қайта орнауға тырысқан талаптарына бас көтертпеу керек. һәм дихандардың шаруашылығына бөлінген, я болмаса баспашыға ұрынғанға жәрдем беру өте қажет.

3) Бұл ниеттерді, тығыз жүзеге шығару Кеңес мекемелерінің жайына қарай болатын мәселе. Кеңес мекемелерінің істеген істеріне көз айырмай қарап отыру керек. Әсіресе, орындарда хүкімет адамдарының әрбір қимылы халыққа соқтығып отыратын жерлерде.

Кеңес мекемелерінен аямай қылмыстыларды һәм қылмыстыларға пана болып жүргендерді қуып шығу керек. Жаңа ешнәрсе істемейтіндерді міндетті жұмысына һәм халықтың мұң мұқтажына қалай болса, лас ұры қалайтындарды да қуып шығу керек. Осы көзқараспен барлық Кеңес мекемелерінің қатарын қарап өту қажет. Болыстан, һәм уезден бастап хүкімет орындарының тазарғандығы, еңбекшіл қара бұқараның өздерінің ұмтылуларына мүмкіндік беріп, һәм оларды мемлекет құрылысына қатынастырғандай қылып соғыс шарттарына қарай жүзеге шығаруға болатын жерлерде дұрыс Кеңес сайлауларына шығуды қажет деп тану керек.

4) Мұның бәрі де Түркістан Коммунист париясының қатарында қатысты бірлікті сақтауды талап етеді.

Қатаң партия тәртібін орнату қажет. Һәм кішкене болса да тәртіпті бұзғандардың барлығын бұлтартпастан партия жолымен жауапқа тарту керек. Партияның һәм Кеңес хүкіметінің жары болып саналмақшы. Кімде-кім жалпы партия мақсатын жеке топтардың мақсатына бағындырғысы келсе, кімде-кім партия ішінде топ күресін ашса.

Партия жұмысын күшейту қажет. Алдымен жергілікті партия ұйымдарында, партияға қол емес қатардан кіргендерді тазалау жолымен, һәм өзінің уақытында партия тәрбиелеу жұмысын күшейтіп отаршылық бейімі барлардың қалғандарын партиядан айдап шығу керек. Жаңа ұлтшылдық мінездеріне көнуге жол бермеу керек.

Тату қызметпен, бірлескен партия майданымен құшақтасып қатты тәртіппен һәм, ішкі біріккендікпен коммунист партиясы жоғарғы белгіленіп өткен тәжірибелі мәселелерді орындауға кірісуге тиіс.

Қалада һәм ауылда істелетін кезекті істер тақырыпты баяндама туралы қарар

Бірқатар партия кеңестер топтары, конференциялары Түркістан республикасында кеңес құрылысы, һәм шаруашылық - ұйымдастыру мәселелері тақырыпты өздерінің уақытында

негізгі мақсаттарын белгілеген. Россия коммунист партиясы Кіндік комитетіне жіберілген январдағы хат, һәм соңғы Түркістан коммунист партиясы 6-конференциясы, Түркістан коммунист партиясы алдында бүтіндей бір тәжірибелі жұмыстардың жобасын жайып, жоғарғы айтылып кеткен мақсаттарды жеткілікті қылып башалады.

Бірақ, шынына келіп дұрыс болған нәрсеге баға бере бастасақ, белгіленген шаруашылық жоспарынан һәм кеңес құрылысы мақсаттарынан іс жүзінде орындалғандары өте аз.

Түркістан еңбек құр қара бұқарасының тұрмыстарында аз да болса ілгеріленген нәрсе көрінбейді. Кіндіктегі һәм орындардағы мекемелер бой сүйсінтетін шебер жұмысқа жарамай отыр. Өте епсіз икемі жоқ, һәм қара пейілділермен кірленіп қалған. Шаруашылық тұрмысының негізгі бөлімдерінде бір қадамды едәуір кейін қарай шегеріп салып отырмыз (тау кәсіпшілігі оқу жағынан).

Ал ендігі кезекті мәселе жаңа жобалардағы жоспарлар емес. Бұрыннан жобаланып - жоспарланып қойылған керекті мәселелерден қазіргі қаражатымызға қарай шығындап, ең керектерін алып, солардың дұрыс орындалуына партияның барлық тәуір күштерінің, мемлекет орындарының һәм қауымшылдық ұйымдарының назарларын салуда.

Түркістан коммунист партиясы конференциясы Түркістандағы шаруашылық жұмысының ең негізгі һәм кіндігі ауыл байлығын орнату, мәдени қымбат байлықтарды гүлдендіру, бәрінен бұрын мақта һәм мал бағу жұмыстарын орнату деп танып отыр. Кеңес жұмысына келгенде конференция халық ағарту, сот һәм ел билеу жұмыстарына үлкен назар салу керек деп санайды.

Осының үшін Түркістан коммунист партиясы 7-конференциясы төменгі шараларды белгіледі:

Жерге орналастыру ісінде әрбір дихан һәм қара шекпен, көшпелі һәм шала көшпелі отырған жеріне өзі ие екенмін деп сезіп һәм өзінің шаруашылығының гүлденуіне, ілгерілеуіне ықыласты болғандай қылып, ең алдымен құқықтар ажасы орнатылуы керек. Бұл күннен бастап зорлап бір жерге қондыру һәм көшіріп жіберілудің болмайтындығын қатты сенімге шығару қажет. Һәм бұдан былай қарай жер жұмыстары, еңбек пен жер пайдалану туралы шыққан негізгі заң тәртібімен шешілешек. Бұл заңның қысқаша қорытындысы һәм пайдасы жер жерге тегісімен таратылашақ. Осы уақытқа дейін шешілмеген жер тартыстары қысқа уақытта шешілуі керек. Ал енді халық Жер-су комиссариаты һәм оның жергілікті орындары жеткілікті ыңғайлық көрсету керек.

Мұнымен қатар көп сөз байлауға жібермей һәм насырға шапқызбай, жер жаңалығы заңмен қозғалып, ыңғайлап қойған жерін алмаған қара шекпендер һәм көшпелі қазақтар бұрыннан жерге орналастырылуға тағайындалып қойылған мемлекеттің бос жеріне орналастырылуы керек.

Мал өсіру ісінде көшпелі мал өсіру шаруашылығы тұрмысы, тебіндік жермен һәм қысқа жетерлік пішен заттарымен байланысуы болуы себепті һәм жаратылыстан, шаруашылықтың бұл түрінің егін салатын аймақтардан бөлек айрықша жерде болатындығы үшін бұл шаруашылықтың пайдасына тиісті аймақтардан жер бөліп бекітіп беру. Негізгі жерге орналастыру жұмысын жүргізу, аралас шаруашылықтың түрін кеңейту үшін жақсы шарттар туғызуға бейімделген. Һәм пішен, су мәселелерін шешу жұмысында жәрдем жасау, шаруашылығын кеңейту ретінде керекті саймандар һәм қаражаттар жеткілікті қылып беру жұмыстарын бұл күнгі кезекті мәселе деп санау керек.

Жер суару ісінде мәселені қойғанда қолдағы қазіргі барды сақтау деп қою емес. Соғыстан бұрынғы суғарылып жүрген жерді қайтадан орнату деп қою керек. (2 млн 400 мың десятина). Осы оймен өндірілуге белгіленген жұмысты дұрыстап, халық Жер-су комиссариатының Кіндік мекемелерімен һәм жергілікті шаруашылық кеңестері арасына болу керек. Белгілі жер суару түрлерін һәм бұзылғандарын түзеп, жаңадан салатындарын салып, жаңа бір қалыпты су пайдаланып тұру жұмыстарын алдыңғыға қалдырып, жергілікті күшпен істеуге беріліп, бірақ, шаруашылық кеңес қарауында тұрған істердің уақытында орындалып тұруын тәптіштеп тұруға Түркістан шаруашылық кеңесі міндеттелінеді. Ақша керек заттар һәм жұмыскерлерді жеткілікті қылып беріп тұру ретінде орнату жұмыстарын қатаң жоспар ретінде жүргізу керек. һәм дегендей тағайындалған уақыттарында, жер суару жұмысына белгілі бір жұмсайтын ақша тағайындап қою керек. Ал, қаражаттың өзін мемлекет салығымен байластырып, салық ретінде жию керек. Түрікмен облысына су жеткізудің қиындалғандығы үшін бұл облыстың су жұмысын Қызылбастың кейбір аймақтарымен тезірек жарыққа шығару үшін Россия коммунист партиясы Орта Азиядағы бөліміне берілсе екен деп Россия коммунист партиясы Кіндік комитетінен сұрау керек.

Жер турасында ілгерілетудің негізгі шаралары, мыналар болу керек: а) тұқым қорын ашу (мемлекеттің һәм қауымдық), таңдаулы тазаланған (еленген) һәм азық, мақта өсімдіктерінің тәуірленген тұқымын көбейту; б) ауыл шаруашылығы саймандарын сатып алып, бұзылғандарын жөндеткізуді ұйымдастыру; в) егін, пішенге зиян кірделермен күрес ашу, мемлекет тарапындағы шаралармен һәм ауыл шаруаларының өздерін кірістіру жолмен; г) жер бөлімі - жәрдемі, жер бөлімі - үгіті арқылы қалың қара халықтың ортасында жүргізуге қиындығы жоқ жер бөлімі шараларын ұйымдастыру.

Орман байлығы ісінде һәм орман өсіру жұмыстарына мүмкіндік болғанша халық Жер-су комиссариаты мекемелерінің назарын орманды дұрыстап сақтап, бір күйде пайдаланып тұруға аудару керек. Жер-су құралдарының түзеу жұмысы һәм егін, пішен зиян кірделерімен күресу жұмысы уақытында толық болып жүргізілуі тиіс. Соғыс жұмысы тәртібіндей һәм жыл сайын істелген жұмыс туралы кіндікке хабар беріп тұру керек. Конференция жер суару жұмысына һәм ауыл шаруашылығы зиянкерлерімен күресуге жұмсалуға қойған қаражатты басқа нәрсеге жұмсауға болмайды деп таныды.

Осы ірі шараларға кіріп партия конференциясы тұрмысы нашар шаруаларға келісті жәрдем беру қажет деп тапты. Әсіресе, жерге орналастыру уақиғаларында туған һәм бұдан былайғы шаруалар мал өсіру, жер жырту, жер суару, һәм хайуан өсіру жұмыстарына бейімделген, кең жүректі ауыл шаруашылығы қарызы ретінде жасалу керек. Кәсіпшілік ісінде кең базарда жұмыс істейтін мемлекет кәсіпшілігі орындарының тәртібін бекіту керек. Отын үшін зияндығына қарамай, көмір қазатын жерлерді һәм мұнай кәсіпшіліктерін сүйеу керек. һәм бұдан былай қарай барлық назарды мемлекет тері-терсек, жүн жұрқа даярлайтын орнына салу керек. Түркістан шаруашылық кеңесін міндеттендіру керек. Соның жолбасшылығымен облыстық шаруа кеңестерімен ұйқастыруы бойынша қысқа уақытта бұрынғы тірестерде қалған уақ орындарды жергілікті шаруашылықтарға күшейтуге беру керек. Бұдан былай қарай кіндіктің назарын аудару үшін нағыз мықты һәм негізгі мәселеге ықтиярлылығын кеңейту керек.

Ақша саясаты ісінде мемлекеттің һәм жергілікті кіріс-шығыс есебінің зиянына тиянақты бір баға алыну керек. Бір жағынан шығысымызды қысқартсақ, бір жағының кәзіргі салық азбұрларымыз уақытында жиылып тұрса, жоғарғы айтқанға жетуге болады. Коммунист партиясының күшімен жету керек. Халық сомасы комиссариаты Кіндікте һәм жер жерде тәуірленуіне, таза іскер азаматтарды көбейту мен һәм жұмыс Түркістан республикасы қол

астына бірдей жетіп тұруға ерік бергендей қылып, шеткері оңаша ауылдарына дейін салық түрі жеңілдей беру керек салымдардың есебін әр жолмен қысқартумен.

Бүгінгі күн мақсаты жалғыз өнім салығына жақындауға тіресу, я болмаса, азғана салым түрін орнату. Түркістан коммунист париясы 7-конференциясы Түркістан коммунист партиясы Кіндік комитетіне тапсырады. Тиісті кеңес мекемелері арқылы орындарда салық үстіне жамалып түсетін салықтарды құрту керек. hәм салық мекемелерін Кіндікке қаратып, жаңа салықтың өзінде жіңішкеріліп мінеп, сынсыз қылып салу керек деп.

Ортақ байлық ісінде бұзылған үйлерді көтеруге hәм түзетуге күшті компания жүргізу керек. Қаланың таза, көңілді болуы үшін әсіресе, казармалардың, школаларды, ауруханалардың, абақтылардың hәм базардың мемлекет hәм қауым ақшаларын жеке орындардың hәм саудагерлердің қай түрімен болса да пайдалану керек. Ақырын, ақырын қала байлығын ілгерілету қамына.

Школа hәм сот істерінде қалың қара халықтың ортасында кеңес хүкіметінің қадірін арттырудың бір құралы - сот hәм школа екендігіне сенімін бекіту қажет. hәм сол халықтың мәдениетін арттыратын, көзін арттыратын жұрттыққа аяқ бастыратын сол школа hәм сот ісін жақсы қойып hәм қалың халықпен араласты күшейтумен, кеңес соты hәм школа, Қазы сотының алдында hәм ескі түрімен оқытатын школдардың қасында едәуір даңқ мақтау алып, артып hәм онымен қатар Кеңес хүкіметінің жайын дұрысырақ қылып бекітер.

Халық оқу комиссариатының назарын салу керек. Жергілікті тілдерде жеткілікті қылып кітап бастыру жұмысын жоғары шығаруға hәм бастауыш мектептерге оқу құралдарын жеткізіп беруге.

Өте-мөте төменгі hәм айрықша школаларға назар салынуы керек. (оның ішінде кеңес партия школасы hәм сауатсыздықпен күресу мекемесі). Халық оқу комиссариатының кіріс-шығыс істерінде бұларға дұрыс жерлерінен орын берілу керек. Мұнымен қатар**,** школ hәм мәдени-ағарту жұмыстарына сенімді күш - қаражат жасау керек. Айырықша жерлердің hәм шаруашылық орындарының пайдасынан hәм айрықша школа салығын бекітумен.

Кеңес құрылысы ісінде Түркістан коммунист партиясы 7- конференциясы күн кезегіне мыналарды қояды:

а) Кіндікте hәм орындарда кеңес мекемелерінің құрылысын жеңілдету hәм олардың бұдан былай қарай кемітілуі, мемлекет мекемелерін тазарту ретінде бұрынғы отырып қалған біздің азғана пұлымызды ұялмай базарлайтындардан hәм іс білетін азаматтарды аямай халық шаруасын орнату жұмысына салу;

б) облыстық шаруашылық кеңестерінің қызметін гүлдендіріп hәм кеңейту, оларға ықтияр, кеңдік беріп, hәм орындардағы шаруашылық жұмыстарды тегісімен соларға бағындырып беру;

в) Түркістан Кіндік атқару комитеті закон шығару жұмысын күшейту hәм халық комиссарлары кеңесі жол басшылығын hәм шаруашылық кеңесі жол басшылығын кеңейту;

г) Берілген істің орындалғанына мекеме бастығының hәм жеке жұмыс бастығының жеке жауапты болуының түрін кіргізу;

д) Кіндік мекемелердің күшін, қоғамнан қысқартқанның есебіне орындарды күшейту керек. һәм кеңес шаруашылық жұмыстарын ауырмалығын уезге, болысқа һәм қышлақтарға салу керек;

Түркістан коммунист партиясы һәм кеңестер атқару комитеті фракцияларын бір ай срок ішінде мына жұмысты істеуге міндеттендірді: әр облыс үшін көрсетілген тәртіптер бойынша жұмыстың айқын жоспарын жасау айрықша һәм алдыменен Ферғана үшін шаруашылық орнату ретінде мұқтаж. Облыс болғандығы үшін һәм кеңес жұмысын бекіту ретінде жалпы.

Тәжірибелі, қайтпайтын жемісті жұмыс, қалың қара халықтың кең тұрмысын күн санап ілгерілетуі туы ретіндегі мына ұраны біздің партияның конференцияның қалың бұқараның ішіне алып қайтатын һәм күн мақсатының негізінде алдына қоятын.

Партия құрылысы хақында істелген баяндама туралы қарар

(Жақын арада партия ішінде істелетін істер)

Түркістанда бұрын болған партия конференцияларында, съездерде белгіленген жолдар, міндетті істер әлі жарыққа шықпағандығы, Түркістан коммунистер партиясының әзіргі нашарлығынан білініп отыр. Сондықтан, жаңа жол-жоба іздемей-ақ, партияның күш-қуатына қарай ілгері белгіленген міндетті істерді жүзеге шығару қажет.

2) Түркістан коммунистер партиясы ішінде талай тәртіпсіздіктер, салақтық бар. Партия мүшелерінің тәрбиесі жоқ. Сондықтан, партияны жандандыру жұмысын әліппеден бастап үгіттеу, ұйымдастыру бөлімдерінің басына мықты кісілер қойып облыстың, уездік партия ұйымдарына хатшы болуға жарайтын кісілерді қарастыру қажет.

а) Осы айтылған істерді жүзеге шығару үшін шаруа яки, ең биік жұмысында жүрген партия мүшелерінен болса да бұрын төңкеріс ағымына араласқан жолдастарды тағы партия ісіне жегу;

б) Жергілікті жұрттардың арасынан шыққандардан, мектептер, курстар арқылы партия іскерлерін даярлап шығару;

в) Аудандық, болыстық партия ұйымдарын тарқатып, істен босаған жолдастарды облыстық, һәм уездік партия ұйымдарының істеріне салу яки, болмаса партия ұйымдастырушылар жұмысына араластыру керек.

3) Партия ісін күшейту үшін облыстық, уездік партия комитеті атқару бөлімінің мүшелері, жауапты хатшы мен ұйымдастыру һәм үгіттеу бөлімдерінің бастықтары болсын;

4) Қазіргі істің бағыты һәм партия хәліне қарағанда, жоғары партия ұйымдарының айтқандарын өзгертпей орнына келіп тұруы керек;

5) Партияның назарын салатын істерінің ең зоры - партия мүшелерін ағарту һәм тәрбие жағы үгіттеу бөлімдерінің істеріне жергілікті жолдастары көбірек араластырып ағарту. һәм тәрбие істерін күшейту үшін жергілікті күштерді жегу қажет;

6) Партия ішінде отаршылдар, ұлтшылдар, ескі шенеуніктер һәм өз басы баюының қамында жүргендер өте көп. Партия мүшелерінің ағарту, тәрбиені күшейту һәм партия

жандандырып түрлі топшылдықтардан тазару үшін сондай заттардан партияның тазаруы керек.

Шаруашылық бөлімі

ТҮРКІСТАНДА МАЛ ШАРУАСЫНЫҢ ОСЫ КҮНГІ ЖАЙЫ ҺӘМ ОНЫҢ ІЛГЕРІ БАСУЫ ТУРАСЫНДА

(басы бірінші санда)

Мұнан басқа да мал шаруасымен тіршілік қылатын қазақ-қырғыздың, әрбір ауылдарының мал жайылатұғын көктем жайлау, күз күзеу, һәм қыстауларында белгілі жерлері болуы керек. Жалғыз жайылымнан басқа, пішендік һәм жоңышқа шашып шығаратын тағы жерлері болу керек. Міне, осы ретпен, қазақ-қырғыздың мал шаруасын жұттан аман сақтап, ілгері қарай бастыруға болады.

1922-жылы бүкіл Түркістан республикасындағы алынған санақтың көрсеткеніне қарағанда, Түркістанда мал шаруасының жайы мынадай:

д) Есеп алатын мекеменің 1919-1920-жылдардағы алған санағының мағлұматына қарағанда малдың саны (мыңдап).

Малдың түрі:

Облыстар	**ірі қара мал**	**жылқы**	**түйе**	**есек һәм қашыр**	**қой һәм ешкі**	**шошқа**	**барлығы**
Сырдария һәм Амудария	303	162	138	16	1679	28	2326
Самарқанд	78	34	6	22	98	-	238
Ферғана	143	76	5	5	197	-	426
Жетісу	303	203	85	3	1814	25	2433
Түрікпен	37	19	37	13	335	-	441
Барлығы:	864	494	271	59	4123	53	6064

Осы күнгі мал шаруасының жайын өткен 1911 жылғы санына салыстырып қарасақ, мынадай:

1918-жылдан бастап, 1920-ншы жылға шейін малдың кемігені (мыңдап)

Малдың түрі:

Жылдары	**ірі қара мал**	**жылқы**	**Қой һәм ешкі**	**шошқа**	**барлығы**
1918 жыл	243	2241	9370	106	11960
1920 жыл	8640	494	4323	53	13510

Санына қарағанда

Кемігені	1566	1797	15047	53	18463
Жүзден қалғаны	35,5	21,1	22,3	50	78,95

1917-жылдан 1918 жылға қарағанда, Түркістан жұртының есінен кетпестей болған қанды тақырдың лаңынан ашыққан талай ауылдар қырылып, ойран болып кетсе, сонымен қатар, малдатып түбімен қырылып жоқ болып кеткен. Бұл тақырдан бұрында Түркістанда талай жұттар болған, ауылдың жұттарда кеткен малдарының саны аз емес.

ж) Жетісу облысында жұттан қырылған малдың саны (мыңдап)

Қыстар	**Түйе**	**жылқы**	**Ірі қара**	**Қой һәм ешкі**	**барлығы**
1904-1915	2	17	9	141	169
1902-1905	1	6	2	39	48
1907-1908	3	65	36	1600	1704

Сонымен Түркістанда өткен заманда да жұт болып, мал әлденеше рет қырылған. Бірақ бұл күндегідей малдың төрттен бірі жоғалған емес еді. Бүкіл республикада жүзден 23,6%-тей мал қалып отыр. Егер де біз көшпелі аудандарға қарасақ, бар байлығының негізі болған қой, ешкінің өте кемігенін көреміз.

Жүзден сексені жұтаған. Сонымен мал шаруасымен тіршілік қылатын көшпелілердің негізгі сүйеніші қой малы, киім, тамақ һәм баспанасы қойдан шығады. Сол қойдың бітуге таянып отырғаны міне. Енді, отырықшы аудандарға келсек, ірі қара мен жылқысы таусылған Самарқанд облысында жұмыс қылатын малдың жүзден отызы-ақ қалып отыр. Ферғанада ірі қараның жүзден отызы, жылқыдан 29 қалып отыр. Мұнда жылқының мұнша кемуіне баспашылар көп себепкер болды. Мақтаның көп шығатын жері Түркістанда, Ферғана облысы, ол мақта Түркістанның күллі байлығы болып саналады. Сол Ферғанада осы күні жер жыртуға көлік жоқтықтан омашты адам сүйреп жер жыртып отыр. Түркістанда бар халықтың жартысы оның ішінде жергілікті халықтың жүзден 75-і өзінің тіршілігін мал шаруасымен байластырған. һәм диқаншылық шаруасы да мал шаруашылығымен байланысқан.

Жұттан малдың кеміген зардабы 4 облыста диқаншылықтың кемуіне себепкер болды.

Мұны мынадан көреміз (мыңдап)

Облыстар	Егін шашқан жердің кемуі	Бидай	Мақта
Сырдария	600	15,732-32	3,380-48
Ферғана	637	13,944-249	21,599-243
Самарқанд	474	15,600-312	2,6900-38
Түрікпен	108	280-55	26,95-35
Барлығы:	1819	45,556-958	30,634-364

Жұмыс малының кемуінен егін шашатын жер 1.819.000 десятина кеміп отыр. Соныменен, жұрттың азық қылатын бидайы 958.000 десятина кеміп отыр, һәм мақта шашатын жерден 364.000 десятина кеміп отыр. Бұл кемігендіктен Түркістан 45.556.000 пұт бидайы һәм 30.634.000 пұт мақтаны кем алып отыр. Міне, сол есепке қарағанда, 4 облыстікі болса да,

жалпы Түркістанда осы қалып әзірден бастап жұмысқа керек жылқы мен ірі қараны союдан, һәм Түркістан топырағынан шетке шығаруды тоқтатпаса һәм бұл малдардың көбейтіп ілгері бастыруға тығыз шаралар қарамаса, Түркістан көп отырықшы аудандарында көп ұзамай-ақ, малдың орнына адам жегіліп мұнан да гөрі егін шашатын жердің мөлшері кемімекші. Азықтар бұзылмақшы. Мақта кәсібі бітпекші. һәм басқа да Түркістанда жүріп тіршілігі жүдеушілікке қалмақшы.

Өткен 20-жылға шейін Түркістанда мал шаруасын қолға алып, оны ілгері бастыру қамына белсеніп кіріскен жоқ еді. Ескі заманда да, өзгерістің уақытында да бар негізі болған, қазақ-қырғыздың мал шаруасына хүкімет көзінің қырын салмай шетте қала берген. Хүкімет мал шаруасын ілгері бастырамын деп қам қылғанда көбінесе отырықшы аудандар мен келімсектердің арасында ғана жүргізген. Тұқым тарататын орындар ашқан, сүт зауыттары, айғыр, бұқа берген. Мұндай шаруаларды сахарада мал бағып жүрген қазақ-қырғыз арасында да істейміз деген талапқа Жер-су комиссариаты өткен жылы апрельден бастап кіріскен еді. Басында талай зор болып, жігерленіп-ақ кірісіп, әртүрлі шаруаларды қарап, мал шаруасын сақтау, оны ілгері бастырудың турасында республиканың жоғарғы мекемелеріне түрлі жол-жоба кіргізіп қарап еді. Бұл жобалардың ішінде мал шаруасымен тіршілік қылатын аудандарда мал тұқымын асылдандыратын орындар ашпақшы болды. Төлді сақтауға шарттар қарады жұттан аман алып қалу үшін Жетісу, Сырдария һәм Түрікпен облыстарында ілгері күнге шөп шаптырып жинатты...

Бірақ «Мен ұрлық қыларда ай жарық болады»-ның кебі келіп, жаңа шаруа саясаты шығып, басындағы таудай талап, жігер, алған бет екінші түрге қарай айнала бастады. Жаңа шаруа саясатына шейін халыққа мемлекет «жәрдемін беріп, тіршілігін түзейді» деген ұран болса, жаңа шаруа саясаты жүріп кеткеннен кейін «балапан басына, тұрымтай тұсына» деген ұран шықты. Өткен күні хүкіметтің заманында бір топ іштен келген келімсектерді отырғызу үшін қазақ-қырғыздың ата-бабасынан бері қарай мал бағып тіршілік қылып отырған жерінің іске татырын ойып алып, қайда барса да Қорқыттың көрі қылып, мал шаруасын кемітіп, көп жерді жоғалтып жіберуге себепкер болды. Жаңа шаруа саясаты шыққан мұндағы Кеңестер хүкіметі жергілікті халықтың тіршілігінің негізі болған мал шаруасын сүйеп аяғынан бастырып жіберу керек. Соның үшін ескі хүкіметтің қылған залымдығының қиянатын түзету қажет еді.

Бұл ретте өткен жылғы жүргізілген жер реформасы, мал шаруасының орнауына біраз жолдар ашты: ауыз сөз, жайлауға бет жол ашты, мұнан былай да мал шаруасымен тіршілік қылатын ретте, жер мәселесін шешу қажет. Бұл жұмысы екпінді жұмыс. Соны Жер комиссариаты мықтап ойлап, халықтың пайдасын көздеп шешу жұмысына кірісуі керек. «Ештен кеш жақсы» дегендей әлі де болса Жетісу комиссариаты өзінің Түркістанда мал шаруасын басқаратын бөлімі болмай, сол мал шаруасын өрбітетін жабдыққа кірісуі керек.

Бұл ретте өткен уақыттардағы мал шаруасы отырықшы аудандарда істелген шаруалардың барлығы, енді мал шаруасымен тіршілік қылатын қазақ-қырғыз аудандарына қарай орай керек. Бұл аудандарда малдың тұқымын асылдандыратын орындар ашу керек. Халыққа бұқа, айғыр тарату керек. Қаракөл һәм жібек жүнді қойдың тұқымын тарату керек. Қазақ-қырғыздың қолдарында өсіріп отырған малдары күн сайын, жыл сайын кері кетіп барады. Осы бетімен жүре берсе, бара-бара жоғалып кетеді деген кейбір орыс ағайындардың ішінде «оқымыстылардың аспанды алақандай деген әңгімесіне көп мағына» бермей, сол халықтың пайдаланып отырған малдарын өз ішінде асылдандыру жолына кірісу керек.

Қазақ-қырғыздың осы күнгі малдары жыл санап ұсақталып, кір кетіп келе жатса, ол малдың тұқымының жамандығынан деп білмейміз. Кері кетудің себебі қазақ-қырғыздың

малдарының көрген күндері, жүрген жері асырауының қолайсыздығынан, соның үшін хүкімет алдымен жұтқа ұрындырмайтын, қысқа қырдырмайтын жабдығына кіру керек.

Мұның үшін халыққа асбап беріп пішен шаптыру керек, ілгеріні болған халыққа күн бұрын пішеннен қор жию керек.

Қысы қатты болған жылдарда халықтың малын жұт бір қырса, қар кетіп жазға шықса ол малды неше түрлі жұқпалы дерт қамайды: жамандану, қорасан, қыз, топалаң, маңқа, делібе.., міне, хүкімет осыларға қарсы күрес ашулары керек. Халық арасында, осы індеттермен күресетін білім тартуы керек.

Мал шаруасын ілгері бастыру үшін түрлі малға түскен хүкіметтің салықтарын жеңілту ретіне кіру керек.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта айтқанда, мал шаруасын өрбіту үшін реттегі істелетін істер мыналар:

1) Мал шаруасымен тіршілік қылатын аудандарда келешекте сол мал шаруасы болады деп түпкілікті қылып жер мәселесін шешу керек;

2) Малдың тұқымын асылдандыру жұмысына кірісу керек. Мұның үшін қазақ-қырғыз малына басқа тұқымдардан араластырып, жаңадан кіргізу керек һәм өз арасында асылдандыру керек;

3) Қазына асбап беріп, халыққа міндетті ретте халыққа пішен қорын жидыру керек;

4) Мал індетімен күресу керек. Мұның үшін жергілікті халықтың жастары оқытатын школ ашу керек. Олар сол школдан оқып шығып малдың індетімен күресетін болсын;

5) Түркістан топырағынан шетке мал шығару тоқтатылсын;

6) Малға түсетін мемлекет салықтарын жеңілту керек.

Осы күнгі мал-жайымызды еске алып Жер-су комиссариаты жоғарыдағы көрсетілген шаруаларды жүзеге шығару жұмысына кіріссе де, аз болмас деп ойлаймыз. Түркістан қазақ-қырғыздарына Европада, Швецария мемлекетінде һәм, Америкада шаруасын мынадай ретпен басқарады деп, бас қатыру да қазір қажет емес. Қол жетпейтін жерге пышақ ұрмай-ақ, әзірше осы қолдан келетінді істесек те жарар.

М. Шағырша

11-КЕҢЕСТЕР ТОБЫ ҺӘМ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

11-жалпы Түркістан Кеңестер тобы, 1-декабрьде ашылмақшы. Түркістанның еңбекшілер қара бұқарасы уәкілдері алдында мәселенің ең қымбаты болып ауыл шаруашылығы мәселесі түспек.

Әркімге де белгілі, Түркістан халқының дені дихан, һәм мал өсіруші екендігі, бұрынғы патша заманында приставтардан, байлардан, манаптардан көшпелі халық пен диханның көрмегені жоқ. Бұл қысымшылықтың тамыры хүкімет, еңбекшіл дихандар мен нық ұйымдасқан жұмыскерлер қолына көшкен соң үзілді.

Хүкіметті қолға алу күресі жеңіл күрес болған жоқ. Оның жолында талай адам құрбан болып, талай қан төгілді.

Бастан ауыр күндер көп өтті. Кеңес хүкіметіне, мал баққан ел мен дихандардан жәрдем талап етуге тура келді. Себебі, қарсы тұрып дұшпанға қару қылу үшін азық-түлік, қаражатқа сай болу керек болды.

Міне, бүліншілікке салған бес жылғы соғыстан кейін ептеп жұмыскер - дихан мемлекетін түзеп һәм нығайту ісіне кірісе бастадық.

Өткен соғыс жылдары, әсіресе, әлеумет соғысы халық шаруашылығын бүтіндей күйзелтті. Көп нәрселер, нағыз керекті нәрселер жетпейді. Қайшылық мемлекеттің бүтін керегіне, жеткендей күш-қуаты жоқ. Үлкен қиындықтармен, зор күшпен жұрт шаруашылығын орнату керек. Оның ішінде де әлді мен бүтіндей біздің халық шаруашылығының негізгі қоры болып табылатын жер жырту, һәм мал өсіру секілді ауыл шаруашылығын орнату керек. Ауыл шаруашылығын гүлдендіру шаруаларына, кірісуіміз керек. һәм бұл мәселе осы күнгі керекті мәселелердің ең керегі. Кеңес хүкіметі де осы бетпен шаруаларға кірісіп жатыр. һәм съез алдына түсейін деп тұрған ауыл шаруашылығын көгерту тақырыпты шараларға менің де кідіргім келеді.

Диханның да, мал өсірушілердің де көздерін тігіп отырғаны - жер заңы жаңалығы мәселелері. Бұл мәселенің еңбек сіңірмейтін байлардың жерін алып һәм үлестіру секілді бірінші мерзімін өттік.

Юристік пен һәм бас салып тартып алынған жерлер, көшпелі халыққа алынып, берілетін мерзім өтті. Енді еңбекшіл халықты жерге орналастыру жұмысына кірісу керек. Еңбек пен жер пайдалану, түрлі кеңес хүкіметінің шығарған заңы, жер саясатының негізін орнатады.

Бұл закон бойынша, сот үкімі болғанда болмаса, бір дихан я, бір мал өсіруші жерден бос қалуға мүмкін емес.

Қыстақтарға һәм поселкелерге жер мекемелері беріп, һәм рас айдалып жүрген жерлер, тегісімен нығайтылып қалдырылады. Заңмен айрықша бір көрсетіліп кеткен орындарда болмаса, билеу ретінде қышлақ һәм поселке жерлерінде тегістеу я межелеу деген нәрселер болмайды. Енді жерінен айырылмайтын болған соң әрбір дихан тыныш болса керек.

Жер пайдалану мәселелерін шешуге диқаншылардың өздеріне кең құқық беріледі. һәм жер пайдаланудың қай түрін қолдануға да: жеке пайдалану, ортақтасып пайдалану, ұйымдасып пайдалану һәм басқа түрлері болсын құқықтары бар.

Жер мекемелері қыстақ һәм поселке жер бөлімдері тіркеулерін бекітіп, тиісті сенім қағаздарын пайдалануға кіріспекші. Көшпелі һәм шала көшпелі аймақтарда жұмыс басқа түрде, ол жерлердің халқы ешқашан да жерге орналастыру жұмысын көрген жоқ. һәм ондай жерлерде жерге орналастыру жұмыстары мемлекет күшімен жүргізілмекші. Отырықшы аймақтарда жерге орналастыру жұмысының бір ретсіздері ғана түзетілсе, көшпелілер өздерінің шаруа басынан бастау керек. Алдымен халықты жерге орналастырып алмай, шаруашылыққа кірісуге болмайды. Сөйтіп қазір біздің жер тақырыпта нық заңымыз бар. Егерде, ішінде ескерілмей қалған кемдіктер болса, съезде қаралып түзетіліп һәм толтырылмақшы. Кеңес хүкіметінің барлық ниеті, мүмкін қатарынша диханға жерді көп сепкізбек. Жер көп себілген сайын, ауыл шаруашылығы тез орнаған сайын, біздің фабрик һәм зауыттарымыз да тез қимылдамақшы. Әуелі болғанда, тыныш тұрмыста тез орнамақшы.

Кеңес хүкіметі аянбай, барынша жәрдем көрсетуі керек. Ол жәрдемді алдымен сол жәрдемге мұқтаж болып отырған аз жерлі, орта еңбекшіл дихандарға, батырақтарға беру керек.

Бұл жәрдемнен құрттай болса да бай, жұдырықтардың қолына тигізбеудің шарасын қарау керек. Түркістанда, һәм осы секілді жерлерде адам еңбегін һәм жерді жалдауды тыюға мүмкін болмаған себепті біз рұқсат етіп отырмыз. Бірақ, жерді һәм адам еңбегін жалдаудың шарттары заңда нық көрсетілген. һәм байлардың езу ниетпен қойған қиын шарттары заңмен кудаланып отырмақшы. Әрине, бұл түрлі дихандардың өздері де қарап тұрмай, ұйымдасып бір жағынан өкіметке қолқабысын тигізіп тұрулары керек. Әркімге де белгілі, осы уақытта өкіметтің қаражатының аздығы, сонда да қолындағы азынан жырмалап, өкіметтің ойы - дихандарға жәрдем көрсетпек. Мұқтаж дихандарға тұқым жәрдемін көрсету үшін мемлекет тұқым қорын ашып жатыр. Ауыл шаруашылығына керек, диқаншылық саймандары дайындалып жатыр. Ауыл шаруашылығын түзетуге үлкен жәрдемші болып қарызға ақша беріп отыратын мекеме ашуға қам қылынып, һәм соған ақша шығарылмақшы болып тұр. Әрі арықтардың бұзылған жерлерін түзетуге қаражат жіберіліп отыр.

Мұқтаждық көп болғанмен, қаражат аз. Сол себепті дихандар да қарап тұрмай, мемлекетке жәрдемін беру керек.

Әрбір дихан өзін тұрмыс тәжірибелерінің қалары сұрап тұрғанын білу керек. Жеке-жеке қимылдап күш салғанмен еш нәрсе шықпайды, бірігіп ұйымдасып іске кіріскенде ғана бірдеме болмаса.

Кооператив ашып: қауымшылық қорын ашып, қайтадан қанішер байлардың құлдығына түсіп кетпес үшін еңбекшілердің бірігуі қажет.

С. Асфандияр баласы

ТҮРКІСТАНДА СУ МӘСЕЛЕСІ

1. Түркістан шаруасы һәм жерлері

Түркістанда барлық егістіктердің шамасы 160 млн. десятинадай келеді. Оның ішінде соңғы елу жылдан бері қарай пайдаға асып келе жатқаны 288.000 десятинадан артық емес.

1915-жылда Түркістан диқаншылығы тақырыпты жиналған мағлұматқа қарағанда, барлық егістің ауданы 3.288.000 десятина екен, оның жүзден 25 десятинасына (25%) мақта, жүзден 53 десятинасына (53%) бидай, қалғандарына бөтен түрлі егіндер егіледі екен.

1921-жылғы есепке қарағанда, Түркістанда ілгергі пайдаланып келе жатқан барлық жерден 2.159.000 десятинадай-ақ жер егіліп, қалғандары түрлі себептермен егістіктен қалған.

Түркістанда егістіктің ауданы жоғарыда айтылған сияқты азайғанына қарағанда істің беті теріске айналғандай көрінеді. Бірақ, шынында олай емес. Ілгері егіліп келе жатқан егістіктің ауданы 1919-жылы 60% азайған екен. Соған қарағанда революцияның соңғы жылдары егістіктің ауданы бірте-бірте көбейе бастаған. Тағы бұдан былай да көбейе беруі де мүмкін.

Егістіктің ауданы өзгеріліп, молая бастауыменен қатар диқаншылық түрі де өзгерілді. Диқаншылық үнемі Түркістанның өз керектігінен артпайтын болды.

Жаңа да соңғы жылдары Түркістан менен ішкі Россия арасында шаруа жөнінен қатынас азайып, екеуінің бірдей зияны табылып келеді.

Түркістанның ол шеті менен бұл шеті ұшы - қиыры жоқ. Жатқан бір жалпақ сусыз дала. Сол сусыз жолдың шетін адам баласы бірте-бірте кеміріп, үлгіртіп келеді. Халқы қалың ел, өнімді жері жол арасындағы қолдан су шығарылған аудандар болады. Түркістанда қолдан суарылатын жердің шамасы 3 млн. десятинадан аспайды. Жаңада оның жартысынан көбі Сырдария суынан суарылады.

2. Түркістан суы

Сырдария суының көбі қолдан суға шығарылатын егістіктерге жаратылады. Орта Азияда (бір секунд ішінде 100 текше сарқын су ағатын) судың үлкен саласы - Амудария, қазіргі кезде Амудариядан қанша десятина жердің суарылатыны белгісіз болса да, бір кезде Амударияның атағы жер жарып, қадірі асқан дария еді. Жаңада, келешегі де солай болса керек. Амудария суынан пайдаланатын - Бұқара, Хиуа елдері.

Төрткөл һәм Түрікпен облыстарының келешегі Амударияменен байланысқан. Сондықтан, Амудария суыменен жақсы пайдалану үшін Амударияны Каспий теңізіне құлату, Амудариядан арықтар шығарып, Амудария суын Каспий Әмір-Арал теңізіне жеткізбей егістер үшін пайдаланудың қамына кірісу. Яки болмаса, Амудариядан үлкен арықша шығарып, Мерв, Теджен ойпаттарын үлгірту керек сияқты көрінеді.

Сырдария - Амудария сияқты Мұрғаб, Теджен, Атірік, Зарафшан суларын пайдалану, жақын арада жүзеге шығатын көрінбейді. Сырдария суын пайдалану жолдары Амудариядан гөрі оңай сияқты. Жаңада оған құятын кейбір су аспара сияқты суларды да осы көздерін Сырдарияға жеткізбей-ақ, жолда егістіктер үшін жаратылып жүр.

Талас өзені ілгеріде Шуға құйып, Шу барып Сырдарияға құятын еді. Қазір Талас өзені Шуға толмайды. Шу да Сырдарияға жетпейді. Шу дариясынан арықтар шығарып қамау жасап, суын пайдалану туралы іс бастаса да, әлі ол іске жүзеге шыққан жоқ.

3. Орыс хүкіметі һәм қолдан су шығару жұмысы

Патшашыл хүкіметі тұсында қолдан су шығару туралы басталған істің ең зоры - Шу дариясынан су шығару ісі еді. Оның не хәлде екені жоғарыда айтылды. Одан кейінгісі - Мұрғаб ойпаңына, Мырзашөл даласына су шығару еді. 1912 жылы Керюшин «Түркістан шаруасы» тақырыпты патшаға баяндама жасаған. Сол баяндаманың ішіне «Осы уақытқа шейін қолдан су шығару туралы орыс өкіметі Түркістанда түк те істеген жоқ» деген пікірді кіргізген.

Баяндаманың тағы бір жерінде Керюшин мынадай деген: «ілгері заманда атын қалдыру үшін бір елді бағындырған мемлекет үлкен арық қаздырушы еді. Біздің орыс өкіметі оны да істеген жоқ. Мұны мойынға алу керек».

Қолдан су шығару тақырыпты Түркістанның келешегін патшашыл өкімет көздемеген. Сондықтан Мырзашөл даласын суға алдырып безгек кеселіне толтырды.

Профессор Ризенкамп, Постышев, Маликин дегендердің айтуына қарағанда, Мырзашөл даласына су шығару үшін қазылған арықтың жол-жобасы жасалғанда жетпектігі көп болған. Сондықтан Мырзашөл даласы үлгерту орнына шалшық су басып, арық қазу ісін басқарған «білгіштердің» білгіштігінен, Мырзашөл даласы шалшыққа айналып, пайдадан шығып қалды.

4. Қолдан су шығару жұмысының келешегі

Мырзашөл даласы егін бітпейтін шалшық суға айналуын, пайдадан шығуын кейбір ақылсыз тарихи сыншылар Кеңес өкіметінен көргісі келеді. Ол тіпті орынсыз. Өйткені, Мырзашөл арығы Кеңес өкіметі тұсында қазылған емес. Жаңада Мырзашөл арығын түзету үшін өзіне сарп етілген дүниедей тағы дүние керек көрінеді. Кеңес өкіметі денігін Аврангель, Колчак сияқты революцияның өзіне түскен дұшпандарменен жауласып шаршағандықтан, Мырзашөл арығын жөндеуге күш-қуаты жетпей отыр. Сонда да болса, есепсіз дүниені сарп етіп, талай еңбек сіңгендіктен осы күнде тастай беруге болмайды.

Мұрғаб дариясынан су шығару жұмысы Мырзашөл даласы сияқты емес, онан гөрі оңай көрінеді. Мұрғабтан шығарылған арықтарды түзету, жамау жұмысы, жаңада Мырзашөл арықтарының кейбіреулерінің өңдеу өте қиын емес. Сондықтан ол жұмысқа кіріс өте қажет.

Шудан су шығару жұмысын осы күні де тоқтап, ол үшін алып барылған асбап - құралдарды темір жолменен қайта алып келу қаражаты сол арықтардың кейбіреулерін қазып бітіру үшін істелетін қаражаттан аз болмаса керек. Сол себептен, Шудан су шығару жұмысын осы күні де тоқтатуда тіпті мақсат жоқ.

5. Орта Азия һәм мақтаның жібу жүзінде келешегі

Жаңа арықтар қазып, Сырдариядан су шығарып, қолдан жер суару қиын көрінеді. Жаңада оны жүзеге шығару үшін көп дүние керек сияқты. Бірақ, сонда да болса, көп дүние сарп етпей-ақ тағы да Түркістанда 800.000 десятинадай жерге қолдан су шығару мүмкін. һәм соған Сырдарияның суы жетпейді де. Бүкіл дүниеге мақтаның керектігі күннен күнге артылып бара жатқанына қарағанда Түркістан, Хиуа, Бұқара республикаларында бос жатқан жерлерге кешікпей су шығарып, үлгерту өте қажет көрінеді. Өйткені бұл Европа қан төгілісі кезінде өз мақтасы өзіне жетіп келген жалғыз-ақ Америка еді. Отар жерлеріне мақта егіп, Америка сияқты мақтаны сырттан іздемеу үшін Англия еш нәрседен тартынбайтын көрінеді. Мақта егетін жері жоқ Германия сияқты Европаның кейбір мемлекеттері Орта Азияның мақтасыменен күн көрмесе тіпті бөтен жолы жоқ. Сондықтан, Түркістан республикасында бар бос жерді шет күшіменен суғарса суғарудың керектігі соқырға таяқ ұстатқандай. Жаңада Америка, Англия яки, Япония аралдарында соғыс басталса мақтаның керектігі бұрынғыдан да күшейіп, Орта Азияға су шығару жолына тегіс кірісетіндері де анық. Сол себептен қолда бар алтынды қадірлеп, Сырдария һәм Амудария суларын пайдалану жолына түсу қажет.

6. Түркістанның қазіргі хәлі

Қазіргі істің жөніне қарағанда, Түркістанның келешегі үшін емес, қазіргі үшін жергілікті халықтардың қолдан қазған арықтарын сақтау керек. Адамзаттың тіршілігі табиғаттың қиындықтарыменен алға күресуінде өтеді. Жергілікті жұрттардың да қолдан қазған арықтары, қолдан су шығару құралы, қолданатын әдіс амалдары, сол табиғаттың қиындықтарымен жүз жылдап, мың жылдап күресуден тапқан олжасы, амал-әдісі. Жергілікті жұрттар ол амал-әдістерді капиталшыл ұйымдары дүние жүзіне келуден бұрын

тапқан. Осы кезде Түркістанда қолданып жүрген қолдан су шығару жолдары соңғы кездегі капиталшыл дәуірі тұсындағыдай болмаса да, революциядан кейін шаруашылық майдаланып нашарланып тұрған кезде жергілікті халықтардың қолдан су шығару түрлі қолданып келе жатқан жолдарын қолданудан басқа пайдалы жол жоқ. Жаңада, неше мың жылдардан бері салынып қалған жол болғандықтан жергілікті халықтар осы кездегі өздері пайдаланып жүрген арықтарды жамап-жасқап түзетуден тіпті тартынбайды.

Қазіргі жергілікті жұрттардың арасындағы арықтар жергілікті жұрттардың ғана күш-қуаты, қаражаттарыменен сақталып келеді.

Енді бұдан былай жергілікті жұрттардың қолдан қазып шығарған арықтарын оңдау, түзету жолына түсу өте керек іс. Жаңада осы күндерде шаруаның нашарланып тұрғанына қарағанда, Түркістанда қолдан жер суғару жолы жалғыз-ақ осы сияқты. Осы жолдарды қолданып кейбір бұзылған арықтарды да түзетіп, егістік ауданын кеңейту жер пайдалану ісін орнықты жолға құруы мүмкін.

Ташкент, Қожент, Зерафшан сияқты кейбір аудандарға қолдан су шығару үшін жасалған жол-жобалар бар. Оларды жүзеге шығару үшін Кіндік өкімет 22.000.000 сом бермекші. Жергілікті су салығынан 1.300.000 еңбек қарызынан (ақшадай) 3.500.000 сом жиналмақшы. Сөйтіп, барлығы 7.800.000 сом ақша болады екен. Осы санға қалай қолдан су шығару туралы істелетін барлық қаражаттың шамасын байқау мүмкін. Жаңада үлкен арықтардың сағасын түзету қаражаты өкімет мойнына түсіп, кейбір арықтар үшін істелетін қаражаттардың барлығын халық көтереді.

7. Төмен қатардағы су жұмысында жүргендердің міндеттері

Түркістанда су сақтау, ескі арықтарды жаңарту үшін істелетін еңбек қаражат орынсыз жұмсалып жүр деп өткен партия съезінде жолдас Кадемесов айтқан сияқты. Су жұмысы ең зор істердің зоры болса да, әлі жөнделмей келеді. Ескі өкіметтің тұсында су басында ақсақал мұраптар, ең жоғары басында уез, әкім приставтар болып су сақтау, һәм жаңа арық қазып бос жатқан жерлерге су шығару жұмысы ортақшылдық мақсатыменен байланысқан еді.

Қазіргі дәуірде ондай саясат бітсе де, су сақтау үшін істелетін қаражат бейнеттің нәтижесі аз, ұйымы жоқ. Босқа жұмсалып жүр.

«Ақылды екеніңе ақылдысың - ау, бірақ ақылдың сенің ақымақ қуы» деп іштен келген инженерлерге дихандар айтқан сияқты іштен келген жас инженерлер шынында да, жергілікті жұрттардың тіршілігін түсінгісі келмей, мақсаттары қайшы келетін еді. Бірақ енді бұл орыс үкіметі бітті. Түркістанда қазір қолынан кетпені түспейтін еңбекшілер үстемдігі жүріп, Түркістан қожасы қазір еңбекшілердің өздері. Іштен келген жас инженерлер өз мойнындағы міндерін білмей, жоғарыдан қараған жергілікті халықтардың қолына кетпен алып, арық тазалап, бөгет соғып жүргендеріменен қосылып істеспеген. Енді бұдан бұлай жаңа жолға түспей жұмысы бітпейді.

Босқа жұмсалып жүрген бейнет. Дүние орынды жерлерге жұмсалғанда ғана су сақтау, ескі арықтарды жөндеу ісі алға басуы мүмкін.

Су мәселесін шешу тақырыпта 1915 жылда су жұмысында қызмет істеушілердің бір съезі болды. Сол съезде, съез мүшесі Рябов деген бір жолдастың жердің өнімін көтеру, һәм судың аз жұмсалуы туралы жер-жердің баяндамасы неге тыңдалмайды екен деп сауал берген. Жолдас Рябовтың сауалына мынадай жауап беріліпті: «Ол мәселе, Закаспий

сияқты суы аз, жолдан келгендерге үлкен мәселе көрінсе де, бұл съезде қаралмайды». Жаңада съезде шешілетін үлкен мәселелердің ең зоры - мақта ісін жөндіктірумен екен. Егін егудің жолдарын қарастыру, сөйтіп, Рябов жолдастың қозғаған әңгімесі, ең керекті, һәм пайда болса да ол туралы баяндама тыңдалмай қалғаны былай тұрып, Рябовтың сауалы орынсыз сияқты болып көрінген.

Су істерінің «жетіктері» жұмыстарын оңды жолға қоюды қажет деп білсе де, жалғыз-ақ келімсектерді орнататын жерлерге су шығару жолдарын көздеген.

Үлкен шаруасы бар жерлермен ғана байланысы болды деп су жұмыстары жетіктерін ептемекші емеспіз. Бірақ, халық арасында таразылары өте төмен болғаны рас. һәм су жұмыстары туралы қолданып жүрген жолдары профессор Тулайков айтқан сияқты, жергілікті жұрттардың амал әдістерінен 30 жылдық кемдігі бар екені де шын еді.

Су жұмыстарының жетіктері болсын, профессорлар болсын, су жұмысында қара халыққа ешбірі де жақтаса алатын емес. Жаңа да Түркістанда ең оңбаған істің бірі - осы су жұмыстарының жөндікпегендігі.

8. Үлкен сулардың жетпестіктері

1922 жылы февраль айында, Мәскеуде су шығару жұмыстарын басқарушылармен жерге орналастырушылардың съезі болды. Бұл съезде Түркістанда су шығару жұмыстары жайынан С.К. Кондрашев бір сұлу баяндама істеді. Баяндаманың нашарлығы сұлулығында еді. Өйткені Мәскеуде отырып, Түркістанда су шығару жұмысы тақырыпты таласу, һәм су жұмысының жетпестіктерін көрсетіп қана қоюдың қисыны жоқ.

Жол - жөн қарастыра бергенше, сансыз шығарылып жатқан заңдар тіршілікке үйлеспей жатқанда Түркістанға келіп су шығару жұмысын алға бастыру қамына кірісу, жаңада судың арықтар бойында қалмайтын жолдарын қарастыру жөн емес пе еді?

Кейін бір істеуі келіспеген жерлерді егістерді суғаруменен жетіктерін өте жиі суғарып егінді нашарлататын егетін егіннің түрі, судың мөлшеріне байласпайтын судың өте керек кезінде, су жинайтын тағы да түрлі-түрлі осылар сияқты оңбайтын істер біздің Түркістанда, жүдә көп болады. Сондықтан, судың басындағылар суға тұншығып жатқанда, аяғында егістіктерге су жетпейтін реттері де болады.

Су мәселесін шешу үшін кең жол салыну қажет деген с.к. санда жоқтың пікірін шын қуаттап, Жер-су комиссариятына біздің айтатынымыз мынау еді. Жылдың ішінде су заңы үш шығарылып, жүз рет түзетілгенмен де жергілікті шарттарға қарай білімге сүйенбесе, тіршілікке тіпті үйлеспейді.

9. Су пайдалану туралы қолданып келген әдет-рәсімдер

Су пайдалану түрлі Түркістанда жергілікті жұрттар ескі әдет-рәсімдерді қолданып келеді. Ол әдет-рәсімдер маңызы мынадай еді:

1. Жер су қожасы Құдай, сондықтан, оны сатуда, сатып алуда болмайды.

2. Жер сатып алушының қолына сатып алған, жеріменен бірге бұрынғы жер иесінің пайдаланып жүрген сыбағалы суы да өтеді.

3. Су пайдаланушылар барлық істелетін еңбек болатын қаражаттарды пайдаланатын суына қарай ортадан шығарады.

4. Су аздықтан егілген егіндерге жетпейтіндей болса, суды бөліп пайдаланады. Яки, тіпті аз болса, судың аяғынан жоғары қарай кезек ішеді.

5. Тиісті сыбағалы судан артық яки ұрлап пайдаланушылар айыпты саналып жаза тартады.

6. Су төңірегінде дау-жанжал болса, оны шешетін қадірлі ел ақсақалдары болады.

7. Арық жағасына ағаш егу, арық егесінің меншікті құқығы саналады.

8. Суды жөндеп басқару үшін су пайдаланушылар арасынан мұрап сайланады.

9. Мұраптың алатын белгілі қызмет ақысы жоқ, бірақ істеген қызметіне қарай һәр дихан жәрдем етеді.

10. Бір арықтың суымен бір-ақ ауыл яки, қыстақ пайдаланбай, бірнеше ауыл яки қыстақтар пайдаланатын болса, олар өз араларынан сенімді, ұяты барлардан мұрап сайлайды. Жаңада қызмет ақысын астықтай береді.

11. Арықтың сағасы дариядан шығып бөгет болса, сол бөгетті күзету үшін мұрап сайланады.

12. Суды пайдалану жолы құлақ болады. Құлақ деп бір диірменді жүргізетін, айналдыратын судың жартысын айтады.

13. һәр дихан өзінің пайдаланатын құлақ суына қарай су қызметіне қатысады. Жаңада не түрлі су қызметі һәм керекті жұмысшылар болса да оны белгілейтін мұрап болады.

14. Су жұмысы тақырыпты көршілес диханға жәрдем ету Құдайдың бұйрық ісі деген жергілікті жұрттар арасында туыстық бар.

Ашық пайдасы көрініп тұрған соң, диірмендер суды қалай пайдаланатыны һәм жарсы арықтар туралы біз жазғанымыз жоқ.

Су пайдалану туралы ескі жол, тәртіптер талай заманнан бергі тәжірибелерден туып отырғаны анық. һәм, көпшіліктің су пайдалану хақындағы тәртіптері жерді өз қолына алғандардың суға ие болуын көздейтіні үшін.

Сондықтан су жұмысына хүкіметтің араласуы өте керек істің бірі.

Патшашыл хүкіметінің тұсында су заңы хақында жасалған жобаның түпкі пікірі - машинамен су шығарудағы көздеген мақсат. Жаңада су жұмысына капиталдың араласуы су пайдалану тақырыпты ескі тәртіптерді қалдыру еді. Келімсектерді, капитал қожаларын суға ие қылу еді.

10. Қыстақтарда су мәмлелері

Өмірінде пара алып көрмеген өзімізге белгілі бір мұғалім бір кезде мұраптыққа сайланды. Байлардың берген парасын алмай, парақорлықпен күресу жолына түсті. Байлар мен кедейлер су пайдалану жұмысында тексеріле бастады. Сондықтан, байлардың арық

жерлеріне су жетпей, құрғауға айналды. Су аздықтан бұрын екпейтін жерлерін кедейлер гүлдендіре бастады.

Параменен мұғалімді өздеріне қарата алмаған соң байлар мұғалімнің үстінен уез әкімге шағым жасап, мұғалімді мұраптықтан қалдырды. Парақорлық, екіжүзділік қыстақтарда баяғыдан келе жатқан ескі әдеттің зоры еді.

Парақорлық, дүниеге сатылу қыстақтарда әлі қалмай келе жатқан, қара табан кедейлер өкіметі оны бітіру қамына кірісуі қажет. Жаңа су заңы қанша жақсы (шынында жетпестіктерді толып жатыр) болғанменен, әлі іс жүзінде жүргізілетін емес көрінеді. Жаңада парақорлықпен судың арық бойында қорғауы жақын арада бітетін емес сияқты.

Су жұмысында жүргендердің қыстақтарда істейтін пайдалы ісі тақырыпты жазудың қажеті жоқ. Ол белгілі қыстақтарда істейтін коммунист, коммунист емес қыстақ коммунистері алғы кеңестер өкіметін пайдаланушылар екенін партияны тазалағанда мәлім болған. hәм әзіргі мектептерден керекті іскерлер жақын арада даярланып шығатын емес көрінеді. Ескі, оңбаған әдеттерді құртатын заман. Бірақ, кедейлер хүкіметі неғұрлым шұғыл қимылдаса, соғұрлым ескі жұрнақтарды ерте құртатыны анық.

11. Су шаруасының күшеюі

Қара халық арасында шаруа ісін күшейту үшін, су жұмысына хүкіметтің араласуы өте қажет.

Жер суды өз қолына алған кедейлер мемлекетінде әсіресе, ескеретін іс осы, өйткені, жергілікті жұрттардың арасында ілгеріден қолданып келе жатқан әдеттерге қарағанда, hәр диханның пайда зиянында көпшіліктің ісі болымды су иесінің өзінің ғана қожалығы жүріп, пайдасы табылатын еді. Қазіргі кезде олай емес. Су ісі мемлекеттің өз қолында болады.

Судан шығатын барлық пайда, мемлекет қалтасына түсетін болғандықтан, су шығару жұмысы алға басып, суы жоқ шөлдерге де енді. Су шығаруға болады. Бұрын көпшіліктің пайдасы орнына, аз кісілердің ғана пайдасы табылып, алғы мақта сияқты пайдалы заттар ғана егілетін еді. Жаңада пайдасы аз заттарды судан қысып, бірте-бірте егілуден шығару қамында еді.

Енді, бір жағынан су жұмысы тәртіпті жолға құрылып, екінші жағынан су байлығы мемлекет қолына өту қажет.

Мемлекет су байлығын өз қолына алса, бос жатқан жерлерге де су шығарып егуге болатыны анық.

«Су пайдаланудан шығатын пайда, hәм су пайдалану мәселелерінің негіздері әлі шешілмей келеді», - деп, профессор Шаяновтың айтқанында тіпті қате жоқ.

Енді кедейлер хүкіметі тұсында әркім іште жатқан білімін сыртқа шығару үшін жол ашық. Шеберлер ақыл-айла табатын болса, оған да тоқтау қажет.

Түркістанда су мөлшері алғы бір қалыпта тұрмайды. Судың көп болуы таудағы қардың шамасынан hәм еруіне қарай болады.

Бір ауданда егілетін егін бір түрлі ғана болмай, бидай, арпа, тары сияқты түрлі-түрлі болады. Жаңада кейбір егінге су көп, кейбіреулеріне аз керек болады. Сондықтан егілген егіннің түріне қарай судың керекті мөлшері, егістіктің ауданы белгіленеді.

Кейбір аудандарда судың көп келетін мезгіліне егістікті суғару мерзімі үйлеспейді. Осындай үйлеспейтіндіктердің болмауы тиіс, һәм оны екі жолменен жою мүмкін.

1) Әдейі де қамау жасап, су сақтау жолы;

2) Судың мөлшері һәм келетін мезгіліне қарай суғаруды керек қылатын егіннің түрін егу.

Түркістанда осындай жолдарменен шаруа ісін көтеру, су жұмысын тәртіпке салу мүмкін.

Біздің мақсатымыз су тақырыпты жаңа заңды тексергенде шығатын пайдаларды қарастыру емес еді. Осы мақалада жазылған пікірлерді оқушылар жақсы аңдаса, біздің мақсатымыз орындалғаны болады.

Севастиянов

ЖЕТІСУ ХАЛҚЫНЫҢ ТҰРМЫСЫ ТАҚЫРЫПТЫ

Жетісуда қырғыз-қазақ тіршілігі, айрықша кедей кембағалдар тіршілігі күннен-күнге қиындасып баратыр. Не үшін деген сауал бола қалса, мынадай жауаптар көрсетуге тура келеді:

1) Жетісу қара қырғызы 16-жылғы төңкеріс себебінен қытай барып, жадыған-шешкендей болып, мал-мүлік, жаңада бірсыпыра бастан арылып, қайта келген соң, қырғызды қырып қуып жіберіп, жерін алған отаршылдарының зорлық зомбылықтары 21-жылға шақты дәурен сүріп, зорға дегенде 21-жылда Кеңес хүкіметінің арқасында, 16-жылғы тәртіп жіберген жерлеріне ие болып, міне, енді төбелікті тұрмысқа бас қойып, кіргелі екінші жылға аяқ басты.

2) 17-18-жылдарда жылан жылдың жұты һәм ақтардың бәлекеті болып бір жақтан жұтқа ұшырап, екінші жақтан Жетісу қазақ-орыстары бүлгіншілік салып, Жетісудың Темірқазық жағындағы төрт (Алматы, Қапал, Жаркент, Лепсі) уезде бүліншілік болып, аңқау қазақ-қырғыз әркімнің өзін қарап әлі осы күнге дейін әлсіреп есін жинай алмай, басын жаңа көтеріп келе жатыр. Бірақ, Жетісудың езілген жерлі халқының мынау хәлі жаңа шыққан жазғы жапырақ сияқты азғантай суық болса, тоңып жоқ болатындай бір түрде тұр.

3) Жетісу қырғыз-қазағы айрықша қара қырғыздың 15 мыңдап басы Қытайда басы байланып, көзінен қанды жас ағып, ары Аллаға жетіп, қытай халқының ойнаған құмарына бәйгі болып, келе алмай, ері құл, әйелі күң орнында Қытайда жатыр, бұда бізге бір намыс.

4) Жетісу облысы бур-бур (кіндік)-тен жырақ болғандықтан, киім һәм басқа адамға керекті заттардың жоқтығы, егерде айтылмас заттар бара қалса, Жетісу жерлі халқының қолына берілмейінше, бәлки ортадағы пайдакеш алып сатар арқылы барғандықтан, Жетісу қазақ-қырғызының демі кесіліп, діңкесі құрып, айласы кеткенде жалаңаш отыра алмай, қаншалық қымбат болса да, айландырған азғана шаруасынан сатып айырылатұғын болды.

Мына бұл әңгіме (бур-бур)-дағы түрлі мекемелердің Жетісудан мал һәм егін алу үшін жіберген контрагенттерінің әңгімесі.

Тағы да мынадан басқа тері, жүн, май һәм бал сияқты һәм нәрселердің жерлі халықтан қатынасынан басқа кетіп жатуы ап-ашық белгілі мәселе.

Тағы да мынау шаруа сақтығына зарар болған мәселенің бірі азық-түлік мекемесінен шыққан агенттердің дала халқының тұрмысына һәм ахуалына әбден ашына (үйір) болмайынша, яки, олардың надандығын пайдаланып, өздерінің жан қалталарын қайғыртып, қайбір жерде салынған жобадан тысқа шығып, мал жинаулары, ол жобаны біліп жауап берген адамдарға қолындағы мандаттың мағынауы көшінен пайдаланып, қорқытып пара (рисует) алынуыдыр.

5) Жетісудың кедей - кембағалдарына ең ыңғайсыз келіп отырған жұмыс түрлі табиғат байлығына (монополия) болу.

Мысалға алалық, аңшылық мәселесін: Жетісу қазақ-қырғыз кедейлерінің табиғаттан тартып ала тұрған артықша пайдасы һәм қала тұрған тіршілігі түлкі, қасқыр (бөрі), сусар һәм, басқа жабайы айуандарды ұстап, өздерінің тілеген жерлеріне һәм тілеген нәрселеріне сатып ала тұрған еді. Түлкі, сусар сияқты қымбатты мехлардың Россияда һәм Еуропада бағасы һәр кімге маглұм. Бірақ, бізден Жетісуда ең жақсы түлкіге внешторг екі мата береді. Мұнан басқа жерге сатса айыптар болады.

14-жылда орта түлкі 5 сом еді. 50 тиыннан бір түлкіге он жақсы мата алып, бес басы бар кедей бір түлкі сатса, жылдың көйнек штанын қамдап, артық алғаны аяқты мал қылып шаруа көбейте тұрған еді. Мына бұл айтысқан аңдарға бұлайша қамау түсті. Жетісудың қанша мың аңменен ауқат қылған кедейлер ап-ашық зарар болып тұрмысқа кесірі тие тұрған болды.

Мұнан басқа, түзгіндерін совнархоз алып, осы өз ықтиярыменен коңегіне артып өзіне керекті нәрсесіне алмасып алушы кедейлер өзінен алдырған бөрідей болып базарға жүктеп барған. Қурайына өзі тұз салып алып қалды.

Жетісуда қайнатпа тұз, қазып ала тұрған һәм көлді кешіп, сүзіп ала тұрған тұздан бары әуелден қырғыз-қазақ кедейлерінің қолында еді. Бұл күнде совнархоз қолына алды. Нар жағын Құдай білсін. Ақшаны көп берген бай баяғы сорлы кедейді жалдайды - ау деген қауіп бар.

Бұл жерде мінін айтып өте тұрғаным мынау: түлкі, сусар бөрігі болған монополияны күрт есіне алып, өзгертпесе неше мың жарлы жалшылардың түпкілікті кәсібіне кірте бола тұрған болды. Бұлай қарағанда, түлкі, бөрі деген сөз уақ мәселе сияқты көрінгенменен, Жетісу сияқты аңға бай һәм жарлы жаршылардың көбірек тіршілігі соған байланған. Бұған хүкіметтің асасырып салып кедей тіршілігіне лайықты жолменен шығу тиіс-ау деп білем.

6) Жетісуда қырғыз-қазақ жер пайдасын қандай көріп жатыр. Бұл турада агроном болмағанменен де Бішпек, Қарақол, Нарын уезіндегі жерін түз-түзі қанша өнім берері маглұм болып отыр. Қара қол уезінің күнбатыс тарапындағы көп жері Нарын уезі бүтін Бішпектің законы. Районы-ақ топырақ аяқты малға жайлы бір жерге екі жылдан артық егілсе егін шықпайды. Екінші түрлі айтқанда, арықтап өнімі қуаты бітіп басқа жұп шығады. Екі жылдан бері егін салдыру компаниясы бұл жерлерге күштеп айдаусыз жер қоймай, жарақты жердің бәрі айдалды. Міне, мұндай бұлай айтылмыш райондарда егін болмау ашық көрініп тұр. Мұндағы жерге мехнат қылып ауқат қылған кедей - кембағалдардан мұнан соңғы тұрмыс һәм күн көріс қиынға айналып отыр. Мұның қамын әзір таң ойланып шарасын қылмаса, кедейлер әлі де алдына босып кетуге айналып отыр.

Мұның шарасы - бір сыпыра жарлы жалшыны Шуаский организацияның сулаған жеріне көшіруге қалғанын ұйымдастырып аңшылық кеңшілік сияқты табиғат байлығына кіріп монополияны олардың үстінен алу керек.

Олай болмағанда айтылмыш райондағы кембағалдардың тұрмысы харап болғаны, жалпы жер пайдасын күшпен халық анықтап әлі түсінген жоқ.

16-жылдан бергі тарттырып жіберген жерлерін хүкімет қайтарып берді. Бағызы жерлерде салынған қышлақтар сол салынған бойынша кедейлерге тиді. Кедейлер сол орындары кәдімгі қышлақ сияқты азырқы тұрмысқа лайықтап, басқа жұрттай гүлдендіріп бара жатқаны аса көрінбейді.

Баяғы далаға көнген халық салақтау көрінеді. Мұндай пейілді тастау керек. Жанындағы отырықшы халықтан үлгі алып тіршілік жарысына кірудің заманы жетті. Әзірқы заманның түрін көрген соң кедей табысы уақыт өткермей өл-тал мынау жұмысқа кірісу керек еді. Қайта қара топырақ төбелікті пайдасы бола тұрған жерге ұйымдасып, қышлақ болу (есің барда етек жап) деген мақалды ойға алып, мына осы бақтысы заманды ғанибет біліп пайдаланып қалу. Орынсыз үйірсектікті қойып, бай манаптың азғыруына кірмей, бір күнді босқа өткізбей өлтіруінің қамын қылу тиіс еді.

Бірақ, аңғарған кедей аз-ау дейім.

Айырықша шу ішіндегі кедей тобы тезден өлтіруі тиіс еді. hәр Мұсаның бір Ферғауыны бар дегендей, әр кедейдің ішінде аяқты шаруалы, ауқаттысы яки, атқа мінген манабы болып, солардың тіліне еріп кедей, кербез тәртіп келген дәулетті қайтарғалы отыр, кедей мұнан сақтану керек.

Енді анадан айтылған сөздің құйтымағы тезден шын кедейдің еңбекшілін басын қосып, үйістіріп жатақ лайықты жерге отырғызып, қалған жерге жарты көшпен андан қалған аяқты малға лайықты жерлерге, бүтін көшпенді еріксіз иемдендірмесе, қазақ-қырғыз жер пайдасын тезден түсіне қояды деуге ерте көрінді.

7) Жерлі халық арасында іш жырту мәселесі жұрттың шаруасына өте қолайсыз болған жерлер көп болып отырады. Мұның жайы мынандай: мәселен, бір болыстағы түрлі бөлімдер әр қайсысы өзінше «мен болыспын» деп ат міну, сойыс қой алу, отын, үн сияқты адамға керекті нәрсенің бәрін халықтан алады.

Тағыда әр қайсысы өзінің жүретін жолын білместен екінші жұмыстарға қатысады. Мәселен, болыстағы халық - ағарту бөлімі болысы ревкомның жұмысын қылғысы келеді. Яки, шын әділ судьяның жұмысын қылғысы келеді. Қатындарға бостандық хат беру турада, қысқасы соның сияқты штанды күйінен деп киіп жатушылар аяқ алдынан табыла береді.

Қысқасын айтқанда, дала халқының бір болысында 11 дана болыстық, дағуасын қылған болысты мекеме бар; 1) Ревком, 2) Волком, партия, 3) Союз «Қосшы», 4) Шын отдел, 5) Союз молодеж, 6) Начальник милиция, 7) Рафкерей, 8) Зем. отдел, 9) Азық бөлімі, 10) Кооператив, 11) Оқу бөлімі, мұнан басқа Басфком, Қарағай басы, Докторлар мекемесі , тағы бөлімшелері бар.

Міне, осылардың бәрі, андан мен шоңмын деп қырғыз-қазақ бишараның атын мініп, қойын сойдырып отырғаны. Мұның ішінде тағы бір үлкен қалыпты судья хатынан басын ашып, қырғыз-қазақтың ең кем түсе тұрған орны міне осы.

Осындай жерлерде арқасы бүтін, мінілмеген ат айғыр яки, собай бие табу мүмкін емес. Жауыр болу бұ жақта тұрсын, біраз алысқа мінген жылқы қайта келуі сирек. Көбісінше маңайы бас жесір қатын, жетім бала, кедей кембағалдардың мінілген алаусы қайта тию қымбат екен.

Көбінше халық арасындағы партияшылық шатақ мына осы, мансаптарды таласып болады екен.

Егерде облыста уездердегі іс басы азаматтардың тамағы тартыңқы, тамыр-таныс туған ұрығы аз болып, болсынуы ревкомды сенімді таза нық адамнан қойып, белгілі наказды беріп тұрса, мынау тәртіпсіздік басылар деген ойдамын. Ондай болмаған тағдырда, халық арасы осы барысыменен барса, жұрт қамын ойлайтұрған азаматтар есеп қылғыз, қырғыз-қазақтың әзіргі шаруасы он жылға жетпестен төгенуіне мен кепіл.

Қатаған

Басқарма: «Шолпан» қырғыз-қазақ журналы болғандықтан нәм мақала жазушы жолдас Қатаған басқармадан әдейі де өтінгендіктен бұл мақаланы өзгертпей қырғыз тілінде басып отырмыз.

Әдебиет бөлімі

ҚЫР СУРЕТТЕРІ

1) Кешке дөң басында

Жаздың жайлы кеші. Бойды сергітетін қоңыр салқын дымқыл тынық ауада біліне бастаған. Зәрі қайтқан қызыл күн әлсізденіп таудан асып, ұясына кіріп барады. Қызыл сеңдей болып, батар күнге ентелеп қамап тұр.

Қара көк, тұңғиық аспан күн батысқа тақаған жерінде Қызыл тұрғынның толқынданып, кейбір жерінде қызулы өрттің жалдай жайнап тұр. Күннің ақырғы сәулесі түсіп тұрған тау бастары көлеңке басқан қоңыр жердің алтын шатырындай болып нұрланып, қызғылттанып тұр.

Дөң басы, кәзіргі уақытта өзгеше көңілді. Кешке жақын у-шуы көбейіп, азан-қазан болған ауылдан шығып, биік сары дөңге көтеріліп келе жатқанда, көңіл жерден кетіп, аспанмен екі ортадан орын алғандай. Жоғары жүре бергісі келіп биіктен - биікке тарта бергендей болады.

Әншейінде қиын десек те, оңашалық жалғыздықтың дәл осы уақытта тәтті жайлы екендігіне мойындайсың. Өзіңе-өзің тигендей, ерік қолыңа келгендей болып сергисің. Жеңілесің, менің де көңілімдегі осы хәлдің шындығына көзімді жеткізбекші болғандай болып, сары дөңді қаптаған бетегемін сары күде бұралып, сумаңдаған салқын желдің лебімен басын изеп шын шындайды.

Белгісіз үміт түрткен қомағай көз айналаны шарлайды. Кейде, шарықтап аспанға кетеді. Тұңғиық көктің тілін ұққысы келгендей. Кейде созылып жатқан сары даланың мұңын білгісі келеді.

Кейбір жерде, көз ұшында, аспан төніп жерге қонып, жақындасып, шыдасып сырласқандай көрінеді. Кейде жерден көтерілген биік таулар иректеліп, аспанға созылғандай.

Күн батыстан басқа жақтың пішімі сұрғылт тартып, көңіліне дағдылы ой түсіп мұңайғандай. Алыстағы қара қошқыл тауда бетіне көлеңкедей әжімі жылып салқын пішімімен түнергендей.

Ептеп қоңырқай тартқан иесіз дала. Жеңіл тұманды жамылып, мұңыменен сазарғандай .... жым-жырт.

Бірінің аяғынан бірі көрініп қабатталған, жақындағы биік сары дөңдер күн батқан соң, тыныштыққа бой ұрып, жүре тартып құлази бастағандай.

Күн батып болған... Күнбатыстағы көрікті, қызыл ажар минут сайын бәсеңдеп, дүниені қаптаған сұрлықтан жеңіліп барады. Жас сұлудың үзілген жердегі түсіндей болып қаны тамған қызыл бетке аз-аздап көкшіл сұрғылт өлім таңбасы араласқанға ұқсайды.

Дүние қалың қайғысымен жүдегендей жым-жырт болған өлім тыныштығындай зор салқын тыныштығымен мұңды шерін сыртына шығарғандай.

Бірақ, бұл қайғы мен жыр, бұл мұң әлсіз көздің ыстық жасына, нәзік жүректің аласұрған қайғысына ұқсамайды.

Қайта сол жасты тиятын, сол қайғыны айықтыратын қуат бергендей болады. Белгісіз үміт ойға кіріп салқын тыныштық бойға сіңіп, табиғаттың шерлі күйімен қосылып әлсіз, нәзік қиялды тербеткендей болады...

Үлкен ата-анаңның бейітіне ұқсаған, қалың сары дөң жұмырланып ішіне бүккен үлкен сырын ашқандай. Мұнда жансыз емеспін, мұнда да өмір бар. Бірақ, мұндай салқын сабырлы бол дегендей болады...

Тыныштық тауып өмірге жаңа қуат алған көңілмен етектегі шашылып жыбырлап жатқан ауылға қараймын.

Қабат-қабат қалың таулардың арасында айырылып жатқан жасыл сайдың бойын құлай қонған 3-4-ақ ауыл.

Аралары жақын... бәрінің де айналасы жыбырлаған неше түлік мал бірі мен бірі қосылып жатыр. Әрбір үйдің жер ошағынан будақтап бықсып шығып жатқан түтіндері кейде аспанға шығып, кейде өлкеге жайылып тарап жатыр...

Ауылдардың арасымен жасыл сайды жарып аққан жіңішке өзен кейде сумаң қағып тура ағып, кейде иреліп жас жалындай жылмаңдап, ойнақ салып ағып жатыр...

Жаңа жамыраған қозылар енелерімен бірге, у-шуынан басылып, ауылдардың екі жағындағы адырларға тырағайлап өріп бара жатыр...

Кешегі суға жаңа қайтып келе жатқан топ-топ жылқы ішіндегі түсі айқын қылаңдарымен шұбарланып, айрықша жарастық пен жасыл жалқынның үстінде пыр-пыр етіп келе жатыр.

Шыңғырып тебіскен, үйірін іздеп кісінеген дауыстары кешкі ауада қатты жаңғырып естіліп тұр.

Еркектің көбі су жағында әңгіме құрып, жылқы аралап жүр.

Ауыл кешке өзгеше жанданып, қызықтанып тұрғандай, үйде отырған жан жоқ. Қатын, бала, кемпір-шалға шейін тыста. Әркім әртүрлі шаруамен қарбаласып жүр. Жасыл шөптің үстінде көз қуантатын жарастықпен тұрған ақ үйлерден шыққан қолы бос қыз келіншек біресе қалжыңдасып күліп су жаққа барып, біресе топтанып ойнап, дөң асып кетіп жатыр.

Бұлардың тобынан жырылып қалған сұлу қыз ақ көйлек, қара кемзалымен ауылдың түсін ашып, арқадағы ақ шолпы, қолдағы қос білезіктерін сылдыратып жүргенде, даланың ерке тәтті күйін еске түсіргендей болады.

Жұқа қара шапанын ақ білегіне арта салып, бұда бір дөңнен асып барып отырып, омырау қалтасынан бүктеліп салған хатты алып оқып отыр...

Өзенді өрлеп, сар шегірдің шабытты кезінде қос ілдірмек болып келе жатқан бозбала, суды қағып, жылжып келе жатқан боз жорғаны қайта-қайта тепсініп асығып келеді...

Бөріккен суық қабақты анда-санда бір қағып өзен бойына қадалып келе сар шегірдің алтындай сары көзінен ашуменен от бүркіп тұрғандай иіріп иек қаққандай болып кей-кейде қылмыңдаған басынан өлімнен де таймайтын ізденген жау екені білініп тұр.

Бас шалқайтып кекшитіп, екі қанатын салбыратып жіберіп, шыдамсызданып отырып аңшының қолғап киген қолын жембасары мен тегеурінімен сығымдап қысып қояды... Бір мезгілде асығып келе жатқан аңшы таста отырған екі қаздың үстіне келіп қалып қайта жалт берді. Жемді көзі шалып қалған сар шегір қолына жата қалды...

Аңшы жылдамдатып, кейін шегініп келіп боз жорғаны қамшылап, дабылды ыңғайлап алып шаба жөнелді... Бірер секундтың шамасында қаздарға жақындап келіп, қаршығаны серпіндетіп лақтырып жіберіп, дабылды қағып-қағып қалды.

Дабылдың даусынан шошынып ұшқан қаздар садақтың оғындай суылдап жөнелді...

Құлшынып жөнелген сар шегір ұшқыр қанатын сып - сып еткізіп екі, үш қаққанда әлі күнге қарбаласып жөнделе алмай бара жатқан қаздардың астына барып қалды...

Келесі секундта сар шегір мәшиненің айналасы бір айналыс жасағанда аспандағы үш құстың шұрқ-шұрқ еткен шапшаңдығы ұйқы-тұйқы болып, жан таласқан қарбалас көрінді. Аржағында аңырап тұрған аңшы, қабақ қаққандай уақыт өткенде бір қарады. Шалқасынан ұстап сығымдап төмен қарай созылып келе жатқан сар шегір көрінді. Қыран жерге жемін алып түсіп, басып отырды. Аман қалған қаз аспаннан түсе қалып, сабаласа да сар шегір жемін жіберген жоқ.

Аңшы атып, борбайлап шаба жөнелді.

Табиғаттан сол жерде алған «сабырлы бол» деген сабағымды ұмытып, мен де етектегі сар шегірге қарап домалай жүгірдім.

2) Түнгі ауыл

Майдың түні. Желсіз тынық hауа, тыныштыққа батқан табиғат. Қалың ұйқыда қалғып тұр. Самаладай жарық толған ай. Сағат сайын сызылып, маңдайға таман қалқып келе жатыр. Қара қошқыл аспанда жымыңдасқан жиын, жұлдыз шашып тастаған күмістей безендіріп жайнатып тұр.

Аспандағы жарқыраған сұлулар, сулыкет жердегі ұйқыға жеңгізіп, тұмсарып қалқып тұрған тау тоғайға, наз араласқан қалжыңмен күліп қарап тұрғандай.

Айналада қабат-қабат шың тау, табиғат кәрі көңілін ауыр ойын алғандай. Төгіскен салқын қабағына ескі әжімі жиылғандай ой шыңына батып тұр.

Қара қоңыр көлеңкеге басқан сайлар ай жарығы түспей түн қараңғылығы басқан теріскей бетті алыстан қара үңгірдей үңірейіп тау үшін түнергендей қылып есірдендіріп тұр. Бұның үстіне дүниені басқан ой, тыныштық аруаққа сорылған жым-жырттық, мұң мен сіреңіп төгілген - ай. Сәулесі жүрек қанын қаттырақ соқтырып, көңілді күлімсіреуін болмыс үміт, рахат күйін құрғандай болды.

Тауды жарған кең үректе еркелеп иіріліп кей жерінде керіліп ұйықтап жатқандай әрекеті көк жағының ортасын жарып аққан тынымыз жіңішке өзі қане бір қалыпты сыбырынан жаңылмай, аспандағы ай, жұлдызбен сырласып, сормаң қағып, өлең айтып жатқандай.

Бірақ бір қалыпты жас білмейтін ойнақ мінезі, бірде жүзі жарқырап күліп, бірде қорланып тұмсарып аққан қанымнан байқалғандай. Өзен жағасын жағалай шыққан жасыл тоғай. Жесір ауада тыныштық алып, дүние намазына үйіп тұр.

Өзек шалғынның шетінде, бетке сала қонған ауылда ару жуынап басылып, іздеген тыныштығына жеткендей болып, тыныш алып ұйқыда тұр. Түңліктері жаюлы, үлкен ақ үйлерді ән сау ісі төгіліп, ақ нұры мен жұмылдырып созғандай, үйлер жұмырланып шаңғыған ақ түсті мен өзектің түсін ашып, ұядағы ақ жұмыртқадай жарастығын толтырып тұр.

Алыстан қарағанда жұмырлаған үйлердің ұйқыдағы пішімі жұмыр таудың сырттай үлкен салқын сырты ішіне бүккендей. Ауылдың қонағы толған малда, бегіт тыныштық алған... ұйқыда.

Рахатты жарық түнде жайлы тыныштығына сүйсініп жатқан бірен-саран қойлардың меңіреген дыбыстары естіледі. Кейбіреулері ұйқысынан оянып, тұра келіп шашалады.

Көп қой қалың ұйқымен жусап жатыр.

Көп күй, ән демейтін сиырларда қотанның шеттерінде әр жерге шашылып, тынығып жатыр.

Қотанның тау жақ шетіне матастырып тастаған түйелер айқыш-ұйқыш болып шөгіп жатып, керек-терек пысылдайды. Кейбірі теңгір-теңгір жөткіріп, пысқырып жатыр.

Ауыл жақтан осы секілді бір қалыпты мал дыбыстарынан басқа анда-санда сергек күзетшінің сарылып жалыққан даусы, салған айтағы есітіледі. Тау ұйқыда жатып, жаңғырып жауап қайтарады.

Күзетшінің бір қалыппен сүзіп айтқан қашып талған айқайында белгілі кейбір сияқты күй, түн тыныштығының күйіне ұқсайды. Сызылып жүдеу тартып ағарып келе жатқан таң күйіне ұқсайды.

Бұл өзеннің ішінде де бір тыныштыққа бой ұрған салқындық, кеңдік бар.

Болымсыз мұң зар араласқан қайғының да сарыны бар.

Бұл айқай, түндегі қуаттың біріндей болып шыққан сайын дүние барын жер өзіне ертіп еліктіріп, жаңғырықтық биік аспанға көтеріліп кетіп жатыр.

Адамның әншейіндегі әлсіз даусы табиғаттың дыбысын сыртылына тіл қосатын мезгілі болса, осы болар-ау деген ой көңілге нық орнаған секілденеді.

Жаяу сал

ҚОРҚЫТ

Алтайға жер жүзінде тау жоқ жеткен,
Алтайға бетегедей алтын біткен.
Бейіштей алтын Алтай етегінде,
Ертеде алаш елі мекен еткен.

Ол күндер көз жетпейтін ерте күн ғой,
Ерте күн - ертегідей ерке күн ғой.
Өткен күн - ұстатпайтын сұлу сағым,
Жалғыз-ақ желден жүйрік жетеді ой.

Өткен күн ертегімен таласқандай,
Уа дүние, ол күндерде алаш қандай ?!
Ой-қырдан орғып - қарғып еріккенде,
Алтайда ойнақ салып жүрген аңдай.

Сол күнде бір ер бопты, алты алашта!
Қаны бір қалың елмен, жаны - басқа.
Елікпей ес білгелі еш нәрсеге,
Өзіндей үйірілмеген албырт жасқа.

Қорқыт деп қойған екен ердің атын,
Оңған ел ер деп атар азаматын.
Талайлар таңданыпты күнде көріп,
Қорқыттың мінезінің тым-ақ жатын.

Қорқытқа ес білгелі бір ой түскен,
Айнымай сол ойменен күнде у ішкен.
Ой билеп үйден, елден безіп кетіп,
Жұрт оны қауесет қып жынды деген.

Ежелден белгілі ғой «көптің» сыры,
Боласың көптей болсаң, көптің ері.
Көпке егер ісің, ойың үйлеспесе,
Күмән жоқ кім болсаң да соғар «пері».

Қорқыт та ерте аталды «пері соққан»,
Қорқыттың жан болмады жанын ұққан.
Ой екен қандай ғана Қорқытты ойлап,
Айырған дос, қосқан елден, жұрттан?

Қорқыттың мынау ой еді есін алған,
Жанына ерте күннен жара салған:
«Топырақ боп ертең шіріп қалмақшымыз,
Өміріміз неге шолақ, тәтті балдан?

Әншейін өмір деген ермек үшін,
Күні ертең соғар жүрек сенбек үшін.
Ойланып қалай ғана уланбассың,
Берілсе адамға өмір өлмек үшін.

Бір кезде көл толады құрымақ үшін,
Күні ертең гүл гүлденед солмақ үшін.
Біраз күн адам тұрар, өмір сүрер,
Құртқа жем, шіріп, сасып болмақ үшін.

Сары суға қан берілген айналмаққа,
Өлім мен тіл берілген байланбаққа.
Әлпештеп ардақтаған денең шіріп,
Жел менен топырақ боп айдалмаққа.

Көз ашып жұмғандай-ақ өмір шолақ,
Алдыңды көз ашсаң-ақ ажал қамап.
Өмірде мынау шолақ неге керек,
От-үміт, ойын, күлкі, таудай талап?

Әлдекімге адам деген ермек үшін
Жүректе от ойнайды сенбек үшін.
Ойланып, қалай ғана уланбассың,
Берілсе адамға өмір өлмек үшін».

Қорқыттың жүйрік жанын жай тасындай,
Жаншыған осы ойлар еді қорғасындай.
Паршалап тілім-тілім, ерте өртеп,
Кіршіксіз жас жүрегін көз жасындай.

Ой билеп жап-жас Қорқыт елден безді,
Түгел ол ойын-күлкі, қойды сөзді.
Елікпей, үйірілмей еш нәрсеге,
Алтайдың алаптарын жалғыз кезді.

Алтайдың Қорқыт кезді алаптарын,
Ешкімге ұқтыра алмай жанның зарын.

Ата-ана, дос-туысқан бәрін тастап,
Талақ қып қара көзді қарақтарын.

От-адам отпен ойнап сынар бағын,
Жүйрік жан қажу білмес қуар сағым,
Тағы боп, күңіреніп кезіп кетті,
Қорқыт та шешпек болып жан жұмбағын.

Аяңдап алдыменен тауға жүрді, Асқарға:
«Өмір не?» - деп сұрау берді.
Жаны-тас, жүрегі-тас тау не десін,
Өзінен: «Өмір не?» - деп қайта сүрді.

Бұрылып таудан ақырын орман барды,
Оған да: «Өмір не?» - деп сұрау салды.
Ежелден ой білмеген меңіреу орман,
Қақиып қарағалы аң-таң қалды.

Сұраса суға келіп «Не деп өмір?» -
Беті құр, соғылғанның жыбыр-жыбыр.
Желге айтып еді, ол жынды не деуші еді,
Басы жоқ, аяғы жоқ сыбыр-сыбыр.

Күн анау ешбір үнсіз аласұрған,
Ай да бір-өгіз де бір аузын буған.
Қылмыңдап қар қатындай көзін қысқан,
Жұлдыздар тазартады жүректі удан.

Не керек, Қорқыт кезді тынып жатпай,
Ешбір зат тастамады зарын шақпай.
Көк мылқау, жері мылқау — бәрі мылқау,
Өртенді ер жұмбағына жауап таппай.

Түнерді бұрынғыдан Қорқыт бетер,
Есалаң ескен желдей өмір өтер.
Күмәнсіз өлеріңді біле тұрып,
Дүниеде талаптану, тұру бекер.

Көз ашып, өмір шолақ жұмумен тең,
Тағы да аз өмірің соққандай сын.
Арандай қарсы алдыңда аузын ашқан,
Жоқ па екен, шыныменен ажалға ем?..

Кім білед, өлмейтұғын ел бар шығар,
Кім білед, ажалға да ем бар шығар.
От-суы, топырағы қасиетті,
Кім білед, өлтірмейтін жер бар шығар.

Әуесі уланбаған өлімменен.
Сөз де жоқ, өлу түгіл не «өлем» деген.
Адамзат таппаса егер ажалға айла,
Не қылмақ пайдасы жоқ білімменен?! —

Деп ойлап, қайырылмай ешбір затқа,
Ажалдан қашып шығып құтылмаққа.
Айырылып Алтайынан кетті Қорқыт,
Өлімнен аман ел мен жер таппаққа.

Түзеді күншығысқа Қорқыт бетін,
Адамға жаяу жалғыз жол тым шетін.
Арыда ұшырасты сансыз жаумен,
Сонда да үзбеді ол еш үмітін.

Талса да тоқтамады, Қорқыт жүрді,
Бетбақ жол өтті талай қырды, өрді.
Қажыған, қаны күйіп мезгілінде,
Алыста мұнарланған қара көрді.

Жапанда бір бұдыр қарарлаған,
Жасаған Қорқыт жанын тындырмаған...
Қараға жылдам басып жетіп келді,
Қорқытты қайғы басты түннен жаман.

Көзінен сорғалады жас бұлақтай,
Жапанда қағулы бір қара тақтай.
Тақтайдың түбінде бір қазулы көр,
Тастаған үңірейтіп бетін жаппай.

Әлдекім жапан түзде бір көр қазған,
Басына тақтай қойып, сөздер жазған.
«Өлімнен құтылмайсың қашқанменен,
Мынау көр - сенің көрің, Қорқыт жазған!».

Мынау сөздерді оқып ол түн боп кетті,
Басқандай жүрегіне болды шоқты.
Көл болып, көздің жасы төгілгенмен,
Заулаған баса ала ма ол жандағы өртті?!

Ой өсті, қалың өрттей уын шашты,
Ауыр ой қорғасындай жанды жанышты.
Қарсыдан қашқан көрі шыққаннан соң,
Бұрылып Қорқыт кейін қадам басты.

Түзеді енді бетін батыс жаққа,
Қайғылы қажу бар ма ол бейбаққа?!
Жапанда жалғыз өзі күбірлейді,
Сөздерді тақтайдағы алған жатқа.

Апырмай, табылмас па ажалға айла?
Өмірден табылмаса қандай пайда?
Жүрістен дене түгіл, жан шаршады,
Өлімнен аман ел мен жері қайда?

Бір жан жоқ қыбырлаған дала, дала...

Келеді Қорқыт сорлы жаны жара.
Ай, жыл өтіп, ер әбден арыған шақ,
Алыста бұлдырлайды тағы қара.

Қорқыттың ынтасы өлген, көңілі қаяу,
Қараға баяу басып келді таяу:
Тағы көр, тағы тақтай, тағы жазу,
Тәңірі ие-ау, тегі сенде бар ма аяу?!

Терең ғып тағы біреу бір көр қазған,
Басына тақтай қағып жазу жазған.
«Өлімнен құтылмайсың қашқанменен,
Мынау көр — сенің көрің Қорқыт жазған!».

Қорқыттың қайғысы енді болды басым,
Жаздың не, жазбадың не жан жарасын?!
Есі ауып байтақ уақыт жатқаннан соң,
Көтеріп бір мезгілде алды басын.

Ойменен пара болған, жан жыртылып,
Мерт болған ессіз жүрек айға ұмтылып.
Кеудеде құр әншейін шықпаған жан,
Тұрды да кетті Қорқыт сүйретіліп.

Алыста сөнген оттай үміт өлді,
Сұм тағдыр қатты қақты созған қолды.
Сонда да қашу білмеді ойлы Қорқыт,
Дүниенің төрт бұрышын кезбек болды.

Қалмады жер жүзінде бармаған жер,
Қорқыттың қанды жасы тамбаған жер.
Басса да, қайда қадам сорлы Қорқыт,
Алдынан қарсы шығады қазылған көр.

Қазылған оңға барса, оңда да көр,
Қазылған солға барса, солда да көр.
Шоңқиып көрге қонған күшігендей.
Көресің қара тақтай қағулы тұр.

Алдынан кез келеді бір көр қазған,
Басына тақтай қағып жазу жазған:
«Өлімнен құтылмайсың қашқанменен
Мынау көр - сенің көрің, Қорқыт жазған!»

Дариға, табылмақ па ажалға айла?!
Жерде жер өлім жүрмес болу қайда?!
Алдыңнан қайда барсаң, көр кез келед,
Өлімге сорлы Қорқыт, басың байла!

Не пайда, шомылғанмен қанды жасқа?!
Не пайда, басты ұрғанмен тау мен тасқа.
Дүниеде ажалдан күшті алла болмас,

Көрмессің кезгеніңде көрден басқа.

Шықпаған кеудесінде шыбын жаны,
Қасықтай кеуіп, бітіп қалған қаны:
Аяңдап аруақ боп Алтайына,
Күңірентіп қайтты Қорқыт жерді зары.

Қайтса, Алтай баяғы Алтай күңіренген,
Асқарға аспан түніп еміренген.
Керіліп бұлтпенен бал алысқан,
Еркенің не ісі бар ой-шерменен?!

Мелшиген баяғыдай меңіреу орман,
Ойнаған асау бұлақ шапшып ордан.
Жыл анау көрінгенді бір сүйсе де,
Жар таппай жаны бірге «мәңгі» еһ ұрған.

Ел мынау баяғыдан малын баққан,
Малындай алдындағы жусап жатқан:
Қайғысы, қуанышы бәрі де ойсыз..
Сиырдай өкіріп, бәрі шапқан.

Қайтты да айналғандай есалаңға,
Ләм-мим деп бір сөз қатпай тірі жанға.
Күңіреніп, жер бауырлап жатып алып,
Ұйқысыз қосты Қорқыт таңды-таңға.

Бір күні шошып тұрып көргендей түс,
Кесіп ап қарағайдан қылды қобыз.
Қыл тағып қобызына сөйлетіп ед,
Алтайды күңірентіп шықты лебіз.

Қобыздан мұңды дыбыс сорғалады,
Майпаңдап ә дегенде жорғалады;
Біресе асау тайдай ойнақ салды,
Біресе сары нардай ырғалады.

Дуылдап қырдан жерге түйілгендей,
Долданып дауыл құмды үйіргендей.
Басылып біраздан соң сылқ-сылқ күлед,
Дұшпанның мұқатқанға сүйінгендей.

Біресе жүйрік желдей кетеді есіп,
Асқарды аттап өтті, дария кешіп:
Біресе әлдекімге тіл қатқандай,
Желменен жапырақтай күбірлесіп.

Біресе от сықылды аспанға асқан,
Жоқ әлде ор қоян ба орғып қашқан?!
Біресе күрсінгендей, күңіренгендей,
Жандай-ақ қап-қараңғы қайғы басқан.

Қобыздың сарнағаны зарлағандай,
Қан шашып әлдекімді қарағандай.
Жүрегі мың жара боп, паршаланып,
Күйініп көзінен жас парлағандай.

Күңіренді, жылады зарлап қобыз,
Жанды өртеді толқынды, мұңды лебіз.
Жасын төкті көл қылып шерлі Қорқыт
Жан жыласа, жыламай қала ма көз?!

Қобыздан осылайша шықты сарын,
Бірде мұз, бірде дауыл, бірде жалын...
Қарағай мен қыл сырнай не деуші еді,
Шығарды сарынменен Қорқыт зарын.

Таба алмай жерді кезіп ажалға айла,
Дариға, ажалға айла болу қайда?!
Азырақ, улы ойларын бөлмес үшін,
Жабысты шерлі Қорқыт қарағайға.

Қызарып ашуменен күн батқанда,
Ерініп, еркеленіп таң атқанда.
Қарны тоқ, қайғысы жоқ, жаны тыныш,
Малдай-ақ қор-қор ұйықтап ел жатқанда...

Байлары малмаң-малмаң мал баққанда,
Батырлар балпаң-балпаң ел шапқанда.
Ішкені-мас, жегені - тоқ, бәрі де мәз,
Кедейлер көк есектей зыр қаққанда...

Қорқыттан серпілмейді қалың уайым,
Қолынан тастамайды қарағайын.
Қобыздың лебізінде мұң молайды,
Зымырап өмір шіркін озған сайын.

Өмірде жүрген жолын қанды ор ғып,
Шеше алмай жан жұмбағын шерлі Қорқыт.
Жұбанды қолындағы қобызымен,
Көрге де қобызымен кірді Қорқыт.

Өткен күн ертегі ғой, тамаша таң,
Ойласаң өткен күнді жұбанар жан.
Байқасаң адамзатта болған ба ақын,
Қорқыттай атасынан бата алмаған?

Ақын - жел, есер, гулер жүйрік желдей,
Ақын - от, заулап жанар аспанға өрлей.
Қиялы - жан жүрегі - ойнаған от,
Ақынды аласұртар тыныштық бермей.

Жай адам қияға ондай қол сермей ме,
Ақынға аз нәрсе ауыр аза бермей ме?

Қиялмен арсыға ұшқан, сағым құшқан,
Жүйрік жан алдында ылғи көр көрмей ме?!

Жыл жүрсе терең теңіз тебіренбей ме?!
Көр көрсе, ақын жаны күңіренбей ме?!
Көргенін кеңес қылып күңіренсе ақын,
Тыңдаған тірі жанға шер бермей ме?!

Құшақтап қарағайын сарнаса ақын,
Толғанып, жасын төгіп, зарласа ақын.
Шеткерек тұрып біраз тыңдағайсың,
Баспалап, төніп, жаншып келме жақын.

Жақындық қажет емес жүйрік ойға,
Шер - сиқыр алыстан-ақ тарамай ма?
Ақынды алыс тыңда көп тілеймін,
Қағылып кете гөрме қарағайға!

Ақынның қарағайы - жары да сол,
Ата-ана, малы-мүлкі, жаны да сол.
Сезімпаз қарағайдың нәзік қылы,
Ақынның жүрегіне жалғанған ол.

Сорғалап сиқырлы үн шығар ішектен,
Шықпақшы ішектен емес, үн жүректен.
Үзілсе ішек, үзілмек нәзік жүрек,
Сондықтан, сұрағаным - тыңда шеттен.

Серпілмес терең жаннан қалың уайым...
Түсірмес қолдан ақын қарағайын.
Үнінде қарағайдың мұң молаймақ,
Зымырап өмір шіркін, озған сайын.

Атасы ақындардың - ақын Қорқыт,
Өмірде жүрген жолын қанды орғып...
Шомылып өз жасына сарнай-зарлай,
Құшақтап қарағайын жатыр Қорқыт.

***

Ол күндер көз жетпейтін ерте күн ғой,
Ерте күн - ертегідей ерке күн ғой...
Өткен күн - ұстатпайтын сұлу сағым,
Жалғыз-ақ желден жүйрік жетеді ой...

Өткен күн, ойды әлдилеп тербеткендей,
Ойыңды Алтай бойын өрлеткендей.
Тыңдасаң құлағын сап, сар даланы,
Қорқыттың сарыны әлі күңіренткендей...

Тыңдасаң, есітесің жаныңменен,
Сар дала күңіренді сарынменен.

Ерте есітіп сол сарынды ерте уланып,
Мен сорлы көптен әуре зарыңменен.

Ес білдім, аласұрдым сағым қуып,
Жете алмай, бетті талай жаспен жуып.
Артымда - ор, алдымда көр, өтеді өмір...
Дариға, бесігімнен көрім жуық.

Көп заман, жетеледі жынды жүрек,
Ойладым: «Жүрек жетер, ой не керек?!»
Тәтті у еді, сол удан неге айныдым?
Дариға, үміт өлед, жүрек сөнед...

Бір күнде, жолдас болдым құйынменен,
Өмірді алмақ болдым ойынменен.
Ойын тынды, жолдасым жоқ боп кетті,
Бұл күнде уланамын ойымменен.

Енді менің жолдасым - жалғыз қобыз,
Сарна қобыз, мұң-зарлы шығар лебіз!
Сен жыласаң, жылармын мен де бірге,
Жан жыласа, жыламай қала ма көз?!

Өмірде арманым жоқ - Қорқытқа ерсем,
Қорқыттай жанды жаспен жуа білсем.
Жас төгіп, сұм өмірде сарнай-зарлай,
Құшақтап қобызымды көрге кірсем!..

Мағжан Жұмабаев

«ҚЫЗЫЛ СҰҢҚАРЛАР»

(сын)

Орынборда биылғы басылған кітаптардың ішінде «Қызыл сұңқарлар» деген Сейфуллиннің бір кітабы шықты. Бұл өзі пьеса. Бірақ, бұл күнге шейін пьеса жазған жазушылар кітабына орынды, орынсыз болса да не комедия (күлкі) не драма (қайғылы хәл) не трагедия (қанды уақиға) дегендей аттарды қоюшы еді. Соныменен бұл кітаптың негізі, мақсаты, беті бір кітаптан айырылушы еді.

Біздің жазушы кітабын жоғарғының қайсысына қосарын білмей дағдарған ба, болмаса ананың бәріде өзінің бірақ кітабынан табылған ба, (дұрысы соңғысы болса керек) әйтеуір, пьеса деген жалпақ атты бірақ отырғызыпты.

Бұл сөздерге қарап, оқушы шұпқаланып жүрмесін. «Қызыл сұңқардың» пьеса екенінде дау жоқ. Себебі сыртына, қазақшама сенбесең міне, орысшам дегендей қылып қазақша-орысша да «пьеса» деп қойған.

Ал, кім де болса пьесалығына сендік, қазақтың тілінде жазылған қазақ өмірінен алынған қазақ пьесасында кейде қарап көрейік.

Бұл күнге шейін дүние жүзінде жазылған пьесаларының мақсаты, бағыты, неше түрлі болғанменен бәрінің де әдебиет жолында амалсыздан бағынатын бір заңы бар. Ол — пьеса ішінде сөзімен, мінезімен, ісімен кім екендігі анық көрінетін белгілі типтер шығару. Біреу жақсылықтың үлгісі, біреу жаманшылықтың айнасы, біреу қорқақтықтың, біреу бірліктің, біреу ақымақтықтың, біреу қаттылықтың тағы осы секілді көп мінездердің үлгісі болып көрінуіне керек. Сондай мінезімен көрінген адамдар әр тықылы бүтін бір таптың, бір таптың ішіндегі әр мінезді болып жаратылған адамдардың жақсы жағы да, жаман жағы да көрінетін болу керек. Сондықтан пьеса жазушылар әуелі типтерінің жайын ойлайды.

«Қызыл сұңқарды» әуелі осы жағынан алайық. Бұнда, пікірлері бір болса да мінезімен, сөзімен, анда-сандағы ісімен бірінен-бірі айырылатын жеке-жеке бөлім бар ма? Қазақтығын, орыстығын былай қойғанда, жеке-жеке әр адамның өзіне қас болған мінездерімен көрінетін революционерлер бар ма?

Бұған жауап «Қызыл сұңқарда» бөлек типтер жоқ, жалғыз Ахметқалиден басқаның бәрі бір-ақ адам. Шынында, Еркебұлан, Жұмаш, Жағфар, Лозуи, Нестеров ауырып қалғаны болмаса, Байділда түгелімен бірі айтқан сөзді бірі айтатын тұтас бір-ақ адам емес пе? Бәрінің мінезін жиып келсек, бір Еркебұланнан табылады, Лозуидің мінезін алсаң бәрінен табылады. Бәрінің хәлі бір, пікірі, өмірі бір болғанмен де бірі оны ойлағанда бірі мынаны ойлайтын, бірі оны қиял қылғанда бірі басқаны қиял қылатын, сөйлессе алғы біріне-бірі шулыға бермей дауласатын да жерлері болады. Адамның шын өмірін алсақ осындайлардан құралады. Бір жерде кездескен он адамның бәрі бірден бір уақытта ой ойлап, бір уақытта бір мінез істеп, бір уақытта бір-ақ нәрсені қиял қылады деуге психология заңында бірінші рет қана айтылған сөз: ол үшін бәйге тисе, біздің Сейфуллин алды. Әйтпесе, бәрі сөйлетіп қойған граммофон секілді. Бәрін Сейфуллиннің бірақ қалыбына соққан жансыз адамдар. Екінші, бұл пьеса қазақ өмірін көрсете ме, қазақ пьесасы екені таныла ма? Қазақ баласы осы кітаптың ішінде бар ма? Менің ойымша, қазақ пьесасы болып саналуы мүмкін емес. Жоғарыдағы айтқан ірі геройлары түгелімен бір-ақ кісі болудың үстіне, оларда қазақтықтан ешбір белгі де жоқ. Бұлардың құр сарнаған сөзінен басқа, жайшылықтағы мінезі мен ісі көрінбегендіктен, әдеті мен жайшылықтағы әлді жері, әлсіз жері сезілмегендіктен, тегінде қандай екенін білу де мүмкін емес. Сондықтан, қазақтығын былай қойып, жеке ғана бір адам болғанда да кім екенін білу өте қиын. Олай болса, пьесаны қазақтікі деп адасудың орны жоқ. Қазақтан кірген артқы өмірі көмескілеу бір тип Ахметқали болса, ол мазақ есебінде көрсетілген. Орынсыз қылжақ-сықақтың қолжаулығы болған.

Байділданың: «Шынына келгенде Құдай мен құмалақ өзі екеуі бірдей! Екеуі де, әншейін сорлы жұртты алдауға жасаған былшыл» деген сөзінен жоғарғының шындығы көрінеді.

Қазақ өмірін көрсетпек болған ақырғы бөлім қазақ өміріндегі Сейфуллиннің қиялы болмаса анық өмірі емес. Қиял турасынан не айтуға болады. Кезі келіп шалқығанда футуризмге де апаратын қиялға біз не дейік. Бірақ, пьесаның ішінде қазақ бар ма деген жерде айтатынымыз - барлық пьесаның ішінде Ахметқали мен Еркебұланның шешесінен басқа қазақ жоқ. Кітапта рулар да тиіп бөліп көрінбейді. Өзін өмір кітабының бір-ақ беті ғана болымсыз сезіледі.

Онан соңғы, бір сөз декорацияны сипаттауда төртінші бөлімде «оң жақта анау биік таулар...» деген сөзден бастап сол беттің аяғына шейін ойын бөлмесінің сипаты кетеді.

Түгелімен поэтическое описание пьесаның беті, мақсаты үшін сонша тамылжытпақ болып егелену неге керек екенін жазушының өзі білмесе, оқушы біз білмедік.

Тағы бір сөз, кітаптың бас геройы Еркебұланның аты туралы: бұл қазақта кез келмейтін ат мұнда қойылса, мақсатпен қойылған болу керек. Сондағы мақсат не? Бұл атта мырзалық пен серілік бар. Бұла болып, болпаш болып өскен, ерке жалғыздың сипаты бар. Болмаса басы ауған жағына кететін сайдың сипаты бар. Бірақ, бұл атты еш уақытта еңбекшілдік қамқоры, от пен судың азабында жүрген бейнетқорға жабыстыруға болмайды. Ол болмаса, бұл адамның аузынан көбігін ағызып жүрген елшілдігі, еркелігінен болатындығынан шыққан ғана уақытша бір мінез болу керек. Онда негіздің жоқтығы білінеді.

Әйтпесе, бұл кітаптың бәрі бастан аяқ қазақ әдебиетінің ішіндегі бір еркелікпен жолшылдық шығар. Еркебұлан деген атпен жазушы соны көрсетпек шығар.

Тіпті болмаса бұланның кім екенін білдірмей жұртты сандалтып қуланғанша, өзі көрген кісілерінің шын атын атағаны дұрыс емес пе? Сонда өмірге жақын болмас па еді? Кітабының шын мақсаты мен мағынасы да оқылмас па еді?

Осы себептерге қарағанда, жазушы келешекте шынын айтар деген үміттеміз. Әзірше кітапта түгел көрінетін бір адам (законченный цельный тип) жоқтықтан, жазушының адам танымайтындығынан бар кісісі тұтасып бір-ақ, кісі болып кеткендіктен - екінші адамдарының жан сипаты көрінбейтін жарты адамдар болғандығынан, үшінші - Еркебұлан деген ат сияқты ешбір ойсыз ақылға сыймайтын қисындылық (целесообразность) дегенінен алыс тұрған қалыптарына қарағанда бұл кітапты өзге жақтарынан сынау орынсыз деп білемін.

Кітаптың бір мақсаты агитация десек, онда да жоғарғы шарттарды орындап отырып, агитация жүргізуге болады. Болмаса мұндайларды желігіп отырған, жеңіл жолмен жазып жіберген реклама дейді. Оның ішінде мақтанып кеткенін байқамай қалатын әңгүдіктік болады.

Әйтпесе не жазушылықтың, не жан сипатының (психология) адам баласы түгел қолданған заңдарына бағынбай, ауыздығымен алысып кеткен қисынсыздықтарына жоғарғыдан басқа себеп таба алмайсыз.

Өмірінің қызуымен салқыны жоқ. Ойы менен қыры жоқ, ұзақ бейнет, ауыр жаза, өлім қауіпі болса да бір-ақ сөз, бір-ақ іс, бір-ақ мінез, бірақ қиялда тұратын он шақты адам болады деп бұл күнге шейін ешкім жазып көрген жоқ. Мұндай жандар болмайды. Сондықтан, мұнда өмір жоқ. Жан жоқ. Көбінесе «шынға қосып бұлдырды аламыштаған» пьеса.

Бұл кітаптың болашағына келгенде айтатын сол қазақ әдебиетінің жұрнағы болып ішінен орын алуы не ғайып, олай болса қызыл түсті сұңқар көрінгенше, бұл кітаптың ішіндегі шала көрінген геройлардың сұңқарлығы да түсініксіз бола тұрар.

«Қызыл сұңқарлар» туралы ендігі тілейтін тілегіміз: басында да ұлы аруақ, тірі достың талайына сый есебінде арналған екен. Оның үстіне, Орынбордағы жиын сайын жиылушыларға сый деп үлестіріледі дейді. Баяғының қазағы біріне-бірі сыйға тауыстың бір тал құйрығын бергенде, қуанысып алысады екен, тек мына ісіміз сол құйрықтай қуантуға жарап, сондай кәдірлі болған еді.

Қоңыр

ОҚЫҒАН АЗАМАТ

(әңгіме)

I

Суық қыстың орта кезі. Күн түске тақап қалған. Аспанда бұлт жоқ, ашық. Түпсізденген тұңғиық көк мөлдіреп жасарғандай пішінде, жарығы көз тайдыратын нұрлы күн жазғы түріне түскендей болып, өзгеше жарқырап тұрса да ызғарлы қар, суық ауа қызуын жоғалтып, жарығына жансыздықтың табын басып тұрғандай.

Жер қарлы, үш төрт күннен бері қарай ажары сынаған шыңылтыр аяз. Бұл күнде сықырлап білініп тұр. Күншығыстан анда-санда лебі сызылып тұрған жел суықтың көрігіндей болып, ызғарын көбейтіп тұр. Кейде сүйкеп өткен салқыны бетті шымырлатып, денені тоңазытады.

Тұрғын халқының көбі қазақ болған Сібірдің кішілеу қаласы қыстың ақ кебінін даламен бірге жамылып, табиғаттың жалпы күйін күйлеп тұр.

Бар үйдің төбесін көбсек қар аппақ болып басып алған, кейбір кішкене үйлерді, көп қоймаларды қалың қар жал секілденіп басып жатыр. Көшенің қары жүргіншілердің табанымен тапталып, асқы аяқталған. Басқан сайын шыныланып сықырлап, кейде шатынағандай болады.

Бұл қала Сібірдегі үлкен өзендердің бірінің сол жағасында ретпен салынған, сулы қала емес. Орта жері болмаса, шеттерінде тәртіп жоқ. Оның үстіне шет-шетіне шашыратып салған қазақтың жер үйлері тәртіпке ұқсаған сиықтың бәрін бұзып, қаланың шеттерін жыртылған ескі жабудай жалба-жұлба қылып адыратып тоздырып тұр.

Қаланың орта жерінде базардан суға қарай түсетін әншейінде көңкіді Земский көшеде қазіргі сағатта жүргіншілер сиреген, есірденіп тұр. Анда-санда бірен-саран теріні пұшпағынан сүйретіп, қыл-қыбырын арқалап базарға қарап аяңдап бара жатқан жаяу алып-сатарлар көрінеді.

Кейде шанасын сықырлатып жеккен түйесін божылап, шу шулап келе жатқан қырдың қоңырқай пішінді қалашылары кездеседі. Бұлардан басқа көзге түсетін көп жүргінші жоқ.

Осындай бір қалыпты күйде бірталай уақыт өткен соң көшенің төменгі жағында базарға қарай келе жатқан бір шаналы көрінді.

Жеккені қашаба шана, алдына отырғызған көшері бар. Бұл келе жатқан осы қалада қызметте тұрған, оқыған жігіттердің бірі Мейірхан еді.

Бұлар әлгі көшемен тура жүріп келіп, базарға тақалған жерде оң қол жақта тұрған, көк шатырлы кішілеу көк үйдің қақпасына келіп тоқтады.

Ат тоқтаған жерде Мейірхан шанадан түсіп, үйге қарай жылдам басып жүріп кетті. Бұл жігіттің пішініндегі томсарған кейісіне қарағанда, қабағы түксиген жүдеулікке қарағанда әлгі келген үйінде бір уақиға болғанға ұқсайды. Мейірхан әуелгі бетімен үй алдына кіріп, содан ішке кіретін есікке тақап қалғанда алдынан есік ашып бір жас әйел шықты.

Сәнді киінген, сүйкімді пішіні бар жас әйелдің түсінде де әлгіндей кейістің таңбасы бар. Түсінің ажары кетіп, қатты жүдеп ақ сұрланған. Қабағы болымсыз түйіліп, уайымның сырынан шытынған. Жұмсақ қара көздері кішірейіп, жасаңдаған жиын кірпіктерінде жаңа ғана шыққан көздің жасы суланып, білініп тұр. Мейірхан бұл әйелді көрген жерде тоқтай қалып:

— Немене? Қадиша! Масғұттың хәлі қалай? Неғып жүдеп тұрсың мұнша? - деді.

Қадиша түксиген қабағын жазбастан, үмітсізденген пішінмен ақырын:

— Сағат сайын төмендеп барады, білмеймін. Жазыла ма? Жоқ па? Бүгін таңертеңнен сізді әкеп бер деген соң әдейі кісі жіберіп едік, - деп көзіне мөлтілдеп жас келген соң төмен қарап кетті. Мейірхан жұбатқан болып бір екі ауыз сөз айтты да, үйге кірді. Кішілеу екі бөлме үйдің төргісінде биік төсектің үстінде астына салған қос төсегі бар, басында екі үш ақ жастық бар, қалыңдау көрпені жамылып, қатты ыңқылдап шыдамсызданып Масғұт жатыр екен.

Беті ашаңдап жүдеген әншейіндегі - ақсұр түсі күреңденіп, ісіген көзі қанталап, жастанып, шатынағандай. Қысқалау қою қара мұрты, сұлық қара қасы, қайырған ұзын шашы қатып қалғандай болып, жабысып, жансызданып тұр. Еріндері іштегі қызумен керісіп, жарылып, қарауытып біріне-бірі жабысып тұр.

Еті қашып арыған, жіңішке қолдары дірілдеп, бір жерге орнықпай, ауру кеудесін сипалай берді. Қолдарының түстері сарғыштанған, тырнақтары көкшілденіп қанталап тұр.

Мейірхан жолдасының осы пішінін көргенде ішінен тынып жүдеп келіп, қасындағы орындыққа зорға отырды. Біріне-бірі құшақтасқандай болып қалың уайыммен әз қарасып отырған. Мейірхан бір соң күрсініп, Масғұттың жайын сұрай бастады.

Масғұт бәсеңдеп қарлыққан даусын қатайтпақ болса да, шамасы келмеді. Сөзіне көбінесе сыбыр араласып, не айтқандары ұғымсыз болды. Мейірхан сөзін ұқпақ болып тыңдаса да, ешнәрсе ұға алмады. Аздан соң, Масғұт шатасыңқырап, сандырақтай бастады. Сөзінің көбінде сау күнде істеп жүрген қызметі, оқытып жүрген сабағы, тәрбиелеп жүрген қазақтың балалары турасынан айта бастады. Әлсіздік пен сыбырлаған шала жансар сөздерінің арасында... балалар... жетім қалады... мен еңбек сіңіре... алмадым... енді... міне, деп кеудесі мен ішін сипап... өзім де екі талайдың үстінде жатырмын» деп, Мейірханға қолын созып қолынан ұстап: «Мені ... сөкпейсіңдер ме? Менде жазық жоқ қой...», деп қайтадан шатасты.

Мейірханның көзіне жас келіп, аузына жұбатарлық сөз түспеді. Ауру жолдасының көңілі үшін айтқан: «Жазыласың, өлімді ойлама» деген сөздері жасып, әсерсіз боп шықты.

Аздан соң төргі үйге Масғұттың жалғыз кемпір шешесі мен келіншегі Қадиша кірді. Қадишаның қолында көтерген кішкене баласы бар. Екеуінің ішінде де үміт пен қорқынышты жауын жеңісе алмай, алысып тұрған сияқты сенімсіздік білінеді. Жалғыз баласы Масғұттан басқа сүйеніші, тіреуі жоқ. Әлсіз сорлы шешесі көкірегі қайғы шерге толып, көздері мөлтілдеген улы жасқа толып, жаутаңдап, қуат, көмек сұрағандай болып Мейірханға қарады.

Мейірхан тағы да жұбатпақшы болып, бір-екі ауыз сөздер айтты. Бұлардың бәріне Масғұттың нашар науқасының үстіне түйін болған нәрсе:

«Бүгін таңертең доктор келіп ауруды қарап сары сүзек екен, емдеуден өтіп кетіпті, өледі» депті. Сондықтан бәрінің де күдігі күшейіп тұрған шешесі үйге кіргенде Масғұттың көзі түсіп, біраз қарап жатып, артынан шыдай алмай, көзін жұмып арғы жаққа басын бұрып әкетті. Туысқансыз, жақынсыз жалғыз қалатын сорлы анасының көрер күні қандай болатынын Масғұт ойлағандай болып аздан соң басын қайта бұрып алып шешесіне қарап:

— Өзгенікі өзге-ау, сенің күнің не болды? Сені кімге тастаймын, алдымда да өлмедің - ау, - деп басын шайқап жылағандай болып кемсеңдеп теріс қарап кетті. Шешесі дауысын шығарып жылап жіберді. Қадиша кейінірек тұрып, көзінің жасын анда-санда сығып алып тұрды.

Осы халде біраз уақыт өткен соң, есік ашылып, үйге Масғұттың тағы бір-екі жолдасы: Жұмагүл, Ақтай кірді. Бұлар үйдегі суретті көрген соң біраз сөзбен аурудың жайын сұрап үндемей мұңайып отырды. Масғұт арғы жаққа қарап жатып басын бұрмай:

— Қадиша... өлмепті, бірақ, ол сенен туған жоқ, басы көп, бай төркіні бар, ең болмаса соларға кетіп қалады ғой, сені ол да жылатар.

Кемпір толқытып жылап: «Неге үндемейсің, жараған? Жалғызым», - деп қатты жылай бастап еді, - Масғұт:

— Апа, жыламашы, ана үйге баршы, - деп сыбырлап, - жүрегімді көз жасың өртеп барады ғой, - деді. Мейірхан мен басқа жігіттер де бұл суретті көру қиын болғандықтан көзінің жасы жерге тамшылап тұрған кемпірге:
— Жыламаңыз, қиналдың ғой, бара тұрыңыз, - деп ақыл айтты.

Кемпір: - Жарығым, жата ғой, жалғызым, қарашығым жата ғой, мен құрғыр кетейін, - деп ауыр күрсініп, ақырын айналып шығып кетті. Қадиша үндемей тұрып, енесінің артынан бірге шықты.

Мұндай күйге жүрегі сезімді Мейірхан қатты жүдеп отырып, сорлы кемпірдің келер күні ойламайын десе де, көңілі еріксіз ілгері қарай орап, келешектің әртүрлі суретін көз алдына елестете бастады. Келген ойы:

«Масғұттың өлетіні рас, кемпірдің сорлы болып зарлайтыны рас. Мына жас қатын, жолдасының рухын сыйлап, бірге қайғы жеп отыра ма? Отырмайды. Бұл - адамшылық тәрбиесі жоқ қала қызы. Біреумен кетеді-ау. Сол күнге шейін тірі отырса кемпірдің қайғысы қандай болады. Содан үлкен дерт бола ма? Жалғыз-ақ Құдайдан тілейтінім: Осы қатынды алатын кісі Масғұттың жолдасының бірі болмаса екен. Бір танымайтын жай кісі болса екен. Бүгінгі жүрген жолдасының бірі алса, ол қайғы сорлы кемпірге мұнан да жүз қабат артық болады ғой. Тағдыр енді ең болмаса, осы жерде ая, бұл байғұсты» дегендей ой ұялады.

Кішкене үйдің ішіндегі бұл секілді күдікті, ауыр хал көп күндерге созылған жоқ. Еңсесі кеткен ауру күннен-күнге төмендеп, сөніп бара жатқан жарықтай бәсеңдей берді. Ақырында бір күн түске таянған мезгілде тіл аузын қойды. Кеудесіне дем алған сайын, сырылдақ пайда болды.

Ауру әлсізденіп, бұрынғыша денесінде қозғай алмай, көзін анда-санда ашып-жұмып сұлық жатты.

Баласы бұл күйге жеткенсін, көп өлімді көзі көрген кәрі шешесі жалғызынан күдер үзе бастады. Намазда күндіз-түні дұғаның орнына жалғызының атын атап, сыбырлап Құдайға жалынып тілектен босаған жоқ.

Бос отырғанда үй іші оңашаланып жалғыз қалса, көзінен парлап жасын ағызып, кейде кемсеңдеп жылап та алады. Тілек пенен қайғыдан тозған жүрегі алдында жылжып тақап келе жатқан хауықты ойлап жаси бастады.

Бірақ ешнәрсенің көмегі болған жоқ, көптен күткен қаһарлы ауыр суық сағат жылжып келіп жетті. Масғұттың демі бітуге таянып, денесінен жан кете бастады. Бір уақыт аяқ-қолы мұздап, демі әбден біткендей болды.

Қасында телміріп қарап отырған жақыны мен таныстары күдерді әбден үзгендей болды.

Сол халде, біраз уақыт өткен соң, Масғұт қайтадан ақырын көзін ашты. Көзінің қарасы жоғары шығып, аласы көбейген сықылды. Сүзілген сұқ көзінде әлсіздік, көңгендік бар. Өз халін шын ұға алмағандай болып, сыбырлап:

— Бармын ба? Жоқпын ба? - деп, аздан соң көзін қайта жұмады. Жұрттың күдігі ұзаққа созылған жоқ, түсі аз-аздап суи бастап, көзі нық жұмылып, еріндерінің арасы ашылып, тісі ақсиып, бетіне өлім таңбасы басыла бастады. Кешікпей үзілді. Үй іші у-шу болды. Кемпір хәлі бітіп талықсып кетті. Осы халдың бәрін көз алдынан өткізген Мейірхан, Жұмағұл, Ақтайларда шыдай алмай бірге жыласты.

Жұрттың бәрі сол күні-ақ, Масғұттың өлімінен хабарланды. Оқыған жігіттер мен қаланың басқа халқы да азаматты шын аяды. Жолдастарының көбі қайғыланып мұңайды. Жұрттың бәрі де: «Қалада өскен жігіттің адамы осы еді. Бишараның шешесі сорлы болды-ау» - деп шыныменен назаланғандай болды.

Ертеңінде Масғұттың жаназасын шығаруға көп жұрт жиналып қалды. Азаматқа ақырғы қарызын өтемек болған оқығандар, жолдастары түгел жиылып келді. Бәрінің түсі уайымды, қабақтары салбыраңқы, жүдеу.

Біраз уақыт өткеннен соң жиналған көп жұрт өлікті көтеріп алып, зияратқа қарай жүріп кетті. Зиратқа жеткен соң ерте бастан қазулы даяр тұрған, қасында үюлі жаңа топырағы бар азынаған суық көрдің қасына өлікті алып келді. Қараңғы көр жұрттың есіне суық өлімді түсіргендей болды. Көп жұрт бір қараған соң шыдай алмай теріс айналып кетті. Бейіт басында бір қалпынан аумай, құтырған сияқтанып желігіп жүрген молдаларға бұлар қызылды сезген қара құстай жанталасып жүр. Шын рахымсыз, тастай суық адамдар секілденеді. Өліктің үстіне жапқан шапанға, басы мен аяқ жағына салған орамалға таласады.

Масғұтты ораған киізін алып, жалғыз қабат ақ кебінімен суық көрдің түбіне апарып салды. Біраздан соң бір жағына бір кірпіштен соң, бір кірпішті қойып телмірген көздерден Масғұттың денесін жасыра бастады.

Тағы бірнеше минут өткен соң жұрттың бәрі үюлі топырақты көрге төгіп, Масғұтты ықыласпен көмді.

Осы қалдың бәрін де көздерімен көріп тұрған оқығандар бір-бір ауыр күрсініп, салбыраған кішкеней үйді үйлеріне қаратып кетті.

II

Күндер өтті, ауыр айлар да жылдай жылжып біртіндеп өтіп жатыр. Жаз келіп, көк шығып, дүние жасарған. Күн бұрынғы көркіне түсіп, қызуымен жер жүзін жандандырып қуантады. Жапырақтары жетіліп, жазғы жасыл киімін киген ағаштар бірімен-бірі мың түрлі тілмен сөйлесіп, сырласып теңселеді.

Жылы күнге қуанып ойнап ұшқан құстар табиғаттың бір түріне арнаулы мақтау өлең айтып, былдырлаған нәзік тілімен қошеметін көрсетіп жүр. Адамның да көңілі көтеріңкі. Желігі көбейгендей. Бірақ, Масғұттың үйіне желікті дүние әлі әсерін берген жоқ. Мұңлы кемпірдің сары уайымымен сарғайған жүзі, қайғыменен түксиген қабағы бір қалыпта қатқандай, тасқа түскен таңба секілді. Кешке шейін тыныштықта тұратын кішкене үйдің ішін күрсінгенде кеудесінен шыққан жалын өртеп кеткендей болады. Жас Қадишаны үй ішіндегі ауырлық мойнына байлаған тастай басып еңсесін көтермейді. Ол бұл күнде сарылып отыратын ұзақ қайғыдан арылған. Жалғыз-ақ құлазып тұрған иесіз үй жетімдіктің суреті секілденіп отырған қайғылы кемпір үйге кірген сайын иығын көтертпейтін секілді. Бұл екеуінің ортасында әзірге жамау болып тұрған Масғұттан қалған кішкене әйел бала - Жамилә. Қайғыдан кемпірдің көңілі азырақ сергіген уақытта екеуі де баланы ермек қылып алдарына алып, көңілдеріне жұбаныш қылады. Мейірхан бұл үйге Масғұт өлген соң келген жоқ. Үй ішіндегі қайғы көзіне келген жерден елестегендей болатын көрінген соң қашқалақтап келмейтін.

Бұрынғы Масғұттың жолдастарынан осы күнде бұл үйге көбірек келетін Жұмағұл мен Ақтай. Бұлар әуелгі кезде үйге келгенде қайғылы болып отырысып, жүре-жүре үйренген соң, аз-аздап әңгіме етіп, кейде Қадишаға оңашарақтан күлдіргі сөздер айтып та қаралы әйелдердің көңілдерін көтеріп кететін болған.

Соңғы уақытта Жұмағұл жалғыз да болса келгіштеп, Қадишаның келген сайын көңілін, көтеріп кететін ермегі болуға айналған сияқты. Жаратылысында қу сөзді, шынынан өтірігі көп Жұмағұл соңғы күндерде әңгімесі Масғұт жайынан айтпай, алғы жастықтың әңгімесін, өзі көріп жүрген қызықтарын айтатын болған. Масғұт жәйін кемпірмен сөйлесетін болды. Оған да жақсы бала болып көріне бастаған. Қадиша аздан соң Жұмағұлдың әңгімесінің артынан ала қызып қалатын болды. Әңгіменің әсері бойына күннен күнге сіңіп бара жатқандай, сырты қаралы болмаса, ішінде қаралы көңіл таусылған сияқты.

Төсекке жатқан сайын аунап, қызып ұйықтай алмай жатқанда үйін қайғы белесі, көмескі үмітпенен қызу билейтін әдет болды.

Ойланса артын ойламай, алдын ойлау көбейді. Сол ойлар шиеленген сайын тұрған үйін сұқтанып, көңіліне жат тартқандай бола береді. Қазіргі хәлі: қызықты енді көрем, өмірді енді татамын деп сансыз үміт, сансыз қиялды ойлап келе жатқанда, бір қатал құл рахымсыз қатты ұстап, әлдеқандай құлап, тозып қураған ескі моланың ішіне биіктеп тастап кеткендей көрінді. Бұның бәрі аз күнде болатын үлкен өзгерістің алдындағы басқыштары еді.

Бір күні Мейірхан қызметтен қайтып келіп төсегінде жатыр еді, үйіне есік ашып қазақша киінген жастау жігіт кірді де, қолына бір кішкене хат тапсырды. Мейірхан ашып оқыды.

«Мейірхан жолдас!

Ертең сағат 12-де біздің тойға кел. Сен естімеген шығарсың, мен Қадишаны алатын болдым, Құдай ұрып сөзіміз осылай болып пісіп қалды.

Жұмағұл»

Мейірхан есі шығып, ақырын: «Не дейді?», - деп хатты қайта-қайта оқып тұрып қалды. Жігіт шығып кетті. Мейірхан басына тас түскендей болып сандалып әрі-бері, аласұрып жүрді де, аяғында айласы құрып, отыра қалып хаттың үстіне ары жазумен «бармаймын, тойың құрсын» деп қысқа резенцияны қондыра салып, отырып қалды.

Ертеңінде Мейірханның үйіне тойға бара жатқан екі жолдасы кірді. Екеуі де жақсы киінген, ақ жаға салып, иісті май сепкен. Тойға бара жатқандары-ақ ажарлы, көңілді. Мейірхан бұларға: «Бармау керек, бұл не арсыздық? - деп, - кеше Масғұттың тойын тойлап, бүгін Жұмағұлдың тойын тойлап отырамыз ба? - деп еді, жолдастары болған жоқ. Олар: «Қойшы, елде алысып болды. Барамыз да тамаққа тойып кішкене ішеміз. Неменесі бар», - деп Мейірханның аузын аштырмады. Біраздан соң Мейірханда ептеп отырып көніп, бәрі де бірге жүріп кетті.

Той қызуы болып жүріп жатыр. Жұмағұл мен Қадиша түк көрмегендей болып құлпырып кеткен. Келген жұрттың бәрі де еш нәрсе де болмағандай, шын көңілдерінен қайырлы болсын айтып, екі жастың қуанышын қызықтап кетті. Аздан соң ішіп алған жұрттың бәрі де мас болды. У-шу, ар, жыр айқай, күлкі көбейді. Қызып алып мас болған соң Мейірхан бір кезде түрегеліп, жұрттың бәрін тоқтатып, өзіне қаратып, қолына рюмкасын алып:

— Мен сендерді Масғұт үшін ішуге шақырамын. Жасасын Масғұттың аруағы! - деді. Жұрттың бірталайы күлді. Жұмағұл мен Қадиша қоса күлді. Бірталайы ойына ешнәрсе алмай бірге ішіп жіберді. Мейірханды қасындағы жолдастары тыныш отыр деп, аяғынан тартып мазақ қылып күліп отырғызып қойды. Мейірханның жолдас қарызын өтегені сол еді. Аз күннен соң Жұмағұл мен Қадишаны қайын атасы Қондыбай қатын баласымен түгел жиылып келіп шығарып салды. Жаңа қосылған жастар елдегі Жұмағұлдың үйіне жүріп кетті. Қоңырау таққан тройка Қондыбайдың қақпасына шылдырлатып шыққанда, қарсыдағы Масғұттың үйіне Жұмағұл қомағайланған жұбанышты көзбен қарап ішінен:
— Сенде кешікпей маған тиер ме екенсің... жоқ па? - деді. Масғұт өлген бөлменің терезесінен сорлы шешесі бұл күнді көріп, екі көзінен жас өзендей ағып телміріп, қарап қадалып отырып қалды. Жастарды шығарып салған оқыған жігіттер қалжыңдасып күліп бұл терезенің алдынан бөлек-бөлек болып өтіп жатты.

(аяғы бар)

Мұхтар

ЛӘЙЛІ, МӘЖНҮН

Бұл өлең арабтың ескі әңгімесінің бірі. Қазақ ортасына да дәл әңгімесі жайылмаса да, атағы көп жайылған. Бірақ көпшіліктің ұғуына қарағанда бұл бір ертегі сияқты болып көрінуде ме мекен болғандықтан, алдырақ жайын түсіндірмекшіміз.

Ләйлі, Мәжнүн араб әдебиетінің ішінде өзінің сұлулығымен терең мағына, терең фантазиясымен үлкен орын алған ірі сөздің бірі. Сондықтан араб әдебиетін қарастырған Европа білгіштерінің көзіне де алдымен келетін арабстан гауhары осы болатын.

Бұл өлеңнің ішінде махаббат, ғашықтық деген нәрсенің барып тұрған жақсы (идеальная форма) қандай болуы керек, соны көрсетеді. Сондықтан әңгімесі түпсіз, терең фантазиядан мінсіз, нәзік сыршылдықтан (лирикадан) құралған. Бұл жақтарына келгенде, бүкіл дүние әдебиетінің ішінен Ләйлі, Мәжнүн сияқты әңгімелердің кездесуі оңай емес.

Сол себепті Ләйлі - Мәжнүнді оқығанда, Европаның атақты сыршыл ақыны Генрих Гейне бұл өлеңдегі терең сыршылдыққа таң қалып, шыныменен тамашалаған.

Мінеки, осы секілді себептермен Ләйлі, Мәжнүн қазақ әдебиетінің ішінен орын алсын демесек те, қазақ оқушылары ескі әдебиеттің асыл бір жұрнағымен таныссын деп, басып отырмыз.

Бұл өлеңді қазақ тілінде жазушы араб әдебиетімен жете таныстығы бар, қазақтың белгілі өлеңшілерінің бірі Шәкәрім Құдайберді баласы.

Бұл Фруди Бағдадидің өлеңін қазақ тіліне аударып жазған еді. Соның әңгімесін өзінше өлең қылған.

Басқарма

ЛӘЙЛІ, МӘЖНҮН

Арабта бір бай болды дәулеті асқан,
Саудасы әр патшамен араласқан.

Құдайдан бір мирас құл бала сұрап,
Малының садақаға көбін сатқан.

Бай еді қайыры мол, бек қанағат,
Тіледі бала бер деп көп жамағат,

«Көп тілегі - қол» деген мақалдайын,
Болыпты бәйбішесі екіқабат.

Босанып есен-аман, бір ұл тапты,
Жан - жаққа сүйіншіге кісі шапты.

Жақсының тойға келген бәріне де,
Ес қылып ат мінгізіп, шапан жапты.

Қайыс деп ол баланың атын қойды,
Қуанып неше түрлі қылды тойды.

Қырық күндей кедейлерге тамақ беріп,
Меккеде талай түйе - құрбан сойды.

Келбеті бұл баланың өзгеден жат,
Бір көрсең, көргің келер неше қабат.

Бетінде бек сүйекті бір нұры бар,
Қыласың ықтиярсыз шын махаббат.

Балқытар жылы жүзі сүйегіңді,
Бергендей аса мұқтаж тілегіңді.

Неге жақсы көргенің мағұлым емес,
Арбап тұр нұрлы жүзі жүрегіңді.

Баланың қырқы толып өтіп еді,
Тойдың да тарқар кезі жетіп еді.

Шырқырап бала жылай қоя берді,
Қатындар тойға келген кетіп еді.

Көтерді жуата алмай қолына алып,
Ойлайды қалды ма деп науқас шалып.

Бар екен әлем асқан бір дәрігері,
Әкелді соны біреу жылдам барып.

«Баланың, - деді дәрігер, - дені таза,
Науқасын білмей қалсам, менде жаза.

Бір түрлі жүрегінде қайғысы бар,
Білмеймін, не себептен болды наза.

Көтерсін бұл баланы даяшы қыз,
Сыртынан байқап отыр өздеріңіз.

Көшеде балалармен алдандырсын,
Болмаса, біле алмадық мәнісін біз».

Баланы даяшы қыз алып кетті,
Артынан ата-анасы қарап тұрды.

Көтерген бір баланы даяшыға,
Құдайым әлгі қызды жолықтырды.

Көрген соң, бірін-бірі жақындасты,
Баланы жуатуға ақылдасты.

Қолында екеуінің екі бала,
Біріне-бірін қарсы бетін ашты.

Баласы оның-дағы жылайды екен,
Көтеріп жуатқанды ұнайды екен.

Балалар жылағанын қоя қойды,
Себебі әр нәрсенің Құдайда екен.

Үйіне даяшы қыз алып келді,
Қалайша жуатқанын айтып келді.

Тағы да ертең түсте жылаған соң,

Қайысты қыз қолына қайтып берді.

Базарға даяшы қыз тағы барды,
Біреуді бала жуатқан тауып алды.

Баланың бетін ашып көрсетсе де,
Шырқырап онан жаман ойбай салды.

Сол кезде кешегі қыз келді тағы,
Баласы зар қағып жүр қолындағы,

Қайысқа бетін ашып көрсетеді,
Жылауын қояр ма екен деді-дағы.

Көрген соң, біріне-бірі жақындасып,
Жуанды екі бала мауқын басып.

Күн сайын сол арада жолықпаққа,
Уағда қылды екі қыз сөз байласып.

«Ата мен жөн сұрастық анамыздан,
Көтерген таныс болдық баламыздан.

Бала кім қолыңдағы?» - деп сұрайды,
Қайысты көтерген қыз анау қыздан.

«Бұл бала бір төренің жалғызы еді,
Демесең айыбы әйел, хан қызы еді.

Өзіммен осы бала туған бөле,
Төренің менің шешем балдызы еді.

Қырық күнге туғанына жаңа толды,
Шешесі сіздің тойда үш күн қонды.

Жылаған емес еді одан бұрын,
Келген соң тойдан қайтып былай болды.

Бұл қыздың сұрасаңыз аты Ләйлі,
Біз таптық жылағанға мынау айла.

Далада күнде бүйтіп отырмалық,
Біреуден күндіз кірер пәтер сайла».

Бір кемпір есітіп тұрды сөздің бәрін,
Шақырды «Мұнда кел, - деп, балаларым,

Балам жоқ, байым өлген, үйім иесіз,
Отырсаң қалай кіріп ықтиярың.

Үйімде елегізіп тұра алмаймын,
Мен байғұс үй қыдырып жүре алмаймын.

Күн сайын жас баланы бір иіскет,
Сендерден одан басқа түк алмаймын».

Қайысты кемпір алып сүйіп еді,
Тал бойы жас балаға иіп еді.

Жіберді сүт сорғалап емшегінен,
Баланың қолы барып тиіп еді.

Іс болды таң қаларлық мұның өзі,
Мінеки, сондағы айтқан кемпір сөзі:

«Жан берген қара тасқа, Құдайым ай!
Жетеді құдіретіңе кімнің көзі!

Елуге кемпір едім жасым жеткен,
Сорлы едім, бала көрмей зарлап өткен.

Тандыры құрып қалған тас желіннен
Сүт ақса, мұнан бұрын қайда кеткен?

Сәлем айт, бұл баланың анасына,
Болайын мен күтуші баласына.

Емшектен босағанша маған берсін,
Тапсырып бір Алланың панасына.

Таптым ғой, таппасам да Қайысты мен,
Қоймай ма мұны көрсе өзі де ден.

Көзімнен осы бала таса болса,
Маған жоқ бұл тіршілік, сөзіме сен.

Қайысты маған берсін, асырайын,
Жалынып аяғына бас ұрайын.

Пұшпағым қанамаған бір сорлы едім,
Сырымды енді қайтып жасырайын.

Сөзімді ұмытпай айт бара сала,
Көрсетті құдіретін Хақ тағала.

Көзіме жас, кеудеме сүт толтырып,
Жібіткен тас емшегім осы бала.

Баладан мені айырып зарлатпасын,
Көзімнен қанды жасты парлатпасын.

Тағдырдың жазуына қарсы келіп,
Біреудің қанын жүктеп қарғатпасын».

Ләйліні көтерген қыз қайран қалып,
Құлағын осы сөзге тұрды салып.

«Мұны да бір емізіп беріңіз», - деп,
Кемпірге жақын келді, баланы алып.

Ләйліні кемпір қолға алған шақта,
Көңілі тағы емізіп байқамақта.

Емшектің сүті түгіл өзі құрып,
Қайтадан бұрынғыдай болды тақта.

Қайысқа және емізсе, сүті дайын,
Кетеді бұлақ болып сорған сайын.

Дегенде қыз емейін, дәнеме жоқ,
Қайран боп, біле алмады мұның жайын.

Бұл кемпір ұрғашыдан туған зерек,
Кісі екен оқымысты жөні бөлек.

Екеуін бір емшектен емізбеске,
Алланың бір хикметі болса керек.

Ойлады осылай деп кемпір ғарып,
Тағдырды шеше алады кім басқарып.

Екі қыз көргенінің бәрін айтты,
Баланы үйді-үйіне алып барып.

Мұны естіп, ата-анасы ақылдасты,
Кемпірге бермек болды Қайыс жасты.

Кешегі біз сықылды бейшара екен,
Зарлатып қойғанымыз жарамас-ты.

Қайысты ата-анасы қасына алды,
Кемпірдің қақпасына қарай салды.

Зарлының зарлы жайын біледі екен,
Құдайға тапсырдым деп, алып барды.

Қолынан әкеп берді өз баласын,
Бұлардың ақылына таң қаласың:

«Мал аяр деп ойлама, тартынбай айт,
Бәйбіше, сүт хақына қанша аласың?»

— Емеспін бас, болмаса, дүниеге зар,
Бес жүз қой, осы күнде жүз түйем бар.

Қайысқа менің сүтім қарыз емес,

Сол малды қайта сіздер алыңыздар.

Жоқ еді бұрын менің мирасқорым,
Басымнан Қайысты алып кетті сорым.

Оллаhи, маған малдың керегі жоқ,
Ол малға ие болмақ сіздерге орын.

Сөзіме куә болсын қауымым да,
Білемін, бұл сіздерге ауырын да.

Мал менен енді менің жұмысым жоқ,
Болады Қайыс болса бауырымда.

Десе де мал алмаймыз, болмайды бір, —
Қазыға есептетіп, жазғызып жүр.

Қойыпты тамам малын Қайысқа арнап,
Ал енді, Ләйлі жайын тыңда да отыр.

Жылады Ләйлі тағы ертең түсте,
Жолыққан ол бала да мұндай іске.

Кемпірге даяшы қыз алып келіп,
Уатты сол арада азар күшке.

Қайыстан бір тынбайды кетсе жылап,
Байқады анасы да әбден сынап.

Оны да сол үйге әкеп асыратты,
Әкесі, шешесімен қабат ұнап.

Ер жетті екі бала сонда тұрып,
Жасынан тату болды бірге жүріп.

Балалар тоғыз жасқа келгеннен соң,
Апарды үйлеріне киіндіріп.

Мектепке оқысын деп берді екеуін,
Молла да баласындай көрді екеуін.

Бірі бай, бірі төре жалғызы деп,
Қадірлеп, ардақтайды ел де екеуін.

Барады екі уақыт сабағына,
Қайтады мезгілімен тамағына.

Бұларда махаббаттың нұры бар деп,
Қарайды жанның бәрі қабағына.

Отырса сабақ оқып өңкей бала,
Қайысқа Ләйлі келер тұра сала.

«Мына бір сабағымды ұмыттым», - деп,
Өтірік бір оқуға жабар жала.

Сондайды сылтау қылып сөз қатады,
Іштегі ғашық неге тек жатады.

Хат жазса, мына жазу дұрыс па деп,
Біріне-бірі апарып сынатады.

Теріс деп, таласқансып шындасады,
Бірі оқып, кейде бірі тыңдасады.

Қапыда балалардың көзін алдап,
Сөйлесіп қабағымен ымдасады.

Тесіліп оңашада қарасады,
Есінен көп қараса, адасады.

Бір болса іші қандай, тысы да бір,
Сықылды егіз бала жарасады.

Кітабын ұмытқансып тастап кетіп,
Келеді іздеген боп, қайта жетіп.

Көріспек, сөйлеспекпен бар ынтығы,
Нәрсені неше түрлі сылтау етіп.

Ау, - дейді, Қайыс - десе Ләйлі келіп,
Жауапты Ләйлі үшін Қайыс беріп.

Жұмысы күні бойы - осындай іс,
Айтайын қайсы бірін түгел теріп.

Ғашықтық өсе берді барған сайын,
Бұлардың әркім білді осындайын.
Ләйліні жібермеді сабағына,
Шешесі естіген соң қыздың жайын.

«Он үшке жаңа келдің, балам, - деді,
Сөзім бар айтатұғын саған, - деді.
Біреуге жас басыңнан болдың ғашық,
Анықтап айтты біреу маған, - деді.

Сабаққа жібермеймін енді сені,
Халқыма қарамастай қылдың мені.
Сен түгіл үлкендерге лайық емес,
Шығардың ойымда жоқ неменені?

Түсіп ең әлдекімнің алдауына,
Сабаққа себеп болды бармауыңа.
Егерде бұл мінезді тастамасаң,

Кісендеп, қолыңды.әкел, байлауыма».

«Әжеке-ау, ғашық деген қандай жұмыс,
Білмеймін мағынасын айтшы дұрыс.
Оқуды ғашық деген оқығам жоқ,
Ұқтырып бұл сөзіңді байқап ұрыс».

«Білмесең одан арман тіпті білме,
Білсең де білгізбеспін саған мүлде.
Сөзімнің ғашық деген мағынасы –
Еркекпен жас басыңнан ойнап-күлме».

Шошыды сонда Ләйлі есі шығып,
Айтқанын шешесінің әбден ұғып.
Мұнан да жерге кірген жақсы ғой деп,
Ұялып сырт айналып кетті бұғып:

«Ұядан жаңа ұшқан қаз едім ғой,
Ұға алмай бағанадан наз едім ғой.
Сөз еді бұ не деген, сұбхан Алла!
Ондайдан Құдайға ақ, таза едім ғой.

Әжеке-ау, кеп емеспін, жалғыз едім,
Болсам да жақсы-жаман хан қызы едім.
Қойғандай көзің көріп сөз айтасың,
Артымнан мені қашан аңдып едің?

Әжеке-ай, ашуланып, налып айттың,
Зар күй біржолата салып айттың.
Құдайдан сұрап алған жалғызыңа,
Бұл сөзді қайтып аузың барып айттың?»

«Қарағым, бұл сөзіңе мен не дейін,
Демеймін жалғыз сені кемітейін.
Әншейін үйде отырып ісіңді қыл,
Сабаққа бармай-ақ қой мұнан кейін.

Серт қылдым, енді сені шығармасқа,
Балам жоқ ермек қылар сенен басқа.
Емессің еркек бала молда болар,
Жетеді осы оқу да сендей жасқа».

Соны айтып шығармады қызын үйден,
Ләйліге осы жұмыс қатты тиген.
Қыз жиып күндіз алаң болса-дағы,
Түн болса ұйқы көрмей жаныпкүйген.

Сабаққа қиын болды бармағаны,
Көрмекке Қайыс еді арнағаны.
Ләйлінің ғашық оты ішін өртеп,
Бір үйде жалғыз жатып зарлағаны:

Ай нұры да азаяр,
Айнала шеті толған соң.
Ақ жүзіңнен нұр таяр,
Арманда болып өткен соң.
Оңбасыңа амал жоқ.
Қызыл гүлің солған соң.
Махаббаттан жаман жоқ.
Бір айырылмақ болған соң
Кешегі біздің күн қайда,
Күнде жайнап жүретін?
Ойлағанмен не пайда,
Медіресе қалды кіретін.
Қас пен ғана қабақтан
Ымдағанды білетін.
Айла қылып сабақтан,
Қайыс жоқ ойнап-күлетін.
Өшірілмей түнде шам,
Өз үйім болды абақты.
Қайысты көріп отырсам,
Оқымай-ақ сабақты.
Ғашықтың оты алдыма
Жасымнан тартты табақты,
Жайнаған өмір қалды ма,
Қақтырмай-ақ қабақты.
Мен зарладым бұл жерде,
Қайысқа үнім жетер ме?
Жалынсам соққан желдерге
Сәлемімді алып кетер ме?
Біз сықылды зарлыға
Алласы рахым етер ме?
Көзім жетпес алдыма,
Осымен өмір өтер ме?
Қайысым, саған не қылдым,
Жан, жүрегім сенде тұр.
Сен не сездің, не білдің,
Сенің жаның менде тұр.
Менің жаным өзіңде,
Менде құры кеуде тұр.
Екі көзім көзіңде,
Бір көрейін деуде тұр.
Көзімді жұмып жатайын,
Түсші, келіп ойыма.
Жанымды алшы, сатайын,
Тал шыбықтай бойыңа.
Көңіліме нұрың келгенде,
Кіргендейсің қойныма.
Тілегімді бергенде,
Тойдым қашан ойыңа.
Қосылмадым, қосылдым,
Айта алмайсың бекер деп.
Қосылуға шошындым,
Жалыным өртеп кетер деп.

Жанымды аяп қалмадым,
Өзіме залал етер деп.
Аузыңнан сүйіп алғанмын,
Осыным да жетер деп.
Мен тартайын уайымды,
Мұнымды Қайыс білмесін.
Осы көрген жайымды,
Ол есітіп жүрмесін.
Қабағын шытып қамығып,
Қайғылы өмір сүрмесін.
Мен сорлыны сағынып,
Медіресеге кірмесін.
Кіріп барса, Ләйлі жоқ,
Қайысым қайтіп шыдасын.
Ләйлісіз жерде пайда жоқ,
Осыған не амал қыласың!
Суретімді сонда қыл,
Құдіреті күшті құдасын.
Суретіңе бер және тіл,
Мен екен деп ұнасын.
Соған тұрса жұбанып,
Жалынға жанып жатайын,
Қайысым жүрсе қуанып,
Қайғы мен - ақ татайын.
Ғашықтықтың дертіне
Күн сайын әрі батайын.
Жетпек болсам сертіме,
Ол үшін жанды сатайын.
Қиындық па, қызық па,
Білемісің сертімді.
Алла жазған сызық па,
Көремісің түрімді.
Бағасын ешкім біле алмас,
Рахатқа бермен мұнымды.
Жан переуат қыла алмас,
Осы көрген күнімді.

***

Мектепке ертең ерте Қайыс барды,
Жан-жаққа Ләйліні іздеп көзін салады.

Сабаққа келмегенін есіткесін,
Ғашыққа шыдай алмай талып қалды.

Молда да, балалар да қайран қалып,
Үйіне науқас па деп қойды апарып.

Су бүркіп, күлмен желпіп ата-анасы
Отырды Қайыс есін жиып алып.

Айналды ата-анасы баладан кеп,

Ғарыптан зарланып жүр уайым жеп.

Табипке жібергелі жатыр еді,
Баласы безіп болды жіберме деп.

«Дәрігерге қаратпаймын жын қақса да,
Дертімді ойымдағы шын тапса да.

Құдайдан басқа менің дәрігерім жоқ,
Бұл дерттен жазылмаймын кім бақса да.

Байқайын серуендеп тауға шығып,
Сабаққа ішім пісті дем қыстығып.

Осыдан Құдай оңдап жазылмасам,
Сіздерден науқасымды қоямын тығып».

Жалма-жан жабдық - сайман жиып жатыр,
Құрбысы, құлы қайда? - бәрін шақыр.

Елсізге шығып алып, Қайыс жатты,
Бір тауға тігіп алып алтын шатыр.

Ләйлі деп зарланады ұзақ түнге,
Жүдеді қайғысы асып күннен күнге.

Ғашықтық ішін өртеп диуана боп,
Қор болып адамдықтан шықты мүлде.

Бір күні әкесіне берді хабар,
Жиылды өңкей құрбы байбатшалар.

Ата-ана, елі-жұрты - бәрі барып,
Қайыстан «қалайсың?» деп сұрайды олар.

«Демеңіз, халқым, мені Құдайға шет,
Ата-ана ақыңды кеш, рахмат айт.

Дауасы науқасымның сіздер емес,
Аман бол, үмітіңді үз, қасымнан кет.

Дертіме табылмайды сізден айла,
Кісендеп, жынды десең, мені байла».

Аузынан ah дегенде жалын шығып,
Деді де талып кетті «Ләйлі - Ләйлі!»

Ел білді науқасының не екендігін,
Байқады дерті қатты, бекемдігін.

Ләйліні сұрай барды жұрт жиылып,
Білген соң, шыны ғашық екендігін:

«Болыпты Қайыс ғашық балаңызға,
Көз көрмей өтірікке нанасыз ба?

Жасында көріспесе жылаушы еді,
Ойлаңыз соны салып санаңызға,

Ләйліні жынды болды көрмеген соң,
Жаны бар кеудесінде өлмеген соң.

Құдайым іштен туа қылды ғашық,
Екеуі қабат өлер, бермегенсің».

Бұл сөзге әкесі айтты: «Көнбеймін деп,
Өлсе де жалғыз қызым, өлмеймін деп.

Ол үшін, халқым, маған өкпелеме,
Қызымды бір жындыға бермеймін», - деп.

Ләйліні бермегенін Қайыс білді,
Өткізді жылауменен күндіз - түнді.

Сауыққа, ұйқы, тамақ бір қарамай,
Айрылып ақылынан болды жынды.

Жалындап ғашық оты өртеді ішін,
Сол қайғы ақылы мен алды күшін.

Арабша «мәжнүн» деген - жынды демек,
«Мәжнүн» деп ат қойылды соның үшін.

Бұл дертке ем ойлайды жұрттың бәрі,
Бар екен бір қария адамдары.

Құшақтап «Байтуллаға» тілек қылса,
Көңілінен шығар дейді ғашық зары.

Мәжнүнге елі-жұрты түгел барды,
Меккеге жүріңіз деп көп жалбарды.

Халқы мен ата-анасы зарласа да,
Олардың тілін алып бармай қалды.

Көнбеді Байтуллаға апармаққа
Бұл хабар жайылыпты шартарапқа,

Баяғы асыраған сорлы кемпір,
Сол есітіп, іздеп келді Мәжнүн жаққа.

Көзіңнен айналайын, Қайысым - ай
Қарлыққан сені жоқтап, дауысым - ай!

Жібіткен қара тасты, қарашығым,
Дүниенің көз жұмғанша ауысуы - ай!

Жатыр ем науқастанып есім жимай,
Кеудеме кетті есітіп қайғым сыймай.

Қарағым, тілегімді беремісің?
Анаңды көріне отқа саламысың?

Ләйлімен бірге өсірген қарызым бар,
Қақымды мойныңа алып қаламысың?»

Зарлады осылай деп кемпір ғарып,
Сүйегін соның сөзі кетті жарып.

«Жылама, сорлы анам, - деді Мәжнүн, -
Ақыңнан құтылайын Мекке барып».

Меккеге алып барды ата-анасы,
Көзінен тия алмайды аққан жасын.

Мәжнүннің зарлап айтқан сөзі мынау,
Құшақтап «Байтулланың» босағасын:

«Арғы атам, - Адам ата, хақ, пайғамбар,
Айырылып Хауанадан болыпты зар.
Дұғасын осы арада қабыл қылдың,
Бере көр, тілегімді паруардігар!

Шығарма Ләйлі дертін жүрегімнен,
Айырма ғашық отын сүйегімнен.

Зарлатып өмірімде күйіп - жанғыз,
Өзімнің болды дейін тілегімнен.

Ләйлінің мен алмасам құрметті атын,
Көңіліме қатты бекіт махаббатын.

Жолдасым - бейнет болсын, жауым - рахат,
Көп тартқыз ғашықтықтың машақатын.
Күн сайын рахатымды қашыра бер,
Дертімді жалындатып асыра бер.

Көп жүргіз, бейнет көргіз, жасымда алма,
Қайғының ең ауырын басыма бер!

Қорықпаймын, жас күнімде өлемін деп,
Айтамын бір Ләйлі үшін көнемін деп.

Бір Алла рахметіңмен уәде қылдың,
Пендеме шын тілесе, беремін деп.

Жанғанда жануменен өткізе көр,
Тыныштық, рахатымды кеткізе көр.

Дүниеде қосылуға жазбасаң да,
Өлген соң, мұратыма жеткізе көр!»

Мәжнүннің осы болды бар тілегі,
Ләйліден басқада емес жан жүрегі.

Ел-жұрты, ата-анасы күдер үзді,
Бұл дерттен жоқ екен деп түзелмеген.

Қайтадан елге жүрді қадам басып,
Күн сайын жынды болды қайғысы асып.

«Аң болып айдалада жүремін», - деп,
Айырылды халқыменен амандасып.

Жалынған қарамайды сөздеріне,
Жабылса бой бермейді өздеріне.

«Ата-ана, елі-жұртым аман бол», - деп,
Көрінбей кетті алыстап көздеріне.

Қаңғырып шығып кетті елсіз жерге,
Кез болды осындай дерт қайран ерге.

Адамнан аң сықылды көрсе қашып,
Қосылды даладағы киіктерге.

Елсізде аңмен бірге қаңғырыпты,
Тау мен тас дауысына жаңғырыпты.

Жартас жаңғырықтан жауаптасып,
Лебізі тиген жерді жандырыпты.

«Әй, жартас, мен айтқанды сен де айтасың,
Дертімді мазақ қылып ұлғайтасың.

Ләйлінің менен өзге ғашығы жоқ
Ұқтыршы, сен Ләйлі деп кімді айтасың?

Сенің де Ләйлі деген жарың бар ма,
Ішінде мен сықылды зарың бар ма?

Атама ғашығымның құрметті атын
Ынсап қыл, рахым, ұят, арың бар ма?

Жандырма жанып тұрған жүрегімді
Ерітпе атын айтып сүйегімді.

Ләйлінің атын жалғыз мен атайын,

Зарлатпа, бер жалынға тілегімді?

Сенің де жарың болса Ләйлі атты,
Қайғылы сорлы болсаң өзім заттас,

Сен неге қанды жасты ағызбайсың,
Болып па ең ғашығыңның дертінен тас?

Көрмеймін көз жасыңның парлағанын,
Кеудеңнің біліп тұрмын жанбағанын.

Қайғылы бір ғарыпты мазақ қылып,
Жарай ма ғашықпын деп алдағаның?»

Соны айтып Мәжнүн жылап зарлағанда,
Көзінен қанды жасы парлағанда,

Ұшқан құс, жүрген аң шыдай алмай,
Жиылып тұс-тұсынан андағанда.

Оларға мұның айтса зарландырып,
Баршасы жабырқайды тыңдап тұрып.

Аңменен әбден үйір болып алып,
Шөп оттап, су ішеді бірге жүріп.

Ләйлі деп зар қағады күндіз-түні,
Жылайды аң шуылдап шыққанда үні.

Аңның да ақылы бар, хал, тілі бар,
Жалған деп ойламаңыз, сірә, мұны.

Сол кезде бір саятшы қақпан құрып,
Бір киік ілініпті оттап жүріп,

Көрген соң киікті ұстап алғандығын
Шыдамай келді Мәжнүн зыр жүгіріп.

Жалынып саятшыға жетіп барды:
«Ағатай, мен де осындай едім зарлы».

Оқалы алтындаған тонын беріп,
Өзімдей ғарып қой деп киікті алды.

Аңшыдан алды сатып киім беріп,
Мәжнүннің кетті киік соңына еріп.

Ұстаған бір көгершін және біреу
Жолықты қарсы алдынан кездей келіп.

Қолынан алтын жүзік берді-дағы
Босатып қоя берді оны тағы.

Киік пен көгершінге бас ұрады,
Зарланып мұның айтып ойындағы.

«Сендерге сыр айтуға ұяламын,
Адасқан ақылымнан диуанамын.

Залалсыз бір ғарыппын, менен қашпа,
Аңға ерсем, адамға ермей, уанамын», -

Дейді де екеуіне кетті еріп,
Шөп жейді хайуанға жұлып теріп.

Мәжнүннің сырын біліп аң қашпайды,
Құдайым оларға да ақыл беріп.

Сонымен жүре тұрсын елсіз сайда,
Баяғы зарлап жатқан Ләйлі қайда?

Азғана сол туралы сөз айталық,
Ол байғұс жатыр екен қандай жайда.

Мәжнүннің ғашығыменен күйіп-жанып,
Көрмейді ұйқы, тамақ мейірі қанып.

Бір күні ай жарықта тысқа шығып,
Білдірмей еш адамға жүр зарланып.

Сөйлесті аспандағы айды көріп:
«Жүресің жердің жүзін сен тексеріп.

Бір түнде дүниені жарқ ұрасың,
Мәжнүннен қуантсаңшы хабар беріп.

Қайда жүр, тірі жүр ме, не қылып жүр,
Ішімді ғашық оты жандырып тұр.

Болсаң да сен де мендей күнің ғашық,
Нұрымен жарқырайсың жанбайсың құр.

Күн ғашық саған-дағы салды нұрын,
Бар ма еді өз денеңде нұр онан бұрын.

От салды жүрегіме менің Мәжнүн,
Аузымнан шықты жалын, көрдің түрін.

Мұнан соң барды аяңдап тоғай жаққа,
Жеміс пен ағаш еккен бау-шарбаққа.

Түндегі жылы желдің лебізімен,
Сөйлесті жасыл гүл мен жапыраққа:

«Жылы жел, ғашығымның лебіндейсің,
Сен мені не білесің, не білмейсің.

Желменен сыбырласқан жапырақтар,
Шын ғашық болсаң неге егілмейсің?

Түн болса, дымқыл шықпен буланасың,
Өтірік ғашықпын деп қуланасың.

Қан ағыз ғашық болсаң жас орнына,
Егіліп жыламайсың, суланасың.

Жел, сен де ғашықпын деп дау қыласың,
Кей-кейде күннен жаңбыр жауғызасың.

Жасылдың жерге біткен бәрі жарың,
Көңіліңді әркімге бір ауғызасың.

Кейде сен жапырақты үн қыласың,
Аямай қызыл гүлді сындырасың.

Соғасың кейде жұмсақ, кейде қатты,
Құбылып кімнің көңілін тындырасың».

Сөйлесті одан кейін жұлдыздармен,
«Жаным-ай, көрдің бе? - деп Мәжнүнді сен.

Жарымды жаным сүйген бір көре алмай,
Сұрайын бір хабарын көрінгеннен.

Ей, жұлдыз, түнде тудың, күндіз батып,
Қасыңды кімге ымдайсың қимылдатып.

Ғарыппын мен де өзіңдей тұтқындағы,
Зарлаймын, күні бойы үйде жатып.

Қаптайсың түн болғанда көктің жүзін,
Сорлымын, қатты тартқан қайғы сызын.

Сендерге дүниеде таса жер жоқ,
Мәжнүннің тым болмаса көрсетші ізін!»

Бір жұлдыз ағып еді жерге таман,
Дегендей қуанады жарың аман.

Жүріпті жұлдыз аққан жаққа қарай,
Жобасын көрсетті - ау деп осы маған.

Алдында бір адам тұр қараңдаған,
Сескеніп Ләйлі жақын бара алмаған.

Досым ба, дұшпаным ба, кім біледі,

Байқамай жарамас деп арандаған.

Ол келген Мәжнүн екен Ләйліні іздеп:
«Ғашығым, ойлап па едің көреміз» деп.

Ләйлі: «Аманатыңды ал, қарағым,
Мұнан соң тірі көрмей, күдер үз», - деп.

Ойлады, қызға жақын барайын деп,
Құшақтап бір сүйгізіп қарайын деп.

Көрем бе мұнан кейін көрмеймін бе,
Сақтаулы аманатты алайын деп.

Барады жақындаса, жанып - күйіп,
Денеге болар емес дене тиіп.

Екеуі шыдай алмай талып кетті,
Аузынан алған екен бірер сүйіп.

Көрдің бе шын ғашықтың анық жайын,
Іштегі от дәуірлейді барған сайын.

Бұл жерде екі ғашық жата тұрсын,
Батырдан Науфіл деген сөз бастайын.

(аяғы бар)

БАЙҒҰС НЕҒЫП ЖҮР?

«Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан байғұс неғып жүр?
Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жылан байғұс неғып жүр?

Мың сан малдан айрылып,
Малсыз байғұс неғып жүр?
Ішер астан айрылып,
Әлсіз байғұс неғып жүр?

Көлеңкеден қорқатын,
Қоян байғұс неғып жүр?
Алдырып қолдан мал затын,
«Оян» байғұс неғып жүр?

Уыс астық үнем жоқ,
Тамағы аш байғұс неғып жүр?
Іліп алар киім жоқ,
Жалаңаш байғұс неғып жүр?

Қам көңілді, қайғылы,
Зарлы байғұс неғып жүр?
Қайықтай қалмай қалталы,
Жарлы байғұс неғып жүр?

Қонар көлге мұз атып,
Сұңқар байғұс неғып жүр?
Төрт тұяққа тең батып,
Тұлпар байғұс неғып жүр?

Балақадырұлы

Білім бөлімі

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СИНГАРМОНИЗМ ЗАҢЫ

(басы бірінші санында)

Қазақ-қырғыз тіліндегі сөздердің түбірі еш уақытта өзгермейді. Қазақ-қырғыз сөзі өзгергенде аяғына жалғанған қосымшалар арқылы өзгереді.

Тіліміздегі қосымшалар: 1) жалғау; 2) жұрнақ; 3) жіктеу болып бөлінеді.

Барлап қарасақ, жалғаулар сөздің түбіріне ұйқасады. Сөздің түбірі жуан айтылса жалғанған жалғау да жуан айтылады. Сөздің түбірі жіңішке айтылса, тіркелген жалғау да жіңішке айтылады. Сондықтан, жалғаулар қос болады.

Тіліміздегі жуан айтылатын жалғаулар мыналар: 1) ның, дың, 2) ға, қа, а, на, 3) ды, ны, н, 4) да, нда, 5) дан, нан, 6) лар, дар.

Бұлардың жіңішке айтылатын жұптары мыналар: 1) нің, дің, 2) ке, ге, е, не, 3) ні, ді, н, 4) де, нде, 5) ден, нен, 6) лер, дер.

Қазақтың өзіне меншікті түпкі сөздерінде бұлардан басқа жалғаулар жоқ. Тіл - құралы да осыны айтады. Шеттен келген сөздер де да, нда, дан, нан, лар, дар деген жалғаулар барма - жоқ па? Мұны соңынан тексереміз.

Жалғаулар айрықша сөз емес, сөздің мүшесі, бұны өз алдына айтқанда бұларда мағына жоқ, сондықтан бөлек айтылмайды.

Қазақ тіліндегі жалғаулардың жалғасқан түбірі мен ұйқасып үндесіп сөйленетіндігі анық. Жіңішке түбірге жуан жалғау я жуан түбірге жіңішке жалғау еш уақытта қосылмайды.

Жалғаулар сингармонизм заңымен жалғасады.

Тәуелдіктер де жалғаулардың ізімен жүріп сингармонизм заңына көнеді. Жіктеудегі жалғаулар өте көп. Әр райдың жалғауы басқа болады.

Әр райдағы жалғауларды алып тексеріп қарасақ, жіктеудің де сингармонизм заңымен жүретіндігі анық байқалады. Қазақ-қырғыз тіліндегі етістіктің түбірін я, тұқылын табу емес.

Етістіктің болымды түрін жекеше жіктегенде, білік райдың екінші жағына арнаған сөз салт әм сабақты етістердің түбірі болады. Өңке етістердің тұқылы болады.

Үлгі үшін мынаны келтіреміз: сал, тұр, жарыс, таран, тұрғыз, алдыр, жегіл, соғыстыр, жұлқыла, ұйықтаңқыра.

Етістіктің әр райдағы бөлімді болымсыз түрін, үш жақ, екі айрыс , үш жақ бойынша жіктегенде етістіктегі жалғаулардың түбірі, тұқылымен үндес екендігі анық байқалады.

Жіңішке түбірге я, тұқылға жіңішке жалғау, жуан түбірге я, тұқылға жуан жалғау арналған. Жіктеуде еш уақытта жуан түбірге (тұқылға) жіңішке жалғау я жіңішке түбірге (тұқылға) жуан жалғау қосылмайды.

Жіктеуде сингармонизм соншама мықты, түбір мен жалғаудың арасындағы дәнекер дыбыс та түбірге үндес келеді. Үлгі үшін «жаз», «жүр» деген сөздерді алалық. Жазайын - жүрейін, жазамын - жүремін, жазасың - жүресің, жазады - жүреді.

Бұндай үлгінің талайларын келтіруге болады.

Сингармонизм заңы көсемше, есімше, етістіктерде айқын байқалады.

Түбірдің жуан жіңішке айтылуына қарай, үнемі көсемшедегі жалғаулар «а», я, «е» болады. (жаза-бердім, жүре-бердім). Ниетті көсемшедегі жалғаулар «ғалы» я «гелі» болады: жазғалы тұрмын, жүргелі тұрмын.

Өткен шақтық есімшедегі «ған (қан)» я «гін (ген)» деген жалғауларда сингармонизм толық байқалады: жазған, айтқан, жүрген, көрген, кеткен.

Ұйғарынды есімшедегі «атын» (жазатын), «етін» (көретін) деген жалғаулар да сингармонизмге бағынған.

Ұйғарынды есімшедегі «атын», «етін» жалғаулардың нағыз дұрыс қалпы «тұғын»: жаза-тұғын, бара - тұғын, жүре - тұғын, көре - тұғын тағы талайлары.

Ұйғарынды есімше, негізінде екі сөзден құралған. Тіл шеберленген уақытта есімшедегі ескі сөз қосылып, бір сөз болуға бейімделген.

«Тұғын» деген сөз үнемейін қатты айтылады. Алдындағы жуан сөзбен біріктіріп айтуға болса да, алдындағы жіңішке сөзбен біріктіріп айтуға болмайды. Екі сөзден бір сөз туғызғанда сингармонизм заңына хылаф келмес үшін «тұғын» деген сөз түң күйінен өзгеріп, құйқылжыма «тін» деген жалғау болған.

Сингармонизм тіліміздің негізгі заңы екендігіне «тұғын» нің өзгеріп «тін» ға я, «тін» ге айналғаны анық дәлел. Бұның жайында алдымызда әлі сөйлерміз.

Көсемше мен есімше - етістіктердің бөлімді түрлері де, болымсыз түрлері де сингармонизм заңына анық бағынады.

Енді жұрнақтарға келсек, бұнда да жалғаулар туралы айтқанға жолығамыз.

Қазақ-қырғыз тіліндегі жұрнақтар екі түрлі: бірі шын жұрнақ, екіншісі шала жұрнақ. Шын жұрнақ сөз емес, айрықша айтылғанда мағынасыз болады. Сондықтан, бұлар өз алдына бөлек айтылмайды. Шын жұрнақ сөздің буыны, мүшесі.

Қазақ-қырғыз тілінде шын жұрнақтар өте көп. Бұлар сөздің мағынасын өзгертіп туынды сөздер тудырады.

Шын жұрнақтың бәрі қос болады. Жуан түбірге я тұқылға жуан түрінде жалғанады, жіңішке түбірге я тұқылға жіңішке түрінде жалғанады. Бұл туралы іспаттың керегі жоқ.

«Тіл-құралда» мынадай шын жұрнақтар көрсетілген.

Есімдерде: шы (ші), ақ, дық, тық (лік, дік, тік), шылық (шілік). Шыл (шіл), шық (шік), ша (ше), қой (қой, ғой) лы, ды,ты (лі, ді, ті). Сыз(сіз), лас, дас, тас (лес, дес, тес), шаң (шең), а (е) ла, да, та (ле, де, те). Ғар, қар, (кер), сын (сін), шыла (шіле), дай (дей), дағы (дегі), әр (ер). Сын (сін), ғыл (гіл), лау, дау, тау (леу, деу, теу).

Етістіктерде: с, н дыр (тір), л, т, тітір, сітір, қыз, ғыз (кіз, гіз), қыла-ғыла, (кіле-гіле), ыңқыра (іңкіре), уу, м, с, ш, қыш, ғыш (кіш, гіш), үш, ғы (гі), қ (к), қын, ғын (кін, гін), ма (ме), ба (бе), мал, бақыл (бекіл), мақыл (мекіл), ақ (ек), н, лық (лік) ұл (үл), ман (мен) бұлардың бәрі қос айтылады, сингармонизмге толық келеді.

Етістіктегі алғашқы үн жұрнақ тұқылдағы етіс жұрнақтары.

Тұқылдың өзі сингармонизм заңына толық бағынады.

«Тіл-құралға» кірмеген шын жұрнақтар көп: 1) лдырық-ледірік (табалдырық, сағалдырық, түмілдірік, көзілдірік өмілдірік), 2) ңғы-ңгі (салбыраңқы, астыңғы, болдырыңқы, еңкейіңкі, үстіңгі), үсіңгі 3) қақ - кек, ғақ - гек (жарғақ, құрғақ, шорқақ, піскек, ілгек, үркек, іскек). 4) қай - кей, ғай-гей (балақай, қарағай, аңсекей, әшекей, өңкей, найзағай, жөнегей), 5) қам-кем, гем (қалқам, салқам, жөргем, көргем, иіскем, желкем), 6) ау - еу, (қинау, жинау, көрнеу, ернеу, кернеу), 7) маң-мең (қылмаң, көлмең), 8) тағы талайлар.

Жұрнақтың бәрін тізіп жатуға бұл жерде орын емес. Бірақ, жұрнақтардың бәрін толық қылып жинау керекті жұмыстың бірі болуы керек.

Шала жұрнақ деп мағыналы сөзден өзгеріп, жұрнақ қалыпқа түскен сөзді я, жұрнақтықтың шын қасиетінен айрылып, қосалқы сөздің қалыбына аударылған жұрнақтарды айтамыз.

Шала жұрнақтар қазақ-қырғыз тілінде аз.

1) Еке деген шала жұрнақ «аке» деген сөзден өзгерген жуан түрі.

Бұл күнде жоқ. Алғашқы жуан түрі аға (ақа) болса керек.

2) Нікі (дікі, тікі) деген құрама жұрнақ. Бұл «нің» (дің) деген жалғау мен «гі» деген жұрнақтың қосылуынан туған ніңгі (діңгі), ніңгі (діңгі) өзгеріп нікі (дікі) болған. Нікі жұрнақтың жіңішке түрі, жуан түрі - нқы біздің тілімізде жуан түрі бұл күнде жойылған, айтылмайды. Ноғай тілінде бұл жұрнақтың екі түрі (нқы, нкі) осы күнде де айтылады. «Нікі» қазақ тілде жұрнақтың шын қасиетінен айырылып, қосалқы сөзге жақындаған.

3) Ғана бұрын шын жұрнақ еді, жіңішке түрі ғана еді. Ғана бүгінде қазақ тілінде айтылмайды, жойылған. Ғана жұбынан айрылған соң, шын жұрнақтықтан да айрылған. Бұл күнде қосалқы сөз ретінде айтылады.

4) Күнем (пайда-күнем, мас-күнем, қас-күнем), Күнемнің жуан түрі жоқ.

Сондықтан шала жұрнақ я, қосалқы сөз ретінде сөйленеді.

Тілімізге жат тілдерден (парсыдан) кірген жұрнақтар бар: 1) кер (тер), 2) хор, 3) паз жат тілден кірген жұрнақтар шала жұрнақтарға қосылады, бұларда қостық жоқ.

Кер (гер) үнімен жіңішке айтылады. Алдындағы қосылатын түбір сөзі жіңішке болса, дұп-дұрыс болып сингармонизм заңымен жүре береді.

(әс-кер=әскер). Алдындағы қосылатын түбірі жуан айтылатын сөз болса, бұл сөзді «кер» жіңішкертіп алып қосылады. Сауда - гер = саудакер, хайла-кер = хайлакер яғни айла-кер = айлекер, жұмыс - кер = жұмыскер, тағы талай үлгі келтіруге болады.

Кер (гер) жұрнақ жат тілден келген шала жұрнақ болса да, бүгінде шын жұрнаққа айналып барады.

Паз (әсем-паз, өнер-паз) үнемі жуан айтылады, түбір сөзбен үндеспейді.

Хор (пара-хор, әлім-хор, жем-хор) үнемі жуан айтылады. Бұл да алдындағы сөзбен үндеспейді.

Жұрнақтар туралы әңгімені қорытқанда, мынадай жазу қағидасы туады:

1) Шын жұрнақтар сөзге қосылып жазылуға керек. Шала жұрнақтар түбір сөзге жалғаспай, сызықшамен бөлініп жазылуға керек.

Кер (гер) жұрнақ шын жұрнаққа есептелмейді, сондықтан, түбірімен бірге жазылуы керек.

Жазудың осындай қағидасы сингармонизм заңынан шығып отыр.

Демеулерде де сингармонизм заңы анық байқалады.

Сұрау демеудің жуан турлері: ма, ба, да. Жіңішке түрлері: ме, бе, де.

Демеу алдыңғы сөзбен ұйқасады. Алдыңғы сөз жуан болса, демеу де жуан айтылады. Алдыңғы сөз жіңішке болса, демеу де жіңішке түрде айтылады. Үлгі үшін: ұрыстым ба, сөктім бе, оқи ма, жүр ме.

Да - деген демеу жуан айтылатын сөздің соңынан қойылады. Мәселен: малда, қоста, адамда, сүт емушілер тобына кіреді. Де деген демеу жіңішке айтылатын сөздің соңынан қойылады. Мәселен: менде - сенде адамбыз, көзде, бүйректе, жүректе, ішке де, денедегі мүшелер.

Біздің кейбір жазушыларымыз да менен де-нің қай орында, қалай қойылатынын шатастыра береді. «Қазақ тілі»- нің талай сандарында ретсіз «да» мен «де»- нің шатасып жүргенін байқадық.

Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін бастырғанда басқарған Бернияз Күлеев «бастырушыдан» деген сөзінде мынаны жазады: «өлеңдердің қол жазбасында көпшіліктің сөйлеп жүрген тіліне амалға дұрыс келмейтін кейбір сөздер жергілікті түрде жазылғандай бар еді. Мәселен: менде, сенде, өзімде, көзімде, өлімде, мені де деген сөздердегі демеулер көпшіліктің сөйлеп жүрген тілінде амалда орны мен «де», «де», «да», «да» айтылып жазылады. Қолжазбада барлық сөзде де деп айталық, «да» демеуі жазылған. Жоғарғы сөздер мен да, сен да, өзім да, көзім да, өлім да, менім да жазылған. Бұлардың талас еместерін «де» қылып түзетсем де, өлеңнің ұйқастарын бұзатын орындарда әм дұдамал естілетін орындарда түзетуге тәуекелім жетпеді».

Бернияздың түзетуі дұрыс-ақ, бірақ, түзетуді аяқтамағаны сингармонизм заңымен таныс болмағандығы.

Ақындық табиғаттың саннан таңдап, бірен-саран адамдарға беретін артық өнері. Көп берілгеннен көп сұранады деген, нақылды ескеріп аяғына дейін түзету керек еді. Тілді бұзбай ұстарту, шеберлету, байыту ақындардың мойындарына артылған зор борыш.

Сұрау демеулер сөзге қосылып жазыла ма жоқ бөлек жазыла ма? Бұл туралы «Тіл құралда» шатақ бар. «Тіл құралының» бірінші бөлімінде демеулердің бәрі бөлек жазылады деген, екінші бөлімде бірге жазылады деген. Шатақты жойып, бір жол қолдану керек. Осы күнгі көптің жазып жүргеніне қарасақ, ма, ба, (ме, бе) қосылып жазылады, да (де) бөлек жазылады. Біз де осы жолды дұрыстаймыз.

Сұрау демеудің соңында екен деген сөз келсе, қатар тұрған екі дауысты дыбыс бірігіп айтылады. Сондықтан, мекен, бекен деген сөз туады. Мәселен: барма екен, жүреме - екен, деген сөздер барамекен, жүремекен болып айтылады. Мекен, бекен болып айтылса да бара ма - екен, жүре ме - екен деп жазу керек. Сингармонизм заңы осылай қылып, айырып жазуды дұрыстайды.

Туынды демеулердің кейбіреулерінде сырттан қарағанда, сингармонизм заңы дұдамал байқалғандай болады. Шындығында, туынды демеулерде сингармонизм заңы анық. Туынды демеулер мыналар: өйткенде, бүйткенде, сөйткенде, әйткенде, қайткенде, немесе (бір түрі ғана алынды).

Бұлардың алдыңғы бесеуі екі сөзден, соңғысы үш сөзден құралған өй-еткенде, сөй-еткенде, әй-еткенде, қай-еткенде не емес болса.

Өй, бүй, сөй, әй, қай деген сөздердің бәрі осы күнде де қазақ арасында айтылады. Ескі жырларда тіпті көп айтылады (Қобланды батыр бүй дейді. Ертарғын сонда сөй деді, қай орында, қай жерде тағы талайлар).

Өй-олайдан, бүй бұлайдан, солай қай сойдан, қалайдан қысқарған.

Алдындағы сөзбенен мықтап бірігу үшін бұларға сингармонизм заңына көну керек болған. Сондықтан, бұлар бұрынғы қалпынан, тұлғасынан айрылып, тілдің негізгі заңына лайықталған. Немесе де алдыңғы сөздер өзгеріп артқы сөзге ұйқасқан.

Қай - еткенде де деген сөзден басқаның бәрін бір жазса да болады. Қай-еткендені сызықша арқылы жазу керек. Қайткенде де деп жазған қата болады. Ма-еткенді, ба-еткенді мекен бекен деп жазғандай сингармонизм заңына хылаф келеді.

Бірқатар қара қазақтар қай-еткенденің, Ң орнына қайткенде деп сөйлейді. Бұлай болғанда бірге жазудан кемшілік жоқ.

Қазақ тілінде кей нәрселердің аты екі сөзбен айтылады. Мәселен: Бай-шешек, Бай-келді, Жан-келді, Орын-басар, Қызыл-жар, Ақ-жар.

Қос сөздердің бір қатарлары бірігіп, бітіп бір сөз болуға айналған.

Осындай сөзді тексеріп қарасақ, бұлар сингармонизм заңымен өзгеріп барып бірігеді.

Бір жуан сөз, бір жіңішке сөз екеуі бірігіп қосылғанда сингармонизм заңы айқын байқалады. Көбінде жуан сөз өзгеріп, жіңішкеріп келіп қосарымен бірігеді. 1) Бай-шешек=Бай шешек=байшешек. 2) тура-келмек=тура-келмек түрегелмек, 3) ала-өкпе, але-өкпе=алөкпе. 4) Гүл-айым=гүл-айым=гүлайым, 5) бай-келді=бәй-келді=байгелді, 6) тас-темір=тастемір мұндай үлгілердің талайын келтіруге болады.

Қазақ тілінде екі сөз бірігіп бір сөз болса, ішіндегі сөздер сингармонизм заңымен өзгереді. Бұл жалпы заң. Ұйғарынды есімшедегі «тұғын» нің «тін» болуы. Туынды демеулердегі солай, бұлай секілділердің өзгеріп сөй, бүй секілді түрлерге айналуы қос сөзден бір сөз тууы - бәрі жол. Біраз сингармонизм заңымен жүру.

Мұнан жазудың тағы бір қағидасы туып отыр: қос сөздер сызықша арқылы жазылуы керек (Қызыл-жар, Көк-жар, Әулие-ата, Ешкі-емер, Оқ-жылан, Бай-тұрсын, Сәрсен-бай, Кене-сары тағы басқалар), қос сөзден сингармонизм заңымен бірігіп, бір сөз болып туған сөздер бірге жазылу керек: (Ташкент, Шымкент, Жауғашар, Жарғанат тағы басқалар).

Жоғарғы айтқанның бәрін сарыққанда, қазақ-қырғыз тілінің өзіне меншікті түпкі сөздерінің қайсысын алсаң да, түбір сөз болсын, туынды сөз болсын, сөздердің ішіндегі көп өзгерістерден қай қалағаныңды алсаң да, бәрінің сингармонизм заңымен жүріп, осы заңды қолданып бұл заңнан беттей шетке кетпейтінін көресің.

Қазақ-қырғыз тілінде сингармонизм заңына көнбейтін сөз, сөз өзгерісі жоқ. Сары-арқа қазақ еліне қандай меншікті отан болса, сингармонизм қазақ тіліне сондай меншікті заң. Сингармонизм тілімізді үйретуге жеңілдетіп тұр. Жаңа сөздер тудырып, сөздер қосып тілімізді байытқанда, лақтырмайтын, адастырмайтын қарақшылы даңғыл қара жол болып тұр.

Жоғарғы айтқанның бәрі түпкі қазақ сөздері туралы еді. Енді шеттен келген жат сөздерге келелік.

(жалғасы бар)

Халел Дос-Мұхамедов,
Ташкент, 1 декабрь

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЗІРГІ ДӘУІРІ

(тарихи әдеби сын)

Қазақ әдебиетінің осы күнгі қалпымен һәм келе жатқан бетімен таныстығы бар адамдардың біздің әдебиет туралы айтатын әртүрлі пікірі бар. Орыс жазушыларының қысқаша сындарына қарағанда, біздің ескі, ауызша әдебиетіміз бай, өрнекті, түрі тар, ойы

көп кестелі. Қысқасынан айтқанда, қазақтың даласы секілді кең, келешегі көрікті үлкен, жалпы түрік әдебиетінің ішінде елеулі орын алатын әдебиет секілді көрінеді. Бірақ, осы жазушылардың айтуына қарағанда, жазба әдебиетіміз әлі іргесі нығаймаған, беті анықталып ашылмаған, белгілі түрге түсіп қалып танбаған, майысқан, сынған, әдебиет деп саналғандай.

Бұл мәселе туралы біздің өз жазушыларымыздың бір жерге қойылған пікірі, бір қалыпқа тоқтаған сыны әзірше жоқ. Бірақ, өткен күннің әдебиетін еске түсіргенде, ескіліктен сол белгіні қалдырып кеткен адамды ойлағанда, айтылған өлең, жыр, тақпақ, мәтелдердің ауыздан шыққан кезін ойлағанда, бәріміз де өткен күннің өнеріне ішіміздің басын игендей боламыз, сөзі қалған кісінің атын құрметпен атағандай боламыз.

Сөзінен туатын мағынасы, ішіндегі қайратты рухы, сыртындағы кестесімен келісімі өзін еріксіз елеткендей болады. Біз ескі әдебиетімізді сүйеміз, сүюіміз дәлелсіз емес. Құрметтейміз... Құрметіміз өзсіз емес. Себебі: әдебиетімізде өзге көп жұрттың ауызша әдебиетінде жоқ нәрселер табылып отыр. Ауызша әдебиет бір заманда тәртіпті жазба әдебиеттің қызметін атқарғандығы білініп отыр. Сол міндетін оқығандықтан ауызша әдебиет өз өрісін кеңейтіп әкеткенін көріп отырмыз. Сол ескі сөздің ішінде ескі қазақ өмірінің әрбір дәуірі, әрбір мезгілі және әрбір жеке - жеке суреттері де айтылған. Мұның үстіне, жазба әдебиетте классикалық шығармаларда кездесетін үлгілі мінездер, типтер ел ішіндегі айырықша таптардың өзгеше психологиясы да дәл айтылған жерлер бар. Бұның бәрі құрғақ сөз болмас үшін төмендегі бірнеше дәлелдерді көрсетпекшімін.

Мысалға, қазақ өміріндегі бақташылық салтты көрсететін атақты Қозы Көрпеш-Баян өлеңін алайық. Бұнда бақташылықтан адамға жұғатын теріс мінез, сараңдық (Отрицательная черта) «Тоқсан мың жылқы айдаған бай болса да, үйінде сілкіп салар сырмағы жоқ» Қарабайдың мінезінен көрінеді. Қарабайдың мінезі, әдеті, өміріндегі мақсаты өлеңнен бастан аяқ көрінеді. Қарабай Пушкиннің (Скупой Рыцарь)-ның қазақтағы айқын тұрған типі. Бұған қарсы қойылған сол өлеңдегі байдың үлгілісі, мінездісі сай — бай. Бұ да өлеңде бүтін адам болып көрінеді.

Бұлардан соңғы тағы сол өлеңдегі өзгеше қызық тип - Қодар. Қодардан да малшының ең жақсысы қандай болмағы көрінеді. Мал бағушы елдің арман қылған бақташысы, қиял қылған қайратты азаматы көрінеді. Бірақ осымен бірге ең мағыналы жері - Қодардың пішінінен адам баласындағы ойсыздық, шолақтық, тар ғана бір бетпен, малмен бірге мал болып кеткен білімсіздік, надандық көрінеді. Өлеңші бұл жерде Қодардың пішініне қарап тұрып қазақ қалпындағы жалпы кемшілікке күлгендігі білінеді.

Жасырын, мазақ, ащы мысқыл сезіледі. Осы секілді шебер көрсетілген үлгілі типтер Қозы Көрпеште біреу ғана емес, әлденеше. Бұл турасынан айтылатын толық сөзді кейінге қосып, екінші мысалдарға келейік: қазақ әдебиетінің өрнектілігіне толық дәлелдер батырлар өлеңінде де бар.

Қазақ батырлары бәрі бір қалыпқа соққандай, барған жерін қырып келіп, жойып келетін үнемі жолы болып отыратын Хазірет әлі, Сейіт-Батталша батыр емес. Бұларда қазақ мінезі түгел бар деуге болады. Қазақ батырларындағы мақсат: алдымен ұлтшыл болу, одан әрі діншіл болу. Бұның мысалы: Қобыланды, Ер Тарғын, Қобыланды атаны руды, туысты бел қылған батыр.

«Анадан туған атасыз» атасын сөйлеп не етесіз, «анадан туған некесіз» некесін сөйлеп не етесіз... дегені қазақтың ұғымы, қазақ тәрбиесінің ізі...

Қора толған қойымды,
Аш бөріге тапсырдым.
Азу тісі балғадай,
Жас бөріге тапсырдым...

дегені бақташы қазақ батырының сөзі. Қобыланды алдымен қара қазақ, екінші ұлтшыл болып көрінеді. Және жауы қазақ емес, жат болады. Сондықтан бұның жолы болғыш.

Екінші, мұның қарсысындағы Ер Тарғын. Бұл қазақтың бірлігі кетіп азған заманының батыры. Арысы мұсылман, берісі қазақ ішінен жау тауып, ұйытқы бұзған, шепті жарып, шеңбер бұзған батыр. Сондықтан, мұның жолы болмайды.

Бірақ, мұның жаратылысында да қазақ қаны күшті. Қазақтың жай сылбыр мінезі, салғырт батыры:

Атадан кескекті туған аюымын:

Кескілеспей басылман.
Кілегей қара бұлтпен,
Келед жаумай, ашылман.
Тұтадай сүйегім қалғанша,
Дұшпаным саған бас ұрман.
Палуан, сұлтан батыр, хан,
Қыларың болса, қылып қал.
Күндердің күні болғанда,
Бас кесерім жасырман...

Әуелі туысынан бастап сөйлейтін, тәкаппар, нағыз қазақ бұл сөзінен көрінеді.

Қазақ батырының барлығының жайынан айтатын сөз. Бәрі де өзге батырлығынан бұрын, әуелі рухын батырлыққа айналдырған салқын қанды, дене қайратынан да жан қайратын артық бағалаған батырлар. Сондықтан бұлардың ортасынан орта ғасырдың рыцарына ұқсаған Тарғын сияқты әйелшілі болса, оның жолы болмаған.

Біздің әдебиеттің бізге сүйкімді жерлері осындай әрі жерлерінде қалпымен, өзге жұрттікіне ұқсамай, таза қазақтікі болып шығатындығында. Біздің ауызша әдебиеттің бұдан басқа түрлеріне, ұсақ тарауларына келгенде алдымыздан көзді қуантып, жайнап шығатын асыл тас сияқты қымбатты бұйымдары басқа жерде де бар.

Сол ауызша әдебиетте қара сөзбен айтылатын, аңқаулықтың исі аңқыған қарапайым ертегімен қатар, Сарыарқаның «ақ көде малта шүйге шөбін, кір жуып, кіндік кескен жері, көлеңкелі ағашы, қоңыр желіне» шейін шеберліктің орамына кіргенін көреміз.

Тайлақтың енді аман бол қалған елі,
Арқаның сен де аман бол қоңыр желі...

Нәзік сезімді әйел заты Айтаңсықтың аузына туған ел, өскен жермен қоштасарда ел қиялының салған сөзі осылар.

Қазақ даласында ақындықтың тәтті сұлуынан, қой баққан қотыр тайлы тазша бала, жар басында жарты лашықтағы сақау қатынға шейін құр қалмағандықтан, ел іргесі батыр да, жұрт тұрмысы бір түнде де қор болмаған. Сондықтан өлеңмен айтқан билік, жырмен

айтқан өсиет, тақпақпен айтқан дау бір кезде «татуды араз, жақынды жат қылуға жараса, бір кезде іріген елді біріктіріп, арнікшінің шіріген сөзін сап қылуға да жараған. Қан, қара бір төре, аламаншыл батыр. Жетекшіл қарашы бәрі де айырмасыз кестелі, сырлы сөздің қадірін білімге ұстарып зейіні ашылған европеецтен кем білмеген.

Ескі қазақ баласы шынында, туған жерде өлеңмен қарсы алынып, өлеңмен шығарып салынатын болған. Бұл қазақ рухына анық сіңген мінез еді. Сондықтан, қазақтан шыққан туыстар адамдардың бәрі де өмірінде кез келген ірі істердің бәрінің жанынан ақын рухы мінген тұлпары өлеңменен желдіртіп өткенге ұқсайды.

Ол замандағы қазақтың өміріндегі кез келген қиын асу, тар кезеңде жорыққа аттанып, жасанған жаудың қарсысына бару болса, Абылайдың үлкен соғысының біріне бара жатып Керей ханы Бектің өзіне берген батасы мынау:

«Құрулы мылтыққа жолықтыр,
Құрсаулы жауға жолықтыр.
Ел сасқандай,
Етек басқандай...
Абылайдың сарт көтін ашқандай көлге жолықтыр» деген.

Бұл асау қанды батыр, тайғақ кешу, таң жолда еліне еңбек сіңіруді қиял қылған елшіл аламан сөзі.

Ел өміріндегі үлкен уайым атақты баспашыларының өлімі болса, онда да қамырыққан көңілдің шерін сыртқа шығарушы өлең болған.

Абылай өлім халінде жатқанда айтқан Бұқар жырау сөзі мынау:

Қалыңсыз қатын құтырған ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бақтырған қайным-ай.
Үш жүздің баласынан үш кісі айтсам,
Қалар да мекен жаның-ай.

Осы бір ауыз өлеңдегі мағына қанша? Мұнда Абылайдың жауынгерлігі, жолы болып, кезенген жауын көп жеңгендігі. Елді билеуге шеберлігі, тентек бұзықты тия білген әділдігі. Ел ішіне тыныштық орнатқандығы. Сол үшін үш жүздің баласының ала көңілсіз оны сүйгендігі, оған деген тілегі, құрметі түгел көрінбей ме? Аз сөзде көп мағына осыдан артық бола ма?

Әр адамның өз басына кез келетін қиын күн, өлім күні болса, оны да өлеңмен қарсы алып және өлім халіне лайықты, зарлы сарынмен ән шығарып кеткен адамдар біреу ғана емес.

Сыбан Сарыбай ақынның өлерде шығарған өлеңі мен аты қазақ даласында әлі күнгі даланың мұңлы күйінің бірі болып күңіреніп жүр.

Мінеки, бізге ескі әдебиетімізді сүйгізетін себептері осы айтылған секілді мысалдардан туады.

Рас, өткен күннің әдебиеті біздің сүюімізді тілемейді. Сүюімізбен семірмейді де, түрленбейді, жек көруімізбен жоғалып та кетпейді. Ескі әдебиеттің түрлерін білу, бетін ұғу, ағымына түсіну біздің өзіміз үшін керек. Бұл күнгі әдебиетке белгілі жол салып, дұрыс бағыт береміз дегенде жалпы қазақ әдебиетінің өткен күнін бүгінгі қалпын һәм

келешегіне түгел түсіну керек. Сонда ғана әрбір жазушы хақихатқа жақын сөзді сөйлеуі де мүмкін.

Сондықтан, мен бұл мақаланы қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі деп атасам да, бүгінгіні сынға салу үшін ескілікті айтпау, әдебиеттің басын айтпау, бізге, атадан қалған дәулетті айтпау лайықсыз болғандықтан туып отыр.

Ескіліктен жоғарыдағы айтылған қысқаша мағлұматпен тоқтап, енді жаңа жазба әдебиетке келеміз.

(аяғы бар)

Қоңыр

ЖЕР СІЛКІНУІ

Түркістан республикасындағы жұрттың көбі жер сілкінгенін көрген бұларға тиіс. Көргенде бір рет емес, бірнеше рет көрген бұларға тиіс. Қазақстан Республикасындағы жұрттың көбі өмірінде жер сілкінгенін көрмейді. Олар тек «пәлен пайғамбардың заманында халық бұзылып кеткендіктен, зілзала болып (жер сілкініп) жұрт қырылды» дегенді ғана молдалардан естиді. Сондықтан, олар жер сілкіну бұрынғы заманда, пайғамбарлар заманында болса да, бұл заманда болмайды деп ойлайды. Олай емес, жер осы заманда да сілкінеді һәм, көп сілкінеді. Хатта жер сілкінбейтін күн болмайды деп айтуға болады. Бірақ, жердің сілкінуі түрлі-түрлі болады. Жер кейде ақырын сілкінеді. Кейде қатты сілкінеді. Көбіне жердің сілкінуі өте ақырын болады. Сондықтан, оны жұрттың көбі байқамай қалады. Жердің қандай ақырын дірілдегені болса да сезіп, жердің ол дірілдегенін қағазға ирек-ирек қылып сызып қоятын «сейсмограф» деген құрал болады. Жердің өте ақырын сілкінгенін кісі сезбей қалса да, сейсмографтың сызықтарына қарап, біліп тұруға болады. Кейде жердің сілкінуі кісі сезерлік болады. Онда жер дірілдеп тұрған сияқты болады. Терезенің әйнектері дірілдейді. Үй ішінде ілулі тұрған нәрселер шайқалады. Жиып қойған кеселер, шыныаяқтар, тәрелкелер һәм басқа сол секілді нәрселер шылдырлайды. Шелектегі, қазандағы су шайқалады: аздап-аздап үйдің сылаған балшықтары түседі. Кейде жер онан да гөрі қаттырақ сілкінеді. Онда өсіп тұрған ағаштар шайқалады. Телеграф діңгектері (бағаналары) шайқалады. Хайуандар аң-таң болады, құстар ұшып жоғары шығып кетеді. Шіркеулердің қоңыраулары өзінен-өзі даңғырлап кетеді. Үйдің төбесі сықырлап, жарылып кетеді. Аз-маз құлайтын үйлер де болады. Кейде жердің сілкінуі тіпті қатты болады. Онда құламаған үй қалмайды. Жер жарылып кетеді. Жердің жарықтары бір ашылып, бір жабылып тұрады. Бұл жарықтарға хайуандар, адамдар түсіп кетіп жоқ болады. Кейде, кейбір ауылдар, шаһарлар жер астына түсіп кетіп жоқ болады. Кейде жердің жарығына үйлер түсіп кетіп жоқ болады.

Кейде бұрын тауы жоқ жерге тау пайда болып қалады. Кейде жалпақтан - жалпақ жатқан көп жер тұтасымен төмен түсіп кетіп ой болып қалады.

Жер сілкінгенде бірнеше секунд қана, ең көп болса, бірнеше минут ғана болып басылады. Бірақ, осындай азғантай уақыттың ішінде-ақ, кейде кейбір қалалар қирап, ойран болып қалады. Мың-мыңдап кісі қырылады. 1755 жылы Европаның күнбатыс жақ шетінде жер сілкініп, Лиссабон деген шаһар дымы қалмастан қирады. һәм елу мыңнан аса кісі қырылды. 1783 жылы Италияның оңтүстік жақ шетінде жер сілкініп, төрт жүздей қала қирап, жүз мыңнан аса кісі қырылды.

1908 жылдың 15 декабрінде, (14 жыл болды) Италияда бұлардан да сұрапыл жер сілкіну болды. Онда, Миссияна һәм Рижиу деген екі үлкен шаһар және олардан басқа толып жатқан қалалар қирап, екі жүз мыңнан аса кісі қырылды. (мертіккендер есептелмейді). Осы биылғы ноябрьдің (қауыстың) он бірінде сенбі күні Оңтүстік Американың күнбатыс жақ шетінде Чили республикасында Кордилер тауында жаңағы айтылғандардың бәрінен де әлде қайда басым, өте сұрапыл жер сілкінді. Мұның күштілігі қандай болғандығын көрсету үшін айтатынымыз: 1908 жылы Италияда жер сілкінгенде қирап қалған Миссияна шаһары мен Петроградтың жанындағы Полковская обсерваторияның арасынан анау күні Америкада сілкінген жердің ортасымен Ташкенттің арасы тоғыз есе алыс. Ал енді анау күні Америкада жер сілкінгенде, Ташкентте жердің солқылдағаны 1908 жылы Миссияна-Фирардағы Полковская обсерваториясының жері солқылдағанынан кем емес. Бұдан анау күнгі Америкадағы жер сілкінудің күші қандай екенін шамалауға болады. Америкада болған жер сілкінудің толқыны бүкіл дүниені екі айналып шыққан. Бір арал халқымен жоқ болып, судың астына кеткен қанша шаһар қирағаны, қанша кісі қирағаны туралы әзір хабар жоқ. Англияның Чили хүкіметіне көңіл - қос айтуына қарағанда, Чили республикасының қазасы аз болмасқа тиіс.

Жердің бұл айтылғандардай қатты сілкінуі сирек болады. Кісі байқамай қалатын жердің ақырын дірілдеулері күн сайын бір жерде болмаса, бір жерде болып тұрады деп айтуға болады.

Сілкінген жердің ауданының бір шеті аз болса бірнеше жүз шақырым, болмаса әлденеше мың шақырым болады.

Ал енді, жер неден сілкінеді? Соның себебін айту керек. Оның үш түрлі себебі бар:

Бірінші себебі: Жаңбырдың, қардың суы жерге сіңіп, су өткізбейтін бір жалпақтан жалпақ жатқан саз балшыққа, яки, тасқа жеткенше кете береді. Су жібермейтін сазға яки, тасқа жеткен соң, ол су жиылып, бір жаққа қарай аға бастайды. Сөйтіп, жердің астында әуелі кішкентай бұлақ болып, онан ол бұлақтар бір-біріне қосыла, қосыла бірте-бірте үлкен өзенге айналып, жердің астынан үлкен жол салып алады. Осылай, жердің астындағы су көп жылдар аққан соң, ол судың қазған жолы өте үлкейіп, бір шетімен бір шеті бірнеше шақырым үлкен үңгір болады. Бір уақытта сол үңгірдің үстіндегі жер құлап, жер сілкіну болады.

Екінші себебі: алтын, күміс, тас-көмір секілді нәрселерді іздеп кісі терең, тереңдігі кейде бір шақырымнан асатын шахталар (шұңқырлар) қазады. Сол шахталарды қазғанда тереңге кеткен сайын жердің қызуы арта беретіні байқалады. Әрбір 15 саржын төмен түскен сайын жердің қызуы бір градус артып отырады. Жердің қызуы тереңге кеткен сайын осылай артып, отыратын болса, жердің ортасындағы қызуы он бес мың (15000) градустан кем болмасқа тиіс. Мұндай қызуға шыдап, ерімей қалатын дүниеде ешнәрсе жоқ. Сондықтан, жердің ортасы еріген, қорғасын секілді сұйық боларға тиіс. Сөйтіп, доп секілді домалақ жердің ортасы сұйық, сырты қатты боларға тиіс. Резеңке доптың ішіне толтырып су құйсақ, жер соған ұқсайды. Доптың резеңкесі жердің сыртындағы қатысы болса, доптың ішіндегі су жердің ортасындағы қызуға шыдамай еріп кеткен әртүрлі тас, топырақ, балшық, темір, мыс секілді нәрселер болады. Кейде жердің астынан шапшып ыстық су шығып жатады. Мұндай су «Гейзер» деп аталады. Гейзер жер үстінде аз емес. Көп Гейзердің суы тереңнен шапшып шығады. Сондықтан, жердің астындағы қызуға ысып шығады. Бұл да жердің ортасы қызу екендігіне дәлел көп жерлерде жанартау (орысша айтқанда Вулкан) деген таулар бар. Жанартау жылқышының қосы секілді шошақ болады. Төбесі тесік болады. Ол тесігінен бұрқырап бу шығып жатады. Кейде лықсып жердің ортасындағы ыстық сұйық тас шығады. Бұл да жердің ортасы қызу екендігіне

дәлел. Кейбір жерлерде су жерге сіңе-сіңе өте тереңге кетіп, жердің ортасындағы қызуға қайнап бу болады. Буда күш бар екені жұрттың бәріне де мәлім. Мәселен, шай салып отқа қойған шәйнектің қақпағы астынан бу көтерілген кезде селкілдеп кетеді. Машинаның ішінде қайнаған судың буы елу-алпыс мың пұт поезді сүйрейді. Сол бу жердің астында кейде өте көп жиылып, тесік тауып шыға алмай, үстіндегі жерді көтергендіктен жер сілкінеді.

Үшінші себебі: Дүниеде не нәрсе болса да суынған сайын қысылып, тығыздалып, кішірейе береді. Жер күннен күнге, жылдан жылға, бірте-бірте аз да болса, қызуы кеміп, суынып барады. Сондықтан, жер бірте-бірте кеміп, бара жатқан өрік яки лимон секілді. Қысылып, кішірейіп барады. Кепкенде өріктің, лимонның сырты бұжыр-бұжыр болып қалатыны секілді, қысылып кішірейгеннен жердің де сырты (яғни беті) бұжырланады. Бір жері күдірейіп жоғары шығады (тау болады), бір жері төмен түсіп ой болады. Жердің беті күдірейіп жоғары шыққанда да, төмен түсіп ой болғанда да жер сілкінеді.

Міне, жер сілкінуінің себептері осы. Жер сілкіну көп болатын жерлер: Жапония, Италия, Орта Азия, Кавказ, Америка тағы басқа бір сыпыра жерлер.

Ф.

САЯСАТ ДҮНИЕСІНДЕ

Түрік - Юнан соғысы

Осы күні сыртқы саясат дүниесінде ең зор мәселелердің бірі - жуық Күншығыс - Түркия мәселесі болып отыр.

Өткен жылы Англияның жәрдеміменен Юнан хүкіметі (гректер) Түркияның теңіз жиегіндегі көп жерлерін және Фракияны алып қойған еді. Одан бері де былтыр күздігүні сол Юнан әскері Анатолия ішіндегі Анкара қаласында да жақындап қалып еді.

Анкара жанында Сақария өзенінің бойында түріктер Юнан әскерін қатты жеңіп, кейін шегіндіргендігі газет оқушыларға белгілі шығар.

Сонан биылғы жылдың күзіне дейін Түрік-Юнан соғысы басылып, екі жағы да тоқталып қалды. Бірақ, бұл кезде Англия Дарданель, Босфор қылиларына өзінің теңіз кемелеріменен әскерлерін жіберіп, қылиларды һәм Стамбулды «Ортақ аудан» деп жария етіп еді.

Юнандар Англияның жәрдеміне сеніп, алған жерлерінде түрік халқын талап, оларға әртүрлі қорлық көрсетіп, қыстақ, ауылдарды жандырып, қамсыз жүре берді.

Түріктер болса, бұл пұрсаттан пайдаланып, империалисттер қолынан колонизаторлардан құтылу үшін тынбай, шаршамай соғысқа даярланды.

Осы жылы 26 августа Мұстафа Кемал паша Юнан әскерінің тас-талқанын шығарып, бетін бір қайтарып салды.

Юнан әскері артына қарай алмай, түріктердің ауыл - қыстақтарын жандырып, кейін қашты.

Бұл уақытта Юнандардың Анатолидегі барлық әскері 150 мың болып, түріктердің соғысқа араласқан барлық әскері 45 мың ғана болып еді.

Бірақ, сол аз әскермен-ақ 16 сентябрьге шейін аз ғана уақыт ішінде Юнандарды жеңіп, олардан қолға түсірген олжалары мыналар болды:

Бір әскер бастығы, екі генерал, 94 полковник һәм капитан, 3 мың офицер, 40 мың солдат, 284 зеңбірек, 1400 автомобиль, 23 аэроплан, 1300 пулемет, 8 танкі, 60 мың жаңа киім, 80 мың жаңа етік, есепсіз көп мылтық, оқ тағы басқа нәрселер.

Бұл қазадан түрік әскеріне қарсы тұра алмайтынын біліп, Юнан хүкіметі одақтас хүкіметтерден жәрдем сұрап ұран салды.

Сөйтіп неше жылдан бері азаттық жолында шаршамастан күресіп келген Түріктер ақырында өзінің түпкі мақсатына жететін болды.

Бұл оқиға бүкіл Күншығыс халқын еркіндіктетіп дем алғызды.

Россия Кеңес хүкіметі, Түркістан республикасы барлық еңбекшілердің түпкі дұшпаны болған Англияны жеңгені үшін қаһарман түрік халқына құтты болсын айтып телеграмма жіберді. Хиндустан мұсылмандары Кемал пашаға сыйлық етіп екі аэроплан берді. Англия хүкіметі өзінің түпкі мақсаты өтпейтінін көрген соң, Түріктермен келісіп, бітім қылудың қамын ойлай бастады.

Молдания келісуі

Тоғызыншы октябрьде Молдания қаласында одақтастармен Түркия хүкіметі уәкілдері жиналып, соғысты тоқтату туралы сөз ашылды.

Он бірінші октябрьде Молдания одақтастармен Түркия арасында бітім жасалып, төмендегі шарттарға қол қойылды.

1. Юнандар мен Түріктер арасында осы күннен бастап соғыс тоқталады.

2. Юнан әскері Фракия, Адрнені Түріктерге қалдырып, Марица өзенінің оң жағына қайтады.

3. Актілік бітім болғанша екі арада соғыс басталып кетпесі үшін Фракияға одақтас хүкіметтердің әскері қойылады.

4. Адрне қаласына шейін темір жолда жүруге еркіншілік берілді.

5. Фракиядан Юнан әскері екі жұмада шығып бітуге тиіс;

6. Юнан хүкіметі барлық мекемелерді одақтастар қолына тапсырады.

Одақтастар Юнан әскер шыққаннан кейін 30 күннен қалмай, Фракияны Түрік төрелеріне тапсыруға міндетті болды.

Осы қарар бойынша Юнан әскері Фракияны қалдырып, Марица өзенінің оң жағына кетті. Қалған шарттар да іс жүзінде жүргізіліп жатыр.

Юнанда өзгеріс

Түрік әскерінен жеңілгеннен кейін Юнан ұлтшылдары партиясы Афинада төңкеріс жасап, король Константинді һәм оның министрлерін тақтан түсірді. Король Константин тақтан түсуге разы болғандығын білгізді.

Енді Юнан хүкіметінің басына Винизилос жағында болған ұлтшылдар партиясы шығып, жаңа хүкімет жасап отыр.

Жаңа хүкімет король Константинді айыптап сотқа берді. Винизилос партиясы корольді өз тілегімен әскер басы болғаны үшін Сақария жанында жеңілген соң, тағы өз еркімен әскер басылықтан шыққаны үшін және бұрын өз ықтиярымен тақтан түскендігі үшін айыптады.

Жаңа Юнан хүкіметі де бұрынғысындай одақтас хүкіметтерге құйрық болу саясатын жүргізіп жатыр.

Түркия сұлтаны қашты

Мұстафа Кемал паша қол астындағы түріктер, юнандарды жеңіп, жаңадан Стамбулға кірген соң, Түркия сұлтаны соғыс кемесіне отырып қашып кетті.

Сұлтан өзінің уәзірлеріменен осы күні Англия қолында Мальтада жатыр. Өзінің тақтан түспегендігін, түсуге разы болмағандығын білдіріп отыр.

Сұлтан Түркия қазынасын талап, 120 мың фунт стерлинг (алтынменен бір миллион сом шақты) ақша алып қашқандығы білінді.

Анкара хүкіметі сұлтанды, уәзірлерді сотқа беріп, Англия қолынан сұрап алуға қаулы қылыпты. Сұлтанның сарайы мөрленіп, қарауыл қойылыпты.

Ел жұртына қарамай, шетелге сатылып, алпауыттарға құйрық болып жүргені үшін түрік халқы сұлтанға өзінің әділ билігін істесе керек.

Лозанна конференциясы

Жуық күншығыс мәселесін шешу үшін одақтастар Швейцария мемлекетінің Лозанна қаласында бітім конференциясын шақырды.

Бұл конференциядан бұрын одақтас хүкіметтер Париж қаласында кеңес қылып, Түркияға қарсы бір ауыздан іс қылуға сөз біріктірді.

Лозанна конференциясына одақтастар жолынан жүрген жуық күншығыс мәселесінен өзіне пайда айырып қалуға құмарланған барлық хүкіметтердің өкілдері қатынасады.

Басында Россия Кеңес хүкіметін бұл конференцияға қатынастырмайтын болса да, кейін түрік уәкілдерінің һәм Кеңес хүкіметінің талабыменен Россиядан, Украинадан, Грузиядан да уәкіл шақыруға одақтастар разы болды.

Лозанна конференциясы 20 ноябрьде ашылып, осы күні істеп жатыр. Түркия хүкіметі бұл конференциядан төмендегі нәрселерді өткізіп алмақшы:

1. Түркияның шекарасының 1913 жылғы орнын белгілеу;

2. Түркияның соғыс шығындарын өзі бастап соғыс ашқандығы үшін Юнан хүкіметіне төлету;

3. Капитуляцияны (шет мемлекеттердің Түркия ішіндегі артық құқықтарын) бітіру;

4. Персия шекарасын түзету;

5. Түркияға ақша, шаруа істерін жүргізуге толық ықтияр беру;

Лозанна конференциясы үш комиссияға бөлініп, іс қылып жатыр. Үш комиссияның бастықтары одақтас хүкіметтің уәкілдері: Лорд Керзон, Пуанкаре, Муссолини дегендер сайланыпты.

Конференция ашылған күні Түріктерге қыр көрсетіп Стамбул қаласының үстінде Англияның 60 аэропланы ұшып жүріпті.

Түрік хүкіметі күнбатыс Фракияны кімге қарату туралы халықтың өзінен жалпы сұрау жасалсын десе де, одақтастар оған көнбей, күнбатыс Фракияны Юнандарға беруге қарар шығарды. Осы күні күнбатыс Фракиядағы Түріктер Юнан төрелеріне қарсы қозғалып, өзіне бөлек хүкімет түзеп жатыр. Қылилар мәселесі Россия уәкілдерінің қатынасуыменен ортақ мәжілісте қаралып шешілмекші.

Бағдаттағы Маусыл жанындағы қарамай (нефть) кендерін кімге беру (конфессия) турасында конференцияда көп сөз шығып отыр.

Англия бұл кенді өзіне алмақшы, бірақ бұған Америка таласы бар. Америка хүкіметінің уәкілі Түркияның жері барлық мемлекеттер үшін ашық болсын деп сөз жүргізіп отыр.

Болгария хүкіметі Фракиядан өтіп, Эгей теңізіне шығуға жер сұрап жатыр. Мұның тілегі де Түрік есебінен берілсе керек.

Қысқасы, Лозанна конференциясы одақтастардың бетіндегі пердені ашып көрсетіп отыр. Олар Лозаннада Түркияны жаңадан құл қылуға, қылиларға өздерінен күзетші қоюға, Түркияның бай, пайдалы жерлерін өз қолдарында қалдыруға тырысып жатыр.

Россия хүкіметі бұл конференцияда Түрік халқыменен қатар қылилардың Түркия қолында қалуына, соғыс кемелерін қылилардан өткізбей, сауда кемелері үшін ғана жол ашық болуын мақұл дейді.

Әлі бұл конференция біткен жоқ. Бірақ жуық күншығыс әңгімелерінің аяғы неге тоқтағанын жақында білерсіз.

Италияда өзгеріс

Бүкіл жер жүзі еңбекші һәм байлар болып екі тапқа бөлініп, өз құқықтарын сақтау үшін күресіп жатыр.

Кейінгі уақытта жер жүзінің еңбекшілері бірігіп ұйымдаса бастаған соң капиталшыл байлар да хүкіметті өз қолдарында сақтап қалу үшін біріге бастады.

Италияда жұмыскерлер бірігіп, төңкеріс жасап хүкіметті өз қолына алуынан қауіп еткен фашистер партиясы ноябрь басында ілгергі хүкіметті іс басынан түсіріп, хүкіметті өз қолдарына алды.

Фашистер партиясы капиталшыл байларды қуаттайды. Еңбекшіл жұмыскерлердің дұшпаны. Сондықтан, хүкіметті өз қолдарына алуымен жұмыскерлерді қуғыштай бастады.

Фашистердің хүкімет басына сайлаған кісісі - Муссолини. Ол Англия, Франциямен қосылып, барлық еңбекшілерге қарсы іс жүргізе бастады. Өздеріне қарсы болған таптарды атып, асып жатыр.

Басқа мемлекеттерде де Италиядағыдай байлар хүкіметті өз қолдарына алу жолдарын қарастырып жатқандары сезіліп тұр.

Бірақ, соңғы кездегі Европада болған бүліншілік, қымбатшылық сияқты қиындықтарды жаңадан күшейтпесе, фашистер оны түзете алмайтыны анық. Бүкіл еңбекшілердің пайдасы жалғыз-ақ коммунизм төңкерісіменен ғана табылатыны да ашық.

Коминтерннің 4-конгресі

(Шет мемлекеттердегі коммунистер ұйымдарының уәкілдері араласқан Коминтерннің 4-жалпы жиылысы)

Октябрь төңкерісіне 5 жыл толған күні (7 ноябрьде) Мәскеу қаласында бүкіл дүние еңбекшілер мұрындығы коммунистер партиясының 4-жалпы жиылысы ашылды.

Жер жүзінің 62 мемлекетіндегі ортақшылдар партиясынан 65 уәкіл келді.

Жиылыста қаралған мәселелердің ең зоры - барлық жер жүзінің жұмыскерлері бірігіп, бір тудың астында болуы мәселесі болды. Күншығыста төңкеріс тудыру үшін жол белгіленді. Жұмыскерлер хүкіметі тақырыпты мәселе тексерілді.

Кәсіпшілер ұйымдарыменен бір болу мәселесі қаралды. Бұдан былай төңкеріс ісі кәсіпшілер ұйымдары менен жұмыскерлердің бірлігіне сүйенсін дейді.

4-конгресте еңбекшілдер тобының күннен күнге күшейіп келе жатқандығы секілді.

Коминтерннің 4-конгресі бір айдай болып, Коминтерн Атқару Комитетін сайлап, 5-декабрьде жабылды.

Қиыр күншығыс Кеңес хүкіметі

Октябрь төңкерісінен бері қарай қиыр күншығыста Кеңес хүкіметіне бағынбай келе жатқан байлар, капиталшылдар «Қиыр Күншығыс республикасы» деген бір республика жарияланып, хүкімет жүргізіп келген.

14 ноябрьде болған Қиыр Күншығыстың жұмыскер, диқандар съезінде Россия республикасына қосылу туралы бір ауыздан қарар шығарылды. Сөйтіп, Кеңес республикасына тағы күш қосылып, еңбекшілдер табы бұрынғыдан да күшейді.

Құрал тастау кеңесі

Капиталшылдар табының барлық саясаты жер көбейту, жер жүзінің барлық байлықтарын өз қолдарына жинау. Құрал күшіменен кедей, жұмыскер, еңбекшілдерді өздеріне қаратып тұру болғандықтан олардың өз араларында да талас-тартыс, соғыс көп болады. Сондықтан, ылғи құралданып, әскер сақтап соғысқа даярланып тұрады.

Капиталшыл хүкіметтерінің құралдануынан еңбекшілдерге тиетін пайда жоқ. Еңбекшілдердің бір-біріне дұшпандығы да болмайды.

Құралданудың барлық ауырлығы, шығыны жұмыскер, диқандар мойнына түсетіні де анық. Сондықтан, Кеңес хүкіметі октябрь төңкерісінен бері қарай көршілес мемлекеттер арасында соғысты бітіру, құрал тастау мәселесін қозғап келді. Бірақ, Кеңес хүкіметі ғана құралын тастап, әскерін таратқанмен, еңбекшілдер пайдасы табылмайды.

Сондықтан осы декабрь айының басында Мәскеуде көршілес хүкіметтерден уәкілдер шақырылып, құрал тастау кеңесі ашылды.

Бұл кеңеске Польша, Литва, Латвия, Финляндия хүкіметтерінен уәкіл келді.

Россия уәкілі жолдас Литвинов кеңеске төбе ағасы болып сайланды. Кейінгі хабарларға қарағанда, кеңестер хүкіметі әскерін кемітуден қашпаса да, шет мемлекеттерден келген уәкілдер анау-мынауды себеп қылып, әскерін кемітуден тартынып отырғандай түрі бар көрінеді.

Алып Ер

Түзету: «Шолпанның» 1-санында «қазақ-қырғыз білім комиссиясы туралы қысқаша баяндама» деген мақалада тасқа басуға берген кітаптардың тізілісінде екі кітап айтылмай қалған: 1) Дулатов - «Қырағат» кітабы басылып жатыр; 2) Бірінші басқыш мектептердің программасы басылып шықты.

ОҚУШЫЛАРЫМЫЗҒА

«Шолпан» журналына дүние жағынан хүкіметтің беріп келген жәрдемі бұдан былай тоқталатын болды. Журналдың барлық қаражаты өз мойнына түсіп, өзінен өндірілген ақшамен шығатынға айналды. «Жығылған үстіне жұдырық» дегендей, оның үстіне қымбатшылық күннен-күнге өсіп келеді. Сондықтан, журнал ақсамай шығуы үшін қырғыз-қазақ азаматтарының көмегі керек. Әйтпесе, қырғыз-қазақ тілінде шыққан ілгергі көп журналдар, газеттер сияқты журналымыз тоқтауы мүмкін. Сондықтан, журналымыздың өмірінің ұзақ болуына тілектес азаматтардан, оқушылардан өтінеміз.

1. Ілгергі журнал жіберілген азаматтар тиісті ақшаларын кешіктірмей жіберуі.

2. Түптеп, журнал алдырып ел арасына, қала - қалаға таратып, журналға жазушылар жию. «Шолпан» журналының дүние жағынан хәлінің нашар екенін түсініп, жоғарыда айтылған тілектерімізді қырғыз-қазақ азаматтары, оқушыларымыз іс жүзінде орындар деген сеніміміз бар.

Басқарма

7-АЙМАҚТЫҚ ПАРТИЯ СЪЕЗІ

Замана халін жақсы сезетін, мемлекет жұмысының бетін белгілейтін, еңбекшілер ісіне басшылық ететін Коммунистік партиясы. Қисайған істі түзететін, түзеуге дем беріп алға бастыратын, қалың халық жұмысының ақсаған жағын қарастыратын, кеселіне ем іздейтін, әсіресе, бұрын өгейлік көрген жұрттардың, кедейлердің мұңын, зарын құлағын түре тыңдайтын партия — Коммунистер партиясы.

Коммунистер партиясының өзін бұрынғы тұтынған жолын, саясатын сынайтын, ісіне баға беретін, келешектегі партия саясатының жолын сілтейтін партия съезі. Сондықтан, не түрлі негізі талас әңгіме тіршілік түйіндері болса да, партия съезінде шешімдер не түрлі талап-тілек болса да партия съезіне түседі. Сонда қорытылып, шешілуі табылады.

Алдағы істің шешілуі өткен істің тәжірибесіне сүйенеді. Жеке мәселенің сыры, талас әңгіменің шегі өткен істің тәжірибесімен ашылады.

Үстіміздегі жылдың 2-февралына барлық Түркістан коммунистер партиясының 7-аймақтық партия съезі шақырылатын болды.

Партия съезінің мойнындағы міндеті, істері жоғарыда айтылған сияқты болғандықтан күнелтері қырғыз-қазақ кедейлерінің талаптары бір жолға салынып, бірлігі табылып, өткен күндердегі істердің қатесін, кемшіліктерін анықтап, буынып-түйініп тұру - әрбір жұртшылықты көздеген адал ниетті қырғыз-қазақ кедейінің борышы.

Сондықтан, өткен дәуірде партияның қарқынды таныған ісі не еді, не істелді, не істелмей қалды, оның себебі не болды, қырғыз-қазақ кедейлердің талабы не еді?

Осындай көп сұраулар хақында пікірді бір жолға салу үшін өткен күндердегі артымызда қалған ескі істерге назар салу қажет: соған сүйеніп, алдағы істің бетін белгілеу керек.

Ойға алған, қағаз бетінде қарқынды танылған ісіміз, біздің жүретін жолымыз өткен партия съездерінде анықталған. Іс жүзінде ісіміз аз болса да, «Құдайға шүкір» қағаз бетінде тілегіміз таудай болатын... Жерінен, суынан айрылған, қуғын-сүргін көрген, сіңірі шыққан қырғыз-қазақ кедейлерін жерге орналастыру біздің тілегіміздің тұңғышы еді.

Бірақ, жерге, суға теңгерілген құрал аспабы сай қырғыз-қазақ кедейі жоқ.

Жергілікті жұрттар арасында, әсіресе қырғыз-қазақ ішінде бір кәсіптің соңында жүрген, ысылған, тап күресін түсінген жұмысшы жоқ болғандықтан, Түркістанда «Қосшы» - кедейлер - жалшылар ұйымы ашылды. Бірақ, қосшы сөзіне біреу аяғын, біреу таяғын тығып, адал ниетті арамдап жүр.

Оқу оқыту істерін жолға салысып, білімге талпынған ертеңгінің иесі жастарға тәрбие беру көңілге алған игілікті істеріміздің зоры еді. Сонда да болса, жастарды жел сөзге семірткеннен бөтен түк істегеніміз жоқ.

Заманның қалыбына қарай, жаңа шаруа сақтығын жүргізу, қолдан су шығару жұмысын түзету, аяқты мал шаруасын аяқтандыруға кіріскен едік. Бірақ, бұл ретте де дұшпан күйініп, дос сүйінетін іс болмады.

Осы сияқты ойға алған, орындалмай қалған істер, шаштың түгінен де көп еді.

Сөз жүзінде қағаз бетінде жоғарыда айтылған «істердің мынадай кемшілігі бар. Я, болмаса, партия керек деп таныған жоқ еді» деп айтатын жан жоқ. «Бәлендей жұмыс көңілдегідей орынға келіп еді» деп айтуға біздің де аузымыз бармайды. Оның үлкен себебі - өзіне лайық сыры бар, құрғақ әңгіме. Сұлу сөзден іске өту хақында бағасы арзан, құрғақ сөз өткен күзден бері айтылып та, жазылып та келеді. Сонда да болса біз жуынып, таранамыз деп жүргенде той тарқайтын көрінеді.

Сүйегімізге сіңген салақтық, еншімізге тиген қайғысыздықтан құтылатын емеспіз. Сөзге келгенде майын тамызатын шешен, іске келгенде бас ауырып, балтыр сыздайтын, сылтаудан тоқталмайтын «адал ниетті» азаматтар: партияда мүше екенін міндет айтып, мүшеліктің арқасында аузының бағасын көтергісі келетіндер көп. Партия назарына қарамайтын, партия жарлығына мойынсынбайтын қазақшылық ететіндер де аз емес. Үлгілі партия мүшесі болып, ел ішінде партия ісін көтеру орнына әкімшілік, үлкендікке таласатын аударыспақ ойнайтындардан да құр емеспіз...

Осы сияқты мінездер партия алдында тұрған қарқынды істерді тіршілікке шығаруға кесір болады. Таудай талап ойға алған адал ниетті іске асыртпайды. Қырғыз-қазақ кедейінің тілегін жарыққа шығартпайды.

«Балық басынан сасиды» деген осы, сондықтан, осындай теріс мінездерменен күресу, партияны күшейту партия мүшелерінің міндеті.

Съезд алдында тұрған мәселелерді қарағанда, Түркістан тарихына басылған отаршылдық таңбасын ұмытпау керек. Түркістан тонын өзіне лайықты етіп, жергілікті шарттарға қарай-қарай пішу қажет.

Өйткені, Түркістан елу жылдай Русия колониясы болды, Түркістанға Россия ылғи колония назарымен қарап келді. Отаршылдар үстемдігі жүргізілді. Жергілікті жұрттар әсіресе, қырғыз-қазақ жұрты талай қуғын-сүргін жеді. Жерінен, суынан айрылды.

Елу жылда қырғыз-қазақ жұрты жаңарып, жүз жылға аяқ басып, қазан болуға айналды.

Түркістанда отаршылдық жұрнағы осы кезде де бар. Қандай талас сөздің үстінде, қандай істің тұсында болса да, басы қалқиып ылғи көрініп тұрады. Сондықтан, ұмытылмайтын, әсіресе, партия мүшелерінің есінен шықпайтын түпкі түйін осы болды.

Түркістан түрлі ұлттардың түйіскен жері. Әлсіздердің (қырғыз-қазақ) езілген, күштілердің саяси һәм шаруа майданында дәурені жүрген жері. Түркістанда тұрушы ұлттардың көздеген мақсаты да түрлі-түрлі. Біреулері тұщыға, біреулері ащыға үйренген, өз бетінше жүгенсіз өскендері көп. Түркістанда тұрушы ұлттардың саны қанша болса, қайшы түсетін мақсаттары сонша. Бірақ, партия мүшелерінің жөні бір болып, осы сияқты, һәм жоғарыда айтылған партия жолына сыйыспайтын істерді құрту жолында болу керек.

ЖАЛПЫ РОССИЯ КЕҢЕСТЕРІНІҢ 10-СЪЕЗІ

1922 жылдың аяғында 21-22 декабрьде жалпы Россия кеңестерінің 10-съезі болды. Кеңестер мемлекетінде жүргізілетін саясаттың беті, істің жөні, жалпы Россия кеңесінің съезінде ашылады. Жалпы Россия кеңестерінің съезінде шығарылатын қаулылар, қайсы автономия республикада болса да қолданылады. Сондықтан, жалпы Россия кеңестерінің 10-съезінде қандай істердің қарқынды танылып, қандай қаулылар қабыл алынғанын, съездің ұраны не болғанын білу өте керек.

Өткен жылдан бері қарай, жалпы Россияда алдыңғы қатарға салынып келе жатқан ісі жаңа шаруа сақтығы, жаңа шаруа саулығы хақында жалпы Россия кеңесінің 10-съезінде сөз көп сөйленді. Съезде қаралған мәселелердің бітігі жаңа шаруа саясаты болды. Алдағы істелетін істің бәрі осы жағына қарай сыналатын көрінеді.

Съезде істелген баяндамаларға қарағанда, жаңа шаруа саясатының өнімді молайтуы, һәм жалпы Россияда барлық халық шаруасын көтерудегі қолданған тәртіптерінен көзге көрінерлік пайдалы нәтижелер шыға бастағандығы байқалды. Жаңа шаруа саясаты жүргізілгеннен бері Кеңестер хүкіметінің назарында болып, қолға алынған істердің зоры, жалпы Россияда шаруаның ең зоры болған диқаншылық, ауыл шаруасы еді. Сондықтан, 10-съездің де ұраны диқаншылықты тиісті жолға салу болды. Диқаншылықты аяққа бастыру туралы зор істердің жарыққа шыққаны ашылды. Өйткені, Октябрь революциясынан кейін дихандар помещик – байлардың құмдылығынан құтылып, жаңадан олардың қолына қырық миллион десятинадан артық жер берілген. Ілгері жерді қарызға сатып алған дихандар бір жарым миллиард (алтын ақша) сом қарыздарын төлемейтін болған. Бұрын, жалпы Россияда кедей - диқандар жер иелеріне жерлердің майын еккендері үшін бір жылдың ішінде екі жүз миллион (алтын ақша) сом төлейді екен. Қазір сол салықтарды, қарыздарды төлемейтін болған.

Диқаншылықты жүргізу үшін жарлы диқандарға бұдан басқа да хүкімет түрлі жәрдем етіп келген, дихандарға жәрдем үшін диқаншылыққа керекті аспап құралдар, көліктер берілген. Бір жылдың ішінде тұқымға берілген астықтың өзі 116 пұттан асқан.

Сондықтан, диқаншылықты, ауыл шаруасын көтеру мәселесі туралы істелген істердің бетін съезд түзу танып, өткен жылғы негізгі жер заңын тіршілік жүзінде жүргізуді тиіс тапқан.

Съезде қаралған мәселелердің бәрі өнімді молайту мәселесі еді. Өткен жылға қарағанда өнімді молайту жұмысы ілгері басқандай көрінеді. Өйткені, өнімдердің ішінде жер майы мен орман өнімдері өте молайып, солардан шет мемлекеттерге де сатқаннан мемлекеттің көрген пайдасы өте көп болған. Өнімді молайту үшін шет мемлекеттермен сауда-саттық етіп, әсіресе, жер майы, астық һәм әртүрлі шикізаттардың сатылуына зор назар салуды съезд керек таныған.

Ақша мәселесі хақында бірте-бірте мемлекеттің шығындары азайып, ең керекті шығындарды ғана мемлекет мойнында қалдырып, қалғандарын жер-жерлердегі хүкімет бөлімдеріне һәм халықтың өз мойнына салуды съезд қуаттаған.

Бұдан былай салықтар көбейетін болса, тура салықтар артылмай жасырын салық мүлікке һәм істелген пайдаға салатын салықтарды ғана көбейтуді съезд мүмкін тапқан.

Съезде қаралған үлкен мәселелердің ең зоры, бүкіл съездің құлағын түре тыңдаған мәселесі – халық - ағарту ісі болды. Өйткені, Октябрь революциясынан бері қарай ішісі және сыртқы соғыстың кесірінен халық - ағарту ісіне Кеңес хүкіметі тиісті назарын сала алмағандықтан ағарту ісінің аты бар болса да, заты жоққа айналған.

Сондықтан, 10-съезде қаралған мәселелердің ішінен бірінші орын алған һәм шиеленген жерлері шешілген халық ағарту ісі болды.

Халық - ағарту ісінің ақсаған себептері - дүниенің кемдігінен, оқу құралдары - аспаптарының жоқтығынан, мұғалімдердің аздығынан болғандықтан съезд осы жағына зор назар салған. Бұдан былай мемлекет қолына кіретін һәм шығатын ақшалардың 20%

hәм жер-жерлердегі кірістің 30% ағарту ісіне жұмсалуын мектептердің жабылуы тоқталуын съезд керек деп білген. Жер-жерлердегі хүкімет бөлімдері халық ағарту ісіне жөндеп қарап, керекті қаражаттың барлығын түгендеуін, әсіресе, мұғалімдердің тіршілік, тұрмыстарын түзетуін қатты тапсырған.

Соңғы кезде жалпы Россияда сөйленіп келе жатқан мәселе - ілгері ерікті болған, социализм негізіне құрылған республикаларды біріктіріп, бір хүкіметке қарату мәселесі еді.

Осы тақырыпты съезде әңгіме қозғалып, Украина, Беларусия, Әзірбайжан, Грузия республикалары бірлесіп, бір хүкімет құруын съезд керек таныған. Сондықтан, жалпы Россия Кеңестері Х съезінің ұйғаруы бойынша, жоғарыда айтылған республикалардың бірінші құрама съезі болды. Сол съезде бұл мәселе талқыға түсіп, бірлесулердің өз қалауы бойынша бірлесетін болған. Қазіргі өз алдына мемлекет болып тұрған ерікті республикалардың бір хүкімет құрып бірігудегі пайдасы ашық көрсетілген. Бірігудің керектігі hәм себебі өз алдына хүкімет құрып келген жұрттардың шаруа жөнінен бір-біріне мұқтаждығынан туып отыр. Бір жұрттың, я болмаса мемлекеттің тіршілігіне керек болған бұйымдар, заттардың бірінде бары, бірінде жоқтықтан айырбас ретіменен алып тұрады. Сол ретімен солтүстік аудандары оңтүстікпен, күнбатыстағы аудандарға кездемелер беріп, орнына астық, отын, мақта сияқты шикі бұйымдар алып тұратын. Қатынасу жолдары, ақша істері бір қолда болуы, бір ауызға қарауы, барлық мемлекет назарынан тіршілік ретімен қарағанда бірігуді тағы керек қылады.

Саяси жағынан шет мемлекеттерменен сауда-саттық ашуы жөнінен қарағанда, жоғарыда айтылған республикалардың бірлесуі өте керек. Өйткені, әр республика өз бетінше шет мемлекеттерменен сауда-саттық жүргізсе яки, болмаса саяси қатынасы болса қарсы тұрып, шет мемлекеттерді өз айтқанына көндіре алмайды. Сөйтіп, бұл жағынан қарағанда да бұрынғы дара-дара болғандарынан гөрі күшті болатынына, шет мемлекеттердің күнде толық мемлекет саналатынына, саясатына тіпті талас жоқ. Сондықтан, Украина, Грузия, Азербайжан, Беларусия республикалары бірлесіп, бір хүкімет өз алдына Кіндік комитет, Халық комиссарлар кеңесін құратын болған. Сөйтіп, бұлар арқылы барлық Россия Кіндік комитеті Халық комиссарлар кеңесімен қатынасатын болған. Бірақ, жоғарыда айтылған республикалардағы ақша комиссариаты әскер істерін, қатынасу жолдарын басқаратын комиссариаттар барлық Россия Халық Комиссарлар қарамағына өтіп, қалған комиссариаттары ілгергі бойынша қалатын болған. Өз алдына республика болып, өз істерін өз бетінше басқарып келген. hәм шет мемлекеттерменен саяси жөнінен өз еркінше тілдесіп келген, өз алдына сауда-саттық жүргізген республикаларды неғұрлым бір қолға жинаған сайын сол барлық Россия құрама республикасы күшейе бермек.

Сөйтіп, қай жағынан қарағанда да, социализм негізіне құралған республикаларының бірігудегі пайдасы өте зор. Бірақ, жергілікті жұрттардың майда мұн-мұқтажы, өз алдына тіршілігін басқарып келген елдердің, отбасының жоғы қарастырылмай, ұлт мәселесі ескерілмей қалады деген қауіп бар. Тіршіліктің күші - бірлікте екені шын. Бірақ, бірлікті түпкілікті етіп істеу үшін соңғы мәселенің түйілмей қалуы тиіс.

Сыршыл

ОТАР МӘСЕЛЕСІ hӘМ ТӨРТІНШІ КОНГРЕСС

Коминтерннің 17-конгресінде сөйленген сөзінде Радек жолдас: «көп азап шеккен күншығыс халықтарына, күншығыс елдерінің еңбекшілеріне» деген сөздер: конгрестің ұраны бұларға тиіс» дейді.

Күншығыста әр өзгеріс болмай қалмайды. Ол анық. Күншығыс өзгерісі өте мағыналы, өте әсерлі болуы керек. Осы кезде күншығыста Европа отаршылдарының қарсы тұрып, күрес ашуды ниет ететін халық жоқ. Ортақшылдар партиясының бұл күреске сырттан қарамай, белсеніп кірісіп, пайда шығара алуы тиіс. Оның үшін ортақшылдар партиясының күні бұрын ескеріп тексеретін мәселелері бар. Олар мыналар: Күншығыста өзгеріс иесі кім, өзгерістің түрі, жолы қандай боларға тиіс? Осы сұрауларға дұрыс жауап бере алу керек. Әрине, күншығыс елдері ойына алған мақсатына, бостандыққа оңай жетпейді. Олардың жолында толып жатқан бөгеттер бар. Осы бөгеттер тақырыпты һәм күншығыс халықтарының еңбекшілерінің хал-жайы тақырыпты 17-конгресте Радек, Сафаров жолдастар һәм сол күншығыс елдерінің ортақшылдары партияларының уәкілдері көп мағлұмат берді. Бірақ, менің ойымша, отар мәселесін тексерген уақытта конгрестен бір қателік өткен. Ол мынау: Кеңес Россиясы бұрынғы патша хүкіметінің заманында Россияға отар болып кемдікте, қорлықта келген ұлттарға автономия беріп, теңдікке жеткізіп, көңілін көтеріп көп жұмыс істеп отыр. Осы жұмыстардың қорытындысымен конгресті таныстыру керек еді. Ол істелмеді. Кеңес Россиясының тәжірибесімен танысып, одан үлгі алу Конгресс үшін артық болмас еді. Өйткені, отарға айналған жерлердің (елдердің) ортақ мұңы, ортақ зары көп. Отарлы жерлердің ортақ мұңын іске алып, іске кірісу адасбастық амалы. Сафаров жолдастың отар өзгерісі деп аталған заты біздің Түркістанда һәм басқа автономиялы республикаларда болып өтті. Енді екінші дәуірге аяқ басып барады.

Жалпы, отар мәселесін ескерген уақытта өткен күннің тәжірибесін ескерусіз қалдыру қате. Қазіргі кезде мәселенің маңызы мынау: Күншығыста өзгеріс жасаушылар кім боларға тиіс, олардың күші - қуаты қандай? Бұл сұрауға дұрыс жауап бере білсек, біздің күншығыста қолданатын әдісіміздің қандай болуы керек екендігі, Күншығыс еңбекшілерінің арасында жүргізілетін істеріміздің қандай болуы керек екендігі анық ашылады. Күншығыс елдері Европада капитал дәуірінен бұрын келген, ескі тұрмысты әлі басынан атқарып жеткен жоқ. Күншығыста ру-руға, ата - баласына бөлініп, әр елдің ақсақалы билейтін әдет қалған жоқ. Күншығыс елдерінің шаруашылығы да ескі түрде. Енді осы кезде Күншығысқа капитал келіп орнай бастады. Мұнан былай Күншығыс елдерінің шаруашылығы қай жолмен жүріп, қандай бағыт алар осыны бір ашып алу керек. Отар болған жерлерде еңбек бір беткей сыңар езу болады. Сондықтан, отарларда бір ғана түрлі тауар әсіресе, көп болады.

Маркс жолдас отарлы жерлердің жайын жақсы білген. Маркстың айтуынша, «шаруашылығы бір беткей жерлерге түрлі керек заттар сауда-саттық арқылы сырттан келіп тұрады. Олай болмаса, әркім керегін өзі істер еді, өзі табар еді». Олай болған уақытта, Европа капиталына отар тауар өткізетін базар есебінде және шикізат шығаратын қор есебінде керек. Отар болған жерлерді мекен ететін халықтардың жайы, мәдени тұрмысы, шаруашылық тіршілігі түрлі-түрлі болғандықтан, отар мен отаршылдардың арасында түрлі-түрлі негізге құрылды. Отар мәселесін ақтара қарап, аудара тексеру үшін мұны білу өте қажет.

Европа мемлекеттерінің отар мәселесі тақырыпты қолданатын екі түрлі саясат жолдары бар. Рой жолдастың сөзімен айтқанда, «тіпті кейін қалған жерлерді» Европаның отаршыл мемлекеттері шын - таза отар қылуға тырысады. Оның үшін ондай жерлерге Европаның жер жетпеген жерге сыймаған артық халқы көшіріліп тұрады. Осы ауып көшіп келген келімсектер арқылы отаршыл мемлекеттер жергілікті жұрттарды түрткілеп, шеттетіп, берекесін кетіріп, жоюдың жолына түседі. Мәселен, осы ретпен Американың қызыл шырайлы халықтары, Сібірдің ұсақ бұратаналары құрып бітіп кетті. Патша үкіметінің қазақ - қалмақ, башқұрт сияқты ұсақ ұлттар туралы да ниеті оларды құртып жойып жіберу еді.

Ұсақ ұлттардың мекен еткен жерлерін, отарға айналдырудың қайда да болса амал-тәсілі бір - жергілікті жұрттардан жақсы жерлер алынып, келімсектерге беріліп тұрады. Оның үстіне, келімсектерге үкімет тарабынан, түрлі жеңілдіктер де беріліп тұрады. Жергілікті жұрттар тақырға, төбеге, шөлге, құмға қуылады. Сондықтан, олардың шаруашылығы күйзелді. Сонымен жергілікті халықтар кедей болып, малынан айрылып, жүдеп-жадап ақырында быж-тыж болып, бытырап, құрып кетеді. Әрине, отаршылдардың зорлығына, зомбылығына шыдай алмай, отаршылдарға қарсы тұрып, қол көтеріп, қайрат көрсететін ұлттар болса, оларды үкімет пен отаршылар бірігіп, қанын төгіп, жанын шығарып, қатты жаза беріп, қорқытып басады. Өйткені, үкімет ондай қой секілді жуас болып, бағына білмегендерді «тентек» деп санайды.

Капитал дәуірі жаңа өршіп, өсіп келе жатқан уақытта һәм онан соңғы кездерде де надан, анайы халықтар арзан ақылы жұмыскерлер, жалшылар есебінде жүріп, отаршыл байлардың дәулетін арттыруға себеп болып келді. Негрлер, қытайлар, малайттар және солар секілді қара шырайлы я басқа түсті халықтар қасықтай қанын, шыбындай жанын аямай адал қызмет етіп, табан ақы маңдай терін жегізіп, отаршылдарды әлі күнге байытып келеді. Солардың арқасында дүниеге Американың Құрама Штаттары, Англияның Австралиялық отарлары сияқты ірі мемлекеттер туып отыр. Бұл — заманы өтіп бара жатқан, бірақ әлі аяқталып жетпеген дәуір.

Шаруашылығы, мәдениеті биттей ғана жоғары жұрттарға Европа отаршылдары мұны істеген жоқ. Олар туралы екінші жол қолданды: аз да болса мәдениеті бар жұрттарды жойып жіберу оңай болмайды. Ондай жұрттардың шаруашылығын өзгертіп, өзінше жүргізіп жіберу, отаршылдарға жеңіл түспейді. Кәсіби саудасы мол, бай мемлекеттерге елі-жұрты мәдениетті жерлер айтылғандай тауар өткізетін базар ретінде һәм шикізат өндіретін қор есебінде керек. Осылайша уставта Европа мемлекеттері Күншығыс халықтарын жем қылып келеді.

Қонысы, мекені отарға айналған халықтардың тұрмысына капитализм қандай жаңалық кіргізді? Капиталды отаршыл байлар үшін жергілікті жұрттардың шаруашылығын өзгерту қолайсыз. Сондықтан отаршыл мемлекеттер отардың шаруашылығын өзгертуге тырысқан жоқ. Қайта, ескі күйінде сақтауға тырысты. Бірақ оған қарамай капитал отарлы жерлерге бірте-бірте келіп орныға бастады.

Жергілікті халықтардың шаруашылығы (ол шаруашылығы һәм ұсақ қол кәсібі) сақталумен қатар, жергілікті жұрттардың ішінен отарлы жерлерге тауар жеткізіп беріп, шикізатын сыртқа шығарып беріп тұру үшін бірте-бірте «үлкен ауыл» мен отардың арасында жүретін саудагер байлар пайда болды. Сонымен, жергілікті жұрттардың ішінен шыққан саудагер, байлар Европа капиталының ұшқыны болып табылады. Күншығыс байларының тіршілігі өзгеріп, күші молайып, Күншығысқа көсемдік айтуға жарап еңбекшіл халықтың таз күйінде қала беруінің себебі осы. Әрине, Күншығыс елдерінің бәрі бір қалыпты емес, бір жерлердің байлары ертерек ер жетіп, (мысалы Түркия, Мысыр, Үндістан, Солтүстік Африка), екінші жерлердің байлары жаңа есейіп аяқтанып келеді. Яғни, Күншығыс елдері үздік-создық келеді. (Ауған). Бұл бір, екінші жағынан байлары ертерек ержеткен елдердің кәсіп ісі реттеліп келеді. Әсіресе, осы кезде себеп - өткен жиһангерлер соғысынан кейін Европа шаруашылығы күйзеліп бөлінген соң, Европа байларының Күншығыстың кәсіпке айналуына қарсылық айтуға амалы болмай қалды. Кәсіп болған жерде, жұмыскерлер болмақшы, сонымен, жергілікті жұрттардың арасынан қара табан жұмыскерлер шығып келеді. Бір Үндістанның өзінде осы кезде екі миллионға жақын жұмыскерлер бар. Байдың тілегі мен жалшының тілегі бір болмайды. Жаңа өмір

сүріп тіршілік етіп келе жатқан жергілікті байлар әуелі кезде Европа байларымен мұң-мұқтажы бір болғандықтан, бірге жүріп, бірге жасамақшы. Олармен тілектес болмақшы.

Европа мемлекеттері отарға айналдырған жерлеріне күшті, айбынды үкімет жасап беріп жүрді. Отаршылдар келуден бұрын жергілікті жұрттардың ішінде үкімет иесі болып үстемдігін жүргізіп келе жатқан таптарға халықтың наразылығы бар еді. Отаршылдар келіп су сепкендей қылып бәрін басты. Бұған дәлел көп орыстар келгенше, Бұхардың өмірі жұртымен алысып - алпарысып жүріп еді. Орыстар келген соң әлі күшейіп алды. Патша үкіметі әскері Күншығыс Бұхараны Әмірге қаратып берді. Хиуаның ханы орыстардың жәрдемімен момындарды өзіне алаңсыз қаратып алды. (Генерал Галиктің 1916 жылғы Хиуаға аттанысы). Үндістан жерлерінің сүйеніші Англия әскері болып отыр. Бірақ, жергілікті саудагер байлардың келе-келе саудасы өсіп зорайған уақытта бұрынғы ескі әдеттің, ескі тұрмыстың, ескі тонның тарлығы сезіле бастайды. Ескі заң алға басуға бөгет бола бастайды: сондықтан, жергілікті жұрттардың ішінен ұлтшыл либералдар шығады. Аты шулы «жәдиттер» сол байлардың жемісі. Олардың бағыты, пікірі - байлардың бағыты, байлардың пікірі. Жәдиттер ескі заңға, ескішіл молдаларға және Европа жиһангерлеріне қарсы ұран шақырып, ту көтерген. Күш ұлтшыл - либералдық өзінен төмен көрші елдерге көз алартатын мінезі жоқ емес еді. Олардың да өзіне лайық озбырлығы бар еді. (мысалы, жас түріктердің арабтарға, күрдтерге қарсы қолданған саясаты). Отарлы жерлердің өзгерісшіл күштерін салмақтап екшеген уақытта осы айтылғандарды ескермесе болмайды. Халқы, жұрты ру-руға бөлініп тұратын әдетін тастамаған, шаруашылығын белгілі бір жөнге салынып бекіте алмаған отарлы жерлердің елі капиталшылдармен қатар тұрып күн көре алмайды. Ондай жерлерді отарға айналдырудың мәнісі зор. Өйткені, ондай отарлардың жұрты аз уақыттың ішінде малдан тазарып, кедей болып шыға келеді. Мысалы (Африка негрлері, Азияда және Америкада қызмет етуші негрлер, патша заманында келімсектер үшін жері алынған қазақтар).

Билігі берік, мәдениеті жоқ және тап-тапқа бөлінбей тұтас тұрған елдер әр уақытта өзгеріске осқырынып қарамайды. Қайта олар жаңа затқа құмар әдіс келеді. Олардың жұмыскерлер жолына, пікіріне жаттығы болмайды. Біз бұны Россия тәжірибесінен көріп отырмыз. Жер мәселесін жарыққа шығарып, отаршылдарға қарсы күрес ашқандықтан, біз, қазақ батырақтарын (кедейлерін) ә дегенше өзгешіл қылып алып отырмыз. Мұны біз оңай істедік. Түркістанда жүргізілген жер реформасының осыдан басқа мағынасы жоқ. Мұны жақсы білу керек. Осыны осы кезге дейін дұрыс түсініп жетпеген жолдастар жауапты қызметкерлердің ішінде де бар. Жер реформасының мағынасын жете түсінбеген жолдастар жер реформасын негізінде дұрыс емес еді демейді. Бірақ, онсыз да шыны аз уақытта терезе сындырудың керегі жоқ еді. Сындырған уақытта да, шамалап сындыру керек еді дейді. Бұл жаңылыс пікір кедейлерге жер беріп, жер өзгерісін жасап, онымен қатар байлардың малын сақтап аман алып қалу мүмкін емес қой. Бұл тақырыпты сынық шыныны сөз қылуды ешкім лайық көрмейді. Сондай-ақ, отаршылдардың жергілікті жұртқа дерт болып тиіп, шаруашылығын бүлдіріп, өздері бай, патша болып еркінсіп, басқаларды басынып тұтанып көре тұрып өзгеріс оларға қалайша тимей тұрсын. Келімсектердің шаруасы болғандықтан өзгеріске келетін тинақтай зиян жоқ. Қайта пайда бар, өйткені, момындардың аяғынан тұсау алынады: һәм менің ойымша Түркістан секілді отарлы жерлерде өзгеріс бола қалса, ондай жерлердің халқы алдымен французздардың, ағылшындардың және басқа отаршылдардың жерін тартып алып, өздерін қуып жіберуді талап етсе керек. Мұндай жерлерде біздің жүргізетін ісіміз анық айқын. Еңбекшілерін ұйымдастырып, жер мәселесін күмілжітпей, қабырғасынан қойып, отаршылдармен күресу, міне, ондағы жерлерде біздің бітіретін істеріміз. Осы істерді жарыққа шығарсақ, біз жергілікті жұрттардың ескі тұрмысын қиратып, ұсатып, оларды жұмыскерлермен жақын қылып, езілген ауылдарды езілген таппен тілектес, мұңдас қылып шығара аламыз. Байлары ертерек ержеткен жерлерде мәселе тым оңай шешілмейді.

Ондағы жерлердің өзгерісшіл табы байлар. Қазіргі уақытта өзгерісшіл байларға да көмек беруге болады. Өйткені, олар күшін Европа отаршылдарына қарсы жұмсамақшы. Бірақ, бұл байқап істейтін іс. Себеп - байлардың түпкі ниеті біздің ниетімізге қарсы. Түбінде олардың жолы айырылып кетеді. Бағзы бір жерлердің байлары әуелгі уақыттан бастап-ақ бізден шалғай келсе ықтимал. Ондағы жерлердің байлары бір азырақ күшейіп алса, Европа капиталшылдарымен қосылып өзімізге дүрсе қоя берсе де мүмкін.

Сонымен, Күншығыстың мәдениетті жерлерінде қолданатын саясатымыз һәм әдісіміз жас шыбық тәрізді июге, бұзуға көнетін болсын. Бұл туралы Кеңес Россияның да тәжірибесі мол емес. Алдымен, әрине, ортақшылдар партиясы қайда да болса еңбекшілерді ұйымдастырып қолға алуға тырысуға міндетті. Ұлтшыл либералдарға біздің қарасымыз өзгеше болу керек. Мен жаңа жоғарыда айтып өттім. Олар да өзгерісшіл, оларға да көмек беру керек болады деп. Бірақ, әр жерде ұлтшыл либералдардың әсері һәм түрлі болса керек, оны ескермей болмайды. Ескі салты әбден тозып, мәдениеті артып, байлары өсіп, саудасы есейіп келген жерлерде ұлтшыл либералдар әсері бір түрлі болса керек. Ондай жерлердің байлары төмендеу көршісіне әсерін жүргізіп, оларды пайдалануды ниет етеді. Олардың өзіне лайық отаршылдары бар, панисламизм, пантүркизм (ислам бірлігі, түріктер бірлігі) осындай отаршылдықтан шыққан пікір. Мұндай елдердің оқығандары болса да байлары арасынан шығады. Біз кейде байқамай осындай «есі кірген» байлардың әуенімен жүріп кетіп отырамыз.

Мәдениеті биттей ғана төменірек тұрған елдерді алсақ, олардың белгілі бетін түзеген шаруасы болмайды. Сондықтан ондай елдердің оқығандары көбіне Европаға жақын, еңбекшілерге пікірлестеу келеді. Мәдениетті елдердің қаладағы және даладағы еңбекшілерін ұйымдастыру аса қиын болмаса керек. Ұйымдасқан еңбекшілерді басқа өзгерісшіл ұйымдармен жалғастырып, байларға қарсы қою да қиын болмаса керек. Отар мәселесі тақырыпты біздің қабыл алатын пікірлеріміз осы 6 - конгресс жоғарыда айтылған шарттарды есіне алып, тексеріп өтті. Негізгі ұран Күншығыс халықтарына Европа жиһангерлігіне қарсы жәрдем беру, жиһангерлерге қарсы күштерді біріктіру. Күншығыстың күші көп емес, оны асырып айтудың қажеті жоқ. Ол өзі бытыранды күш, күш иелері де түрлі-түрлі. Сондықтан күшті Күншығысқа төгу керек. Радек жолдастың сөзін осылай ұғу тиіс. Менің мақсатым - Күншығыс өзгерісінің төрт болжауы еді. Сафаров жолдас айтады: «ортақшылдар орта - ұлт мәселесіне» әлі күнге дейін көңіл қоймай келеді, жете түсінбей келеді. Бұл құнтсызды қою керек, «өзгерісшіл байлардың отаршылдарға қарсылығынан пайда шығаруды қамдау һәм шын өзгерісшіл еңбекшілерді ұйымдастыру біздің мақсатымыз болу тиіс. Күншығыс өзгерісшілдерін Европа байлары бізге қарсы жұмсайтын болмасын. Күншығыста тіпті Кеңес республикаларында отаршылдардың қолға алатын жұмысы осы. Жаңа шаруашылық саясаты туралы бұл жұмыстардың мағынасы ауысып келеді. Сондықтан іс жүзінде әдісімізді анықтап алу өте керек.

С. Асфендияров

Білім бөлімі

ҒЫЛЫМ НЕ БЕРЕДІ?

«Шолпан» журналында «Білім бөлімі» деген бөлім бар. Бұл бөлімде әртүрлі ғылыми нәрселер жазылып тұрмақшы. Қолдан келгенше әртүрлі пәндерден мағлұмат беріліп тұрмақшы. Мұны істегендегі мақсат не? Ғылым — адамзатқа не береді? Ғылымның керектігі қандай? Ғылым адамзатқа керек нәрселердің ішінде қандай орында, бірінші орында ма, болмаса екінші, үшінші орында ма? Бұл сұрауларға жауап беру үшін жеке

алғанда, әрбір кісінің, жалпы алғанда, бүкіл адамзаттың тіршілікте іздейтіні не екенін айту керек.

Дені сау, есі дұрыс кісілердің бәрі де өмір бойы дамыл таппайды, әр қайсысы әртүрлі іс істеп жүреді. Қарап жүрген бір кісі де жоқ, жұрттың бәрі де әрекетте, жұрттың бәрі бір нәрсені іздеуде. Ол жұрттың іздейтіні немене? Жұрттың бәрінің де іздейтіні — тірлігін сақтау hәм ол тірліктегі тұрмысты жөндеу. Онан соң жұрттың бәрі демесек те, шын кісілік дәрежесіне жеткендердің тағы бір іздейтін екі нәрсесі - білім және әдемілік.

Тіршілік сақталу дегеніміз - көп жасау, мүмкін болса, тіпті өлмеу.

Тұрмысты жөндеу дегеніміз - керек болған нәрселердің бәрі де табылып тұру, әрі ол нәрселер мүмкін қадірінше аз уақытымызды алып, мүмкін қадірінше аз еңбекпен табылып тұру.

Кісінің өмір бойы дамыл таппай әрекет еткендегі мақсатының ең үлкені - тірлікті сақтау hәм ол тірліктегі тұрмысты жөндеу болса, бұл мақсатқа жету үшін не керек? Өнер-білім керек. Екінші түрлі айтқанда, мәдениет керек. Мәдениет адамзаттың керегінің бәрін тауып беріп, асырап, әлпештейтін, адамзатты әртүрлі жауынан, әртүрлі бәледен қорғайтын азаматы, қорғаны. Азамат әуелі жоқтан бар болады, яғни, туады, онан соң, күннен-күнге өседі, ер жетеді. Сол секілді мәдениет те әуелі туады, онан соң күннен-күнге, жылдан-жылға өседі, ержетеді.

Азаматты өсіретін әртүрлі тамақ, тамақсыз азамат өспейді, өледі. Мәдениетті өсіретін ғылым, ғылымсыз мәдениет өспейді, өшеді. Ғылымы, білімі көп жұрттың мәдениеті жоғары. Ғылымы, білімі аз жұрттың мәдениеті, еш ғылымы, білімі жоқ жұрттың мәдениеті де жоқ. Европадағы жұрттар әртүрлі ғылымды көп білетін жұрттар. Сондықтан олардың мәдениеті жоғары, Азиядағы жұрттардың көбі ғылымды аз біледі. Білімді аз. Сондықтан олардың мәдениеті де төмен. Африкадағы, Америкадағы және Австралиядағы бір сыпыра жұрттар ғылым дегеннің не екенін білмейді. Түк білімдері жоқ. Сондықтан олардың түк мәдениеті де жоқ.

Ал, енді дүниеде қандай жұрттың тұрмысы жақсы? Мәдениетсіз жұртқа қарағанда, мәдениетті жұрттың, мәдениеті төмен жұртқа қарағанда, мәдениеті жоғары жұрттың тұрмысы жақсы. Мәдениетсіз жұрт егін ексе, жерді таяқпен шұқып егеді. Оған көп уақыт, көп еңбек сарп етеді. Өндіріп көп іс істей алмайды. hәм еккен азғантай егіні де жөнді шықпайды. Мәдениетті жұрт егін ексе, жерді көліксіз, табиғаттың күшімен жүретін машинамен жыртады. Аз уақытта жаны қиналмай, аз еңбекпен өте көп жұмыс бітіреді. hәм еккен егіні де өте жемісті болады. Шығысы өте жақсы болады. Мәдениетісіз жұрт жақсы жерге ғана егін еге алады. Мәдениетсіз жұрт ашаршылықты, жұтты көп көреді. Мәдениетті жұрт мұндай нәрселерден тым онша қорықпайды. Мәдениетсіз жұрттың малы уақ, күшсіз, етсіз, сүтсіз hәм басқа пайдалары да кем болады. Мәдениетті жұрттың малы ірі, күшті, етті, сүтті әрі басқа пайдалары да мол болады. Мәдениетсіз жұрттардың қора секілді, аң жататын апан секілді, көр секілді үйлерінің жанында мәдениетті жұрттардың үйлері жұмақ секілді деп айтуға болады. Надан жұрттар әртүрлі ауруға шалынып, іріп-шіріп қырылып жатқанда, мәдениетті жұрттар ол аурулардың көбін білмейді. Олардың арасында ауру, өлім деген надан жұрттарға қарағанда өте кем болады. Кейбір аурулар мәдениетті жұрттарда тіпті болмайды. Мәселен, сүзек деген ауру Германияда еш уақытта болмайды. Бір жерден бір жерге бару керек болса, мәдениетіне қарай бір жұрттар жаяу жүреді. Бір жұрттар хайуанға мініп жүреді, бір жұрттар хайуанға арба жегіп жүреді (арбалар да мәдениетіне қарай түрлі-түрлі болады). Бір жұрттар от-арба, автомобиль секілді көліксіз табиғаттың күшімен жылдам жүретін машиналарға мініп жүреді. Кейде

құс секілді аспанмен ұшып кетеді. Яки, теңіздің бетімен де, астымен де балық секілді жүзеді. Мәдениеті жоғары жұрт мәдениеті төмен жұртты бағындырады. Құл қылады, мал орнына жұмсайды. Қанын сорады не болмаса, жұтып қояды. Яки, орнын тартып алады, елі көп болғандықтан емес, мәдениеті жоғары болғандықтан. Ағылшындар өзінен әлденеше есе көп, мәдениеті төмен жұрттарды бағындырып, қанын сорып отыр. Тарихтан білеміз, талай жұрт басқа жұрттардың ішіне кіріп, араласып жоқ болып кеткен. Яғни, өнерлі, мықты жұрттар нашар жұрттарды жұтып қойған.

Европадағы өнерлі жұрттар Америка, Австралия секілді жерлердегі жабайы жұрттарды ата-бабаларынан бері қарай мекен еткен. Өсіп-өнген қонысынан қуып шығып, жерлерін тартып алды. Жерлерінен айырылған соң, тұрмыстары өзгеріліп, ол сорлы халықтар қырылып, жылдан-жылға соңы кеміп бара жатыр. Сөйте-сөйте ол халықтар бір заманда мүлде жоқ болып кетуі де ықтимал. Мәдениет жолында артта қалған қазақ-қырғыз халқы да орыстың тырнағына іліккен жұрттардың бірі еді. Барлық жақсы жерін тартып алып, өзін жаман жерге айдап шығып, оның үстіне ол қылып, бұл қылып, қанын сора бастағанына қанағат қылмай, орыстар бұрынғы үкіметі, қазақ-қырғыз деген атын өшіріп орыс қылып жіберу жағын, жұтып қою жағын қарастыра бастап еді. Дүниедегі халықтар бір-бірімен аңдаспаған, арбаспаған реті келсе, бір-біріне зорлық қылмаған, бірін-бірі жеуге тырыспаған уақыт болған жоқ және болмайды. Осылай бір халық бір халықпен кездесе қалғанда, мәдениет керек. Мәдениеті төмен халық мәдениеті жоғары халықтардан өне бойы зорлық көрмек, қорлық көрмек, оларға құл болмақ, жем болмақ, кейде аты өшіп жоқ болмақ.

Мәдениетсіз халықтың тұрмысынан мәдениетті халықтың тұрмысының артықтығы, мәдениеттің адамзатқа керектігі толып жатыр. Оның қайсы бірін айтып бітіруге болады? Сол мәдениетті тудыратын әкесі де, сол мәдениетті өсіретін тамақ та - ғылым. Ғылымды мәдениет тудырмайды, мәдениетті ғылым тудырады. Мұны еш ұмытпау керек. Европа жұрттары ғылымды көп білгендіктен мәдениетті.

Жұрттың бәрі болмаса да, шын кісі деп айтуға сыятындардың тірлікті сақтаумен, тұрмысты жөндеуден басқа тағы бір іздейтін ескі нәрсесі - білім және әдемілік деп едік. Білім дегенде, тіршілік үшін, тұрмыс үшін керек болатын білімді айтамыз. Кісінің кісілік дәрежесін өсіретін білімді айтпаймыз. Жалғыз тірі жүруден басқаны ойламайтын адамды кісі деп айтуға да қиын. Ондай адамның сыртқы түрі кісіге ұқсағанмен, ішкі рухы кісіден гөрі хайуанға жақынырақ. Себебі, хайуан да тірі жүргісі келеді. Бұл жағына келгенде, ондай адамдардың хайуаннан артықпын деп көкірегін көтеретін де жөні жоқ. Хайуанның тірі жүруден басқа керек қылатыны, іздейтіні жоқ болса, мұндай адамның да тірі жүруден басқа керек қылатыны, іздейтіні жоқ. Мұндай адамдардың хайуандардан жалғыз ғана артық жері - хайуандардың тұрмысына қарағанда адамдардың тұрмысы жеңілірек, тынышырақ. Шын кісі деп айтуға сыярлық болу үшін адам бүкіл дүниедегі заттардың не екенін білуге, яғни бүкіл табиғатты тануға һәм ол табиғатта болатын әртүрлі өзгерістердің себептерін білу тиіс. Бұл қолынан келмеген кісі осыған құмар болуға тиіс. Сонда ғана адам хайуандық дәрежесінен жоғары көтеріледі.

Хайуандықтан өтіп, кісілікке жеткен адам табиғатты тануы бір табан ілгері басқан сайын көңілі көтеріліп, олжа тапқандай болып қалады. Сондықтан ондай кісі табиғатты тануға, табиғаттың сырларын білуге құмар болады. Бұл құмарлық әркімнің кісілігіне қарай түрлі-түрлі болады. Кісілігі көп кісіде көп болады, кісілігі аз кісіде аз болады. Сүйінерлік бір нәрсе - хайуандық дәрежесінен аса алмай жүрген адам аз.

Сондықтан жұрттың көбі тіпті жабайы жұрттар да табиғатты тануға, табиғаттың сырларын білуге құмар. Мәселен, жұрттың көбі көктегі күн, ай, жұлдыз дегендер немене

екенін, не себептен біресе күн, біресе түн, біресе жаз, біресе қыс болатынын, не себептен найзағай жалтылдап, күн күркірейтінін және басқа толып жатқан осы сияқты нәрселерді білуге құмар. Мұндай нәрселерді көзге көрсетіп, қолға ұстағандай анық қылып айтып беретін - ғылым.

Адамзаттың өмірінің бастапқы дәуірлерінде, ғылым жоқ кезде, болса да нашар болып жаңа туып келе жатқан кезде кісі көп табиғи нәрселерді не екенін анық білмегендіктен, яғни табиғатты жете танымағандықтан Құдай деп білген. һәм табиғатта болатын әртүрлі өзгерістердің, әр қайсының өз алдына Құдайы бар деп ойлаған. Мәселен, ол кезде кісі табиғатты дұрыс тани алмағандықтан күнге де, айға да, жұлдыздарға да, отқа да, жыланға да, өгізге де әр басқа бірсыпыра мақұлықтарға да Құдай деп табынған. Әуелгі кездегі кісілер табиғаттың сырын білмегендіктен күнді күркіретін бір Құдай бар. Жаңбыр жаудыратын бір Құдай бар, жылдың бір Құдайы бар, күннің бір Құдайы, түннің бір Құдайы, жаздың бір Құдайы, қыстың бір Құдайы бар, ағаштың бір Құдайы, судың бір Құдайы бар, тағы басқа сол сияқты толып жатқан Құдайлар бар деп ойлаған. Осылайша, табиғатты тани алмағандықтан һәм табиғаттың сырын білмегендіктен мәжусилер, яғни, Құдай көп деп білушілер діні туады. Мәжусиліктің қалдығы осы күнге шейін бар. Мәселен, аққудың, судың орманның иесі, темірші́нің, дүкеннің иесі деген һәм басқа осы сияқты сөздер бар. Бұл мәжусиліктен қалған жұрнақ, сөйтіп, табиғатты танымаған кісі, яғни ғылым білмейтін надан кісі Құдайын да жөнді танымаған.

Тірлікті сақтау, тұрмысты жөндеу һәм білімнен басқа кісінің тағы бір іздейтіні - әдемілік деп едік. Әдемілік дегеніміз - бояумен салған әртүрлі суреттер (әртүрлі кесте, ою сияқты нәрселерді де осыған қосуға болады). Балшықтан, тастан, шойыннан және басқа сол сияқты нәрселерден істеген әртүрлі суреттер. Үйді әдемілеп салу, ән, домбыра, қобыз, сырнай - керней, айтылған яки жазылған әдемі сөздер, поэзия тағы басқа көз арқылы яки, құлақ арқылы ләззат беретін әдеміліктер. Әдемілікке жету үшін де ғылым керек. Ғылымсыз әдемілік болмайды. Ғылым болмаса, мәдениет болмас еді. Мәдениет болмаса, кісінің тұрмысы қиын болар еді. Барлық уақыты тамақ іздеумен өтер еді. Әдемілік іздеуге уақыты болмас еді. Сондықтан әдемілік беретін әртүрлі өнерлер ілгері баспас еді.

Ал енді сөздің қорытындысына келсек, кісінің өмір бойы дамыл таппай әрекет қылғандағы іздейтіні — тірлікті сақтау, тұрмысты жөндеу, білім және әдемілік. Бұлардың бәрі де ғылым арқылы ғана табылады. Сөйтіп, ғылым не береді десек, ғылым кісінің іздегенінің бәрін беретін болып шығады. Олай болатын болса, әрбір жұртқа алдымен керек нәрсе - ғылым. Ғылымға әуес болу ілгері басатындықтың белгісі, ғылымды керексінбеу кері кеткендіктің белгісі.

Ғылым алатын жер - мектеп, медіресе, журнал арқылы мектеп, медресенің беретін ғылымын түгел беру қиын. «Шолпан» журналының білім бөлімінде қазақ-қырғыз тұрмысына керекті, оқушыларымыздың көбіне түсінікті һәм қызықты ғылыми мәселелер ғана жазылып тұрмақшы. Оқушыларымыз өздерінің қандай ғылыми мәселелерді керек қылатынын «Шолпан» басқармасына білдіріп тұруларын өтінеміз. Алдымен қолдан келгенше оқушыларымыздың сол керек қылатынын жазып тұрмақпыз.

Ф.

ДАРВИН СӨЗДЕРІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

Қазақ - мал асыраған, мал баққан халық. Малдың жайын қазақ жақсы біледі. Малдың тұрмысында, тіршілігінде, өсіп-өнуінде сыртқы суретінде, ішкі сарайында қазаққа жат еш нәрсе жоқ.

Жазға салым мал түлейді. Жылқы, сиыр жүнін тастайды, қой - түйенің жабағысы көтеріледі. Жабағыны шаруа қырқып алмаса, қой мен түйе жабағыны жаз бой жамылып жүре бермес еді. Күн ысыған уақытта жылқы жүнін тастаған сияқты қой мен түйе де жабағысын тілім-тілім қылып сүйкенген, я жатып аунаған жеріне тастап кетер еді.

Қысқа қарсы күн салқын тартқан уақытта жаз түлеген малдың жүні, түгі қайтадан қоюланып бітеді. Мал адам мінезді, жазға салым мал жеңілденіп шешінеді, қысқа қарай қайта киінеді. Малдың жүні - түгі киім орнына жүреді, жүні - түгі болмаса, қыстың аязын мал анық көтере алмас еді. Жүн-жабағы (түк) табиғаттың суықтан сақтану үшін малға берген панасы.

Жабағының қойға ауырмалығы жоқ, пайдасы көп.

Қазақтың жылқысы қыста қолдан шөп жемейді, қысты далада тебінде өткізеді. Тебіндегі жылқы тұяғымен қарды ойып, қар астынан шөп алып жейді. Жылқының тұяғы болмаса, жылқы тебінде жүріп, күн көре алмас еді. Өткір қатты тұяқ табиғаттың жылқыға берген мықты қаруы. Түйеде жылқының тұяғындай тікше өткір тұяқ болмайды, түйенің табаны жалпақ келеді. Сондықтан, түйе қар астынан шөп алып жей алмайды. Қыста далада ашық жерде жүріп, өз бетімен түйе тамақ асырай алмас еді. Бірақ, түйенің басқа малдан бір артық қасиеті бар. Түйе шөлге, тамаққа төзімді, шыдамды келеді. Ашқарақтық түйеде болмайды. Шөлге, тамаққа төзімділігіне қарағанда, табанының жалпақтығына қарағанда, түйе құмды, шөлді жерде жүру үшін жаратылған хайуан болса керек. Түйенің ата-мекені – Африка - Азияның құмды - шөлді жерлері саналады. Ежелден түйеге берілген «Түйе - құмды жердің кемесі» деген лақап бар, түйенің табаны жалпақ болмай, тұяғы тікше болса, аяғы құмға кіріп, түйе малмаңдап жүре алмас еді.

Түйенің жүні құммен түстес, түйенің құммен түстес болуында қоянның қыс ағарып қармен түстес, жаз көкшілденіп, қоңыр тартып, жерге біткен өсімдіктермен түстес болуында көп мағына бар. Түсі жүрген жерінің түсімен үйлескен хайуан елеусіздеу болып алыстан «мені көр» деп айқайлап тұрмайды. Ондай қасиеті бар хайуан жақын келген жауынан да оңай жасырынып қала береді. Сонымен, хайуанның жүні бір жағынан суықтан пана, екінші жағынан жауынан пана болады.

Тағы мысық күндіз жатып, түнде жүретін хайуан. Түнде жүріп тамақ асырау үшін мысықтың: 1) қараңғыда жол тауып жүре білеуі, шөп арасында жорғалап жүрген тышқанды яки, ағаштың бұтағында ұйықтап отырған торғайды күндізгідей жақсы көре білуі керек; 2) тышқанның болсын, құстың болсын қасына білдірмей, ептеп келіп тез басатын болуы керек, оның үшін мысықтың көзі жіті болуы керек, өзі епті болуы керек. Назарын алған кісі білсе керек, мысықтың көзінің қарашығы күндіз жарықта кішірейіп, түнде қараңғыда үлкейіп тұрады. Түнгі жүріске мысықтың көзі ыңғайлы. Мысықтың ептілігі кімге де болса мәлім. Мысықтың табаны жұмсақ, оның үстіне аяғын жерге басқан уақытта мысықтың тырнағы ішке тартылып жерге тимейді. Түнде дыбыс шығармай, ептеп жүруге жұмсақ табан, ілгідей тырнақ өте қолайлы. Мысықтың көзі мен табаны (тырнақ) мысықтың тіршілігі үшін, әрине, пайдалы.

Құс өмірінің көбін ауада өткізеді. Жерге ұя салу үшін, дем алу үшін қонбаса, құс тамақты, қонысты ұшып жүріп іздейді. Қанаты болмаса, құс ұша алмас еді. Ол анық ұшатын мақлұқтың қанаты болуы керек. Екінші денесі ауыр болмауы керек. Ауыр денені алып ұшу оңай болмас еді. Тұлғасына қарағанда құстың денесі жеңіл. Сабай - құстың қуысты сүйектері майсыз, іші бос болады. hәм қанаттарының іші қуыс болады. Қанаты болмаса,

құс жердің бетінде жүріп күн көре алмас еді. Ұшып жүру үшін табиғат құстың денесін жеңіл қылып, ол денеге қанат беріп отыр.

Суда жүзетін мақұлықтарды (мәселен, балықтарды) алсақ, олардың денесі тұрмыс шарттарына ыңғайланып, үйлесіп біткен. Балықтың денесі жып-жылмағай һәм, қалақ тәрізділеу, көлденеңі енсіз, алды сүйірлеу. Балықтың денесі суды жарып жүруге ықшамды, балықтың аяғы да, қанаты да жоқ. Аяқ пен қанаттың балыққа керегі жоқ. Балыққа аяқтан да, қанаттан да ескіш пайдалы, ескіш қадірлі. Аяқ һәм қанат орнына балыққа ескіш біткен. Балықтарда құрғақта, ауада жүретін мақұлықтарға бітпеген, оларда жоқ бір мүше бар, ол мүше - торсылдақ судың түбінен бетіне шығуға, бетінен тереңге түсуге балықтың денесінің салмағы өзгеріліп тұру керек. Торсылдағын үлкейтіп, ішін кернесе, балықтың денесі жеңілдейді. Балық судың бетіне шығады. Торсылдағын кішірейтіп ішін жиырса, балықтың денесі жұмырланып, салмағы өседі. Судың бетіндегі балық тереңге түседі, торсылдақты балық ермек үшін алып жүген жоқ.

Сонымен, құрғақта, ауада, суда жүріп өмір сүретін мақұлықтарды алып қарасақ, олардың денесін тексерсек, өзіне-өзі ашық көрініп тұрған ақиқат мынау: жер жүзіндегі мақұлықтардың денесінде иесі ауырсынатын, иесіне зиянды бір мүше жоқ. Денеге біткен әрбір мүшенің өзіне тән иесіне пайдалы, атқарып тұратын жұмысы, міндеті бар. Әрбір мүше тұрмыс тіршілік шарттарына ыңғайланып, ықшамданып, үйлесіп біткен. Соның арқасында дүниеде мақұлыққа қоныс болмай, бос қалған орын жоқ. Құрғақта да, құмда да, суда да, ауада да мақұлық бар. Әр мүшеге өзінің міндетіне қарай, тұрмыс шарттарына ұйқасып, үйлесіп тұр, қалып - пішін біткен. Мақұлықтардың денесі, ақыл иесі біреу, қолдан құйып шығарғандай мінсіз.

Жер жүзінде тұрмыстың түрлі-түрлі табиғи шарттары толып жатыр. Ағашты жер, қопалы қамысты, қоғалы жер, көделі - қаулы, құмды - шөлді, таулы-тасты, сулы - сусыз, ыстық - суық жер, таудың басы, етегі, қабырғасы, көденің түбі - беті, теңіздің түбі - беті, қысқасы әр жерде тұрмыстың табиғи шарттары әртүрлі. Сондықтан тұрмысы шарттарына қарай жер жүзіндегі мақұлықтар да түрлі-түрлі толып жатыр. Мақұлықтардың түрі көп болғандықтан, аз жерге, аз орынға көп мақұлық сыйып жүр. Мақұлықтардың түрі көп болғандықтан табиғаттың үнемі (экономия)-сы артып отыр.

Өсімдіктерді алып, олардың да денесін, денесіне біткен мүшелерін тіршілік назарынан қарап, сынға салып тексерсек, онда да көретініміз осы. Бірінде артық, керексіз, пайдасыз мүше жоқ. Өсімдіктің тамыры, сабағы, жапырағы, қабығы, өзегі, гүлі, бәрі де тіршілік үшін пайдалы керек заттар. Өсімдіктің тіршілік үшін гүл жапырақтарының түрі, түсі де, гүлдің исі де пайдалы, өсімдік дүниесінде де мін жоқ.

Жоғарыда жазылған сөздерді қорытып, қысқа айтқанда, мүшелі табиғатта мін жоқ. Мүшелі табиғатта гармония бар дейміз. Бұл мүшелі табиғаттың адамды таң-тамаша қылдыратын айрықша қасиеті, сипаты, бұл табиғаттың кереметі. Ақыл иесі - адамның бір ісі де мінсіз болып шықпайды. Адам ісінде қате көп болады. Табиғат ісінде мін жоқ, қате жоқ, жаңылыс жоқ, ақылды адамның ісінен соқыр табиғаттың ісі анағұрлым артық, мұның реті қалай? Табиғат жүзіндегі тамаша гармония қайдан шыққан, неден пайда болған?

Саналы адам керемет дегенге сенбейді. Адамның ақылы әр нәрсеге себеп іздейді, адам әр нәрсені түсінуге тырысады. Сондықтан, білім иесі табиғат ғылымына жетік-жетік кісілердің қашаннан жауап іздеген сұраулары осылар болушы еді. Бұл сұрауға жауап беру үшін табиғат әуелден осылай ма екен, әуелде-ақ тірі мақұлықтар да мінсіз болып бітті ме екен, болмаса бұл халге табиғат бірте-бірте жетті ме екен, соны шешу керек, табиғаттың тарихын білу керек. Мүшелі мақұлықтар қалайша түрлі-түрлі болып жаратылды, қалайша

олар мұндай болып шықты, жауап іздейтін сұрауларымыз осылар болуы тиіс. Мүшелі мақұлықтарды жеке-жеке алып қарамай, бәрін жіпке тізгендей қылып қатар қойып, бірімен-бірі салыстырып көрсек, олардың арасында сыртқы суреттерінде бір түрлі жақындық, ұқсастық бар екендігі сезіледі. Сондықтан, табиғат ғылымының тараулары (зоология және ботаника) арасында ұқсастығы мол, айырмасы аз мақұлықтарды бір түрге жинап, арасында ұқсастық бар түрлерді бір руға жинап, арасында ұқсастығы көп руларды бір жынысқа жинап, онан ары, жыныстарды бөлімге, соңғыларды топқа жинап, дүние жүзіндегі сансыз көп мақұлықтарды бірімен-бірі таяу жалғас қойып, топтастырған болады.

Ғылым тілінде мұны - топтастыру (классификация) деп атайды. Мысалы, қарсақ бір түр, түлкі бір түр, екеуі екі түр, түрі басқа, бірақ екеуінің руы бір (қасқыр руынан) жынысы бір (ит жынысынан).

Мақұлықтарды топтастырып қараған уақытта мүшелі табиғат баспалдақ тәрізді болып көрінеді. Баспалдақтың төменгі басқышында жалғыз қужайралы (одна летоцикл) мақұлықтар (мысалы, амеба, энфузорилер) болады. Төменнен жоғары көтерілген сайын мақұлықтардың қужайралары көбейіп, бірте-бірте түрлі мүшелер бітіп, бірте-бірте өсіп, ұлғая береді. Баспалдақтың жоғарғы басқышында адам болады. Неғұрлым басқыштардың арасы жақын болса, арадағы ұқсастық мол бола бермекші. Қатар екі басқышты алсақ, арасында көп ұқсастық табамыз. Арадан біреу тастап алсақ, ол уақытта ұқсастық онан сәл кем болады. Мәселен, адамға таяу басқышты алсақ (жоғарыдан төменгі) оның иесі маймыл боларға тиіс.

Бұл түрлі мағлұматтардың арасындағы ұқсастық неде? Бағанағы қарсақ пен түлкіні алсақ, қарсақтардың арасындағы ұқсастық туысқандықтан, қаны, заты, түбі бір болғандықтан десек, ешкім дау айтпайды, шек келтірмейді. Қарсақтардың бәрі бір атадан, бір анадан болса да ықтимал. Түлкілердің арасындағы ұқсастық та - туысқандықтан. Бұ да шүбәсіз ақиқат есебінде қабыл алынады.

Түлкі мен қарсақтың арасындағы ұқсастығының себебі не? Ол да - туысқандықтан. Түлкі мен қарсақтың заты бір, ата-енесі бір деп айту қиын. Ешуақытта түлкіден қарсақ я, қарсақтан түлкі туып көрген емес.

Бұл көпке дейін даулы, талас болған мәселе. 1859 жылы Англия оқымыстысы Ч. Дарвиннің «Происхожденнее Видовь» деген кітабы шыққанша ол сұрауға білім иесі кісілердің көбі «түлкі әуелден түлкі, қарсақ әуелден қарсақ, түрлі түрлердің арасында жақындық, туысқандық жоқ. Түрлі түрлер әуелде осы күйінде, осы қалпында жаратылған. Онан соң айныған жоқ, өзгерілген жоқ. hәм, әрі бір қалыптан айнымайды» деп жауап беріп жүрді. Бұл жауаптың зор айыбы - мұны айтушылардың бұл сөзді әспеттейтін қуатты дәлелі болмағандықтан. Бұл сөз сұйық - сылдыр болып көрінеді. Адамның ақылын қанағаттандырмайды. Ч. Дарвиннің айтуынша, түрлі мақұлықтар бірінен-бірі өнген. Бәрінің нәсілі, заты бір. Түрлі мақұлықтардың арасындағы ұқсастық, туысқандықтың ишараты, туысқандықтың белгісі бар. Олай болған уақытта, қалайша нәсілі - қаны бір мақұлықтар осыншама өзгеріп, бірінен-бірі айнып кетті? Қалайша, түрлі түрлер пайда болды. Бұл сұрауларға беретін Дарвиннің толық-толық жауаптары бар. Дарвин ойланбай - толғанбай арзан сөз айтқан кісі емес.

Дарвиннің жауабымен оқушыларды бірте-бірте таныстыруды «Шолпан» міндетіне алады.

(жалғасы бар)

Қ.И.

ӨСІМДІКТЕРДІҢ ТҮЗІЛІСІ

Табиғат нәрселерінің бәрі де 75 шамалы жай бұйымдардан түзелген. Осы заманда ғылым адамдары өнер-білімінің арқасында жер жүзіндегі түрліше өсімдіктердің не заттардан түзілгенін ұғып болды. Күнбе-күн ішіп жүрген су, сүт, жеп жүрген нан, ет және басқалары бәрі де сол 75-шамалы жай бұйымдардан түзілген. Табиғат нәрселерінен түзілген заттарын көзбен көріп болмайды. Оны тек қана микроскоппен көруге болады. Микроскоппен де көре алмайтын заттарды түрліше қасиеттеріне қарай біледі. Көзге көрінбейтін өте уақ заттарды микроскоп үлкен қылып өсіріп көрсетеді. Енді әртүрлі нәрселерді алып, солардың не заттардан түзілгеніне қарап өтелік. Әркімге белгілі қамырдың ішінде салатын ашытқышты алып, микроскоппен қаралық. Бір тамшы су алып, оны әйнектің үстіне салып, соған азырақ ашытқыш қосып, екеуін араластырып, үстін екінші әйнекпен жауып, микроскоппен қарасақ, бөлек-бөлек сопақтау келген суреттерді көреміз. Булардың арасы толған кілең, уақ бүртік болып көрінеді. Осы кішкентай бүртіктер ашытқыштың шілтері (клетка) болады. Шілтердің қалыбы (форма) домалақ сияқты болады. Сыртында қабығы бар, оның іші толған «протоплазма» (протоплазма), шілтердің ішінде бір, яки мөлдір жері көрінеді. Бұл шырын (сок). Әуелде сопақтау болып көрінген затты крахмал (крахмал) деп атайды. Крахмалды шілтерден айыру үшін азырақ йод (йод) деген дәрінің ерітпесін қоссақ, әуелде мөлдір болып тұрған заттар бірі көк түсті болып боялады. Крахмалдың қасиеті - йод дәрінің ерітпесінен көк түсті болып боялады. Крахмалдың негізгі түзелген заттары: қышқылтым (кислород), сутум (водород) һәм көміртум (углерод). Екінші, сары түсті болып шыққан затты алсақ, ол ашытқыштың шілтері. Шілтердің түзелген заттары, құрамы болады. Оның ішінде крахмалға кіретін жоғарыдағы айтылған заттардан басқа (азот) болуға тиісті. Мұнан басқа азырақ күкірт, фосфор (фосфор) һәм басқа заттар болады. Міне, осындай йод дәрісінің ерітпесінен сары түске боялатын заттарды ақшыл (белковые вещества) заттар дейді. Шілтердің ішіндегі «протоплазма» осындай ақшыл заттардан түзілген. Ғылымда осы протоплазманы шілтердің жаны деп айтады. Өйткені, сол протоплазма болмаса, шілтер өсіп, өніп, өмір шегіп күнелтіп тұра алмайды.

Шілтердің ішіндегі көрінген бір-екі мөлдір зат вакул (вакуоль) деп аталады. Ескі шілтердің вакуольдері үлкен, жастарында кішкентай болады. Егер де шілтерді байқап қарасақ, онда олардың бірте-бірте өсетіні, әбден өсіп жеткен соң әр қайсысынан жаңа шілтер бөлініп шығатыны көрінеді. Әуелгі бір шілтерден адамның қолына шыққан сүйел сияқты болып бөртпе шығады. Ол бірден-бірге ауысып, біраздан соң, әуелгі шілтерден айырылып шығып, өз алдына басқа шілтер болып өмір шегеді. Әуелгі шілтерді анасы деп білсек, онан шыққан екінші шілтерді оның баласы деуге болады. Егер де сол шілтердің өсуіне, күн өтуіне белгілі шарттар болса, онда аз уақытта көп болып өсер еді. Ашытқыштың шілтері тым өскіш болады. Бір шілтерден жарты сағатта біреу туса, бұл екеуінен жарты сағатта және екі шілтер туып, 12 сағаттың ішінде, бір анадан 16.777 216 шілтер пайда болар еді. Қамырға ашытқыш салғанда оның көтеріліп өсетіні, сол ашытқыштың шілтерлері көбейгенде, көп газ бөлініп шығады. Ол қышқыл көмір деген газ.

II

Көктемде, я күзде дымқыл жерде, ағаштың қабығында бөртіп шыққан жасыл заттарды көреміз. Ағаштың қабығына жабысып тұрған жасыл заттарды алып микроскоппен қарасақ, бірнеше жасыл доп сияқты заттар көрінеді. Бұлар - шілтерлер. Алған затымызды ғылымда өлен деген өсімдіктің бір түрі деп санайды. Латынша оны хлорокок (хлорококь) дейді.

Бұл хлорококтің қасиеті - ауадағы қышқыл-көмір деген газдан және судан крахмал жасап, соны ауқат қылып, күн көреді. Шілтердің ішіндегі заттарды жасыл қылып көрсететін бояуды хлорофил (хлорофил) дейді. Егер де хлорококті спиртпен араластырсақ, онда жасыл түсті қылып көрсетіп тұрған бояу (хлорофил) еріп кетеді. Шілтердің түсі бұрынғыдан өзгеріп, түссіз, мөлдір болады. Хлорокок шілтерде микроскоппен қарағанда, екеу, я төртеу болып топтанып тұрады. Бұлардың топтанып көрінетін себебі - бір шілтерден туған ағайындар бір-бірінен айырылып, енші алып кетуге мезгілдің жетпегендігі, мезгіл жеткенде, бұлар бір-бірінен айырылып, әрқайсысы өз алдына өмір шегеді.

Жасыл өлендер әсіресе арықтағы, көлдегі суларда көп болады. Бұлар қалыбына, тұрмысына, өсіп-өнуіне қарай бірнеше тапқа бөлінеді. Суда өсетін өлендер «шылау» деп аталады. Енді жаз уақыт арықтағы көп тұрған сулардан шылауды жинап алып, микроскоппен қарасақ, бұлардың түзілісі хлорококтікінен басқарақ, шілтерлерінің қалыбы сопақтау болып келеді және бір басында екі, я төрт кірпік тәрізді қылтанақтары болады. Әбден байқап қарағанда, олардың қозғалып, қимылдап жүргені білінеді. Лай суларда шылаудан басқа уақ, көзге көрінбейтін, тек қана микроскоппен көруге болатын түрліше құрттар болады. Ондай құртты бактери (бактерия) дейді. Бактерияларда тек қана бір шілтерден түзілген мақлұқтар болады. Шілтерлерінің қалыбы нүкте, таяқ, үтір сияқты болып келеді. Осы бактерияға ұқсас өлендер бар (булар да лай суларда өсіп өнеді). Мұндай өлендерді түсіне қарай көкшіл өлен деп атайды. (Кок Циан) бактерия мен көкшіл өлендердің қалыбына, өсуіне қарағанда, айырмашылығы аз, көкшіл өлендерді бактериядан тек қана түсінен айыруға болады. Көкшіл өлендер мен бактериялар өскенде шілтерлері ортасынан екі бөлініп, бірден екеу пайда болып, олар тағы екіге бөлініп, осы жолмен өсіп көбейеді.

III

Нанды дымқыл жерге қойсақ, екі-үш күн өткен соң көгеріп кетеді. Көгерген затты микроскоппен қарасақ, кішкентай бөлек-бөлек жіп тәрізді қылтанақ болып көрінеді. Қылтанақтың бастары, түйреуіштің басы сияқты домалақ болады. Бұл қылтанақтың әрқайсысы жалғыз ғана шілтерден түзілген. Осы нанды көгертетін зат - атқұлақтың (бір қатар жерде атқұлақты саңырауқұлақ деп атайды) бір түрі. Әркімге белгілі, дымқыл жерде ағашта жаңбырдың артынан атқұлақ шығатыны. Сол атқұлақты алып, микроскоппен қарағанда көгеріс құлақпен екеуінің шілтерлерінің түзілісі, өсіп-өнуі бір түрде болатыны білінеді. Екеуінің де шілтерлері жіңішке қылтанақ сияқты болады. Бірінікі қамыс сияқты буын-буын болады, бір түрлерінікі тұтас, қылтанақтың домалақ бастарын дорба деп қарауға болады. Оның іші толған «аспура» болады (уақ тозаң секілді тұқымдары), дорба жарылып, аспуралар жерге түскенде, жас атқұлақтар шығады. Атқұлақтар өте өскіш болады. Екі-үш күннің ішінде аспурадан үлкен өсімдік болып шыға келеді. Аспуралары тым уақ, жеңіл болғандықтан жел ұшырып алып кетіп, жер-жерлерге аспураларды жаяды. Лайықты орын болса, ауқаттық зат болса, аспур аз мезгілде өсіп, тағы да аспур шығарып, сүйтіп жалғасып өмір шеге береді.

IV

Осы қарап өткен өсімдіктердің түзілісі бәрінікі де бір болып шықты. Шілтердің ішінде протоплазма, шырын, сонан соң бір қатарында хлорофил деген жасыл түсті зат көрінеді. Өсімдіктердің шілтерінде бұлардан басқа түйнек (ядро) және түйнекшік (ядрешко) болады. Түйнек пен түйнекшікті көру үшін пияздың, болмаса қызғалдақтың жапырағының қабығын сыдырып алып микроскоппен қарасақ, төрт бұрышты суретті шілтер көреміз. Шілтердің ішінде домалақ зат болады. Оның ішінде онан да гөрі кішірек бір я екі түйіртек көрінеді. Міне, осылар түйнек пен түйнекшік деп аталынады. Түйнектің айналасында қимылдап тұрған уақ заттар көрінеді, бұларды «ликопласты» деп айтады. Ликопласты крахмал және басқа шілтерге керекті заттарды жасаушы түйнек доп сияқты домалақ қалыпты болып келеді. Шілтер бөлінген мезгілде түйнек те екіге бөлінеді. Түйнек болмаған жерде протоплазма тіршілік етіп тұра алмайды. Біраз уақыттан соң өледі. Сондықтан ғалымдар түйнекті протоплазманың ең керекті заты деп санайды. Кішкентай түйнекшік түйнектің жинағы болса керек, түйнек бөлінгенде, түйнекшік көрінбей жоқ болып, түйнектің заттарымен араласып кетеді. Жанды шілтер болған жерде, түйнек пен түйнекшік болуы керек. Бірақ, бірқатар өсімдіктерде микроскоппен қарағанда түйнек көрінбейді. Түйнекті проплазмадан айыру үшін микроскоппен қарағанда оған азырақ спирт қосып, оны көк нілмен араластырып, сонан соң, қайтадан әйнекке су жіберіп қарағанда, түйнек проплазмадан гөрі анық болып көрінеді. Оның себебі түйнектің ішінде хроматин (хромотин) (хромос-бояу) деген зат болады. Ол өте бояу сіңіргіш болады, түйнекшік түйнектен анығырақ болып боялады. Міне, осындай қасиеттеріне қарай протоплазма, түйнек және түйнекшікті бірінен бірін айыру оңай болады. Жанды шілтердің қасиеті - адам жануарлар сияқты ауқат болмаса, күнелте алмайды. Ауқат табу жолында жан-жануарлар еңбек ететін болса, шілтер де еңбексіз тұрмайды. Шілтердің жаны - протоплазма дедік. Сондықтан еңбек етіп, ауқат іздеуші, тапқан ауқатты бойына сіңіруші осы протоплазма болады. Және бір қасиеті - протоплазма тыныш күйде тұрмайды. Әруақыт қимылдап, қозғалып ілгері, кейінді жүріп тұрады. Протоплазмада осы айтылған қасиеттер болса, онда оның жанды болғаны, бұл қасиеттер болмаса, онда жансыз, өлі болғаны.

V

Крахмал, май

Ашытқышты микроскоппен қарағанда бірден көрінген зат - крахмал болды. Крахмал өсімдіктердің бәрінде де болады. Крахмал хлорофилдің дәндерінің ішінде су мен қышқыл көмірден түзіледі. Осы екі заттан крахмал түзуге себеп болатын күннің сәулесі. Күннің сәулесі болмаса, тек қана су мен қышқыл көмірден крахмал түзілмейді. Осыған қарағанда, крахмал үш жай бұйымдардан түзіледі. 1) қышқыл тегі, 2) сутегі, 3) көмір (су қышқыл тегі мен су тегінен түзілген, қышқыл-көмір қышқыл тегімен көмірден түзілген). Бірқатар өсімдіктерде май болады (кендір май, алашаминке, я күнбағыс майы, ағаш майы hәм басқалар). Май да осы үш жай бұйымдардан түзілген бірақ, қышқыл тегі майда крахмалдан гөрі азырақ болады.

Картоп, бидай, сұлы, қара бидай, бұршақ және басқа ауқат қылатын өсімдіктердің бәрінде де азды-көпті крахмал және май болады. Картоптың қабығын аршып, ішінен ұстарамен қырып алып, микроскоппен қарағанда, крахмал дәндері қабат-қабат болып көрінеді. Бидайдың крахмалдарының дәндері, дөңгелек қалыпты болып келеді. Сұлы мен күріштікі сопақтау болады. Тарының крахмалдарының дәндері көп қырлы болады.

Шілтердің ішіндегі заттардан крахмалды айыру үшін оған йод дәрісінің ертіндісін қосу керек. Сонда крахмал көк түсті болып боялады. Крахмал дәндері тым уақ (яғни ұсақ) болып, көк түсті болып боялса да, анық көрінбеуі де мүмкін. Ол уақытта крахмал салған әйнекті азырақ қыздырсақ, крахмал ісініп, үлкейіп көрінеді. Өсімдіктегі крахмалды сілекей ерітеді. Бір тамшы сілекейге бидайдың, я картоптың крахмалын араластырып, дымқыл жерге қойсақ, біраз уақыттан соң крахмал еріп жоқ болып кетеді.

Крахмалдың түзілген бұйымдары қышқыл тегі, сутегі және қышқыл көмір дедік, енді осы бұйымдарға азот, фосфор, күкірт қосылса, онда крахмалдан қасиеті, қалыбы, түсі басқа зат пайда болады.

Оны ақшыл заттар деп атайды. Жұмыртқаның ағы осы айтылған бұйымдардан түзілген. Сондықтан «ақшыл» деп аталынған. Протоплазма да осындай ақшыл заттар екендігін жоғарыда айтып өткенбіз.

Ақшыл заттың суда еритіні де болады, бір түрлері суда ерімейді. Жануарлардың ішкі мүшелерінде суда ерімейтін ақшыл заттарды ерітетін «пепсин» (пепсин) деген шырын болады. Ақшыл заттар ауқатқа ең керекті, ең пайдалы зат болады. Крахмал май, ақшыл заттар шілтердің жинағы. Адам баласына тіршілігін сақтау үшін ауқат қандай керек болса, бұл заттар шілтердің тіршілігін сақтауына, өсіп-өнуіне, тұқым салуына сондай мұқтаж, керек.

Үй салу үшін әуелі балшықтан қыш (кірпіш) жасап, содан соң қышты бір-бірлеп қалайды. Қыш жасауға балшық болмаса, үй де салынбас еді. Өсімдіктер де осы сықылды. Протоплазма, крахмал және басқа өсімдіктерге керек заттар болмаса, кішкентай тұқымнан үлкен өсімдіктер шықпас еді. Бидайдың, тарының, күріштің, картоптың дәндері, кілең шілтерден түзілген. Осылардың шілтерінің өсіп-өнуіне керекті заттар болса, шілтерлері бөлініп, біреуінен екеу пайда болып, ол екеуінен төртеу пайда болып, сөйтіп өсе береді. Тарының бір кішкентай дәнінен үлкен өсімдік шығатыны ғажап іс. Бірақ өнер-білімнің арқасында мәдениетті халықтар оның өсуіне қандай шарттар керек екендігін біліп болды. Оны қалай өсіруін, аз еңбек етіп, көп пайда шығаратын жолын да біліп болды. Сондықтан, Америка сияқты жерде жаңбырдың болған, болмағаны бәрі бір, егінді жаңбырсыз да шығара біледі. Өнер-білім кем жерде аштық, ауру көп болса, Америкада ол жоқ. Оның бәрі осы білімнің арқасында. Бидайдың, тарының, картоптың және басқаларының тұқымдарының крахмалдары көп уақытқа сақталады. Осылардың өсуіне ең керекті нәрсенің бірі - су. Құрғақ жерге егін шықпайтыны әркімге мәлім. Кішкентай дән су көп жерге түскеннен кейін дымқылданып, оның крахмалы суға ісініп үлкейеді: крахмал өзінің тегін өзгертіп, жаңа жас өсімдікке ауқат жинап, ол ауқатты бір шілтерден бір шілтерге көшіріп, өсімдіктің шілтерінің бәрін ауқаттандырып, өсуіне себеп болады.

Жоғарыда ашытқышты, атқұлақты, шылауды қарағанда олардың шілтерінің бөлініп өсетінін айтқанбыз. Басқа өсімдіктер де осындай жолмен шілтерлене көбейіп, бірден-бірге кішкентай тұқымнан үлкейіп, өсімдік шығады.

(аяғы бар)

Кәрім Жәленов

ЕМШЕК БАЛАСЫН АСЫРАУДЫҢ ҺӘМ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ РЕТІ

1. Баланы қалай асырау керек?

Емшек баласын асырау үшін үш түрлі: 1) табиғи асырау, шешесі балаға емшегін емізіп, өз сүтімен асырайды; 2) балаға шешесі емшек бермейді, баланы сиырдың, биенің, ешкінің сүтімен асырайды; 3) балаға шешесі өз сүтін де береді, айуанның (хайуан) сүтін де береді. Дұрысы - баланы шешесі өз сүтімен асырау, балаға шешенің сүтіндей пайдалы, жағымды тамақ табылмайды.

Балаға қант керек, май керек, тұз керек, белок* керек. Осының бәрі де әйелдің сүтінен табылады. Айуанның сүтінде бұлардың бірі болса, бірі жоқ. Я біреуі көп, екіншісі тым аз болады. Оны мынадан көруге болады.

Бие сүтінде	Ешкі сүтінде	Сиыр сүтінде	әйел сүтінде	Бір стакан / не бар?
6 үлес	4 үлес	4/5 үлес	7 үлес	Қант
1/8 үлес	5 үлес	3/7 үлес	4 үлес	Май
2 үлес	4 үлес	3 үлес	1 үлес	Белок
5 үлес	1 үлес	9 үлес	2 үлес	Тұз

Бала берігіректе қант пен майды тамақ қылады. Әйелдің сүтінде бұл екеуі де жеткілікті. Биенің сүтінде қант болғанымен, май аз, ешкі мен сиырдың сүтінде май недәуір бар, бірақ, қант аз, әйел сүтінен екі есе кем.

Түсініктеме: **Белок деген жұмыртқаның ағы. Бұл жалғыз жұмыртқада ғана емес, басқа да әртүрлі тамақтарда да болады. Бұл затқа қазақша қолайлы ат табыла қоймағандықтан әзірге орысша кетті.*

Басқарма

Әйел сүті ақшылдау һәм тәтті болады, жөнді исі болмайды. Әуелгі уақытта әйелдің сүті сұйықтау болады, өйткені ол уақыт әйел сүтінде май аз болады. Жаңа туған балаға ондай сүт пайдалы болады. Себебі, баланың асқазаны майы кем сүтті оңай сіңіреді. Әйелдің кешкі сүтінен ертеңгі сүті сұйықтау болады. Баланың асқазаны үшін мұның пайдасы көп. Балаға ананың сүтін тамақ қылып, ол сүтті баланың ауанына қарай, баланың асқазанының шамасына - жайына қарай кейде қойылтып, сұйылтып қойған. Табиғат ісі тамаша, анасының сүтімен тамақтанып өскен баланың асқазаны көп артық бұзылмайды. Айуанның сүтімен тамақтанып өскен баланың асқазаны нашар болады. Балалар үйінде айуанның сүтімен асыраған балалардың арасында өлім 5-8 есе көп болады. Он екі баланың біреуі өледі.

Айуанның сүтімен тамақтанған болса	Ананың сүтімен тамақтанған болса	Баланың айлық жасы
112	201	1
588	74	2
497	46	3
465	37	4
370	26	5
191	20	9

Оның үстіне, айуанның сүтіне түрлі микробтар (көзге ілінбейтін ұсақ құрттар) үйір болады.

Бұл құрттардың бір жаман жері - көбейіп, бызынап кетеді. Мәселен, жаңа алынған сүтке 10 микроп түскен болса:

3 сағаттан соң 2 есе көбейіп, 20 болады;

6 сағаттан соң 20 есе көбейіп, 200 болады;

9 сағаттан соң 107 есе көбейіп, 1070 болады.

Көбіне балаға сүт сауып алынғаннан кейін 10-12 сағаттан соң беріледі. Ондай сүт таза болмайды, оның ішінде микроб көп болады;

Сонымен, әйелдің сүтінің айуанның сүтінен мынандай артық қасиеттері бар:

1) әйелдің сүтінде қант та, май да көп болады;

2) әйелдің сүті бала өскен сайын өзгеріп тұрады (әуелде сұйық болады, сонан бірте-бірте қоюланады);

3) әйелдің сүті тез бұзылмайды, микробы болмайды;

Баланы емізерде һәм емізіп болған соң әрбір әйел емшегінің ұшын бір стакан суға шай қасықпен бір қасық борная кислота* салып, ертіп, сонымен жуу керек. Борная кислота болмаса, жылы сумен жуса да болады. Жуғанда қолмен жуу керек емес, таза мақтамен, я таза шүберекпен жуу керек.

Емшекті жуудың бала үшін де, бала емізетін әйел үшін де пайдасы көп.

1) Әйелдің емшегіне жабысқан микроб болса, жуған уақытта шайылып кетеді;

2) Емшектің терісі тегістеліп, жұмсарып, балаға сорып емуге ықшамды болады.

3) Жуып тұрмаса емшектің терісінің тесіктеріне кір кіріп, шаң кіріп қатып, бала сорған уақытта ауырып әйелдің жанын қинайды. Жуғаннан кейін шаң шайылып, кір арылып, емшектің ауырғаны басылады. Бала емізген уақытта әйел тіке отыруы керек һәм кейімей, ренжімей тыныш отыру керек. Өйтпесе, ананың ашуы сүтпен бірге балаға көшіп, ауып, баланың іші бұзылады. Бала емізіп жүрген уақытта әйел көп кейісе, бала асын сіңіре алмай өліп кетуі де ықтимал. Баланы қанша уақыт емізу керек, оны кесіп айту қиын. Оның уақыты әйелдің сүтінің маңызына, жұғымына қарай болады. Дәрігерлер 12-15 минуттан артық емізу керек емес дейді. Күндіз баланы 2,5-3 сағаттан соң бір емізіп тұру тиіс. Түнде бірден артық емізу керек емес, бала емген сүтін сіңіріп, ішін босатпай екінші тамақ беру жарамайды. Жылаған сайын балаға емшек беру қате. Бала жаман үйренеді және баланың іші бұзылады. Балаға бір емізгенде бір ғана емшекті емізу керек және сарқытып емізу керек. Емшектің сүті сарқылмаса, әйел тез 4-5 айдан соң суалады. Мал баққан кісілер білсе керек, мезгілінде дұрыс сауылмаған сиыр болсын, бие болсын ерте суалып кетеді.

Түсініктеме: **Борная кислота дәріханада сатылады, арзан тұрады.*

Емшек сүті балаға сусын болмайды, тамақ болады. Сондықтан жас балаға да сусын беріп тұру керек. Қайнатылған таза су, балаға сусын болуға жарайды. Суды бала сүйсініп ішпесе, суды тәттімен беру керек. Тәттілеу үшін суға қант салғаннан гөрі, аз ғана сахарин салу дұрысырақ. Себебі қант жас баланың ішін желдендіріп, ауыртады. Сахарин зиянсыз*.

Бала емізіп жүрген әйелдің суықтан, тұмаудан сақтанып жүруі тиіс. Буыны қатпаған, бұғанасы бекімеген емшек баласына тұмау болсын және басқа әртүрлі аурулар болсын жұққыш келеді. Сондықтан бала емізерде әрбір әйел қолын қайнаған сумен сабындап жуып, балаға емшек берген уақытта аузын, мұрын орамалмен орап, бетін баланың басынан аулақ ұстауы керек. Балаға қарап жөтелмеу керек. Науқас әйел баланы ешбір уақытта сүймеуі керек. Әйелдің қайыз қаны (етеккірі) келіп жүрген уақытта да бала емізуді тоқтатпау керек. Әйелдің қайыз қаны келген уақытта бала беймаза болып көп жылап, жайшылықтағыдай тамақты сіңіре алмайды, бірақ мұның бәрі 3-4 күннен соң, қайыз қаны тоқтаған соң басылады.

Бала емізіп жүрген әйел шаршағанша жұмыс істемеуі керек. Ауыр жұмыстан да сақтанып жүруі абзал. Балалы әйел ешбір уақытта тұрмысын, тамағын өзгертпеуі тиіс. Әсіресе, әйелдер арақтан яки арақ тәрізді ішімдіктерден, насыбай, шылым һәм басқа осындай нәрселерден сақтанып жүрсін. Балалы әйелдің тамағы жұғымды, сіңімді болсын. Шикі жеміс, капуста жеуден де әйелдің сақтанып жүргені жөн. Балалы әйел шамадан тысқары тамақ жеп, асқазанын бұзып алып жүрмесін. Бала емізіп жүрген әйел түн ортасынан (12 сағаттан) кешікпей жатып, сегіз сағаттан кем ұйықтамауы керек.

Түсініктеме: **Сахарин қанттан 500 есе тәтті болады, яғни, бір мысқал сахарин салған судың тәттілігі 500 мысқал қант салған судың тәттілігіндей болады. Сахаринды біреулер зиянды дейді, біреулер зиянсыз дейді. Тарағанда бұл зат әрбір ішкен сайын аз-аздан болса зиянсыз, көп ішіліп кетсе зиянды.*

Басқарма

Қанша уақыт баланы емшекпен асырау керек деген сөзге қысқа жауап беруге болмайды. 12 ай, 16 ай, 20 ай емшекпен бала асырайтындар болады. Баланың саламаттығы жақсы болса, емшектен ертерек айырса да теріс болмайды. Жалпы қағида - 8-10 айдан бұрын баланы емшектен айыруға болмайды. Шілденің ыстық күндерінде емшектен бала айыруға жарамайды. Себебі, ыстық уақытта баланың тамағы өзгерсе, асқазаны оңай күзеледі, жазғытұрым яки, күздігүнгі аласапыран уақытта да баланы емшектен айыру обал. Өйткені, бұл уақыттарда безгек секілді аурулар көп болады. Емшектен айырған бала беймаза болып, шаршап, тамаққа жөнді қарамай жүрген уақытта дертке тез шалдығуы мүмкін. Тісі жаңа жарылып, шығып келе жатқан баланы да, емшектен айыру қате.

Баландер деген доктордың жинаған мағлұматына қарағанда, август (1998 жан), июль (1226 жан) айларында бала көп өледі. Февраль (631 жан), октябрь (625 жан), ноябрь (612 жан) айларында кем өлді. Баланы емшектен бірте-бірте айыру керек. 8-інші айдан бастап балаға емшек сүтінен басқа да тамақ беріп үйрете беру керек. Сиыр сүтіменен жармадан істелген ботқа есейіңкіреген балаға ауыр тимейді. Жасқа толған балаға жақсы піскен тәтті нан беруге де болады. 16 ай толған балаға жұмыртқа беруге болады. 26-28 ай толған бала ет жей алады. Өйткені, ол уақытта баланың 20 тісі шығады. Жас балаға қою шай, арақ беруге жарамайды.

Кейбір әйелдер 2-4 айдан соң суалып кетеді. Кейбіреулердің саулығы кем болғандықтан бала емізе алмайды. Ондай әйелдер балаларын амалсыздан айуандардың сүтімен тамақтандыру керек болады. Баланы шешесі жарыта алмайтын болса, ешкі яки сиыр сүтін

су қосып суылтып һәм тәттілеп беру керек. Балаға сүтті шыныға құйып емізікпен беру дұрыс. 6 айдан соң сүтке пісіріп ботқа беруге келеді. Балаға беретін сүт таза, жаңа сауып алынған болсын. Сүт таза болу үшін айуанды жақсы күту керек. Қыста айуанға таза шөп, таза жылы су беру керек. Айуанның орны да таза болсын. Сауған уақытта сиырдың желінін жуып, тазалап сауу керек. Сиыр сауатын кісі қолын тазалап сабындап жусын, әсіресе тырнағын тазартсын. Сүт сауылатын ыдысты қайнаған ыстық сумен жуып таза ұстауы керек. Сауып алған сүтті қайнатып пісіріп алған соң, суық жерге қою керек. Баланың емізігін, сүт құятын шынысын да таза ұстау керек.

Балаға сүт беріп болған соң, емізікті жуып айналдырып суға салып, 5-6 минуттай қайнату тиіс. Шыныны да 10 шақты минут қайнатып, ішіне қайнатылған су құйып қою керек. Баланы бір ғана айуанның сүтімен асырау керек. Балаға беретін сүт жылы болсын. Бірақ ыстық болмасын, емізікті басқа кісі әуелі аузына салып онан соң балаға беруге болмайды. Емізіктің тесігін үлкейтпеу керек. Емізіктің тесігі үлкен болса, баланың шашалып қалуы мүмкін. Балаға күндіз алты рет, түнде бір рет қана емізік беру керек. Баланы зорлап көп сүт ішкізуге жарамайды. Баланы зорлаудан сақтану керек. Өйткені, бала сүтті көп ішіп жіберсе, сіңіре алмай қалуы ықтимал. Бала сүтті бірде көп ішеді, бірде кем ішеді. Сондықтан, ішкен сайын бір стаканнан я бір кеседен іш деп балаға өлшеп сүт ішкізу бекер.

(аяғы бар)

П. Жәленова,
2 январь 1923 жыл.

«КӨКТЕН ТҮСКЕН АЖДАҺА» ТУРАЛЫ

«Ақ жолдың» 234 санында «Бостандық туынан» алынып басылған «Көрілген әлемет» деген бір хабар болды. Онда жазылған сөз мынау:

«21 июль (жұма) күні қалың бұлт шығып, қатты жаңбыр жауды. Жаңбырдан бұрын Ору болысының үшінші ауылына қараған «Дөңгелек сұр» деген жайлаудың үстінен жалаң суретті бір бұлт шұбатылып, жерге қарай созылды (көргендер бар шығар). Бұлттың түрі құйрығы жіңішке, дәл ортасы аппақ таңдайланып, тарғылдау келген. Бас жағы қалың бұлтқа астасқан. Осы бұлттың істеген жұмысы мынандай: «Дөңгелек сұрдың» суын бұрқыратып көкке шығарды. Көлдің маңында жайылып жүрген бір үш жылқыны еркіне қоймай, өзіне қарай тартып недәуір жерге апарып тастады. Ескі киіз үйді қаңбақтай ұшырды. Үйдегі абдыралардың (сандықтардың) кілтін бұзбай артын бұзып, ішіндегі нәрселерін жоқ қылып жіберген. Шкафтардың қақпағы жабулы күйінше, ішіндегі шыны-аяқтарды сындырып үсті бүтін, астын қиратқан. Бір келіншектің үстіндегі көйлегін пара-пара қылып жыртқан. Сөйтіп жүргенде ішінде шырылдаған жас баланың даусындай дауыс естілген. Осы дауыспен бір-екі қатын да талып қалған.

Міне, осы секілді көрілмеген элемент болып өтті. Жұрт қиямет боларда адамның пейіліне қарай көктен әртүрлі керемет болатын дейді. Көктен түскен аждаһа шығар дейді.

Бұл туралы зор тәжірибелі фән көрген, табиғат біліміне жетік жаңа, ескі демей білім иесілері не айтар екен? Газета арқылы көрген білген ғылымдар арқасында тәжірибелерін айтып түсіндірсе екен».

Бұл (смерч) деп аталатын, өте үлкен, өте күшті құйын. Смерч ұршықша зырылдап, айналған жерге жақын, яғни өте төмен жүретін жоғарғы жағы жалпақ, төменгі жағы жерге

қарай созылып, сүйірленген қара бұлт болады. Ол жүрген жерінде топырақ болса, топырақты, құм болса құмды, су болса суды иіріп, жоғары аспанға шығарып, бұлтқа араластырып һәм түрін де сол бұлтқа ұқсатып, яғни, жоғарғы жағын жалпақ қылып, төменгі жағын жерге шейін созып, сүйірлендіріп алып кетеді. Смерчтің айналуы һәм жүрісі сұрапыл жылдам болады. Смерч көбіне найзағай жылтылдатып, күн күркіретіп, қатты жаңбыр жаудырып өтеді. Смерчтің күші өте сұрапыл болады. Ағаштарды тамырымен қопарып алып кетеді. Үйлердің (тамдардың) төбелерін жұлып алып кетеді. һәм басқа осындай істер істеп кетеді. Смерч әсіресе, теңіздердегі кемелерге өте зор қауіп.

Дөңгелек сұрдағы жұрттың көргені - қиямет жақындағандықтың элементі емес, жұрттың пейілі бұзылғандықтан, көктен түскен аждаһа емес, «Заманның қандай түзу жағында да» болған, ежелден болып келе жатқан һәм анда-санда ғана емес көп болатын смерч. Бұл «көрілмеген» нәрсе болса, біздің жерлерде ғана көрілмеген. Дұрысы, көрілмеген емес, бұл жақтарда өте сирек болатын, ыстық жақтарда болатын табиғи нәрсе.

1869 жыл күздің күні Кострома губерниясында оңтүстіктен солтүстікке қарай бұршақ жаудырып, қатты жаңбыр жаудырып, Дөңгелек сұрда көрілгендей үлкен құйын өтіпті. Өз көзімен көргендердің айтуы мынау: Куиилину деген кішкене қаланың тұсында бір қара бұлттан жерге қарай созылып құйынша дөңгеленген, көлденең жүз сажындай қара сұр бұлт көріпіпті. Құйынның жүрген жолындағы өсіп тұрған ағаштар қирап қалыпты. Бір екі қаланың үйіп қойған кебен, кебен пішендерін алып кетіпті. Үшінші қаладан өткенде бір диірменді құлатып кетіпті. Төртінші қалаға барып бір үй қалдырмастан қиратып кетіпті. Онан соң бұл құйын бір кішкене өзенді бойлап жүріп, суын дым қалдырмастан алып кетіпті. Өзеннен шығып алып, қалың тоғайдың ортасын қиратып, кең қылып жол салып Еділге барыпты. Еділдің суын екі бөліп, түбін көрсетіп дарияның екінші жақ бетіндегі Уриниха деген қалаға барыпты. Ол қаланы дымын қалдырмастан, жоқ қылып кетіпті.

1780 жылы Американың күншығыс жағында Атлас (Атлант) мұхитында өте сұрапыл бір құйын болыпты. Бұл құйын Барбадос деген бір аралдағы барлық өсіп тұрған ағаштарды тамырымен қопарып алып кетіпті. һәм барлық үйлерді қиратып кетіпті. Англияның бір жерінде тұрған көп соғыс кемелерін суға батырып кетіпті. Онан соң, ол құйын екінші аралға барып тас-талқанын шығарып, алты мыңдай кісіні қырып кетіпті. Ол аралдан үшінші аралға барып французздардың төрт мың әскері мен қырық пароходын суға батырып кетіпті. Бірсыпыра аралдардағы бірнеше шаһарларды сыпырғышпен сыпырғандай орнын тап-таза қылып, дымын қалдырмай алып кетіпті. Мартини деген аралда сол құйыннан тоғыз мың кісі қырылыпты. Үйдің астынан қазылған подвалдарда тығылып жатқан кісілер желдің даусының қаттылығынан үстеріндегі үйлердің құлап жатқанын естімепті. Пароходтағы әскерлердің бірнешеуін көтеріп, теңізден құрылыққа шығарып тастапты. Бірақ ол әскерлер өлмей, тірі қалыпты. Мінеки, осындай да күшті құйындар болады. һәм мұндай құйындар қай заманда болса да болған. Әртүрлі құйындар һәм жел не себептен болатыны «Шолпанның» келесі санында жазылар.

Файзулла

Ғ. ҚАРЖАУОВҚА ЖАУАП

«Ақ жолдың» 256-санында Сіздің «Ғаламат» деген хабарыңыз басылды. Соған біз жауап бермекпіз.

Ақмешіт қаласында бір қатын мысық суретті бала тапты дейсіз. Онан соң сол қалада тағы бір қатын алды-арты бітеу бала тапты дейсіз. Әйел мысық тапты, шошқа тапты, жылан тапты деген секілді сөздердің бәрі де өтірік. Ешбір әйел мысық, шошқа, жылан секілді

кісіден басқа мақұлықты таппайды. Кейде баланың түрі яғни, жаратылысы табиғи түрден басқа болып туады. Мәселен, екі басты бала болады, яки басы біреу, бөксесі екеу, аяғы төртеу, қолы екеу болады. Екі баланың арқасы яки, басқа бір жері бірігіп те туады. Я болмаса, баланың кейбір мүшесі өте үлкен болып, яки, өте кішкентай болып туады. Кейде баланың кейбір мүшесі жоқ болып туады. Яки, кейбір мүшесінің саны я артық, я кем болып туылады. Осындай түрі табиғи түрден өзгеріліп туған баланы көрсе, надан кісі оны я мысыққа, я шошқаға, я жыланға яки, басқа бір мақұлыққа ұқсатып қояды. Сонан соң, жұрт бірінен соң бірі өз жанынан азырақ қосыңқырап, пәлен жерде пәлен қатын ит туыпты, кесіртке туыпты, яки басқа бірдеме туыпты деп ала жөнеледі. Оған табиғатпен таныстығы жоқ кісілер еш білімі жоқ жас баланың «мына өрік тістеп алады» дегенге нанғаны секілді нана береді.

Баланың түрі табиғи түрден өзгеріп тууының себептері түрлі-түрлі. Оның барлығын түгел жазу үшін һәм жазғанымыз оқушыларға түсінікті болу үшін әңгімені алыстан бастау керек. Әуелі басқа жақтардан туылып жатқан түрлі-түрлі мағлұматтар беріп өту керек. Бұл аз ғана жұмыс емес, керек десек, мұны кейін жаза жатармыз. Сондықтан, әзірге қысқа ғана айтсақ, бала шешесінің ішінде жаңа жаратылып келе жатқанда кейде түрлі-түрлі себептерден ауруға шалынады. Ондай бала дұрыс өспейді. Түрі табиғи түрден өзгеріліп кетеді.

Әйелдің ішінде ай сайын (етеккірі келіп жүрген кезде) бір-бірден пісіп толып тұратын кішкентай ғана ұрығы болады. Сондай бір ұрықтан кейде екі бала жаратылады. Ол екі бала бір-біріне өте жақын қысылып жатса, жаңа жаратылып келе жатқан кезде бірігіп қалады. Мұндай бірігіп қалу түрлі-түрлі болады. Кейде бөксе жағы бірігіп қалады, кейде арқасы, кейде басқа бір жері бірігіп қалады.

1914 жылы Орынборда бір әйел төрт бала тапқан болса, ол да болмайтын іс емес. Алты бала (4 еркек бала, 2 қыз) тапқан әйел де болған*. Әйелдің ішінде кейде бір толғанда, бірнеше ұрық пісіп толады. Ондай қатар толған ұрықтардың әр қайсысынан бір бала жаратылып, кейде әйел үш, төрт тіпті, бес, алты бала табады.

Құйрықты жұлдыздың түк ғаламаттығы жоқ. Кейбір құйрықты жұлдыздардың қай күні, қай жерде қандай болып көріне бастайтынын оқымыстылар неше жыл бұрын айтып береді.

Б.Ә.

Әдебиет бөлімі

ҚЫР СУРЕТТЕРІ:

Қысқы түн

Қыстың ұзақ түні үлкен таудың ішінде жел гуілдеп соғып, ақ боран ұйытқып ойнап тұр. Қараңғы, тұманды түннің жанды шошытатын суығы қаһарлы болып білініп тұр.

Ашуы келіп аласұрған қатты дауыл бетіне қарсы қараған затты жерге қаққандай болып құлшынып тұр. Ысқырып бұлқынып - жынданып келе жатқан жолында беті қара жартас, жапырағынан айрылған әлсіз ағаш, қарауытқан кішкене қора көрінсе де, екпіндеп келіп кеудесімен соғып, ақ түтек боранның қиыршықталған ақ тозаңын шашып, беттерін дамыл алмай көміп тұр.

Долы желдің айдауына түсіп, түтіндей болып қаншықтаған ұсақ қар ұйытқып келіп, қуыс жердің бәрін басып жатыр.

Шың тау, тентек желдің ашуымен ойнағанына қарап, тұманды ойға батқандай, бас жағы бұлтқа араласып мұнарланып түнеріп тұр. Ақ боран көк пен жерді бір-біріне араластырғандай. Аспандағы ай, жұлдыз, жердегі қара қорадан ешбір белгі жоқ, айнала аппақ болып тұтасып тұр.

Биік тауға екпіндеп ойнап шығып, тау басында өнеріне сүйсінгендей ойнақ салып, етекке қарай ысқырып қуалап жөнелгенде долы дауыл сай бойында жын-перінің күйіне билегендей болады. Ағындап құтырып келіп, жартасқа соғып, қорқытпақ болып, көрігін басып гуілдейді. Жер тартып, шаңын аспанға шығарып, ақ көбігін атқылап шабынады. Біресе жабысып келіп құшақтап, жарығына кіріп ысқырып, тербетіп оятпақшы болады.

Кейде одан өтіп өзектегі қалтырап, жаурап тұрған жас тоғайға келіп, жерге шейін басын игізіп, тәжім еткізіп, арасынан суылдап бураң қағып, ойнап өтеді.

Кей-кейде бұның барын тастап, сайға тығылып отырған кішкене қораның үстіне келіп, ақ түтек болып ұйытқып, ойнағын салып жер жүзінен жоғалмақшы болады. Суық болып үскіріп, боран болып алас ұрып, әлсіз адамға қыр көрсеткендей болады. Кішкене терезеден көрініп тұрған әлсіз жарық тыстағы дауылдың лебінен қалтырағандай, суықты сезіп бәсеңдегендей жарығы да дірілдеп, ала көлеңке болып әлсірейді. Тынымсыз соққан боран ұйытқып, түскен қар терезенің төменгі көздерін басып жоғары таман өсіп келеді.

Кішкене үйдің іші жүдеу, сарылған сары уайымның таңбасы үй ішіне түскендей, пештің қырында тұрған жалаң бас лампы үй ішіндегі қараңғылықты зорға жеңіп, жалпылдап ала көлеңке болып жанып тұр.

Үй ішінің барлық жаны қураған кемпір мен шал және он шақты жасқа келген ауру бала. Кемпір-шалдың бұдан бір ай бұрын сүзектен өлген келіні мен баласынан қалған жалғыз ұрпағы осы бала еді.

Бұдан он шақты күннен бері қарай сүзек болып, қазірде үрей қатайып хал үстінде жатыр.

Баланы пештің жанына жатқызып, кемпір мен шал екі жағына отырып бүрісіп, жүдеп, жаны қысылып жатқан жалғыздарына телміріп қарап сарылып отыр. Жалғыз қабат терезеге екпіндеп келіп соққан қатты дауыл біресе гуілдеп шыдамсызданып, біресе ысқырып әлек салып, біресе дүрсілдетіп ат ойнатқандай болып құтырып, ауру баланы қайта-қайта шошытып тұр. Терезенің тесіктерінен кірген тыстағы суық бу болып шығып, үй ішіне тарап тұр.

Бала сағат сайын нашарлап, сөнуге айналған жарықтай төмендеп барады. Кемпір-шал айласы бітіп, әлі құрып, кәрі көздерінен улы жасын ағызып, мойындарына бұршағын салып тілеуін тілейді. Сыйынбаған аруақ, жалынбаған әулие қалған жоқ. Екеуі де көңілдегі қайғыны айтыспай-ақ ұғып отыр. Орталарындағы жалғыз тірек, жалғыз қанат кеткен соң күндері не болады? Ержеткен бала мен келін өлген, жанашыр жақын жоқ. Бүгінгі соғып тұрған боран жалғыз бүгін емес, қыстай соққан. Бір жағы соның салдарынан, бір жағы баласы ауру болғандықтан қолдағы азын-аулақ малы күтілмей барады, жұтап таусылған.

Енді аз күнде бұлардың басына келгелі қолын созып аштық тұр. Жалғыз алданышы, жұбанышынан айрылып қу моладай құлазып қалатын жетімдік, қу бастық та бүгінгі күн

келгелі тұр. Өлгенше көрмесек екен деген суық пешінен сорлы үйдің ішіне кіргізіп көрсетіп тұр.

Ендігі өмір не болады?.. Келесі күн қандай күйге ұшыратады?.. Белгісіз... түсі суық, жылдай созылған ұзақ түн өтпеді... Суық дауыл, ақ боран ашылған жоқ. Бұрынғысындай құтырып, шабынып тұр. Зарлы түн әлсіз жанды жұтқалы жаланып тұр. Бұл түн мен ауру баланың өмірі жарыса алған жоқ. Аздан соң демі бітіп, үзілді. Түнгі боран басқан жалғыз қурайдай айдаһарша аласұрған суық табиғаттың арасында баланың әлсіз өмірі де таусылып, шырағы сөнді.

II

Қысты күнгі далада

Қалың қарды жамылған ақ дала, айналада көз тоқтарлық бұдыр жоқ. Ақ кебінге оранған дүние, ұзақ-ұзақ ұйқыға батқандай. Өлім тынышталғандай, зор тыныштық басында бағып ұйықтатып тұрғанға ұқсайды.

Тіршіліктің бір белгісі білінбейді. Көзге түсетін жан иесі жоқ. Жер жүзін тылсым буғандай, ызғарлы қар, суық аяз тас қылып қатырғандай.

Дала жайылған кебінге ұқсайды. Алыстағы биік жота жұмырланған пішінімен тіршілікті көмген бетке ұқсайды.

Аспанды ажарсыз сұр бұлт қаптап алғандықтан, күні бойы күн көзі көрінген жоқ. Кір басқандай болып, жабырқау тартып түнерген сұр бұлттар. Кәрі көңілге келген қажыған ойдай болып, жансызданып жүдеп тұр. Алыстағы көлбеп жатқан жоталар, биік таулар түс ауғанда бері қарай ептеп қарауытып мұнарланып келеді. Даладағы күңгірт түс басы биік тауға да, аз-аздап жайылып жеткендей. Мұңайып қайғы басқан ұзақ далада көз тоқтайтын қарайған, алыстағы ақ таудың бауырында тұрған жалғыз қора. Көз ұшында қарауытып төбесі көрінген ауылдан жұлындай болып шығып жатқан жіңішке түтін көрінеді.

Айналасында қарауытқан мал, қыбырлаған жан иесі жоқ. Ызғарлы аяз жан иесінің бәрін де жауратып, жүдеу тарттырып жылы жайды іздеткендей. Айдаладағы жансыздық, өлім ызғары ауылға да өзінің таңбасын басқандай. Күн екіндіден асып батуға тақаған, салбыраған табиғат, күннің жансыз жарығынан қажығандай болып, түн тыныштығына қарай ерте бастан бой ұрғандай. Күн батпаса да, аспан қоңырқай тартып, қараңғыланады. Түн түнеріп сұрлана бастап, бей уақыттың мезгілінде бұлттың түсіне қосылғандай. Дала тұманменен мұнарланып, қарауытып сұрлана бастаған.

Аз-аздап жер мен көк жалпақ сұрғылт түске боялып тұтасқандай. Қысқы күннің қоңырқай кеші барлық табиғатқа өзінің жүдеу түсін жайғандай.

Кеш батқаннан бері күн шығыстан шыққан ызғырық жел қатаңдап, жаңада жауған көпсең қарды сырғанатып, жаяу борасындап тұр.

Ауылдан күн шығысқа қарай шығатын жалғыз аяқ соқыр жолда ақырын ілбіп келе жатқан жалғыз жіңішке қарайған көрінеді. Қалың қар жүрісіне бөгет болып, қозғалысын өндірмейді.

Келе жатқан қарайған жаяу екен. Түн жақындағандықтан жүрісін тездетсе де, қалың қарға қайта-қайта омбылап малтығып келеді.

Жетімсіреген иесіз далада жалғыз келе жатқан жаяу зұлымдық – зорлықтан қашқан жас келіншек Рабиға. Бұдан бір жыл бұрын Рабиғаның тиген күйеуі өлген. Жас келіншек қосағынан айырылған соң, жылауменен қайғыда қаралы жылын өткізген. Күйеуінен қалған жақын туысқан жоқ болатын. Жаңада жарының жылын берген соң, бұлардың жамағайыны Жақай Рабиғаны алмақшы болған.

Әмеңгерлік жөнімен жасы алпысқа келген кәрі шал болса да, Жақай — Рабиғаның иесі болып шыққан.

Шалдың бұл ниетін маңайдағы ағайын - туысқан түгелімен дұрыстаған. Бұл іске қарсылық ойлаған жалғыз Рабиға, әлсіздік жалғыздығының арқасында күш көрсете алмаған.

Сондықтан кешегі күні жұрт жиылып, шал мен мұның некесін қиған. Бірақ шалдың қураған сүйегі, тастай суық денесі Рабиғаны алғашқы күні-ақ шошытты.

Жылы қойнына шал кіріп келе жатқанда жылан кіргендей болып жиренді. Қалтырап тоңды.

Рабиға сол минутта-ақ келер күннің қайғы жырын көз алдынан санап өткізді. Сол қайғыдан құтылу үшін жас денесін суық жыланның зарымен құтқару үшін бүгін Рабиға қашып шыққан. Үстіндегі жұқа киімінен суық өтіп келеді. Қарсы алдынан ызғырықтап соққан суық жел ішіне кіріп икемін кетіре бастағандай.

Мезгілсіз шыққан жас әйелдің алдындағы тілегі - бостандық. Қазіргі үміті жалғыз бауыры — Мұқаш.

Рабиға бұдан бұрын онымен хабарласқанда, бүгінгі күн бауырына ат әкел десіп тапсырған болатын. Соның берген уәдесіне сеніп, үйінен шығып кеткен.

Омбы қарда кебісі қарға толып жүруге бөгет қыла берген соң, екеуін де шешіп алып, қолына ұстап келеді. Аяғында жалғыз ғана мәсісі бар. Күн кешкіріп, түнге айналып, өзі жаурап тоңа бастағандықтан Рабиға кезең-кезеңге шыққан сайын бауырын асығып іздеп, алдына қадалып қарайды.

Қайғыменен түйілген қабағында жанға батқан жалғыздық қорқынышпен араласып білініп тұр. Кеш әбден батып, түн бола бастады.

Көз байланып, түн қараңғы тартқандықтан, маңайдағы көп нәрсе көрінбеуге айналды. Боран да мезгіл сайын қатайып, ақ түтек бола бастады.

Аз уақыт өткен соң, Рабиғаның басы айналып әуелгі бетінен адасты. Жүрегіне жақын жанды іздеп, үмітпенен қадалған көзіне қарауытып тұрған тобылғы, қарайып жатқан тас та келе жатқан кісі секілденіп, елестей бастады.

Бәрінің де қасына келген сайын үміті дал болды. Аяғында әлі құрып, бір жерге келіп шынтақтап жығылды.

Құлағына суылдап ысқырып тұрған жел даусынан басқа таныс дыбыс естілмеді. Өмірмен арпалысқан сорлы әйелдің көз алдына өлім қаупі елестей бастады.

Қол-аяғы қатып үсінуге айналды. Бір мезгілде құлағына ұйытқып соққан желмен бірге ұлып тұрған қасқыр даусы естілді.

Аш қасқырдың ұлуы естілген сайын Рабиғаның зәресі ұшып өмірден күдерін үзе бастады. Аздан соң есінен әбден адасып, қызып, жалғыз өзі аласұра бастады.

Саушылықта жанына сүйеу көрген әке-шешесінің, бауырының атын атап шақыра бастады.

Осы күйде біраз уақыт өткен соң, үсті басын жұлқып, аунақшып, қиналып киімдерін лақтыра бастады.

Рабиғаның қиналған жаны өлім хәліне жеткен уақытта ғана көмегіне сеніп шыққан бауырын Мұқаш келіп тауып алды.

Бірақ, уақыт өтіп кетіп еді. Қасына Мұқаш келіп құшақтап жылытып жылай бастағанда Рабиғаның есі шала кіріп ақырын сыбырлап: «Жалғызым, сенен басқа сүйенішім бар ма еді? Неге кешіктің? Неге мені қинадың?- деп тілін - аузын қойды.

Мұқаш есі шығып жан таласып, үйіне әкетпекші болып қам қылып жүргенде, Рабиғаның денесі сіресіп, қол аяғы домбығып ісініп, демі таусылып үзіліп кетті.

Боран үскіріп соғып тұр. Асау жел ащы күйінен жаңылған жоқ. Ойнақ салып, ысқырып тұрды.

Ақ дала меңіреу болып түнеріп тұр. Қайғылы сары бел боран әкеліп тұрған ақ кебінін қымтай түсіп, жата берді.

Жаяу - сал

БАТЫР БАЯН

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,
Сондықтан, жаным күйіп жанады да.
Қу өмір, қызығы жоқ қажытқан соң,
Толғанып қарауым сол баяғыға.
Түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар,
Әдемі ертегідей баяғыда.
Әдемі өткенді ойлап, айнымасам,
Сұм өмір күшті уын аяды ма?

Ертегі уатпай ма баланы да,
Сөз сиқыр ғой, жазбай ма жараны да?
Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған,
Еркімен өзі-ақ отқа барады да.
Жай тақтақ жабайыдан жол қалғанда,
Қанды ор боп, ақын жолы қалады да.
Ойлайды, күңіренеді, толғайды ақын,
Күрсініп көзіне жас алады да.
Ақында адамзаттан дос болмайды,

Жалғыз-ақ, сырын сөйлер қаламына.

Мен де ойды ағытайын қаламыма,
Арқаның көз жіберсем алабына:
Сарыарқа - сары дария, қиыры жоқ,
Кез болсын, қандай қыран, талады да.
Ішінде сары дария көз тоқтатар,
Көкшетау - Сарыарқаның аралы да.
Көкшеде күні кеше қойдай өрген,
Түрлі аң: бөрі, бұғы, маралы да.
Айырылып асау, ерке аңдарынан,
Көкшенің тас жүрегі жаралы да!

Арқада жер жетпейді Бурабайға,
Бөленген бұйра сыпсың қарағайға.
Бұлт құшқан мәңгі мең-зең Көкшетауға,
Бөлектау: "Ой, бауырым!" - дер анадайда.
Оқжетпес найза қия - қыранға ұя,
Қарасаң жанның шері тарамай ма?
Солардың ортасында Бурабай көл,
Мөп-мөлдір, дөп-дөңгелек ұқсайды Айға.
Бурабай - Арқа аралы, жер еркесі,
Ертеде қоныс болған Абылайға.

Бауырында Бурабайдың қызыл ағаш,
Көкшенің жалыменен біткен жалғас.
Арудың ақпен өрген тұлымындай,
Қарағай қызыл қайыңмен аралас.
Ертеде жел өтпейтін қызыл ағаш,
Дариға, бұл күндерде жап-жаланаш!
Қабірінен әулиенің Алашқа артық,
Ертеде Абылайға орда болған ағаш.
Ордасын сол ағаштағы Абылайдың,
Меккедей тәуеп қылған тамам Алаш.

Қиын күн туған Алаш баласына,
Шұбырып жапанның сар даласында,
Кез болған жаудан үркіп "Ақтабанға"
Дұшпанның қалғандай боп табасына.
Арқаға аяқ салып түскен барып,
Екі оттың - орыс, қытай арасына.
Күндерде сонау - қара, тапсырған ел,
Тағдырын Абылайдай данасына.
Сол күнде ел қорғаған Абылайдың,
Қылсаң да аз қанша тәуеп моласына.

Алыстан орыс, қытай - ауыр салмақ,
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.
Артында - ор, алдында - көр, жан-жағы жау,
Дағдарған алаш енді, қайда бармақ?
Сол кезде елге қорған болған Абылай,
Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап.

Күндердің бір күнінде хан Абылай,
Қалмаққа - ойына алды - ойран салмақ.
Ханынан: "Аттан!" - деген сөз шыққан соң,
Ордаға батыр, билер келді андап.

Жиылды өңшең Ноян, ығай-сығай,
Байжігіт, Тасболат пен би Толыбай,
Ту баста Абылайды хан көтерген
Қамқоры Қарауылдың шешен Қанай.
Ашуы жауған қардай, шөккен нардай,
Қарт қыран Қанжығалы қарт Бөгенбай,
Бөкеңнің жас жолбарыс жеткіншегі,
Аузынан жалын шашқан жас Жанатай.
Найзасын нажағайдай ойнататын,
Жас барыс Бәсентиін Сарымалай.

Балталы, екпінді оттан Оразымбет,
Сіргелі, шапшаң оқтан ер Елшібек,
Өзіне тірі жанды тең көрмейтін,
Тәкаппар Қошқар ұлы өр Жәнібек.
Қалданға ханмен бірге тұтқын болған,
Жолдасы Абылайдың батыр Жәбек.
Майданда от шашқандай оқ шашатын,
Сырттаны Бәсентиінің ер Сырымбет,
Осындай өңшең көкжал жиылысты,
Күңіреніп жолбарыстай: "Жау қайда?" - деп.

Әрі ақын, әрі батыр Қарабұжыр,
Айтатын өрлеп барып аспанға сыр.
Бұқар мен Тәтіқара жырлағанда,
Толқынды тұңғиық боп төгілер жыр.
Осылай думанменен күндер өтіп,
Батырлар ерікті енді жатқанға құр.
«Аттан» деп әлі айтпаған Абылайға,
Көкжалдар деп бастады: "Жүр енді жүр!"
Алайда Абылайдан сөз болмады,
Сондықтан бұғып, бықсып туды күбір.

Жиналған өңшең бөрі Бурабайға,
Алаштың кебесіндей ізгі жайға.
Батырлар бұғаудағы арыстандай,
Абылай тұңғиық бір терең ойда.
Бәрі де ел қорғаны - батыр, билер,
Аттанбай, тек жатуда таппай пайда:
"Жүрелік, жау басынар!" - деген сөзбен,
Салады Қанай биді Абылайға.
Би Қанай: "Бұл қалай? " - деп бастағанда,
Абылай сұрайды онан: "Баян қайда?"

"Қанайым, ойың удай, тілің шаян,
Амал не, келген жоқ қой батыр Баян.
Көп жаудың албастысы, ел еркесі,

Баянның батырлығы алашқа аян.
Баянның аруақты құр атынан,
Көп қалмақ болмаушы ма еді қорқақ қоян?
Наркескен, өрттей ескеп, қайтпас болат,
Баянсыз қанатымды қалай жаям?!
Би Қанай! Аттанбайды хан Абылай,
Келмесе, қандыбалақ батыр Баян!" –

Деген соң ойы теңіз хан Абылай,
Аяңдап батырларға қайтты Қанай.
Байлаулы бөрілерді ыза қылмай,
Кестелеп, сөзін сипап айтты Қанай,
Күндеу ме, көтеру ме? - кім біліпті, -
Батырлар десті жалғыз "Баян бала - ай!"
Көкшенің бауырында өңшең көкжал,
Күңіреніп, күтіп жатты күндер талай.

"Жау!" - десе жатпайтұғын батыр Баян,
Апырым-ай, келмеуінің мәні қалай?

Жас Баян жауды талай көрмеп пе еді,
Сорғалап сұңқардайын төнбеп пе еді.
Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап,
Сан қолға аш бөрідей кірмеп пе еді?!
Жебесі көбе бұзып, жүректі үзбей,
Найзасын, сірә, шалғай сермеп пе еді?
Бірін айт, бәрін айт та, басқа батыр,
Баяндай "алашым!" - деп еңіреп пе еді?
Бұл жолы кешігуі жай емес қой,
Тұлпарым кез болды ма орға, тегі!

Арқада бір өзенді дер Обаған,
Сол жерде Уақ елі қоныс қылған.
Ертеде өрттей өжет сол Уақтың,
Ер Көкше, Ер Қосайдай ері болған.
Сол ері ерте күннің, ер Көкшенің,
Нәсілінен қайтпас алмас Баян туған.
Баянның ер атасы - батыр Сары,
Қос қыран, тізе қосып жауын қуған.
Айналып оны айт, мұны айт, Баянды айт,
Ер Баян алашының бетін жуған.

Ол күндер, аз қазақ пен қалың қалмақ,
Қыран мен қара құстар алысқан шақ.
Баласы алты алаштың Абылайдың,
Астында ақ туының табысқан шақ.
Қазақтың батырлары бөрі қыран,
Сонда да бір батыр жоқ Баяндай тап.
Жауының бір жорықта бір сұлуын,
Ер Баян алып қайтқан артына сап.
Баянның алып қайтқан сол сұлуы, -
Балдырған бөбек дерлік, он төрт жаста - ақ.

Сол сұлу, сұлу екен атқан таңдай,
Бір соған бар сұлулық жиылғандай.
Торғын ет, шапақтай бет, тісі меруерт,
Сөздері - су сылдырлап құйылғандай.
Бір улап көзқарасы, бір айнытқан,
Жұлдыздай еркелеген сөнбей - жанбай.
Лебізі жібек лебі, жұмақ желі,
Кәусардай татқан адам қалар қанбай.
Шын ер ғой, батыр Баян алып қайтқан,
Еліне сол сұлуды естен танбай.

Ер Баян жас сұлуды алып келген,
Сұңқардай бабындағы сұқсыр көрген.
Қан жауып, екі көзін қанды балақ,
Ілмекке қоңыр қазды көңіл бөлген.
Марал бар оққа ұшпайтын, тым сақ бірақ,
Кезеңде кез келсе де қандай мерген.
Болмасын жас сұлудың білгеннен соң,
Ер Баян қарындас қып ерік берген.
Алайда ер алысқан жүрегімен,
Теңізде алысқандай күшті сеңмен.

Қалмақтың қайсар қызы қайырылмаған,
Болаттай жасу білмей, майырылмаған.
Жап-жас қыз сұмдығы мол, сыр бермейді,
Жандай-ақ ойлап, аулақ қайғырмаған.
Алаштың аруы боп кетсе - дағы,
Жанымен өз жұртынан айрылмаған.
Сұм сұлу, анадайдан "ағатайлап",
Баянда жан қоймаған жандырмаған.
Сонда да, сыр шығармай батыр Баян,
Жастық қып жанын естен тандырмаған.

Осылай іштен күйген батыр Баян,
Баянның батырлығы алашқа аян.
Баянның інісі бар он бес жаста –
Бөрінің бөлтірігі - бала Ноян.
Нояннның бар ақылы білегінде,
Билеген асау жүрек, қайнаған қан.
Келгенде - ақ, сұлудың бір қарауынан,
Нояннның жүрегінде ұшқын туған.
Сол ұшқын өртке айналып, жап-жас Ноян,
Алысып жүрегімен, аласұрған.

Жастықта жалынданып сүйген қандай!
Баладай өксіп жылап, күйген қандай!
Көрмесең, жан - жарыңды өлгендей боп,
Қайғырып көлден кебін қандай!
Кеудеңе жан кірмей ме, көзің шалса,
Өмірің жаңа ағарып атқан таңдай.
Кеудеңді қасиетті сәуле кернеп,

Жүрегің сол минутта жарылғандай.

Не дерсің салпаң құлақ есектерге,
Өгіздей өмір сүрген сүймей - жанбай!
Ноян да сол сұлуға - тәтті балдай,
Мөлдіреп қараушы еді көзі талмай.
Мас болып, дене түгіл, жаны елжіреп,
Жұтқандай сол сәулені демін алмай.
Алайда бұзық ойдан аулақ еді,
Сұлуды тәңірі көріп табынғандай.
Жанса да жап-жас Ноян, сұм сұлу қыз
Көп заман жүрді бірақ көз де салмай.
Сонда да, кейбір кезде ақ бетіне,
Бір нәрсе жүгіруші еді ыстық қандай.

Айға алтын күн нұрынан сәуле бермек,
Шалқыған махаббат - от аспанға өрлеп.
Жүрегін өзі сүйген отты жүрек,
Оятпақ тас болса да, зарлап тербеп.
Басында сыр бермеген сұм сұлуға,
Біраздан бола бастар күлкі кермек.
Нояннан о да көзін алмас болды,
Күйдіріп жас жүрегін, жалын кернеп.
Шешілді екі жастың жұмбақтары,
Екеуі бір іңірде сайда кез кеп...

Сиқырлы гүлге оранған жібек майда,
Сылдырлап сылқ-сылқ күліп терең сайда,
Ерке өзен жанын өртеп, жармен ойнап,
Сүйгізген ақ бетінен күміс Айға.
Сондай бір жібек кеште жаны өртеніп,
Екеуі "әу!" дескендей барған сайға.
Аулақта сүйіскен жан ұшырасса,
Еріксіз тамырларға у тарамай ма?!
Анттасып, айрылмасқа сөз байласып,
Бастық деп арсыға адым санамай ма?

Жас Ноян қызды көріп от боп кетті,
Көздері қызыл жалын шоқ боп кетті,
Жер мен көк, ай, жұлдызды тұман басып,
Бір қыздан, басқа нәрсе жоқ боп кетті.
Келді де қызға жалын сөздерімен,
Шығарды жан ұшырып іштегі өртті.
Бір күйіп, бір суып, бір елжіреп,
Біресе жас баладай жасын төкті.
Өртемей отты жүрек қоймақ па екен,
Тақады сұлу қыз да бетке бетті.

Қыз сонда: "Ноян бауырым - кебем!" - деді,
"Мен сенің сүйгеніңе сенем", - деді.
"Сүйемін мен де сені, тәңірі куә,
Тән түгіл, жаным саған берем!" - деді.

"Нояным, бірақ сенен қалауым бар", -
Деді де, сұлу ойға тереңдеді.
Сұлудың сырға берік торғын беті - ай,
Бетінде ешбір толқын көрінбеді.
Біраздан көздеріне жас мөлдіреп,
Жас сұлу жылап тұрып күлімдеді.

Қыз сонда:"Қалауым бар, Ноян батыр,
Адасқан аққу құстай, мен бір пақыр.
Арқаның еркесі боп жүрсем-дағы,
Алыста туған, өскен жерім жатыр.
Өткізген балаусадай, бөбек күнім,
Барқыттай, белес-белес белім жатыр.
Айбынды, арыстандай құмда кезген,
Күңіреніп қалың қалмақ, елім жатыр.
Барқыт бел, қашқан қалмақ қалсын адыра,
Ата-анам - айым менен күнім жатыр.

Ер Баян біздің елге барған еді,
Көп қойға көкжал ойран салған еді.
Бөбегін шырылдатып ап кеткенде
Ата-анам жылап - зарлап қалған еді.
Сорлы анам көкірегін көкке сауып,
Қан жылап, менен бір ант алған еді.
Ол анты: "Елдің шетін, анаң бетін
Бір көрмей, қозым, ерге барма!" - деді.
Анама сөзім - анау, өзім - мынау,
Жас Ноян, жүгінемін ер деп сені.

Көр болсақ, көрді көрмей, тәңірі оңдай ма,
Ер Баян неге батқан терең ойға?
Мен сорлы көргеннен-ақ сүйген Баян,
Қосылсақ, Баянға ауыр дерт болмай ма?
Биікке кетпей, киік ойда ойнаса,
Ашулы арыстанға мерт болмай ма?
Екеуміз Сарыарқадан сапар қылсақ,
Қатерсіз қосылуымыз берік болмай ма?
Қаны бір ел еді ғой қазақ, қалмақ,
О да бір саған туған жұрт болмай ма?!" –

Деп сұлу сыбырлады сиқыр сөзін,
Толтырып меруерттей жасқа көзін.
"Шыдашы, қане күймей!" – дегендей - ақ,
Ноянға тақап тұрып жалын жүзін.
Жас Ноян жас қанына тұншыққан соң,
Ұмытпай тұрсын қалай өзі-өзін!
"Жарайды, даярмын!" - деп айтып салды,
Ойланып, бір минут та қылмай төзім.
Сол сайда уәделерін бекітісіп,
Екеуі аймаласты ыстық жүзін.

Сол уақыт мезгіл екен дәл таң алды,

Төзім қып, албырт Ноян күтпей таңды,
Жүгіріп жан ұшырып, жаяу барып,
Жылқыдан екі жүйрік таңдап алды.
Азырақ азық алып, қару-жарақ,
Жүйрікке әсем әбзел, тұрман салды.
Сөйтті де, Сарыарқамен есендесіп,
Екеуі ескен желдей кетіп қалды.
Кетті олар. Сәске болды, ауыл тұрды,
Алдымен, Ер Баянға хабар барды.

Боз үйде жатыр екен Баян жалғыз –
Керілген күнге еркелеп, жас жолбарыс.
Ауылдың ақсақалы сөзді әкелген,
Деп бастап: "Баян - айым, бір масқара іс
Өткен түн болып қапты..." - деп шұбыртып,
Жаудырды екі жасқа лағнет - қарғыс.
Алайда жас Ноянды ақтай сөйлеп,
Дей берді: "Қылды-ау бізге қалмақ қар қыз!"
Ер Баян сұп-сұр болып деді жалғыз:
"Жарайды... Бар, ақсақал. Ойланармыз".

Боз үйде жалғыз қалып Баян енді,
Жаралы жолбарыстай күңіренді.
Қорғасын миын, ойын төмен басып,
Ақылға алғыр құстай ашу төнді.
Бір көк сұр түс енгізіп бар денеге,
Сұм жүрек қанды өзіне жинай берді.
Ақыры ашу ерді билеп кетіп,
Лап етіп, сөнген шамдай ақыл өлді.
Өлді ақыл. Атып тұрып батыр Баян,
Боз үйден оқ жыландай шыға келді.

Ер Баян сол кеткеннен кете барды,
Міниіп ап, белдеудегі көк тұлпарды.
Дулыға, қалқан, көбе қалған үміт,
Белінде жалғыз-ақ бір садақ бар-ды.
Бауырынан Обағанның орғын тұтып,
Арыстан айдалада дүбір салды.
Дауылдай талмай есіп, желдей ұшып,
Түс ауа Жолдыөзекке жетіп қалды.
Кермиық Жолдыөзектің даласында,
Алыста екі қара көзі шалды.

Атығай қоныс салған Жолдыөзекке,
Құнарсыз, ащы татыр сорлы өзекке.
Жолдыөзек - жолсыз өзек, құтсыз, отсыз,
Алдымен жау да салған қолды өзекке.
Айрылып байлығынан, көп соққы жеп,
Көз жасы Айтығайдың толды өзекке.
Алаштың Асан Қайғы данышпаны,
Кетпеген "Қанды өзек" деп, тіпті текке.
Ежелден құт дарымай, қағынған жер,

Қайғылы бір іс болды сол өзекте.

Алыста екі қара көрді Баян,
Кілегей қара бұлттай төнді Баян.
Ой жоқ боп, жүрек тоқтап, құр екпін боп,
Сұңқардай сорғалаған келді Баян.
Қыз түгіл, қаны бірге өз бауырын,
Танымай қалғандай да болды Баян.
Байланған белде сала садағына,
Қалшылдап қалды, салып қолды Баян.
Ашуын арыстанның байқаған соң,
Майысып тұра қалды жап-жас Ноян.

Жас Ноян жүйрігінің мойнын бұрды,
Жас Ноян Ер Баянға қарсы жүрді.
Жақындап келіп қалып ағасына
Түсінен шошыды да, тоқтап тұрды.
Жапанда аға-іні: Баян, Ноян –
Алып кел, көз алдыңа Ай мен Күнді.
Дұрысы - күміс күлген күндізбенен,
Түнерген қара бұлттай қара түнді.
Алайда, ерке бұлан Ноян - ұлан,
Ашулы ағасына қарап күлді.

Бір күлді балдырғандай Ноян бала,
Ашылған шешек жарып гүлдей жаңа.
Еріксіз сотқарлығын кешіретін,
Еркелеп ерке ұландай күліп қана.
Көрсе де, дауыл гүлді - басылмады,
Ер Баян, арыстандай жаны жара.
Қалшылдап, көзі қан боп, қолын алмай,
Байланған садағына белде сала.
Жас Ноян: "Жан көке!" - деп сөз қатқанша,
Сұлу да жетіп келіп: "Баян аға!" –

Дегенше, қалды тартып батыр Баян,
Баянның батырлығы алашқа аян.
Оқ тиіп, жүрегінен құлап түсті
Атынан, бүктетіліп бөбек Ноян.
Жын шуы басқандай боп естімеді
"Жан көке, аға!" - деген сөзді Баян.
Садағын сол секундте тартты тағы
Бір ашып, бір жұмбай да көзді Баян.
Үстіне інісінің денесінің
Түсірді, тағы ұшырып қызды Баян.

Екі жас, аттарынан ұшып түсті,
Түскенде бірін-бірі құшып түсті.
Жүректен атылып шыққан қанмен бірге,
Жалғыз-ақ "Ah" десті де, "Жаным!" - десті.
Қомағай қара топырақ бүлкіл қағып.
Асығып екі жастың қанын ішті.

Көлдей қу, тұнжыраған түндей болып,
Жия алмай, құр теңселіп, ақыл-есті,
Тұрды да, біраздан соң батыр Баян,
Атынан есі ауғандай құлап түсті.

Бірталай талғандай боп жансыз жатып,
Тұңғиық көмескі көп ойға батып,
Ер Баян есін жиып, екі жасқа,
Бір қарап, қара тастай қалды қатып.
Сол кезде сар дала да күңгірт тартты,
Еңкейіп бара жатты күн де батып.
Құшақтап ақселеуді жырлады жел,
Өзінің қасірет жырын қоңырлатып.
Құшақтап екі жасты күңіренді ер,
Көзінен ыстық жасты сорғалатып.

Қайғыдан жарылғандай қайран жүрек,
"Уh-уh!" - деп үзілгендей есіл өзек.
Қасіреті қара түндей Ер Баянның,
Алдында бүлдіргендей екі бөбек.
Аузынан уыз шыққан екі жасты,
Ер Баян сүйді құшып кезек-кезек.
Жапанда жапа-жалғыз еңіретті ерді,
Әлгіде ойды улаған ашу кезеп.
Ашудан бұғып қалған қорқақ ақыл,
Күбірлей бастады енді: "Мұның не?" - деп.

Зарланып, күңіренді батыр Баян,
Мезгілде күңгірт тартқан кешке таман:
"Кең ақыл, отты қайрат, сырттаным" - деп,
Ер едім, еркелеткен алаш тамам.
Сындырдым аз ғана Уақ елім белін,
Елімнен кетіп, елді қайдан табам?
Жейтұғын өз күшігін болдым бөрі,
Ісімді мынау ағат немен жабам?
Қарабет болдым алаш баласына,
Ер дер ме енді мені Абылай данам?!

Жорыққа қу қалмаққа жүрдім неге?
Тобына көк бөрідей кірдім неге?
Тәтті бал, балауса тал жас сұлуды,
Көр болғыр, екі көзім, көрдің неге?
Садақпен жүрегінен тартып кетпей,
Жыландай бауырыма сап келдім неге?
Әйелдей баса алмайтын жүрек жынын,
Есалаң жүрекке ерік бердім неге?
Буынып, сол боз үйден шықпай өлмей?
Атылып, оқ жыландай тұрдым неге?!

Ойламай, белді бекем будым неге?
Қозымды қас дұшпандай құдым неге?
Майысып Ноян қалқам, ерке марқам,

Қасқиып қарсы алдымда тұрдың неге?
Бауырыма тас жүрегім жібімеді - ау,
Бір атадан, бір анадан тудым неге?
Салдырап, шіріп қалғыр саусақтарым,
Қанымен өз қозымның жудым неге?
Күнәсіз екі жасты өлтіргенше,
Өлмедім ішіп уын удың неге?!

Сұлу - ай, қалмай маған ердің неге,
Жыландай бауырыма кірдің неге?
Қадалды оқ - кірпігің жүрегіме,
Жүрегім тілім-тілім тілдің неге?
Жұлдыздай, аспанда алыс жымыңдаған,
Алыстан "ағатайлап" күлдің неге?
Секіріп суда ойнаған шабағымды,
Сұм сұлу, қармағыңа ілдің неге?
Тірлікте бетіңнен бір сүйе алмадым,
Тіл тартпай, ерке тотым, өлдің неге?!

Күй, жүрек! Қол бол, жасым! Өртен, ішім!.
Алдымда айнам жатыр бөбек пішін.
Сұм садақ кетсе де үзіп жас жүрегін,
Жойған жоқ құлыншағым ерке түсін.
Сорлы ағаң атып жығып өз інісін,
Иіскейді енді зарлап аппақ төсін.
Тартқанда сынбадың - ау, сұм садағым!
Қайтейін, құрымадың, арда күшім!
Жоқ, әлде, жоқ... жоқ... Әлде... Өлтірдім бе,
Інімді алты алаштың намысы үшін?!

Арқамдай, жер жүзінде жер бола ма?
Айбынды, алашымдай ел бола ма?
Алашта ертеде өткен екі арыстан:
Ер Көкше, Ер Қосайдай ер бола ма?
Солардың нәсілінен Сары, Баян,
Барыстай ойын салған сар далада.
Інісі Ер Баянның, жасық Ноян,
Атадан азып туған дер бола ма?
Құл болса бір қыз үшін балдырғаны,
Алашқа бұдан да ауыр шер бола ма?!

Дариға, жұбанамын жел ойменен,
Тартпадым, сұм садақты бұл ойменен.
Тандырған мені есімнен ғашықтық қой,
Бір тынбай, сұр жыландай жаным жеген.
Өз бауыры, өз сүйгенін өзі өлтірген,
Болар ма, сірә, сорлы адам менен?!
Алдымда "Көкежан!" - деп күліп тұрған
Садаға кетпедім ғой, қозым, сенен.
Ел беті енді маған болсын арам,
Алашым, аттанамын, жауыңда өлем!" —

Деп зарлап, күңіренді жаралы ер,
Айрылған екі жаннан қаралы ер.
Зарлатып, көзінен қан тамшылатты,
Тұңғиық жанды жеген қап-қара шер.
Жүрегі тас болса да, шыдай алмай,
Қамығып, қайғы басып, күрсінді жер.
Молайтып минут сайын қасірет жырын,
Жаның да өксіп - өксіп жылады жел.
Бозарып, бел артынан таң атқанда,
Соққыдан сенделгендей, тұрады ер.

Күміс таң, жерге күміс сәуле шашты,
Сәуле мен қараңғылық араласты.
Алыспас адал, арам бекерге ұзақ,
Жеңіліп қараңғылық жылжып қашты!
Сол кезде жаны жара батыр Баян,
Үңгір ғып қара жердің бетін ашты.
Жапанда қазған суық тар үңгірге,
Көтеріп, көмді әкеліп екі жасты.
Топырақ екі жанын жасырған соң,
Ер Баян тағы көл ғып төкті жасты.

Ер Баян, көмді екеуін дөң басына,
Түсірмей бір топырақ ортасына.
Ап шыққан қаруларын сүйе - сүйе,
Ноянның көмді бәрін өз қасына.
Отырды топыраққа ұзақ басын қойып,
Шомылып қанды ыстық көз жасына.
Аздан соң мінді атына батыр Баян
Сиынып бір жаратқан Алласына.
Жолбарыс жортып кетті бетін түзеп,
Шаңдатып Абылайдың ордасына.

Жас Баян жауды талай көрген еді,
Сорғалап, сұңқардайын төнген еді.
Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап,
Сан қолға аш бөрідей кірген еді.
Жебесі көбе бұзып, жүректі үзіп,
Найзасын ылғи дәлдеп сермеп еді.
Бірін айт, бәрін айт та - Батыр Баян
Туғаннан "Алашым!" - деп еңіреп еді.
Көкжалдың осы жолы кешіккені,
Осындай тұлпар орға кез кеп еді.

(аяғы бар)

Мағжан

ОҚЫҒАН АЗАМАТ

Әңгіме

(басы 2-3 санда)

III

Майдың күні көк жетіліп, гүл жапырақ молайған. Жаңа шыққан ал күрең жасыл шөппен, дала жасарған. Былтырдан қалған қу шөп азайғандай: анда-санда, болмаса көзге көп ілінбейді. Оның орнын қазіргі күнде аласа бетеге, жасыл тарлау, шашыраған жас сасыр, шашақталған жас көде басқан жасыл кілемнің түріндей көрікті далада әр жерге шашырап шыққан қызғалдақтың сары гүлдері көз қуантып жайнап тұр.

Үлкен таудың қолтығындағы жіңішке өзекпен ұзын сайларда жылдағы сұлу көркіне келіп жаңарған. Жапырағы жетілген жас қайың өзекті қуалап өскен ұзын тоғай, тасқыны басылмай сарқырап аққан ойнамалы, жүйрік өзен, бойы өсіп бұраңдап, толқындаған жасыл шалғын, өзектің екі жағындағы қатарланған биік жартас. Өзек бойында ойнап ұшқан жыршыл құстар бәрі жиылғанда, сайды жаңа түскен жас келіншектің отауындай жайнатып жасартып тұрғандай.

Далада су молайған. Айналада көз ұшында жарқыраған айнадай шарасынан суы асып, мөлдіреп жатқан көлдер көрінеді. Жағалай жүрген мал, шашырап жайылып, көл айналасында шұбыртып жүр. Жарық күнге шағылысып, шаңқиып көрінген ақ ауылдарды сағым көтеріп, елестетіп үйлер жұмыртқадай болып жұмырлап тұр. Жайлауға қарай жаңада бейіттеп көшкен ел Шыңғыс тауынан асып келіп күнгейде отыр. Ауыл-ауылдың бәрі де үлкен той күніндей көңілді.

Қыр тұрмысындағы қызықты жардың желегіне ел жаңа кірісе бастағандай. Қыстан мал күйлі шыққандықтан, жұрттың бәрінің мінгені жазғы тұрымғы көкке семірген ат айғыр, ту биелер. Екі, үш кісінің басы қосылса жарыс, аударыс, ат сынасу, күш сынасуды ермек қылған. Күнгейге келгеннен бері қарай, ауыл-ауылдың үлкендері: «Құлындар жетіліп қалды, жайлауға қымызсыз барғанның орны жоқ, енді байлауға керек, - деп сөз байласқан. Сондықтан, биесі бар ауылдар ноқта-жіп есіп, саба тігуге қатын-қалашты жиып науқан қылып жатыр. Өзге елмен бірге сол сияқты қамға Жұмағұлдың аулы да екі-үш күннен бері қарай кіріскен. Бірақ, Жұмағұлдың шешесі Қамария жас күннен шаруақорлықты сараңдыққа жеткізген. Күтімділікті пайдакүнемдікке жеткізген, мінезі қатты, дүниеге пысық бәйбіше болғандықтан бұл жолғы науқанда дақыл қыбырын көп шығармай, шығындамай керек нәрселерін қамдап алған. Сондықтан, Әміре ақсақал бүгін ауылдың жанындағы көгалға жылқысынан еріп бие байлатып жатыр. Жылы басына ауыл үйдегі көрші-қолаңды, кедей-кепшік болмаса, басқа ауылдардан келген бөтен қормашылар жоқ. Әміре ақсақал сиқып шығаратын қошеметшіні жек көретіндіктен, маңайдағы мінезін білетін ағайын, бұның істеген науқандардың көбіне келгіш болмайтын.

Қыс бойы құрық көрмей асаусып қалған ірі жылқыларда, араларындағы асау құлындар да жыл басына тұрмай шұбырып жүре бергендіктен, ақсақал әуелі қашаған биелердің құлынын ұста деп бұйрық берді.

Ыңғайлы, жіңішке құрыққа мықты бауды тағып алған жылпос жылқышы топтанып, ағысып келе жатқан көп жылқының ішінде қақтығып жүрген құлындарға нұсқаған сайын құрығын дәл түсіріп, жас құлындарды бірінің арасынан бірін шыңғыртып, тулатып ұстап байлап жатыр.

Құрық көрмеген асау құлындардың кейбіреу, құрық тартқанда аспанға шапшып шыңғырса да, жылқышының мықты қолдарының қайта серпіген екпінімен шалқасынан түсіп, тыпырлап қалады. Әміре құлын жығылған сайын «бісмілла» деп орнынан ата жүгіріп, жылқышыға «мертіктіріп алма» деп құлақтандырып жүр.

Бие тегіс байланып болған кезде ауылдағы қатын-қалаш бұл елдің бұрыннан келе жатқан ырымын істеп, үйден табаққа салып құрт-май алып келді.

Әміре үйірі мол айғырларды ұстатып алып, сауырсындарына айран жақтырып қоя беріп, жылы басына топталып жиылып қалған жұрттың ортасына келді. Жас, кәрінің бәрі де қатындар әкелген құрт-майды жабырласып жеп жатыр.

Аздан соң жылы басында отырып, жұрт бір, екі күннен бері қарай есітіп жүрген әңгімелеріне көшті. Бұл әңгіме Жұмағұлдың қалада қатын алғандығы жайынан еді. Қаладан бұл ауылдың өзіне келген әлі анық хабар жоқ. Бірақ, басқа бір ауылдарға келген қалашылар: «Жұмағұл қаладағы Қондыбай қызын алды. Жасау, жабдығы барынша мол көрінеді. Бұрынғы күйеуі өлген екен, содан қалған кішкене қызын Жұмағұл қоса алыпты. Өлген жігіттің бір кемпір шешесінен басқа жақыны жоқ, бір басына бай жігіт екен. Қалада көк шатырлы үйі бар екен. Енді мына кішкене қызды алған соң, сол өлген жігіттен қалған мүлікке де Жұмағұл ие болама деген сөз бар. Қыздың әкесі Қондыбай қалған мүлікке менің қызым ие болады деп осындай сөздің шет жағасын шығарып та отырса керек. Сонымен, Жұмағұл бір-ақ күнде дүркіреген бай-бай болып шыға келейін деп отыр деген қуанышты хабар дүңкілдеп Әміре ақсақал мен Қамарияға естіле бастаған. Бұлар қуанып, үрікпеген кісінің мінезін көрсетпейміз деп, ішінен «шүкір ана» қылып сырт кісінің бәріне:
- Е, алса алсын, байдың қызын, ол немені біз оқытқанда ылғи бізден шығын шығара бер, кемпір шалдың қолындағы азын аулағын тауыса бер деп оқытып пе едік. Мал тап, бізді асыра деп оқытқамыз. Осы күнге шейін қарайтып табыс тапқан жоқ. Енді қашан бізге көмегі тиеді? Бұдан былай мал таппаса, үйге де жолатпайық деп жүр едік. Соны есіткен ғой, - десіп іштегі жұбаныштарын сыртына күйініштің сөзімен шығаратын.

Қазір де жылы басында отырған жұрт Жұмағұл келіншегімен бір, екі күнде келеді. Олар келгенше қымызды ашытып қою керек. Бұлар бұл жолы сый болып келеді, күту керек десіп, кейбіреулер: анау өлген жігіттің дүниесіне ие болып отырған жалғыз ғана кемпір, оны да ала келсейші, кемпірге басын күтетін кісі болса болмай ма, оған енді дүние не керек деген сөздерді де айтыса бастады. Қамария ешкімге айтпаса да бұрын ішінен ойлап жүрген есебінің бірі осы болғандықтан: кемпірге менің баламнан артық бала бар ма? Жұмағұл оны асырап сақтауға жарамай ма, тіпті қолымда тұрсын десе қолына-ақ берейік Жұмағұлды. Ол кемпір ақыл білсе, енді Жұмағұлды бауырына тартуға керек емес пе? - дейді.

Әміре бұл сөздің жарыққа шығып, көп жұрттың талқысына түскенін жаратпайтындықтан, әншейінде көп қарсы келмесе де Қамарияны тоқтатып: «Қойшы қатын, күн бұрын жоқтан өзгені сөйлей бермей. Құдайдың бір жазғаны болар», - деді. Қырдың әдеттегі салтынша, қиын сөздің бәрін жарыққа салып оңай сөз қылып сөйлеп отыратын дағдымен қазіргі жиылып отырған еркек, ұрғашының бәрі де Әміре мен Қамарияның ішінен біріне-бірі де айтпай ақырын, құпия қылып ойлап жүрген сөздерінің бәрін қоңыраулатып шығарып отырды. Бұлардың көз алдына үлкен байлықтың, сән-салтанаттың да қызықты суреттерін елестетті. Бірақ, ішінен арам ойы арылмайтын Әміре кедей-кепшіктің бір жағы тілеулестік, бір жағы қошеметтікпен айтып отырған сөздеріне көп желікпеді. Ол сыртына сөз шығармай, жұрттың барлық сөзін үндемей тыңдап отырды.

Осы ретте жылы басында бірталай уақыт өткізген соң, жұрт біртіндеп тарай бастап, аяғында бәрі де үйлеріне қайтысты.

Арада бірер күн өтті. Күн кешкіріп батуға тақалған уақыт еді. Әміре құдық басында тұрып, кешкі суға келген жылқыны суғарып, алдын солтүстік жақтағы ашылы ойға қарай шығарып тұр. Ауыл жақта жаға жамыратқан қозылар у-шуымен дүниені азан-қазан қылып, жаңа ғана қорадан озып барады. Қамария қой сауып келген қатындарға әмір қылып есік алдында тұр еді. Қасына қозышы бала шауып келіп: сүйінші-сүйінші, апа! Жұмағұл ағам келіп қалды, - деді. Бұл сөздер естілген жерде ауылдағы барлық жан ұйқы-тұйқы болып әбігерленіп қалды. Жұмағұлдың келуін асығып күткендері барлық қарбаласынан білініп тұрды.

Ары-бері сенделіп жүгірген қатындар, шулап секіріп, күліп ойнаған балалар, құдық басынан бұл хабарды есітіп, ауылға қарай жылдамдатып келе жатқан. Үлкендер барлығы да Жұмағұлдың келуін үлкен қуаныш қылған сияқты. Жолшыларды күткен ауылдағы барлық еркек, барлық қатын-қалаш Әміренің үйінің сыртына шығып, екі топ болып жіктеліп тұрғанда ауылға жарты шақырымдай жерде қатты жүріп келе жатқан қоңыраулы тройка көрінді. Ат басын ұстаған жігіт жолаушыларды қарсы алуға шыққан топты көріп, бұрынғысынан да екіленіп тер басқан үш қоңыр атты бишігімен атыстырып шаптыртып келеді. Аяғында бірін-бірі көрісуге асыққан жақындардың шыдамсыздығы ұзаққа созылған жоқ. Аттардың тұмсығы Әміренің үлкен ақ үйінің сыртына келіп тірелді. Жолаушылар арбадан түсіп болғанша сағынған жақындары Жұмағұлдың бетінен сүйіп алды. Аздан соң әйелдердің бәріде Қадишаны жағалап, Қамария сияқты үлкендері оның да бетінен сүйді. Біраз сөзбен амандық айтысып, хал-жай білген соң, жұрттың бәрі үйге кірді. Сөйлесіп, хал білісіп, арасына қалжың да араласып күлкі-күбір басталған соң, жұрттың қуанған, сағынған, лүпілдеген жүректерінің бәрі де орныға бастады. Жұрт біріне-бірін көзі қанып, үйрене бастаған сайын жаңа келген жастар мен ауылдағы барлық жандардың арасындығы аз үйлеспегендік сезіле басталғандай болды.

Ауылға келерде жазға лайықты барлық таза, жақсы киімдерін киіп алып шытырайған жастар қаланың халқына ұқсап, қырта бөтен кісі сияқтанды. Керек десе, Жұмағұлдың сөйлеген сөзінде де «сіз-біз» көбейіп қалған жат адамның қалпы байқалғандай. Бұл үйлеспегендік, әсіресе, келін жайына келгенде айқынырақ сезіліп тұр. Келіннің келген жердегі ата-енесіне «саламатсыз ба?» деп амандасуынан бастап, үйге кірген соң төр алдына күйеуінің қасына келіп отырып, минут сайын онымен сырласқаны да қыр тұрмысында еш уақытта болмаған бір өрескелдікті еске түсіргендей болды. Келіні затында оқып үлгі алып, оқымыстылардың қатарына кірген кісі болмаса да, қаладағы мұғалімнің қатыны болып ашылып қалғандықтан, сол оқымысты жұрттың үлгісін көрсетіп отыратын.

Қазіргі сағаттағы үйлеспегендік жаңа келген жастарға соншалық көп байқалмаса да, ауылдағы үлкен-кішінің бәріне де тез сезілді.

Мұндай күйге сезімдірек болып тұратын әйелдер әуелгі жерден-ақ күңкіл сөз шығарып, тысқа шыққанда біріне-бірі сыбырлап күлісе бастады. Үйдегі еркектің бірталайы байқамаған кісі болып, сыр білдірген жоқ. Кейбіреулерге не күліп жүрген қатындары қағытқан болып, қалжыңменен өздерінің ішіндегі сөздерін де сыртқа шығарыңқырап қойысты. Бұл күйдің бәрін түгел болмаса да, шет жағалап сезіп отырған Әміре қазақи қара көңіліне үйлеспегендіктен көп сөйлемей үндемей отырып қалды. Бірақ, Қамария екеуінің де түпкі көңіліндегі күдіксіз бір жұбаныш, бүгінгінің болымсыз кем кетігін ұмыттыратындай еді. Сондықтан, анау-мынауға қарамай-ақ, Жұмағұлды сүюден, сыйлаудан ешбір қайтқан жоқ.

Осымен алғашқы келген жердегі азғана үйлеспегендік көп уақытқа созылған жоқ. 5-6 күн өтіп хал жайды білген соң баламенен әке, келінменен ене бірін-бірі әбден таныды. Шаруа жағындағы кейбір жұмыстарға келгенде бірін-бірі жалғыз ғана емеурінмен де ұғысатындай болды. Бұларды бір-біріне осыншалықты тез жақындастырып жіберген себеп не еді? Ол, себеп: Қазіргі бұлардың алдында тұрған үлкен мәселе: мал мүлік дүние мәселесі болса, соған келгенде, бәрінің де мінезі, ісі түгелімен бір жерден шыққандығында болды. Малды сүйген қомағайлыққа, сараңдыққа, қанағатсыздыққа келгенде жас келін кәрі енесінен асып түсті, жас жігіт оқыған десең де, кәрі әкесінен асып түсті. Заты, бір мінез, жасы кәрі, оқыған, оқымаған деген терім шыдарға қарамай-ақ, бұл адамдардың басын қосып, бірін-біріне үйлестірді. Аралары бұндай күйге жеткен соң әрқайсысының ойында жасырын күйде жүрген сөздер ашып айтылатын болып жарыққа түсе бастады.

Қамария екі күннің бірінде: шығынымыз көп, кемпір-шалдың қолындағы мал таусылып барады, көздеріннің қырын салатын уақыттарың жетті. Қайдан болса да мал табыңдар, - деген сөздерді баласы мен келіннің құлағына сіңіре бастады.

Келіні әкелген жасау жабдық басында үлкен олжа көрінсе де, аздан соң ұмытыла бастады.

Енді бұлардың бәрінің көңіліндегі бір-ақ арман - қаладағы кемпір қолындағы мүліктің басын ашу болды. Жұмағұл мен Қадиша бұрын бұл жайдан көп сөйлеспейтін болса да, қырға келген соң үлкендерден ашық сөзді үйреніп алып, оңаша жерлерде ақылдасып айла іздейтін болған. Қамария балалары ешкімге ақысын сіңірмейтінін білген соң, бұларға пәленді - түгенді істе деп ақыл айтуды қойды.

Бірақ, ұмытпасын дегендей, кемпір қолындағы мүлікті әр күні бір сөз қылып қоятын болды. Бұны ашық сөз қылуға сылтау табылмаған күнде Масғұттың кішкене қызы Жәмиланы алдына алып, соған сөйлеген болып:

— Дүниеге қашан ие боласың, біздей кәрі әке-шешеңе қашан көмегің тиеді, кемпірдің қолындағы мал-мүлкіңді жиып ал, - деп Жұмағұл мен Қадишаның құлақтарын бұрап қоятын.

Әміре бұл жақтағы әңгіменің көп теріске кетпейтін түрін аңғарған соң, соңғы күнде мал құраудың екінші бір ебін ойлай бастаған. Ел ішінде Әміренің өзімен жасты тұрғылас Жанғазы деген ірі бас-аяғы ұнап кетіп, далада бірге келе жатқанда Әміреге сөз салыпты: мына баласын менің былтырғы туған кенже балама атастырып қояйық, соған ризалығын айтсын, - деп. Әміре бұл сөзді өз басы құп көріп, Жұмағұлға келген соң, Жұмағұл:

— Әзірше мұндай сөздің шығаруың орны жоқ, мен біржолата жаман атты боламын және ертең кемпірмен сөйлескенде де осы жетім баланы жылатпаймын. Берсең, осының есесін бересің деп сөйлескелі отырмын. Бір жағынан соны айтып отырып, бір жағынан өзіміз сатып отырсақ, ел-жұрттан ұят қой, - деді. Әміре Жұмағұлдың әзірше көнбейтін түрін байқаған соң, тоқталды. Бірақ баласына:
— Жұрты құрғыр кісіге жақсылық ойлаушы ма еді, сен мал тауып байып бара жатсаң көре алмайды. Өне бойы жұрттан қорқамыз деп сыбағаңнан құр қалып жүрме, "Арсыз болмай әбүйірлі болмайсың" деген, - деп өмір бойы айтып көрмеген өсиетін баласына жаңа айта бастады. Бірақ ақсақалдың әуелгі қозғаған әңгімесі көңілдегідей шешілмеді. Ең жақын болғанда бір жылға шейін тоқтай тұру керек болды.

IV

Жастар қырға келгеннен бері екі-үш ай өтті. Жаз ортасы ауып, жұрт егін-пішенге қам қыла бастаған. Дала сарғайып жүдеу тартқан.

Жазғытұрымға жас иісті жасыл шөптердің орнын ұзын сары сілеу мен қатаң тарта қураған ақ күде басқан. Жайлаудағы жақсы қоныс, мол құдықтардың айналасын тоздырған ел бауырдағы күзекке қарай қайта көше бастаған. Әміре ақсақалдың ауылы да көп елмен бірге бауырға қарай көшіп келеді.

Жұмағұл мен Қадиша жаздайғы тұрған тұрмыстарына әбден риза болды. Жазғытұрым қаладан азын-аулақ жүдеу тартып келсе, осы күнде екеуі де оңалып семірген. Оның үстіне ауылда да, жалпақ ел ішінде де жұрттың бәріне қадірлі болып, қайта-қайта қонақтан, ойын-жиыннан босамай, уақытты көңілді өткізген. Енді бұлар қырдың қызықты уақыты өтіп барады, қалаға қайту керек деп сөз байласып, аз күндерде жүрмекші болған. Бір күні кешке жастар жүрердің алдында сөзді бір жерге байламақ үшін үй ішінің аз ғана кеңесі болды.

Бауырға қарай үрдіс көшіп келе жатқан ел жапалап қонған еді. Ай жарық. Түн желсіз, тынық, әр жерге шашырап үйме-жүйме болып қонған жаппалардың даладағы оттары жарқылдап көрініп тұр.

Жерошақта кейде жалпылдап, кейде лаулап жанған оттар түтінінің қалың ұйқысыменен қалтаң қағып алысып тұрғандай.

Жұмағұл мен Қадиша өздерінің оңаша күркелерінің ішінде жатуға ыңғайланып салған құс төсектің аяқ жағында біріне-бірі сүйеніп, қатар отырып, шаруа жайын сөз қылысты. Аздан соң әңгіменің аяғына Қамария да қосылды. Өзге әңгімелердің ішінде ең күдікті киын сөз - Масғұттан қалған үй мен мүліктің сөзі болғандықтан, Жұмағұл бұл турасынан қазір де ашып ешнәрсе айтпай, көп үндемей отырып қалды.

Бұл уақытта Жұмағұлды не болымсыз тазалықтың жүректегі жанары биледі, не болмаса жаратылысындағы арамдық - қулығына салып бойын бағып отырды. Бірақ, өзгелердің сөзін тоқтатқан жоқ. Қадиша мен Қамария бірін-бірі қостап, мүлік турасынан айтылатын сөздің байлағаны: Масғұттан жақын туысқан жоқ. Қалып отырған кемпірдің төрінен де көрі жуық. Оған өзін өле-өлгенше сыйлап, күтіп отыратын кісі болса болғаны. Мүліктің ендігі иесі - кішкене Жәмила. Сондықтан, үй мен мүлікті Жәмиланың атына аудартып алу керек деп сөз байласты.

Осымен үй ішінің кеңесі бітті.

Елде қалған Әміре, Қамария осы сөзді байлау қылып ұстап қалды. Қадиша мен Жұмағұл қалаға барған соң ізденбекші болып жүріп кетті. Аз күндер өтті. Қырдағы сейілден қайтқан екі жас қаладағы құрбы-құрдас, ағайын – туысқан ортасына қайта келді. Сағынған жақындар жолаушыларды қуанышпен қарсы алды. Бұлар Қадишаның төркіні.

Қондыбайдың үйіне түсті. Қадиша, Жұмағұл қаладағы таныстарының хал-жағдайларын сұрасып білді.

Тағдырдың тұтқынына түскен қаралы кемпір де Масғұттың үйінің алдында әлі күнге қалқиып отыр екен. Жай-жапсарына әбден танысты. Кемпірді Қадиша тастап кеткен соң, жар дегенде жалғыз жақыны - бір ақсақ бауыры бар екен. Соны қасына алып, қолқанат

қылып қайғылы өмірінің ақырғы күндерін жылауменен өткізіп отыр екен. Жұмағұлдар келді дегенді естіген күні түні бойы үйінде шамын өшірмей, зорлап отырып, көрер таңды көзбен атқызыпты. Қадиша келгеннен кейін Жәмиланы көтеріп барып, кемпірдің үйіне кіріп шықты. Барған жерде кемпірдің зар қағып жылағаны, Жәмиланы бауырына тығып құшақтап қысып, Масғұтты жоқтағаны Қадишаның қатып қалған көңілін жібіте алған жоқ.

Оның бұл үйде көп отыруға іші пысып, кемпірден тез жалығып үйіне қайтқысы келді. Сондықтан, аз отырып, баласын көтеріп қайтып келді. Қондыбай Жұмағұл келген соң, енді уақытты босқа өткізбей, таныс жолдастарыңа сөйлесіп, ана дүниелеріңді жинап алыңдар деп ақыл берді.

Сонымен, Жұмағұл мен Қадиша іске кірісті. Бұлар әр жерге барып сұрастырып, ізденіп жүріп, аяғында оқу бөлімінің жанында жас баланың қамын жейтін кеңсені тауып алып, соған арыз кіргізді. Бұл кеңсе бір-екі күн Қадишаның арызын қарастырып, аяғында Масғұттан қалған дүние мүліктің бәрі де жас баласы Жәмилаға ауысады. Содан басқа ие жоқ, ол ержеткенде "опекун" Жұмағұл болады деп бұйрық берді. Қадиша мен Жұмағұлға бұл жұмыстың тұсында өзге жолдастарымен бірге көмекші болған - Ақтай. Ол Жұмағұлмен бар сыры, барлық ісі аралас болғандықтан, енді бұлардың бай болып қатарға кіруіне де тілеулестігін көрсете бастады.

Ақтай бір уақытта Қадишаны Жұмағұл алуға өзі тілеулес болса да, жаздыгүні қырдан келген ағасы "Қондыбайдың қызынан артық кімді алушы едің? Соны алып, мал-мүлкіне ие болмай, бос сандалып жүрсің. Есеп білмейсің, сенен Жұмағұл озып кетті..." деген.

Сөгісін есіткен уақытта шынымен де өкінгендей болып еді. Бірақ уақыт өтіп, іс орайлы кезінен кетіп қалғандықтан, енді өзіне Жұмағұлдарға тілеулестікті лайық көрген. Қазіргі уақытта аналарға көмекші болуының себебі сол еді.

Қадиша оқу бөлімінен жоғарыда айтылған бұйрықты алып келген соң, кемпірге Қондыбай кісі салып:

— Құдағидің уақыты осы. Жалғыз өзі бір үйде құлазып отырғаны лайық емес. Ана үй-мүлкін Жәмила мен Жұмағұлдың атына жазғызып, өзі осылардың қолына кірсін, - деді.

Кемпір бұл сөздерді естігенде басына Масғұттың өліміне тең үлкен қайғы тағы киілгендей болып, шыдай алмай жылап жіберді. Баласы өлгеннен бері қарай бір күн болмаса, бір күн көрермін-ау деген зорлық, жетімдік жаңа ғана көз алдына бетпе-бет келгендей болды.

Бірақ Қондыбайдың сөзін әкеліп отырған Дүйсен бұның қайғысын ұқпайтынын байқаған соң кемпір бар қуатын жиып:

— Мен баламнан, кешегі байымнан, арғы ата-бабамнан қалған мүлікті туған емес, туысқан емес, дұшпан болып отырған Жұмағұлға неге берем? Менің балам жоқ болса да, ағайыным бар. Жұмағұл сияқты жатқа кеткенше, соларға кетсін, ризалығыммен бір сабақ жіп бермеймін. Қурап қалған сорлы кемпірге зорлық қылмақ болыпсыңдар ғой, көттіктеріңді істей беріңдер, - деп Дүйсенді үйіне қайырды. Бірақ, Қадишаның ұлықтан әкеп отырған бұйрығын ескерген соң және өзінің көмексіз жалғыздығын ойлаған сайын кемпір есінен адаса бастады. Көзіне зорлық қиянатты сезіп тұрса да, айла-қырларын біле алмады.

Аяғында Құдайға жылап-жалбарынып аh ұрып отырғанда есіне баласының бұрынғы жолдасы Мейірхан түсті. Сол күні қасына ақсақ бауырын ертіп алып, кемпір Мейірханға келді, жылады, бәрін айтты. Қадишаның қалған есесі жоқ. Жұмағұлға тиерде төркінінен әкелген барлық мүлкін алып кеткенін де түгел айтты. Баласының достығы үшін жалбарынып Мейірханнан ақ ісіне көмек сұрады. Зорлықтан қорға деп тілек қылды. Мейірхан дағдылы көңілшектігі ұстап, кемпірдің сөзіне ерігендей болды. Зорлыққа ара түсуге уәде қылып, ертең Жұмағұлмен де, басқалармен де сөйлеспекші болды. Кемпір жетімсіреген көңіліне болымсыз сүйеу алғандай болып үйіне қайтты.

Ертеңіне Мейірхан Жұмағұлға кездесіп:

— Шіркін, адамшылық қарызы деген бар емес пе? Оқыған деген атың қайда? Пысық жігіт болдың, тегін қатын алдың, үйінен әкелген мүлкін алдың. Өзің де кедей емессің, қатыныңның төркіні қаланың үлкен байы, кішкентай қыздың шығынын көтере алмаймын дейсің бе? Неменесіне өлгелі отырған кемпірді жылатып, кешегі жолдасың Масғұттың аруағын күңіренттің? - деді. Жұмағұл бұл сөздің бәрін Мейірханның іштарлықпен, қызғаншақтықпен айтып тұрған сөзі деп санап:
— Бұл жұмысты істеп жүрген мен емес, Қадиша. Оны мен тоқтата алмаймын. Жанымыз мұндай болымсыз жұмыс үшін арам дейтін болсаң айтып қой, сені біз сынайтын да кезек келер, - деп қыр көрсетті. Мейірханның ұғады деп айтқан сөзінің бәрі де Жұмағұлға әсер берген жоқ, ол заң бойынша іс қылатын болды. Мейірхан сүлдері құрып, жолдасына шамасы келмей қала берді. Бұл әңгіменің артынан Жұмағұл, Ақтайлар сол күні-ақ Мейірхан қызғаншақтық қылып жүр деп сөзге таңа бастады. Кемпір Жұмағұлдың ниеттерін естіген соң, бір-екі күннің ішінде-ақ ауыр қайғы, күйікті ойдың салмағынан езіліп бөлекше ауруға ұрынды. Есі ауып қалып шатасып, сандырақтайтын әдет пайда болды. Әншейіндегі момын жүзіне бұл күнге шейін көрінбеген ашу шыққандай болып, көзі алға бір-ақ жерге қадалып, жүзінің ажары сұйықтанып, қайта-қайта орнынан ата жүгіріп үй ішіндегі әр нәрсені ұстап:
— Бермеймін, бауыздап кет мені, ертең... кетемін... Масғұтыма... апарып... беремін, - деп жұлқынып, әр нәрсені бауырына тығып, арпалысып, есінен шатаса бастады.

Сол түні кешке кемпірдің дүниені бермеймін деген сөздерін естіген Жұмағұл қолындағы бұйрық қағазды милицияға алып барып, содан үш солдат алып, Масғұттың үйіндегі нәрселерді алуға кемпірдікіне келеді. Кемпірдің жадынан бұзылып отырған көзі мылтық ұстап келіп тұрған солдаттарға түскенде орнынан жылдам тұрып, ақырын тәлтіректеп барып, әлі кеткен қолдарымен төсектің басынан ұстап: - бермеймін... өлтір... өлтіріп кет... өлдім... Масғұт... құтқар! деп шалқасынан сылық етіп жығылып қалды. Жұмағұл төрге шығып, бұрылып қасына келгенде кемпір бойы сіресіп, көзі жұмылып, екі жағы тістесіп, үзіліп барады екен.

Тағы бірер секунд өткенде кемпірдің демі бітіп, үзілді. Жұмағұл, Қадишаның мұраты қара күшті жұмсамай-ақ орнына келді.

Мұхтар

БИДАЙЫҚ

(Қырғыз халық әдебиетінен)

Бұрынғы заманда «Әуелі хан» деген хан болған екен. Төрт түлігі сай болған екен. Бір күні ұйықтап жатып түс көріпті. Түсінде жақсы іс көріпті. Қолында бір құсы бар екен,

көңілінде уайым жоқ жар екен. Көк қуға құсын салып, көрінгенін алып, сарала үйрекке құсын салып, санағанын алып, сайрандап жырғып жүріпті. Ертеңіне оянып, көзін ашып екі жағын қараса, еш нәрсе жоқ. Ойлап отырып, есіне түсірсе, түсіндегі көргені екен. Тұрып намазын оқып, тамағын ішіп барып, тағына мініпті. Тұрса да, отырса да көрген түсі, салған құсы ойынан шықпапты. Әрі ойланып, бері ойланып осы менің көрген құсым, бұл дүниеде бар болды ма екен, жоқ болды ма екен. Бар болған болса, тауып алуға болар ма екен деп көп ойланып отырып, ақырында Мырзалы деген бір ақылды уәзірі бар екен. Оны шақыртыпты. Түсінде көргенін бастан аяқ айтыпты, онда уәзірі тұрып айтыпты:

Ханым, халықты жиыңыз, хабарды салыңыз, біреу болмаса, біреудің көзіне көрініп, қолына алынып қалса, ғажап емес, — дейді. Хан Мырзалының сөзін дұрыс көріп, хабар салмақшы болды.

Аладан биені сойдырды,
Алысқа елін жидырды.

Құладан биені сойдырды,
Күндік елін жидырды.

Елін жиып кеп айтты,
Кеп айтқанда деп айтты:

Ей, қарайған халқым жамағат!
Қазір айтам санағат.

Қарап тұрып, құлақ сал,
Түнде бір жатып түс көрдім.

Түсімде жақсы іс көрдім.
Түсін тапсам өзі тоқ,

Бидайық деген құс көрдім:
Осы құсты кім тапса,

Мойны жағау бау тақса,
Халқыңнан таңдап жар берем,

Қазынамнан сар берем
Қатардан тізіп ант берем

Деп халқына жар салды,
Мұны жұртты бәрі ұқты.

Хан жұртын жиып, ақылдасып жатқанда бұл жиналысқа келмеген қара төлер саятшы адам бар еді: өзі тор жайып, құс қуып, тұзақ тартып-ілбесін алып, мылтық атып, аң аулап жүрген кәсібі. Ханның қылып жатқан хабары жетіп, жиналысқа бармастан: "бидайықты тор жайып аламын, ханға алып барамын, қалағанымды аламын" деп.

Ашынама керек алды дейді.
Тоғайға басып барды дейді.
Төбеге шығып тұрды дейді.
Көк жібек торды жайды дейді.

Көк кептерді сойды дейді.

Ақ жібек торды жайды дейді.
Ақ кептерді сойды дейді.

Құдайым берсе алайын,
Ханға тарту қылайын, —

деп төбенің басында бидайықты күтіп жатты.

Осы кезде дүниедегі құстардың бәрі жиылып, «бидайықты» хан сайлаймыз деп жатқан кезі екен.

Тиін қылған кезі екен,
Жами құстың бәрісі

Жиын қылған кезі екен,
Бөденедей құстарды

Бөле қылған кезі екен,
Бидайықтай батырды

Төре қылған кез екен,
Жағалмайдай құстарды

Жаршы қылған кез екен,
Қыр шектей құстарды

Елші қылған кез екен,
Сауысқандай құстарды

Сақшы қойған кез екен,
Тұрымтайдай құстарды

Хатшы қылған кез екен,
Әуелеп ұшқан торғайды

Молда қылған кез екен,
Кәдімгі ұйып ақынды

Сопы қылған кез екен,
Қара жоры долдағай

Қасап қылып қойыпты,
Ала баршын бүркітті

Есік аға қылыпты
Кекілік кедей болыпты,

Кеңескен жиын болыпты.
Жыл орымшы болыпты.

Қара құзғын пақырды
Қазаншы қылып қойыпты.

Ала қарға, шар қарға,
Азаншы қылып қойыпты.

Құралайдай құстарды
Қойшы қылып қойыпты.

Көкек деген құстарды
Жолшы қылып қойыпты.

Сап бөктергі бірігіп,
Жемін нетіп берші екен

Сап қаршыға бірігіп,
Жемін алып берші екен.

Бидайықтың құты бар,
Бауырында жалғыз құты бар.

Тегеуріні темір екен дейді.
Тепкені өледі екен дейді.

Жайты жұлдыз екен дейді,
Тояты құндыз екен дейді.

Жалыны болат екен дейді.
Шабыты бұлт екен дейді.

Істерін бәрін жайғастырып бітірген соң, бидайыққа жем із деп, қаршыға сонарға шығады, жанына бөктергіні қосшы қылып алады.

Ертесінде қаршыға,
Бір бөктергіні қосшы алып,

Сонарға шығып кетті дейді,
Келе жатқан жерінде,

Алдындағы төбеде,
Ақ жібек тордың ішінде,

Ақ киімдерді көрді дейді.
Көк жібек тордың ішінде,

Көк кептерді көрді дейді,
Қайыра тартты қаршыға,

Артынан келіп бөктергі,
Қаршығаға мұны айтты.

Қайырылып, қайда барасың,

Хан төреден хат алдың.

Қаршыға болып атандың,
Қайрат қылып қашырсаң.

Ақ кептерді аласың.
Алып ханға барасың,

Көңілденіп қатырсаң,
Көк кептерді аласың.

Көріне ханға барасың, жақсы атты кісі боласың, — деп бөктерге мұны айтты, онда қаршыға, "сен ешнәрсе білмейсің" деп болған жоқ, сонда бөктергі қаршығаға айтқаны:

Қайраның жоқ қаршыға,
Мен аспанға дайырып шығамын,

Қашырып торға тиемін,
Ақ кептерді аламын.

Алып жанға барамын,
Көк кептерді аламын.

Көріне ханға барамын,
Көңіліне жағамын.

Жақсы атты кісі боламын.
Сонда қаршығаның жауабы:

Құдай алған бөктергі,
Сен қашырып тиме көк торға!

Мен аспанға дайырып шығамын.
Қашырып торға тимеймін,

Ақ кептерді алмаймын,
Алып ханға бармаймын,

Ханға тарту қылмаймын.
Жақсы атты кісі болмаймын,

Мен суға бойлап ұшамын,
Су бойынан қаз қалам,

Жазға таман соны алам.
Ханға тарту мен қылам,

Одан жақсы атты кісінен боламын.
Онда бөктергі қаршығаның айтқанына көнбей-ақ

Кептерді алмақ болып қашырды.
Ақылы жоқ бөктерге,

Аспанға дайырып шықты дейді.
Желке жүнін селтитіп,

Құйрық жүнін шошайтып.
Қанат жүнін ербитіп,

Тырнақтарын сербитіп.
Аспанға дайырып шықты дейді.

Қашырып торға тиді дейді,
Алты қабат көк торға,

Оңқасынан сайылып.
Шалынып жатып қалды дейді,

Күтіп жатқан сабаншы,
Жүгіріп жетіп келді дейді,

Жетіп келіп, көрді дейді.
Көре салып ер-төкең,

Бидайықтан бұл дағы,
Бір жолдасы деуші еді.

Мұны берген Құдайым, бидайықты бермей ме деп, оң қанатынан тиіп, сол қанатынан тартып, торға садаға қылып қағып салды.

Бөктергі бойда өлген соң, бөктергіні көрген соң, қарап тұрған қаршыға, құлды Құдай ұрып қалды деп, құпия ұрып салды деп, қыт-қыт күліп қара суға қарап, шабыттана ұшып кетті.

Қайырылып ұшып қаршыға,
Қара суға келді дейді,

Суды бойлап көп ұшад,
Су бойынан қаз алмайды,

Ханға тарту қыла алмайды.
Жақсы атты кісі бола алмайды.

Кешке жақын болғанда кесіп жер жем таба алмай, ханға құр алақан барды, сонда бидайық хан айтады: Сендер мені жем тауып бере алмай өлтіресіңдер, бәрің тарап кетіңдер, — деп жарлық қылды һәм өзі де ұшып кетпекші болып айтқаны:

Кел, жарандар ұшамыз,
Кел, жарандар тиеміз,

Тигілігің білеміз.
Таң сарғайып атқанда,

Ұшып жүріп кетті дейді.
Бидайық ұшып жүріп жүргенде,

Сап бөктергі бірігіп,
Артынан самсап келе тат.

Жағалтайдай құстары,
Жандай салып келе тат.

Келе жатып бидайық,
Кез келді-дағы көк торға.

Кіруге сайған көк кептер,
Көз алдынан шыққан соң.

Екі күні жем жемей,
Ашығып қалған кезі екен.

Аспанға дайырып шықты дейді,
Жайылып тұрған көк торға,

Қашырып қоя берді дейді.
Алты қабат көк тордан,

Бір жағынан тиді дейді,
Бес қабатын үзді дейді,

Бір жағынан шығарда,
Шалғынынан шалынып,

Солқылдап жатып қалды дейді.
Қашан Құдай беред деп,

Қарап жатқан саятшы.
Жұрқап жетіп келді дейді,

Алласына құлдық деп,
Ақсары басын қой айтып.

Ақ киізге оранып, тордан шығара алмай жатса, жанындағы жолдасы сынап жатыр:

Мойындары шылқылдақ,
Балтыр жүні жылтылдақ,

Құйрық жүні сары-ала,
Бауыр жүні қара-ала,

Ісім түскен іш емес,
Өзім көрген құс емес,

Деп жолдасы мұны айтса,
Онда түлек мынадай дед,

Сен қайсыны білесің,

Мұрындары шылқылдап,

Балтыр жүні былшылдақ,
Құйрық жүні сары-ала,

Бауыр жүні қара-ала,
Ішім түскен іш осы,

Сен білмесең мен білем,
Бидайық деген құс осы.

Бидайықты Түлек саятшы қармап алып, үйіне келіп жібектен бау тағып, мойнына жағау байлап, құйрығына қоңырау тағып, қолына қондырып алып, сылап-сипап, қолға үйір қылып, ханға алып келіп берді. Хан айтқан уағдасымен қазынадан алтын берді. Нар бастаған тоғыз берді. Одан соң хан бидайықтың табын тауып, тап-тап сала алмай әуре болды. Мырзалымен кеңесіп, халқын жиып алып айтты, мен түсімде көрген бидайық қолыма келіп тиіп еді:

Табын тауып алмадым,
Тамаша қылып салмадым,

Тапқа келсе бидайық,
Үндеке келмейді бидайық,

Үндеке келсе бидайық.
Тапқа келмейт бидайық,
Табытын кім тапса тілегенін берем деді.

Онда ақсақал көк сақалға қарады. Көк сақал кер мұрттыға қарады. Кер мұрт та боз балаға қарады, бозбала жерге қарады. Сонда ерді желке сары таз айдарын ішінен кернеп тұра қалды да, мұны айтты:

— Бидайықтың өзін тапқан адам табын да табуы керек. Қармап келген қара Түлек саятшыдан сұраңыз, - деді.

Бұл сөздерді ұғып тұрған жиынның ішінде бір кемпір бар еді. Қабағы тырысқан көрінгенмен, ұрысқан сілпі шырақ, шыж аяқ, асық ішкен сұйық шашқан тақымы-тақымынан қатқан. Туғаннан Құдай атқан жетіп келіп мындай дейді:

— Бидайықты қармап келген кісінің тірідей құнын беруші, бауырын жарып қоюшы, Бидайық бауырын шұқып табушы, ертесінде қарасаң тапқа келіп қалушы үндеке келмес Бидайық, үндеге келіп қалушы. Анда Мырзалыны шақырып алып ақылдасты. Мырзалы: Түлекті өлтіруге болмайды. Ақырын кісінің қанымен тапқа келеді екен. Сол кемпірдің өзін өлтірсек болар, — деді. Хан мақұл көріп, кемпірді тірідей құнын беріп, бауырын жарып, шұқытып, Бидайықты тапқа келтірді. Бидайық тапқа келген соң, хан 40 жігітін ертіп алып, жайылғаны жайыққа шыққанда Бидайықтан алғандары:

А дегенде ақыртып,
Аю алды Бидайық,

Жағарақ құйрық шаһар жүн,

Көсе құйрық көк тақы,

Көк бөрі алды Бидайық.
Серегей құлақ, кер бошқақ,

Түлкіні алды Бидайық.
Тіктердегі текені,

Тізіп кетті Бидайық,
Адырдағы арқарды,

Алып кетті Бидайық.
Бұдырдағы бұғыны,

Мұны да алды Бидайық.
Қияда жатқан құланды,

Қуалап алды Бидайық,
Көлде жатқан бөкенді.

Бөліп алды Бидайық,
Көрінгеннің бәрісін,
Қоймай алды Бидайық.

Майда-шүйде ілбісіндер қанатынан күшіне жығылып қалды. Хан 40 жігіті емес, жалпы жұртымен жиып алуға шамасы келмей қалды. Сол арада Бидайық кешке жақын құбылаға қарап сызып жүріп кетті. Хан 40 жігітімен аузынан алдырған бөрідей аңырып қала берді.

Ертесінде елін тағы жиып, кімде-кім Бидайықты қармап келсе, бір қақпалы шаһарымды беремін деп жар салды. Сонда Түлектің баласы тұрып: «Ханым, мен тауып келемін», — деді.

Түлектің баласы қанатты құстардың бәрінің тілін біледі екен, себебі, жаңа туғанда сауысқанның тіліменен ауызданған екен. Түлектің баласын тауып келуге іздетіп жіберді.

Саятшы Түлек баласын,
Қара атына мінгізді.

Қызыл шапан бөктерді,
Қолына мұштымдай қызыл ет берді.

Ауылдан шығып желеді,
Суды ойлап келеді.

Келе жатқан жерінен,
Көз алдынан жалықты.

Ала қарға азаншы,
Қара қарға қазаншы.
Шөкетан жұмысшы,
Үшеуің бірдей тұрасың.

Кеше күні кешінде,
Намаздыгер бесінде.

Әуелі ханның қолынан,
Қырық жігіттің тобынан.

Бидайық қашты, көрдің бе?
Көргенің болса, айтып бер,

Бұтында жібек бауы бар.
Бидайықты іздеп таппасам,

Ақыры түбі даусы бар.
Қайдан білем ісінді,

Қалжырамай жөнін тап.
Қайдан келген немесің,

Қайдан білем құсыңды
Одан өтіп желеді.

Жарықтырып келеді,
Келе жатып кез болды,

Имелі мен Шимелі,
Амандық пен жамандық,

Төртеуің бірдей тұрасың,
Сен көрдің бе баулы құс.

Бұлар-дағы көрмеді.
Олардан өтіп аяңдап,

Суды бойлап жаландап,
Қасқа шымшық шыпылдақ.

Қотыр ипей шыпылдақ,
Кішкенекей ши-балқы,

Киген тоның көк шалқы,
Үшеуің бірдей тұрасың,

Әуелі ханның қолынан,
40 жігіттің жолынан,

Бидайық қашты, көрдің бе?
Көре алмадық ондайды.

Көзіме алмаймын мұндайды,
Көргендерден сұрағын,

Көп тұрма мұнда, шырағым,

Олардан өтіп айдады.

Қара атпен шабады,
Қарсы алдынан кез болды.

Қара шыбын шіркейсің,
Тұмсығын малға тіркейсің,

Екеуің бірдей тұрасың,
Сен көрдің бе баулы құс.

Ақыры түбі даулы құс,
Қарағай айың талменен,

Ертеңнен қара кешкеше,
Әлек болып малменен,

Көре алмадық андайды,
Көп тұрма басқын жолыңа,

Көрмедік, сірә, мұндайды
Андан өтіп келеді,

Жібекпенен желеді.
Келе жатып кез болды,

Молда торғай қазына,
Шыбықтың түбін тазала,

Қылтылдаған құралы,
Күз мезгілі болғанда

Сарт жүгері орғанда,
Күнде қаздың ұраны

Екеуің бірдей тұрасың,
Есіңе салып өтемін,

Әуелі ханның қолынан
40 жігіттің тобынан,

Кеше күні кешінде
Кешкі салқын бесінде,

Бидайық қашты, көрдің бе?
Көк тұйғын құсын қашырып

Көңілі қапа сыр дейді,
Көре алмадық біз дейді.

Аңдан өтіп аяңдап,
Суды бойлап жаландап.

Үппі деген ақын құс,
Бір Құдайға жақын құс,

Тілін тілге қайраған
Мың бір екі сахабаның,

Атын айтып сайраған,
Сен көрдің бе баулы құс,

Ақыры түбі даулы құс,
Жармаспаймын жанның ісіне,

Жалған айтпаймын кісіге дейді.
Андан өтіп келеді.

Суды бойлап желеді,
Жар басында отырған,

Жарғанатты көреді.
Көңілін аттан бұрады,

Келіп сонда сұрайды,
Жар бауырында жарғанат

Өзіне-өзі қырғанат
Әуелі ханның қолынан

40 жігіттің тобынан,
Кеше күні кешінде

Намаздыгер пешінде
Бидайық деген құс қашты,
Көріп қалсаң айтсаңшы!

Жарғанат көрген екен, жөнін айтып берді. Қайыңдының құйғанында, қашаның басында қалың қара ала арша бар, осы жерге барсаң тауып аласың дейді. Сонда Түлектің баласы қара атқа қамшыны басып, қаулап жетіп келсе, Бидайық жем алып келіп жеп болып таранып, екі жағын қаранып ұшқалы отыр екен.

Атты кісіні көріп, шошып кетіп ұша берерде, аршаның бұтағына басынан шалынып жатып қалды. Аттан түсе жүгіріп барып, қармап алып ханға әкеліп берді. Хан қақпалы қаласын берді. Түлектің ұлы Қақпалы қалаға бас болып, жырғап жатып қалды.

Хан да Бидайықты алып, ілбесінге салып, тамашасын қылып, мұратына жетті.

Момынәлі Ибраимов.

ШОЛПАННЫҢ КҮНӘСІ

(Әңгіме)

I

Шолпан Сәрсенбайға шыққан жылы өзіндей жас келіншектермен аулақта кеңескенде, баласыз өмірдің қызығы жоқ қой деп аузымен ғана айтушы еді. Мал орнына сатылып, жаны сүймеген жанға жар болатын қазақтың сансыз қыздарының ішінен әлдеқалай өзінің сүйгеніне тиген Шолпан, шынында, бастапқы жылы бала керек қылмады. Ақ отаудың ішінде оңаша жатса да, яки, күйеуін құшақтап жатса да, ол ылғи ішінен: «Жасаған-ау, бала бере көрме?!» — деп тілейтін еді.

Балалы болсам, әдемі өмірім бұзылады-ау, деп ойлайтын еді Шолпан. Болашақ бала жас, әлсіз нәресте сұлу құрылған өмірді таусоғар деуден бетер бұзып, қиратып, астын үстіне келтіріп тастайтындай көрінуші еді. Бала туса, күйеуімен екі ортасына бір тікенек өсетіндей болушы еді. Туашақ бала күйеуімен екеуін бір-біріне берік байлаған, жазғы кештің желіндей махаббат жібін үзіп кетер: қиюласып қосылған екі жанның арасына жат бір үшінші жан түскен соң, екеуінің де жалынды, екпінді махаббаты бүлінер, бәсеңдер, суынар деп қорқушы еді Шолпан.

Осы ойлармен, Шолпан талай түндерде, талай таң мезгілінде тәңірден: «Бала берме!» деп тілеп еді. Күншығыстан ақ жібектей ағарып, таң атып келе жатқан мезгілде өзге адам сәждеге құлап, маңдайын топыраққа былғап, тасқа ұрып тәңірден бақытты тұрмыс, өшпес бақыт, кетпес байлық, әсіресе, бала сұрайтын кезінде Шолпан күрсіне - күрсіне жасағанға: «Бала бере көрме!» деп талай жалынып еді. Затында баланы жек көргендіктен емес, ерімен екі ортасындағы жібектен нәзік махаббат жібі үзілмеу үшін екі жанды бір-біріне қоса білген иманнан да ізгі махаббатқа басқа бір жан келіп, тап салмау үшін бала болмауын тілеп еді Шолпан.

Жас жүректің ұйтқыған ондай есалаң тілегі қабыл болды ма, кім білсін, түскеніне үш жыл толды. Шолпан құрсақ көтерген жоқ. Құрсақ көтермегеніне Шолпан шын разы еді. Ері мен екі ортадағы махаббат оты, күн - күн сайын дәуірлемегенімен, бәсеңдемей, бір қалыпта тұрғаны сол баланың жоқтығынан ғой деп ойлады Шолпан. Үш жыл бойы ері де ешбір уақыт бала жоқтамаған сықылды еді. Үш жыл бойы Шолпаннан басқа, Шолпанның оттай ыстық, желдей жібек құшағынан басқа ештеңе тілемеген сықылды еді. Оның өмірінің басы да, аяғы да, «ағузусы» да, «сүбіханысы» да Шолпан ғана сықылды еді. Дүниеде теңіз терең емес, адамның жаны терең. Шолпанның ерінің жанының терең түбінде қандай ой, қандай тілек жатқанын кім білсін. Әйтеуір, Шолпанға осылай көрінуші еді. Қысқасы, Шолпан үш жыл бойына оны осы ойдан қайтаратын ешбір сөз де естіген жоқ. Ешбір іс те көрген жоқ. Дұрысы, «баласыз өмір - бос өмір» деген сөзді басқа талай адамдардан естіді. Бірақ, жаны сүйген жарынан естіген жоқ. Ғашық адамға құранның аяты қасиетті емес, жарының сөзі қасиетті, жарынан басқа адамның сөзін не қылсын Шолпан!

Бірін-бірі қуалап, ай соңынан ай озды. Бірін-бірі жетелеп, жыл соңынан жыл озды, не керек, Шолпанның «бала болмасын» деген ойы бекігеннен бекіді. Бірақ, жалпы жаратылыста да, адамның өмірінде де, адамның ойында да, өзгерістің даярлығы болмаса, дәл өзі ұзақ созылып барып болмақ емес. Өзгеріс қашан да болса, кенет болмақ. Екі ай, үш ай күз дейміз. Сонда күздің келгенін адам екі-үш ай бойына, бірте-бірте сезіп жүрмейді. Бір-ақ уақытта, айталық бір-ақ түнде, әжімді жүзі жылауық күздің келгенін сезіп қалады.

Шолпанның бала болмасын деген ойы да бір-ақ түнде өзгеріп шықты. Ұршыққа оралған жіптей басы - аяғы жоқ қыстың ұзын кеші еді. Іңірде мал жайлап болған соң, Шолпанның ері әңгімелесіп отыру үшін құрбысы Нұржанның үйіне кеткен. Нұржанның үйленгеніне бес жыл болып еді. Бес жылдың ішінде үш баласы бар еді: екеуі ұл, біреуі қыз. Шолпанның ері Сәрсенбай Нұржанның үйінде ұзақ отырып қалды. Сәрсенбайды ұзақ отырғызған Нұржанның ұзақ әңгімесі емес, оның үш баласы еді. Әңгіме дейтін әңгіме де болған жоқ. Тек бәрі үш баланың қызығына қарасып, мәз - майрам болысты да отырды. Нұржанның екі ұлы былдырласып, өлең айтқан болысады. Білектерін сыбанып, алақандарына түкіріп, тұштаңдап, бір - бірімен күресеміз деп ұстаса бергенде, аяқтары бір-біріне шалынысып қалып, біреуі жығылады. Екіншісі оның үстіне жығылады. Үйде отырған жұрттың бәрі қарқ-қарқ күліседі. Балаларды кезек-кезек шақырып алып сүйіседі. Нұржанның әкесі немересін шақырып алып, асты-үсті, алды - артынан, тіпті сүймеген жерін қалдырмайды.

Әсіресе, Нұржанның кішкене қызының қылығы, тәттілігі балдан да тәтті еді.

Сәрсенбай Нұржанның үйінде осы балалардың у-шуымен ұзақ отырып қалды. Жұртпен бірге ол да қарқ-қарқ күлді. Ол да балаларды кезек-кезек сүйді.

Нұржанның үйінде Сәрсенбай ұзақ отырып, қайтуға шыққанда, ауылдың бәрі - ақ жатып қалған еді. Қайтып үйге кірсе, Шолпан да жатқан екен. Бірақ, ұйықтаған жоқ екен. Шешініп Шолпанның қасына жатты да, Нұржанның балаларын, олардың тәтті қылықтарын әңгіме қылып сөйлей бастады. Үһлемей, күрсінбей, «біздің баламыз жоқ-ау» деген сықылды ешбір уайым сөз айтпай, қайта күле - күле сөйледі.

Сәрсенбай әңгімесінің арасында, жай сөздің екпінімен «Балалы үй — базар, баласыз үй - мазар» деген сөз рас-ау» дегенде Шолпанның басында жаңа бір ой жарқ ете түсті: Үш жылдан бері балам болмасын деген тілегінің қате болғанына, есалаң екендігі, бала болмаса екеуінің өмірінің қу мазарға айналатындығы, араларындағы жалынды махаббаттың заманы озуымен бірге бірте-бірте май шамдай еріп сөнетіндігі, құшақтың ыстығы өмір бойы бір қалыпта тұрмайтындығы, екі жүректің екпіні баяулаған кезде бір-бірінен жирендірмей, бір-біріне берік байлайтын бала екендігі, баланың ер мен әйел арасындағы дәнекер екендігі — міне, осы ойлардың бәрі сол сағатта ап-айқын боп Шолпанның көз алдына келді.

Сәрсенбай балалардың тәтті қылықтарын күле - күле ұзақ әңгіме қылып жатты. Төсекте жатып Сәрсенбай шын ынтасымен қарқ-қарқ күлгенде Шолпан да бірге күлді. Бірақ, бұл күлген Шолпанның жаны емес, бет терісі ғана еді.

Сәрсенбай манағы мақалды айтқаннан кейін Шолпанның сұңқардай ұшқыр жанын, желдей есалаң жүрегін қара жыландай қап-қара ойлар орап алып, улай бастап еді. Түпсіз теңіздің қаракөк толқындарындай қап-қара ойлар бірі артынан бірі келді... Үш жыл бойына созылған есалаң тілек. Әлдеқайда, алыста бұлдырлап келе жатқан кәрілік. Көзінің оты сөніп, сұп-сұр күлге айналған күздей көңілсіз кәрілік. Жанның қанатын қырқатын, жүректің отын сөндіретін кәрілік. Бала болмаса, сол кезде сөніп бара жатқан өмірге кім сәуле берер, кім оны жылытар?.. Бала болмаса, сол кезде ішіндегі дәні шіріп, кеуіп қалған шөптің қауызындай бос өмірдің кемтігін кім толтырар?.. Жоқ-ау! Әлде-қайда, алыстағы кәрілікті қоя тұршы. Оған өмірі не жетер, не жетпес. Сол кәрілік жетпей-ақ осы күннің өзінде-ақ, өмір босап қалайын деп тұрған жоқ па? Жаһанда онан күшті нәрсе жоқ деп иман келтірген махаббаттың күші ерімен екеуін бір-біріне берік байлауға үш-ақ жылға жетіп, енді өз-өзінен сөнейін деп тұрған жоқ па? Ессіз Шолпан үш жыл бойына бала болмасын

деп тіледі. Енді сол бала болмағандықтан ертегідей әдемі өмір қу мазарға айналайын деп тұрған жоқ па?

Міне, Шолпанның жанында қаракөк теңіздің толқындарындай ұйтқыған ойлардың қорытындысы осы еді.

Сәрсенбай әлдеқашан ұйқыға кетті. Бірақ, Шолпан анау ойлармен уланып, кірпігін қаққан жоқ. Қыстың ұзын түні, шайтанның шашындай ұзарғаннан ұзайды. Шолпанның ойлары да тереңдегеннен тереңдеп, қарайғаннан қарайды...

Күншығыстан ағарып алтын таң атып келе жатқанда Шолпан болар-болмас күбірлеп: Жасаған - ау, бір бала бере көр! — деп, жас балаша өксігін баса алмай, жасағаннан бала сұрап жатыр еді.

Осы түннен былай қарай Шолпанның бар тілегі - бала болды. Жатса да, тұрса да, ояу болса да, ұйықтаса да: «Жасаған - ау, бала бере көр!» деген тілекті Шолпанның не аузы, не жүрегі айтушы еді. Бірақ, бірін-бірі қуалап, ай соңынан ай озды, тілей - тілей тілек тозды. Соға - соға жүрек тозды, тілек тозды, жүрек тозды: өмір тозды. Қалайда Шолпан бала көтермеді, талай түндерде көзден емес, жүректен ыстық жас төкті. Сопы болды, ылғи дәретпен таза жүрді, намаз оқыды. Күн сайын таң сәрілеп келе жатқаннан тұрып сәждеге құлады, таспиқтың тасын санап «субханалла» айтты. Бірақ бала болмады. Шолпан өзінің бұл сопылық жолға түсуінің себебі, «бала» екендігін ешкімге айтқан жоқ. Жанынан жақын ері Сәрсенбайға да айтқан жоқ. Сондықтан, Шолпанның мынау мінезі Сәрсенбайға да, басқаларға да жат, оғаш көрінді. Жақыны да, жаты да күлді. Келемеж қылысты. «Ой, сен бірәдар болайын деп жүрсің бе?» — деп күлетін болды Сәрсенбай.

Ауыл тұяғынан Шолпанға: «Бірәдар келін», «Бірәдар жеңге», «Бірәдар абысынымыз» деп ат қойды. Үлкен де, құрбы да, бала-шаға да күлді. Бірақ, Шолпан жүрегіндегі жараны ешкімге ашқан жоқ. Ашқанмен олар ұғар ма еді? Тегінде адамның жүрек сырын шеттің ұғуы мүмкін нәрсе емес қой. Теңіз терең емес, адамның жаны терең. Су түбінде жатқан зат, жел толқытса да шықпақ. Ой түбінде жатқан сыр, шер толқытса да шықпақ емес. Шықса шер мен сырдың көлеңкесі, сәулесі ғана шықпақ. Дүниеде адамнан қиын жұмбақ жоқ. Адам — шешуі жоқ жұмбақ. Шешуі деп атауға болатын болса, адамның шешуі жалғыз өлім. Осы ойлар Шолпанның жанында таспиқтай тізілген ретті болмаса да, оның жаны соқыр сезіммен осы ойларға өзі барып тірелген еді. hәм Шолпанның жүрек жарасын ешкімге сездірмеске тырысуының себебі осы еді.

Не керек, жақын, жаттың ортасында жалғыз болды. Бітеу жара болды. Жалғыз өртенді, жалғыз жылады, дүниеден безді, сопы болды. Бала сұрады, қалайда, бала болмады.

Бала... сол бала үшін қандай ессіздік істемеді есті Шолпан! Ұшыраған молдадан дұға алып бақты. Аты естілген қожадан ішірткі жаздырып ішті. Көрінген сәлдеден үшкіртті. Шиқандай қып-қызыл бетті қожа бесті бұқадай сүзе қарап: «Тіпу-тіпу!» деп үшкіргенде қожаның қасиетті лебі шетке бытырамай, тура түгел ішіме барсын деп жүрегі ойнап, жүзі бір қызарып, бір ағарып, бетін қожаның аузына тақап, тосып отырушы еді. Шолпан ылғи: «Көзім қарайып, басым айналады» деген сылтау тауып, өзін бақсыға да қаратты. Тағы... тағы... не істемеді Шолпан?! Өртке ұшырап, аласұрған жан не істейтін болса, Шолпан да соның бәрін істеді. Бірақ, бірін-бірі жетелеп, жыл соңынан жыл озды. Баладан белгі болмады. Шолпан тілеуден талмады. Көзінде жас қалмады. Дүниеден безді. Бірәдәр болды, әулиеге ат айтылды, қорасанға қой айтты: «Жасаған - ау, бала бере гөр!» — деді. Бірақ, тілек іске аспай, аяғы жоқ жыр болды. Көл болып төгілген көздің жасы жерге сіңді, тілек тозды, өмір озды, Шолпан бала көтермеді. Қанша жалынса да, қанша жыласа да,

жасаған оған бала бермеді. Кім біледі, тәңірінің Шолпанға бала бермеуі өзінше дұрыс шығар, өзінше жөн шығар. Бастапқы жылдардағы Шолпанның: «Бала бере көрме!» деген тілегін қабыл қылып, тозбайтын, қайта түзетілмейтін тақтайына жазып қойған шығар. Шолпанның ендігі тілегі — болары болып, бояуы сіңген, соңғы пайдасыз бос тілек шығар. Ірі саудагерлердің бір айтар: «Сауда жоқ!» дейтін мінезі, кім біледі, тәңірде де бар шығар. Тегінде тәңірі де ауыздықсыз, арсыз саудагер. Тізгінсіз, менмен әкім мінездер бар сықылды.

Мұндай мінезі болмаса, бұйрығымды бұздың деп атамыз Адамды жұмақтан тырдай жалаңаш айдап шығар ма еді? Топырағыма табынбадың деп әзәзілді ібіліске айналдырар ма еді?.. Кім біледі, тәңірі ежелгі осы белгілі белдігіне салды ма? Қалайда, Шолпанға бала бермеді. Дұғалық нағыз, ішірткі ішу, үшкірту, түкірту, қақтыру - соқтыру, намаз, ораза, садақа, нәзір һәм басқа басы - аяғы жоқ құлшылықтан ақырында Шолпан шаршады. Бұл құлшылықтардан ешбір пайда болмайтындығына көзі жетті. Тілегі қабыл болмады — тәңірден тәуелі қайтты, өмір шіркін ескен желдей озып барады. Өмір — бір құрулы машина.

Тоқтау білмейтін, шаршау білмейтін жансыз машина. Әлдекімнің жас орнына қан жылағанын, әлдекімнің үміті, ойы, гүлі солып жатқанын, дөңгелектің арасында әлдекімнің қолы, аяғы, басы — барлық денесі кеткенін, денесі ғана емес, жаны, жүрегі кеткенін не қылсын?! Қайрылып қарау білмейтін, аяу білмейтін өмір Шолпанның да жүрегінен саулап аққан қанына, қанаты сынып өліп жатқан жанына кідіріп, бұрылып қараған жоқ. Жалғыз аузынан емес, бар денесінен көбігі бұрқырап, таудан құлаған есалаң өзендей есалаң өмір озып бара жатты. Өмірдің әрбір минуты сайын Шолпанның ойының, Шолпан жанының әрбір ұшқыны өліп жатты.

Өмір озады — тілек тозады — бала жоқ. Енді не қылмақ керек? Жоқ, дұғалығы, молдасы, қожасы құрысын! Құлшылығы құрысын! Айтқанына қайтпайтын, қасарған тәкаппар тәңірісі бар болсын! Жоқ, бала болудың кілті көкте емес, адамның өзінде шығар.

Бала болу ер мен әйелдің өзіне байлаулы шығар. Шолпанның бұл күнге шейін бала көтермеуі, кім біледі, оның шын әйел бола алмағандығынан шығар. Ермен жатқанда барлық қазақ әйеліндей қаннан қаперсіз, жай бір жұмыс істегендей салқын жатуынан шығар. Ермен қосылғанда, сол қосылу ісіне жан денесімен беріле білмеуінен, оның құшағының жалыны әлсіз болғандықтан, сүюінің оты кем болғандықтан шығар...

Осы әрі тәтті, әрі улы ойлардың билеп айдауымен Сәрсенбайға жатқанда тіпті екінші түрлі жата бастады. Денесі өртке, құшағы жалынға, аузы отқа айналды. Сәрсенбайдың қойнына жата бастағанда мойнына бұғалық түскен киіктің асау лағындай, өмірінде ер затын бірінші рет көретін он үш жасар жас қыздай дірілдеп, күйіп-жанатын болды. Құшақтағанда, Сәрсенбайдың қабырғаларын бір-біріне қабыстырғандай қысып - қысып құшақтайтын болды. Аузынан Сәрсенбайдың бетіне от жібергендей құшырланып, жалындап сүйетін болды. Шолпанның улы құшағында сеңсоққан балықтай соқтығып, у ішіп айныған адамдай елжіреп жатып, Сәрсенбай: «Ой, сен кәрі боз, қартайғанда жорға шығарайын деп жүрсің - ау!» деп мырс-мырс күлетін еді. Сәрсенбайдың мынау күлкісі Шолпанның жүрек жарасына бұрыш себетін еді. Сол кездерде оның көздеріне меруерттей мөлдіреп жас келетін еді. Жанынан жақын көрген Сәрсенбайдың оның жан сырын, жүрек жырын ұқпағанына зығырданы қайнаушы еді, жүрегі ұға болушы еді. Бала үшін дүниеден безіп, сопы болып жүрген кезінде «бірәдар» деп келемеж қылғанына, сол бала үшін жан-тәнімен беріліп, әдейі есаланданған шақтарында оған «Жорға» деп ат қойғанына — Шолпан Сәрсенбайға шын - шын ренжуші еді.

Бала... бала екеуінің де жоғы емес пе? Екеуіне бірдей керек байлам емес пе? Сәрсенбай сол ортақ жоқты неге бірге іздеспейді? Баласыз өмірдің бос екенін неге сезбейді ол? Ол неге сол іздеу отына Шолпанмен бірге күймеді, бірге жанбайды? Еркек атаулы бала дегенде, ішкен асын жерге қойғанда, Сәрсенбай неге бала деп аузына алмайды? Әлде... әлде... жоқ... болмас... болмас... кім біледі... жоқ... ендеше, ол неге бала іздемейді? Неге... неге... шынында ол, әлде бедеу еркек пе екен? Тәңірім, тәңірім... егер ол шынында, ол бедеу болса... құлшылықтың кемдігінен, құшақтың салқындығынан болмай, Сәрсенбайдың бедеулігінен болса! Бес жылдан бері Шолпанның жүрегіне түскен жара мәңгі жазылмайтын жара болғаны ма? Жайнамаз үстінде төгілген ыстық жастар, жалынды құшақтар, отты сүюлер бір әсерсіз желге кеткені ме? Бала деген құр сөз болып, сағым қиял болып қалғаны ма? Енді қалған өмірдің жапырағынан айырылған қайыңдай жап-жалаңаш болып озғаны ма? Жалынды махаббатпен қосылған өмір қиюы кеткен екі ағаштай бір-бірінен бірте-бірте айрылмақшы ма? Заулап жанған махаббат бірте-бірте бәсеңдеп, бықсып сөнбекші ме?.. Махаббат сөнсе, өмірде не қызық қалады?!

Сөз жоқ, Сәрсенбай — бедеу. Сондықтан бала жоқ. Бала жоқ болған соң, мен бақытсыз... мен бақытсыз болғанда Сәрсенбай бақытты ма? Оның жүрегі жанбай ма? Өзінің екі өмірді улаушы екенін ойлап, оның жүрегі жанбай ма? Қартайған күнде өмірді жылытатын от бала оған керегі жоқ па? Сөз жоқ, мен бақытсыз болсам, Сәрсенбай да бақытсыз.

Ендеше, осы батып бара жатқан өмір кемесін бақыт жарына кім сүйреп шығара алады? Шолпан. Жалғыз Шолпан. Бір өмір үшін емес, екі өмір үшін Шолпан осыны істеуге міндетті. Шолпан - бала табуға міндетті.

Теңізден терең, таудан зор күнә қылып болса да, ол бала табуға міндетті. Ізгі тілек үшін істелген күнәні жасаған кешпес пе екен? Жоқ, құданың рақметі мол, ол кешеді. Тәңір кешер - ау, бірақ адам кешер ме?

Ұрлық қыл да, мал тап,
Ойнас қыл да, бала тап.

Осы мақалды шығарған кісіге лағынет жаусын! Лағынет!.. Жасаған - ау, өзің кеше гөр, бір өзің...

Шолпанның осы күнәлі ойлармен уланып, ыстық жасқа шомылып жатқаны Сәрсенбайға тигенінің сегізінші жылы еді...

(аяғы бар)

Мағжан Жұмабаев